

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қазан N 1496

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

**"САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ
ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОДЕКСІ (САЛЫҚ КОДЕКСІ)
ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

1 - БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодекс реттейтін қатынастар

Осы Кодекс салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, жүргізу және есептеу мен төлеу тәртібі бойынша биліктік қатынастарды реттейді.

2-бап. Қазақстан Республикасының салық заңдары

1. Қазақстан Республикасының салық заңдары осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануын осы Кодекс көздейтін нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Осы Кодексте көзделмеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндет ешкімге жүктелуге тиіс емес.

3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы Кодексте белгіленген тәртіпте және жағдайларда белгіленеді, енгізіледі, өзгертіледі немесе күшін ж о я д ы .

4. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің арасында қайшылықтар бар болса, салық салу мақсатында осы Кодекстің нормалары қолданылады. Осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа салық қатынастарын реттейтін нормаларды салықтық емес заңдарға енгізуге тыйым салынады.

5. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Кодексте жазылғандағыдан өзге ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Салық заңдарының қолданылуы

1. Салық заңдарының күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

2. Салық заңдарының күші жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға, және олардың құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. Осы Кодекстің жаңа салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу немесе олардың күшін жою, қолданылып жүрген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің ставкаларын өзгерту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасының заңдары олар қабылданғаннан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолдануға енгізілуі мүмкін.

4-бап. Келісім-шарт бойынша салық салудың тұрақтылығы

Салық заңдары салық салу тұрақтылығына кепілдікті мынадай жағдайларда береді:

1) тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған келісім-шарттарда айқындалған салық режимі келісім-шарттардың қолданылу мерзімінде сақталады.

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушылар арасында 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарында, сондай-ақ осы жер қойнауын пайдаланушылармен бұрын жасалған келісім-шарттардың орындалуы үшін көрсетілген күннен кейін жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарында және міндетті салық сараптамасынан өткен, 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарында айқындалған салық режимі келісім-шарттарда белгіленген мерзім бойы сақталады.

3) 1994 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған келісім-шарттарға сәйкес акцизделетін өнімді өндірушілерге тікелей салықтар бойынша берілген салық режимі осы келісім-шарттарда белгіленген жағдайларда сақталады.

5-бап. Салық заңдарының өзгеруінен кепілдік

1. Салық заңдарына өзгеріс енгізу салдарынан шетелдік инвестордың жағдайы нашарлаған немесе жақсарған жағдайда, "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген кепілдіктер қолданылады.

Бұл ретте, нашарлау немесе жақсару оның жағдайының нашарлауы немесе жақсаруы болған салық кезеңінде шетелдік инвестордың қаржылық жағдайына ықпал жасайтын қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (акциздерден басқа) барлық түрлері бойынша

ж и ы н т ы ғ ы н д а

а й қ ы н д а л а д ы .

2. Шетелдік инвестордың жағдайының нашарлау немесе жақсару фактісі мемлекеттік уәкілетті органның келісімі бойынша айқындалады.

6-бап. Қазақстан Республикасындағы салық салу принциптері

1. Салық заңдары салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің міндеттілігі, салық салудың айқындығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңдарының жариялылығы принциптеріне негізделеді.

2. Салық заңдарының ережелері осы Кодексте белгіленген салық салу принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.

7-бап. Салық салу міндеттілігінің принципі

Салық төлеуші салық заңдарына сәйкес мемлекет алдындағы туындаған салық міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

8-бап. Салық салу айқындығы принципі

Қазақстан Республикасының бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындығы салық төлеушінің салық міндеттемелері туындауының, орындалуы және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңдарынан белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

9-бап. Салық салу әділдігі принципі

1. Қазақстан Республикасындағы салық сату жалпыға бірдей болып табылады.
2. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады.

10-бап. Салық жүйесінің біртұтастығы принципі

Қазақстан Республикасының салық жүйесі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты біртұтас болып табылады.

11-бап. Салық заңдарының жариялылығы принципі

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

12-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) қайырымдылық көмек - оларға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатымен жеке тұлғаларға және коммерциялық емес ұйымдарға олардың жарғылық қызметін қолдау мақсатында қайтарымсыз негізде берілген мүлік;

2) сыйақы - кредиттер (заемдар) үшін берілген; мүлік үшін қаржы лизингі немесе сенімгерлік басқару бойынша; депозит және борыштық бағалы қағаздар бойынша; жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша берілген (алынған) төлемдер;

3) ұтыстар - конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар бойынша, ұтыс ойындары бойынша, салымдар мен бағалы қағаздар бойынша ойындарды қоса алғанда, алынатын заттай және ақшалай түрдегі табыстардың кез-келген түрлері;

4) грант - мемлекеттер Үкіметтері, халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға (соның ішінде резидент еместерге), сондай-ақ жеке адамдарға белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін адамдарға қайтарымсыз негізде берілген мүлік;

5) гуманитарлық көмек - халықтың өмірін және тұрмыс жағдайын жақсарту үшін шет елдерден және халықаралық ұйымдардан жіберілген азық-түліктер, халық тұтынатын тауарлар, техника, керек-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар және дәрі-дәрмектер, өзге де заттар түрінде, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне қайтарымсыз берілген мүлік;

6) дивидендтер - акциялар бойынша төленуге тиісті кіріс; оның қатысушылары, құрылтайшылары арасында заңды тұлға бөлетін таза кірістің бөлігі; заңды тұлғаны тарату кезінде, сондай-ақ құрылтайшының, қатысушының заңды тұлғаға қатысу үлесін алған кезде, құрылтайшының, қатысушының жарғылық қорға салым ретінде енгізген мүлкін қоспағанда, бөлінетін мүліктен түсетін кірістер;

7) қатысу үлесі - заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың акционерлік қоғамдарды қоспағанда, бірлесіп құрған ұйымдары, консорциумдары мүлкінен қатысу үлесі;

8) басқа да міндетті төлемдер - белгілі бір мөлшерде жүргізілетін бюджетке міндетті ақша (алымдар, баждар, төлемақылар және төлемдер) аударымдары;

9) жеке кәсіпкерлер - кәсіпкерлік қызметін заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын резидент немесе резидент емес жеке тұлғалар;

10) заңды тұлғаның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері - оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, орналасқан жері бойынша стационарлық жұмыс орындарымен жабдықталған заңды тұлғадан кез-келген аумақтық оқшауланған бөлімше. Жұмыс орыны, егер ол бір айдан артық мерзімге құрылса, стационарлық б о л ы п с а н а л а д ы ;

11) жанама салықтар - салық төлеушінің кірістер немесе мүлкіне тікелей байланысты емес баға немесе тарифке үстеме түрінде белгіленген салықтар;

12) (оң, теріс) бағам айырма - шетелдік валютамен жасалған операция бойынша пайда болған айырма. Ұлттық валютада бухгалтерлік есеп операцияларында көрсетілуі нәтижесінде осы операциялар бойынша операция жасалған күн мен есеп айырысу күні арасында осы айырма пайда болады.

13) тұлға - заңды тұлға және жеке тұлға; жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматы, шетел мемлекетінің азаматы, азаматтығы жоқ тұлға; заңды тұлға - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшелері, олар құрылған мемлекетте заңды тұлға мәртебесі бар-жоқтығына қарамастан, дербес заңды тұлға ретінде айқындалатын, осы Кодекстің мақсаттары үшін шетел мемлекеттерінің заңдарына сәйкес құрылған шетелдік заңды тұлға, компания және басқа да корпоративтік құрылым.

14) халықаралық ұйым - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеге кіретін мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйым;

15) есептеу әдісі - оған сәйкес оларды сату және мүлікті кіріске алу мақсатында кірістер мен шығыстар жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі, тауарлардың тиелуі сәтінен бастап есептелетін салық есебінің әдісі;

16) салықтар - осы Кодекске сәйкес мемлекет белгілеген белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және баламасыз сипаттағы бюджетке біржақты тәртіпте төленетін міндетті ақшалай және заттай төлемдер;

17) салық берешегі - бересі сомасы, сондай-ақ айыппұлдар мен өсімдердің төленбеген сомасы;

18) салық төлеуші - бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға;

19) салық агенті - осы Кодекске сәйкес төлем көздерінен ұсталған салықтарды есептеу, ұстау және аудару бойынша міндеттемелер жүктелген заңды тұлға, жеке кәсіпкер;

20) бересі - есептелген және мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары;

21) негізгі қаражат - қызмет көрсету мерзімі бір жылдан астам материалдық активтер;

22) тікелей салықтар - салық төлеушінің кірісі мен мүлкінен тікелей төленген салықтар;

23) сату - айырбастауды қоса алғанда, сату, қайтарымсыз беру мақсатында тауарлар тиеу, жұмыстар және қызметтер ұсыну, сондай-ақ кепілге берілген тауарларды кепіл ұстаушыға беру;

24) мыналарға:

а) пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік құралымдарды қайта өңдеу процесінде жер қойнауын пайдалану құқығына;

б) бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттер, сызбалар немесе модельдер, тауарлық таңбалар авторлық құқықтарын немесе басқа да ұқсас түрлердің құқықтарын пайдалану немесе пайдалану құқығына роялти төлем;

25) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі - филиал, өкілдік және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімше;

26) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы - Тауарлар сипаттамасы және кодтауының үйлестірілген жүйесімен негізделген тауар сыныптамасының кодтар жүйесі;

27) уәкілетті мемлекеттік орган - мемлекет алдында салық міндеттемесінің орындалуын салықтық бақылауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

28) Қазақстан Республикасының органдары - уәкілетті органдар, салық органдарын

қоспағанда, бюджетке төленетін міндетті төлемдерді есептеуді және (немесе) жинауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметінің уәкілетті органдары;

29) салық төлеушінің электрондық құжаты - белгіленген электрондық нысанда жасалған және берілген, шартты белгі салынған және электронды қолтаңбамен куәландырылған және ол қабылданып, өңделіп, бірдейлігі расталғаннан кейін есептік к ү ш і б а р қ ұ ж а т ;

30) салық төлеушінің электронды қолтаңбасы - электрондық құжаттардың шынайылығын, тұтастығын және авторын қамтамасыз ететін арнаулы к р и п т о г р а ф и я л ы қ қ ұ р а л .

2. Салық заңдарындағы "резидент", "резидент емес" деген ұғымдар және салық заңдарының басқа да өзіндік ұғымдары мен терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалған мағынада пайдаланылады.

3. Осы Кодексте пайдаланылған Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да заңдар салаларындағы ұғымдар, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, осы заңдардың салаларында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

2-ТАРАУ. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ АГЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. САЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ӨКІЛДІК

13-бап. Салық төлеушінің құқықтары

1. Салық төлеуші мыналарға құқылы:

1) қолданылып жүрген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы, салық заңдарындағы өзгерістер туралы салық органдарынан ақпарат алуға;

2) салықтық қатынастары мәселелері бойынша мүдделерін жеке не өз өкілі арқылы б і л д і р у г е ;

3) салықтық бақылау нәтижелерін алуға;

4) салықтық бақылау бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу жөнінде салық органдарына түсіндірме тапсыруға;

5) салық міндеттемелерінің орындалуы жөнінде бюджетпен есеп айырысудың жайы-күйі туралы жеке шоттан көшірме алуға;

6) белгіленген тәртіпте салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының салықтық тексеру актісі бойынша хабарламасына және әрекетіне (әрекетсіздігіне) ш а ғ ы м ж а с а у ғ а ;

7) салық құпиясын сақтауды талап етуге.

2. Салық төлеушінің салық заңдарында көзделген өзге де құқықтары бар.

14-бап. Салық төлеушінің міндеттері

1. Салық төлеуші мыналарға міндетті:

1) осы Кодекске сәйкес салық міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде о р ы н д а у ғ а ;

2) салық органының анықталған салық заңдарын бұзушылық туралы талаптарын орындауға, сондай-ақ салық органдары олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде заңды қызметіне кедергі жасамауға;

3) салық қызметі органдарының лауазымды адамдарын салық салу объектісі және салық салумен байланысты объекті болып табылатын мүлікті тексеруге салық органдарының ұйғарымы негізінде жіберуге;

4) салық есептері мен құжаттарды осы Кодексте көзделген тәртіпте тапсыруға;

5) қолма-қол ақшаны, сондай-ақ қолма-қол төлеуді алмастыратын басқа да құжаттарды пайдалану арқылы төлемдерді жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Мемлекеттік тізілімге енгізілген қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машинаны бақылау чегін бере отырып, пайдалануға.

2. Салық төлеуші осы Кодексте көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

15-бап. Салық агентінің құқықтары мен міндеттері

1. Салық агентінің салық төлеушісі сияқты құқықтары бар және сол сияқты міндеттерді мойнына алады.

2. Салық агенті:

1) осы Кодекстің Ерекше бөліміне сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды дұрыс және уақтылы есептеуге;

2) салық төлеушіден тиісті салықтарды ұстап қалуға және осы Кодексте көзделген тәртіпте және мерзімде оларды бюджетке аударуға;

3) салық төлеушілерге төленген кірістердің, сондай-ақ ұсталған және бюджетке аударылған салықтар сомасының есебін, соның ішінде әрбір салық төлеуші бойынша жеке есеп жүргізуге;

4) тіркеу есебінде тұрған жері бойынша салық органына осы Кодекстің Ерекше бөлігіне белгіленген тәртіпте салық есебін тапсыруға да міндетті.

16-бап. Осы Кодекспен реттелетін салық қатынастарының өкілдігі

1. Салық төлеуші салық заңдарымен реттелетін қатынастарға заңды немесе уәкілетті өкілі арқылы қатысуға құқылы.

2. Салық төлеушінің заңды өкілі болып, заң немесе оған құрылтайшы құжаттары негізінде салық төлеушінің мүддесін білдіруге өкілеттік алған тұлға танылады.

3. Салық төлеушінің уәкілетті өкілі болып салық төлеушінің салық органдарымен қатынастарда өзінің мүдделерін білдіруге өкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға танылады. Салық төлеушінің уәкілетті өкілі салық төлеуші беретін сенімхаттың негізінде іс-әрекет жасайды, сенімхатта оның өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетіледі.

4. Салық төлеушінің салық заңдарымен реттелетін қатынастарға жеке қатысуы оны

өкіл алу құқығынан айырмайды, сондай-ақ өкілдің қатысуы салық төлеушіні аталған қатынастарға дербес қатысу құқығынан айырмайды.

5. Салық төлеуші өкілінің салық заңдарымен реттелетін қатынастарға сол салық төлеушінің қатысуына байланысты жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) салық төлеушінің әрекеттері (әрекетсіздігі) болып танылады.

3-ТАРАУ. САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРГАНДАРЫ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫ.

САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСҚА ДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

17-бап. Салық қызметі органдарының құрылымы мен міндеттері

1. Салық қызметінің органдары салық органдарынан және салық полициясы органдарынан тұрады. Салық органдары уәкілетті мемлекеттік орган мен аумақтық салық органдарынан тұрады. Салық полициясы органдары уәкілетті мемлекеттік органның Салық полициясы комитеті мен салық полициясының аумақтық органдарынан тұрады.

2. Аумақтық салық органдарына облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, ауданаралық салық комитеттері, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері жатады.

3. Салық полициясының аумақтық органдарына облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық полициясының басқармалары, салық полициясының ауданаралық (аймақтық) бөлімдері немесе аудан, қала және қала аудандары бойынша салық полициясының бөлімдері жатады.

4. Салық қызметінің аумақтық органдары тиісті жоғары тұрған салық қызметі органына тікелей бағынады және жергілікті атқарушы органдарға қатысы жоқ.

5. Салық органдарына салық және бюджеттерге төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақытылы аударылуын қамтамасыз ету жөнінде, сондай-ақ салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауда салық бақылауын жүзеге асыру жөнінде міндеттер жүктеледі.

6. Салық полициясы органдарына табыстарын жасыру немесе кемітіп көрсету, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерін жасырып қалу және салық міндеттемесін орындаудан өзгедей жалтару мақсатында жасаған қылмыстарды анықтау, жолын кесу мен тергеу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

7. Уәкілетті мемлекеттік орган салық қызметі органдарына басшылық жасауды жүзеге асырады.

8. Аумақтық салық органдарының, аумақтық салық полициясы органдарының бірінші басшыларын қызметке уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы тағайындайды.

18-бап. Салық органдарының құқықтары

1. Салық органдары :

1) осы Кодексте көзделген салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және бекітуге;

2) өзінің құзыреті шегінде салықтық міндеттемелерін туындату, орындату, тоқтату жөнінде түсіндіру мен түсініктеме беруді жүзеге асыруға;

3) осы Кодексте белгіленген тәртіпте салық бақылауын жүзеге асыруға;

4) салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауға қатысты ақша құжаттарына, бухгалтерлік кітаптарына, есептеріне, сметаларына, қолда бар ақшаға, бағалы қағаздарына және басқа да құндылықтарына, есептеріне, декларацияларына және өзге де құжаттарына Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген талаптарды орындап, тексеру жүргізуге;

5) салық төлеушіден уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысандар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу (ұстау және аудару) бойынша құжаттар, оларды толтыру жөнінде түсіндірмелер, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының дұрыс есептелгендігін және уақытылы төленгендігін (ұсталғандығын және аударылғандығын) растайтын құжаттар беруді талап етуге ;

6) салықтық тексеруді жүзеге асыру барысында егер деген негіздер болған жағдайда , бұл құжаттарды жойылады, жасырылады, өзгертіледі немесе ауыстырылады белгіленген тәртіпте салықтық бұзушылық жасалғаны туралы куәландыратын құжаттарды салық төлеушіден алып қоюға;

7) орналасқан жеріне қарамастан, табыс табу үшін пайдаланылған кез келген салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді тексеруге, салық төлеушінің мүліктеріне (тұрғылықты үй-жайдан басқа) түгендеу жүргізуге;

8) салық заңдарының орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салық төлеушіден салықтық берешегін осы Кодекске сәйкес мәжбүрлі тәртіпте өндіріп алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіпте салық төлеушіге әкімшілік айыппұлдар салуға;

10) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша салық төлеушіден электрондық құжаттар түріндегі а қ п а р а т т ы а л у ғ а ;

11) тексерілетін салық төлеушіден салық салуға байланысты мәселелер бойынша банктерден немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан оның банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтерді коммерциялық, банктік және

заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген талаптарын сақтай отырып, алуға;

12) осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда, салық төлеушінің салық міндеттемесін жанама әдіспен айқындауға;

13) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес соттарға талап-арыз беруге құқылы.

2. Салық органдарының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтары бар.

19-бап. Салық органдарының міндеттері

1. Салық органдары:

1) салық төлеушінің құқықтарын сақтауға және мемлекеттің мүдделерін қорғауға;

2) салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындауы жөнінде салық бақылауын жүзеге асыруға;

3) салық төлеушілердің, салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілердің есебін, есептелген және төленген салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есебін белгіленген тәртіпте жүргізуге;

4) салық есебінің белгіленген нысандарын толтыру тәртібін түсіндіруге;

5) салықтық тексеруді нұсқамалар бойынша қатаң жүргізуге;

6) осы Кодекс ережелеріне сәйкес салық құпиясын сақтауға;

7) салық міндеттемелерінің орындалуы жөнінде хабарламаны осы Кодексте көзделген мерзімдер мен жағдайларда салық төлеушілерге тапсыруға;

8) салық төлеушінің өтініші бойынша оның салық міндеттемелерін орындауы жөніндегі бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі туралы оның жеке шотынан көшірмені үш күн мерзімнен кешіктірмей беруге;

9) салық төлеушілерге берілетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерінің орындалуы фактісін растайтын түбіртектер көшірмесінің бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етуге;

10) мемлекет меншігіне айналған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібінің сақталуын, сондай-ақ оны сатудан түскен ақшаның бюджетке толық және уақытылы түсуін бақылауды жүзеге асыруға;

2. Салық органдары салықтық тексеру барысында кірістерін жасыруы немесе кемітіп көрсетуі бойынша, салық салуға жататын және салық салуға байланысты объектілерді жасырып қалу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден өзгедей жалтару бойынша заңдарда салық полициясы органдары тергеу жүргізуіне жатқызылған, қылмыстар жасалды деп жорамалдауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтаған кезде, заң актілеріне сәйкес іс жүргізу шешімін қабылдау үшін материалдарды салықтық тексеру актісі бекітілген күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде салық полициясы органдарына жіберуге міндетті.

3. Салық органдары, сондай-ақ, салық заңдарымен көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

20-бап. Салық полициясы органдарының құқықтары

1. Салық полициясының органдары салық заңдарын бұзуға байланысты қылмыс белгілерін көрсететін негіздер жеткілікті болған кезде, салық органының ұйғарымы негізінде салық органымен бірлесіп салықтық тексеруді жүргізуге құқылы.

2. Бірлескен салықтық тексеру нәтижелері бойынша тексеру туралы акт жасалады, соның негізінде салық полициясының органы белгіленген мерзімде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) қылмыс белгілері бар салықтық құқық бұзушылық анықталған жағдайда - қылмыстық іс қозғау туралы;

2) қылмыс белгілері жоқ салықтық құқық бұзушылық анықталған жағдайда - қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы және материалдарды салық төлеуші есепте тұрған жердегі салық органына жіберу туралы.

21-бап. Салық полициясы органдарының міндеттері

Салық полициясының органдары салық заңдарын орындау жөнінде:

1) салық төлеушінің құқықтарын сақтауға және мемлекеттің мүдделерін қорғауға;
2) заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпте жедел іздестіру әрекеттерін, анықтау, алдын-ала тергеу жүргізуге;

3) осы Кодексте көзделген жағдайлар мен тәртіпте салық тексерулерін жүргізуге;

4) осы Кодекске сәйкес салық құпиясын сақтауға;

5) салық органының жазбаша сұратуы негізінде салықтық тексерулерге қатысуға;

6) салық міндеттемелерін орындаудан жалтарған салық төлеушілерді іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

22-бап. Мүдделер жанжалы

Салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларына:

1) мұндай лауазымды тұлғада тікелей желі бойынша туыстық қатынасы бар;

2) лауазымды тұлғада немесе оның туысқанында тікелей желі бойынша тікелей немесе жанама қаржылай мүдделі салық төлеуші қатысында кәсіптік міндеттемелерін жүзеге асыру тоқтатылады.

23-бап. Кеден органдарының салықты өндіріп алу жөніндегі өкілеттігі

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тауарлар өткізілген кезде кеден органдары осы Кодекске және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді өндіріп алуды жүзеге асырады.

24-бап. Уәкілетті органдардың өкілеттіктері

Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді өндіріп алу бойынша уәкілетті органдардың өкілеттігін осы Кодекстің Ерекше бөлімі айқындайды.

25-бап. Салық қызметі органдарының кеден және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Салық органдары орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қолданады, өзара ақпарат алмасуды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Мемлекеттік органдар салық заңдарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда салық қызметі органдарына жәрдемдесуге міндетті.

3. Салық қызметі және кеден органдары оларға жүктелген салық бақылауын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді өзара іс-қимыл жасау арқылы орындайды.

26-бап. Салық қызметі органдарының лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау

1. Салық қызметі органдарының лауазымды адамдары қызметтік міндеттерін атқару кезінде заңмен қорғалады.

2. Салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының өмірі республикалық бюджет қаражаты есебінен міндетті түрде сақтандыруға жатады.

3. Қызметтегі жұмысын жүзеге асыруына байланысты салық қызметі органдары лауазымды адамының денесіне орташа зақым түсірілген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан бес айлық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді, кейін бұл сома Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кінәлі адамдардан ө н д і р і п а л ы н а д ы .

4. Қызметтегі жұмысын жүзеге асыруына байланысты салық қызметі органдары лауазымды адамының денесіне кәсіби қызметімен одан әрі айналысуына мүмкіндік бермейтін ауыр зақым түсірілген жағдайда, оған республикалық бюджет қаражатынан бесжылдық ақшалай үлесі мөлшерінде, кінәлі адамдардан кейін сомасы өндіріліп алынатын, біржолғы жәрдемақы беріледі, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы мен зейнетақысының мөлшері арасындағы айырма (өмір бойы) төленеді.

5. Жұмыс істеген кезінде өз қызметін жүзеге асыруына байланысты салық қызметі органдарының лауазымды адамы қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) отбасына немесе оның асырауындағы адамдарға (мұрагерлеріне):

1) қаза тапқан адамның (қайтыс болған адамның) соңғы лауазымы бойынша республикалық бюджет қаражатынан онжылдық ақшалай үлес мөлшерінде біржолғы ж ә р д е м а қ ы т ө л е н е д і ;

2) асыраушысынан айрылуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіпте мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

т а ғ а й ы н д а л а д ы .

6. Қызметтік міндетін орындауына байланысты салық қызметі органдары лауазымды адамдарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, сондай-ақ салық қызметі органдары лауазымды адамдарының отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиян, осы соманы кейін кінәлі адамдардан өндіріп ала отырып, республикалық бюджет қаражатынан толық көлемінде өтеледі.

2-БӨЛІМ. САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ

4-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27-бап. Салық міндеттемесі

1. Салық органына тіркеу есебіне тұруға салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді анықтауға, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге, салық есептерін жасауға, оны белгіленген мерзімде ұсыну мен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді оның күшіне байланысты төлеуге салық төлеуші міндетті салық заңдарына сәйкес мемлекет алдында туындаған салық төлеушінің міндеттемесі салық міндеттемесі болып табылады.

2. Мемлекет салық органы атынан салық төлеушіден оның салық міндеттемелерін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал олар орындалмаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Кодексте көзделген тәртіппен оларға мәжбүрлеп орындату шараларын және қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді қолдануға құқылы.

28-бап. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер

Мүлік және салық төлеушінің салық міндеттемесінің туындауынан болған әрекеттер салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер болып т а б ы л а д ы .

Әрбір салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша салық салу объектісі және салық салуға байланысты объекті осы Кодекстің Ерекше бөліміне сәйкес айқындалады.

29-бап. Салық базасы

Салық базасы салық салу объектісі мен салық салуға байланысты объектінің құндық, заттық немесе өзге де сипаттамасын білдіреді.

30-бап. Салық ставкасы

1. Салық ставкасы салық базасын өлшеу бірлігіне есептелетін салық мөлшерін б і л д і р е д і .

2. Салық ставкасы теңгемен, айлық есептік көрсеткішпен және процентпен немесе салық базасын өлшеу бірлігіне абсолютті сомада белгіленеді.

31-бап. Салық кезеңі

Осы Кодекстің Ерекше бөліміне сәйкес жекелеген салық пен басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі салық кезеңі болып түсініледі, оның

аяқталуы бойынша салық жылы айқындалады және салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы есептеледі.

5-ТАРАУ. САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІН ОРЫНДАУ

32-бап. Салық міндеттемесін орындау

1. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салық міндеттемесін орындауды дербес жүзеге асырады.

2. Салық төлеуші салық міндеттемелерін орындау үшін мынадай іс-әрекеттер жасайды:

1) салық органына тіркеу есебіне тұрады;
2) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізеді;

3) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базаларын және салық ставкаларын ескере отырып, салықтар және бюджетке төленуге тиісті басқа да міндетті төлемдер сомасын есептейді;

4) салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерден алынатын салық есептерін жасайды және белгіленген тәртіп пен мерзімдерде салық органдарына ұсынады;

5) салық заңдарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген және есептелетін сомаларын, сондай-ақ салық міндеттемелері орындалмаған жағдайларда, салық өсімдері мен айыппұлдарын төлейді.

Салық төлеуші салық міндеттемелерін осы Кодексте белгіленген тәртіп пен мерзімдерде орындауы тиіс.

3. Салық төлеуші салық міндеттемесін мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

4. Қолма-қол ақшасыз төлеу нысанында орындалатын салық міндеттемесі банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер немесе ұйымдардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы есебіне салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын аударған күнінен бастап орындалды деп есептеледі. Қолма-қол ақшамен төлеу нысанында орындалатын салық міндеттемесі банкке немесе өзге де уәкілетті органға ақша енгізілген күннен бастап, орындалды деп есептеледі.

5. Салықтар төлеу жөніндегі салық міндеттемесі осы Кодекстің 42-бабында белгіленген тәртіпте есептеме жүргізу жолымен орындалуы мүмкін.

6. Салық агенті орындайтын салық міндеттемесі бюджетке салықтар сомасы қайта есептелген күннен бастап орындалды деп есептеледі.

7. Салық міндеттемесі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттардың ережелерімен заттай нысанда төлеу немесе шетелдік валютамен төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, теңгемен орындалады.

**33-бап. Салық міндеттемесін орындау кезінде
салық және бюджетке төленетін басқа да
міндетті төлемдерді есептеу**

1. Салық төлеуші және салық агенті салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасын дербес есептейді.

2. Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу жөніндегі міндет салық органына және уәкілетті органдарға жүктелуі мүмкін.

**34-бап. Салық органдарын салық міндеттемесінің
орындалуы жөнінде хабардар ету**

1. Салық органының салық төлеушіге жіберген соңғы салық міндеттемесін орындау қажеттілігі туралы жазбаша хабарламасы жазбаша хабарлау болып танылады.

2. Жазбаша хабарлама түрлері төменде санамаланған түрлермен шектеледі және салық органы салық төлеушіге мынадай мерзімдерде:

1) осы Кодекстің 33-бабы 2-тармағына сәйкес салық органы есептеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомалары туралы есептелген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) салықтық тексеру нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсім мен айыппұлдардың есептелген сомасы туралы салықтық тексеру актісі бойынша шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) басқа да салықтар бойынша салық міндеттемесін орындау үшін бюджетке артық төленген салықтар сомаларына есептеме жүргізу сомалары туралы есептеме жүргізілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;

4) мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету жөнінде қолданылатын шаралар туралы 50-баптың 1-тармағының

1) және 2) тармақшаларында және 51-баптың 1-тармағында көрсетілген мерзімдер аяқталғанға дейін және (немесе) салықтық тексеру басталған сәтте;

5) салықтық берешекті өтеу бойынша салық міндеттемесін мәжбүрлеп орындату жөніндегі қолданылатын шаралар туралы мәжбүрлеп орындату шараларына қолданылғанға дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;

6) дебиторлардың банктік шоттарындағы ақшаны өндіріп алу айналысы туралы өндіріп алу айналысына дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;

7) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған құқық бұзушылықтарды жою туралы салық есебінде тәртіп бұзушылық анықталған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей;

8) шағымды қарау нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсім мен айыппұлдардың есептелген сомалары туралы шағым бойынша шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

3. Хабарламада салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы; салық төлеушінің тіркеу нөмірі; хабардар еткен күні; салық міндеттемесінің сомасы; салық міндеттемесін орындау жөніндегі талап; хабарлама жіберу үшін негіздеме; шағымдану тәртібі көрсетіледі.

Жазбаша хабарламалардың нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

4. Жазбаша хабарлама салық төлеушіге (өкіліне) қол қоюы арқылы немесе жіберілген фактісін растайтын өзге де тәсілмен жеке тапсырылуы тиіс.

5. Осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер салық агентіне жіберілетін жазбаша хабарламаға қатысты да қолданылады.

35-бап. Салық міндеттемесін орындау мерзімдері

1. Салық міндеттемесін орындау мерзімдері осы Кодекспен белгіленеді. Мұның өзінде, осы Кодексте белгіленген мерзім ішінде оның басталуы айқындалған нақты оқиғалар немесе заңды іс-әрекеттерден кейін келесі күні аяқталады. Мерзім осы Кодексте белгіленген кезеңнің соңғы күні бітеді. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс емес күнге келсе, мерзім келесі жұмыс күнінің соңында аяқталады.

2. Салық органдары салықтық бақылау нәтижелері бойынша салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсімдер мен айыппұлдардың есептелген сомалары туралы хабарлама жіберген жағдайда, салық міндеттемесі салық төлеушіге хабарлама тапсырылған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде орындалуға жатады.

3. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша салық органдарының хабарламасында көрсетілген салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, өсім мен айыппұлдардың есептелген сомаларымен (төлем көздерінен ұсталатын жеке табыс салығы, акциздердің есептелген сомаларынан басқа) салық төлеуші келіскен жағдайда, салық төлеушінің өтініші бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімі 60 жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте, көрсетілген сома әрбір ұзартылған мерзім күніне есептелген өсіммен және осы кезеңде әрбір 15 жұмыс күні сайын тең үлеспен бюджетке төлеуге жатады.

36-бап. Салық төлеушінің салық берешегін өтеу тәртібі

Салық берешегін өтеу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- 1) есептелген өсім;
- 2) есептелген айыппұлдар;
- 3) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы.

37-бап. Таратылатын заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындауы

1. Таратылатын заңды тұлғаның салық берешегін аталған заңды тұлғаның ақшасы, соның ішінде оның мүлкін сатудан алынған ақша есебінен қолданылып жүрген заңдарда белгіленген кезек тәртібінде өтеледі. Мұның өзінде, таратылатын заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің салық берешегі де өтеледі. Тарату кезеңінде туындаған салық міндеттемесі туындаған мерзіміне қарай және салық заңдарында белгіленген тәртіпте орындалады.

2. Егер таратылатын заңды тұлғаның мүлкі салық берешектерін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салық берешегінің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді.

3. Егер таратылатын заңды тұлғада артық төленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары бар болса, онда көрсетілген сомалар осы Кодекстің 42-бабында белгіленген тәртіпте таратылатын заңды тұлғаның салық берешегін өтеу шотына есептеуге жатқызылады.

Таратылатын заңды тұлғаның салық берешегі болмаған кезде, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасы осы заңды тұлғаға қайтаруға жатады.

38-бап. Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде салық міндеттемесін орындау

1. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салық міндеттемесін орындау оның құқықтық мұрагеріне (құқықтық мұрагерлеріне) жүктеледі.

2. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның мұрагерлеріне, сондай-ақ салық міндеттемесін орындаудағы құқықтық мұрагерлерінің қатысу үлесін белгілеу азаматтық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы осы заңды тұлға құқықтық мұрагерінің (құқықтық мұрагерлерінің) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі оның салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

4. Ол қайта ұйымдастырылғанға дейін заңды тұлғаның артық төлеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерінің сомасын салық органы қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның мұрагерінің басқа салық міндеттемелерін орындауы е с е б і н е ж а т қ ы з а д ы .

5. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салық берешегі болмаған жағдайда, осы заңды тұлғаның артық төлеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы оның құқықтық мұрагеріне қайтаруға жатады.

39-бап. Қайтыс болған адамның салықтық берешегін өтеу

1. Қайтыс болған адамның, оның қайтыс болған күні пайда болған салық міндеттемесі бойынша салықтық берешегін оның мұрагері (мұрагерлері) мұраға қалдырылған мүлік құны және ол алынған күннен мұрадағы үлесіне барабар өтейді.

2. Мұрагері болмаған жағдайда, жеке тұлғаның оның қайтыс болған күні пайда болған салықтық берешегі өтелген болып есептеледі.

40-бап. Сот хабарсыз жоғалған деп таныған адамның салық міндеттемесін орындау

1. Адамды сот хабарсыз жоғалған деп таныған жағдайда, мұндай адамға қатысты салық міндеттемесі шешім шығарылған күннен бастап тоқтатылады.

2. Сот хабарсыз жоғалған деп таныған адамның салық берешегін хабарсыз жоғалған адамның мүлкін басқаруға қорғанушы орган өкілеттік берген тұлға өтейді.

3. Егер белгіленген тәртіппен хабарсыз жоғалған деп танылған адамның мүлкі салық берешегін өтеу үшін жетпейтін болса, онда хабарсыз жоғалған адамның салық берешегінің өтелмеген бөлігін салық органы сот шешімі негізінде есептен шығарады.

4. Адамды хабарсыз жоғалды деп тану туралы сот шешімі күшін жойған кезде, салық міндеттемесі бойынша ескірген шағымның белгіленген мерзіміне қарамастан, бұрын салық органы есептен шығарған салық берешегін қайта төлеу күшіне енеді.

41-бап. Салық міндеттемесі бойынша шағымның ескіру мерзімі

1. Салық органы салық кезеңі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомасын есептеуі немесе қ а й т а қ а р а у ы м ү м к і н .

2. Салық төлеуші салық кезеңі аяқталғаннан кейін 5 жыл ішінде немесе салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

6-ТАРАУ. САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІН ОРЫНДАУ БОЙЫНША БЮДЖЕТПЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ КЕЗІНДЕ САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРДІҢ АРТЫҚ ТӨЛЕНГЕН СОМАЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

42-бап. Салық міндеттемесін орындау бойынша бюджетпен есеп айырысу кезінде салық төлеушілердің артық төленген салық сомаларын есепке алу

1. Салық кезеңінде бюджетке төленген және төлеуге есептелген салық сомасы арасындағы айырма бюджетке артық төленген салық сомасы болып танылады.

2. Бюджетке артық төленген салық сомасы салық төлеушінің өтініші бойынша салық берешегін өтеу есебіне мынадай тәртіппен:

- 1) салықтың осы түрі бойынша өсім мен айыппұлдар өтеу есебіне;
- 2) салықтардың басқа да түрлері бойынша өсім мен айыппұлдар өтеу есебіне;
- 3) салықтардың басқа да түрлері бойынша бересін өтеу есебіне;
- 4) осы салықтың түрі бойынша алдағы төлемдердің есебіне есепке алуға жатады.

3. Артық төленген салық сомасын есепке алуды, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, осы бапта белгіленген тәртіппен бюджетке төленетін салықтарды төлейтін жер бойынша салық органы жүргізеді.

4. Бюджетке артық төленген салық сомасы басқа салық төлеушінің салық міндеттемесі бойынша берешекті өтеу есебіне есепке алуға жатпайды.

**43-бап. Салық міндеттемесін орындаған кезде салықтар
және бюджетпен төленетін басқа да міндетті
төлемдердің артық төленген сомаларын қайтару**

1. Салықтың артық төленген сомасы осы Кодекстің 43-бабында көзделген есепке алуларды өткізгеннен кейін салық төлеушінің өтініші бойынша оның банктік шоттарына аударуға жатады.

2. Салықтың артық төленген сомасын қайтаруды, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, салықты төлейтін жер бойынша аумақтық салық органы қайтару туралы өтініш берілген күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде жүргізеді.

3. Осы баптың 2-тармағымен белгіленген артық төленген салықтың мерзімінде қайтарылмаған сомасына көрсетілген мерзім бұзылған кезде, белгіленген мерзімінің әрбір бұзылған күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген әрбір қайтару күніне қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде өсім есептеледі.

4. Егер осы Кодекстік Ерекше бөлімінде басқа да міндетті төлемдердің артық төленген сомасы қайтарылуды көздесе, онда қайтару осы бапқа сәйкес жүргізіледі.

**7-ТАРАУ. САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ БОЙЫНША САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН
ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІНІҢ ӨЗГЕРТІЛУІ**

**44-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерінің
орындалу мерзімдері өзгертілуінің ұғымы және
жалпы шарттары**

1. Салықтар (төлем көзінен ұсталатын салықтардан және акциздерден басқа) төлеудің осы Кодекспен белгіленген мерзімін салық төлеушінің негізделген өтініші негізінде күнтізбелік жылдың 10 айынан асырмай неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту деп

т а н ы л а д ы .

2. Өзгертілген мерзім бойынша салық міндеттемелерін орындау құқығы оларды қ а й т ы п б е р у г е ж а т п а й д ы .

3. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту осы Кодекстің 49-бабына сәйкес салық төлеушіні салықтар сомаларын уақытылы төлемегені үшін осы Кодекстің Ерекше бөлімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, ө с і м т ө л е у д е н б о с а т п а й д ы .

4. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту осы Кодекстің Ерекше бөлімінде белгіленген жағдайларды есептемегенде салық төлеушінің мүлкін кепілдікке алу немесе банк кепілдік арқылы жүргізіледі.

5. Салық төлеушінің мүлкін кепілдікке алу және банктің кепілдік беруі арқылы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**45-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерінің
мерзімін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға
у ә к і л е т т і о р г а н**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеуші тіркеу есебінде тұрған жердегі жергілікті атқарушы органның ұсынысы негізінде уәкілетті мемлекеттік орган салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

**46-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін
орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің
күшін тоқтату**

Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің күші, салық төлеушінің уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын бұзған жағдайда, мерзімінен бұрын тоқтатылады.

**47-бап. Салық төлеушінің кепілдікке салынған мүлкін
өндіріп алуды және сатуды талап ету тәртібі**

1. Салық органы салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту туралы шешімнің күші мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган шешімінің негізінде салық төлеушінің кепілдікке салынған мүлкін өндіріп алуға не банк кепілдігінің орындалуын талап етуге құқылы.

2. Салық төлеушінің кепілдікке салған мүлкін сату билік ету шектелген мүлкін сатуға белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

8-ТАРАУ. МЕРЗІМІНДЕ ОРЫНДАЛМАҒАН САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІН ОРЫНДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

48-бап. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері

1. Салық төлеушінің белгіленген мерзімде орындалмаған салық міндеттемелерін
о р ы н д а у м ы н а д а й :

1) төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
с о м а с ы н а ө с і м е с е п т е у ;

2) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату;

3) мүлкіне билік етуді шектеу тәсілдерімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ережелер салық агенттеріне де қатысты
қолданылады.

49-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомаларына өсімдер

1. Мерзімі өткен салық міндеттемесінің сомасына есептелетін осы баптың 3-
тармағында белгіленген мөлшер өсім болып танылады.

2. Өсім сомасы салық берешектерін өтеу бойынша салық міндеттемесін мәжбүрлеп
орындатудың басқа да шараларын, сондай-ақ салық заңдарын бұзғаны үшін
жауапкершілік шараларын қолдануға қарамастан есептеледі және төленеді.

3. Өсім мерзімі өткен әрбір күні үшін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
белгілеген қайта қаржыландыру ресми ставкасының 1,5 еселенген мөлшерінде
бюджетке төлеген күнін қоса алғанда, салық және бюджетке төленетін басқа да
міндетті төлемдер төлеу мерзімі күнінен кейінгі күннен бастап мерзімі өткен әрбір күн
ү ш і н е с е п т е л е д і .

4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдардың
сомаларын банктік шоттардан кезегін сақтамай есептен шығарғаны үшін, сондай-ақ
салық төлеушілердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы
есебіне салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын банктік
шоттардан есептен шығарылған есепті (қайта есептеуді) кешіктіргені үшін банктер
немесе кейбір банктік операциялар түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өсім
е с е п т е л е д і .

5. Сот шешім қабылдаған сәттен бастап банкрот деп танылған болмаса, оған
қатысты мұндай шешімнің күшіне енген күнінен бастап мәжбүрлеп тарату туралы
шешім қабылданған салық төлеушінің құралған бересінің сомасына өсім есептелмейді.

6. Өсім банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешім күшіне енген сәттен бастап, бересі
құралуының бірден бір себебі қызмет көрсететін банктің таратылуы болып табылған
жағдайда, бересі сомаларын уақытылы өтемегені үшін мәжбүрлеп таратылған

банктердің несие берушілеріне есептелмейді.

7. Акциялардың қосымша эмиссияларын шығару туралы сот шешімі күшіне енгізілген сәттен бастап және оларды орналастыру аяқталғанға дейін акциялардың қосымша эмиссияларын шығару сот шешімі бойынша жүргізілетін өтеу үшін бересі сомасына өсім есептелмейді.

8. Адамды хабарсыз жоғалған деп тану туралы сот шешімі күшіне енген сәттен бастап, оның күші жойылғанға дейін бересі сомасына өсім есептелмейді.

50-бап. Салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру

1. Банктік шоттар (корреспонденттіктен басқа) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мынадай:

1) салық төлеушінің салық есебін тапсыру мерзімдерінің аяқталуы бойынша 10 жұмыс күні ішінде тапсырмаған;

2) белгіленген төлеу мерзімі күнінен бастап 30 жұмыс күні аяқталуы бойынша салықтық берешектерді өтемеген;

3) салық органын салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді салықтық тексеруге және зерттеуге жібермеген жағдайларда жүргізіледі.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру осы Кодекстің 34-бабында белгіленген мерзімде салық төлеушінің жазбаша хабарламасымен жүргізіледі.

2. Салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып белгіленген нысанда шығарылады.

3. Салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі банктердің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың сөзсіз орындауына жатады.

4. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар оны алған күннен бастап күшіне енеді.

5. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себебін жойған күннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күшін жояды.

51-бап. Салық төлеушінің мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім шығару

1. Заңды тұлғаның банктік шоттары бойынша шығыс операциясын тоқтата тұру туралы шешім шығарылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде салықтық берешектер

өтелмеген жағдайда, мүлікке иелік етуге шектеу жүргізіледі. Бұл ретте заңды тұлғаға осы Кодекстің 34-бабында белгіленген мерзімдерде хабарлама жіберіледі.

Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда шығарылады.

2. Салық төлеушінің мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім меншік (қаржы лизингіне берілген мүліктен басқа) немесе шаруашылық жүргізу құқығымен тиесілі мүлікке қатысты (мүлікті шаруашылық жүргізуге беру туралы шартта оны иеліктен айыруға тыйым салынған жағдайлардан басқа) шығарылады.

3. Салық берешегі сомасы туралы салық төлеушінің жеке шотында бар деректердің негізінде салық органы мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім қабылдайды.

4. Мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешім негізінде салық төлеушіге мүлікті иелену, пайдалану және билік ету шарттары туралы ескертіле отырып, салық берешегі сомасына мүліктің тізбесінің актісін жасау жүргізіледі.

Мүлікке билік етуді шектеу тізбесі салық органы айқындайтын рынок бағасы негізінде жүргізіледі және уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және нысанда екі дана болып жасалатын актімен ресімделеді.

Салық органы мүлікке билік етуді шектеу кезінде қатысқан салық төлеушіге мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің көшірмесін және мүлік тізбесі актісінің көшірмесін тапсыруға міндетті.

5. Салық төлеуші салықтық берешек сомаларын өтегеннен кейінгі 1 жұмыс күнінен кешіктірмей салық органы мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімнің күшін жояды.

9-ТАРАУ. САЛЫҚ БЕРЕШЕГІН МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ

52-бап. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары

1. Салық органдары салық төлеушіге мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолданғаннан кейін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы. Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану осы Кодекстің 34-бабына сәйкес салық төлеушіге жіберілген хабарлама негізінде жүргізіледі. Салықтық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- 1) банктік шоттарда бар ақшасының есебінен;
- 2) қолма-қол ақшасының есебінен;
- 3) дебиторларының шоттарынан;
- 4) билік ету шектелген мүлкін сату есебінен;
- 5) қосымша акциялар эмиссияларын мәжбүрлеп шығару.

53-бап. Банктік шоттардағы ақшаның есебінен салық берешегі сомаларын өндіріп алу

1. Декларациялар және (немесе) есеп айырысулар бойынша, сондай-ақ салықтық

тексеру нәтижелері бойынша салық төлеушіге есептелген салық берешегі сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салық органы салық төлеушінің келісімінсіз салық берешегі сомасын банк шоттарынан мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға қ ұ қ ы л ы .

2. Салық төлеушінің банктік шоттарынан салық берешегі сомасын өндіріп алу салық органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі.

3. Салық берешегі сомасын бюджетке өндіріп алуға инкассалық өкім салық төлеушінің банктік шоттары ашылған банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жіберіледі және бірінші кезектегі тәртіппен орындауына жатады.

4. Инкассалық өкім Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысан бойынша ұсынылады және салық берешегі сомаларын өндіріп алуды жүргізетін салық төлеушінің немесе салық агентінің сол банктік шотына нұсқамасы болады.

5. Салық төлеушінің теңгелік банктік шоттарында ақша болмаған жағдайда, салық берешегін өндіріп алу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген теңге бағамына шетелдік валюта қолдана отырып, өндіріп алынған күні салық төлеушінің валюталық банктік шоттарынан жүргізіледі.

6. Банктік шоттарда ақша жеткілікті болған кезде салық берешегі сомаларын өндіріп алуға инкассалық өкімді аталған өкімді алған күннен кейінгі 1 операциялық күннен кешіктірілмей банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым орындайды.

7. Салық төлеушінің банктік шотында ақша жеткіліксіз немесе болмаған жағдайда, осы шотқа ақша түсуіне қарай инкассалық өкім орындалатын болады.

54-бап. Қолма-қол ақша есебінен салық берешегі сомасын өндіріп алу

1. Салық берешегін қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу банктік шотта ақша болмаған жағдайда жүргізіледі.

2. Бухгалтерлік (кассалық) құжаттар бойынша көрсетілген салық төлеушінің қолма-қол ақшасын (соның ішінде шетелдік валютада) салық органының алып қоюы қолма-қол ақша есебінен салық берешегі сомасын өндіріп алу ретінде танылады.

3. Салық төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен салық берешегі сомасын өндіріп алуды салық берешектерін өтеуге қатысты салық міндеттемелерін мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану туралы хабарламаның негізінде салық органдары жүргізеді.

4. Қолма-қол ақшаны алып қою мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алып қою туралы актімен ресімделеді.

5. Салық төлеушіден қолма-қол ақшаны алып қою өндіріп алынған күнінен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірілмей, оларды салық төлеушінің бюджетке келесі

аударылымынан банктік шоттарына есептеу үшін банкке немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға тапсырылуы тиіс. Банк шоттары болмаған кезде салық төлеушіден қолма-қол ақшаны алып қою өндіріп алынған күнінен бастап 1 жұмыс күнінен кешіктірілмей бюджетке тапсырылады.

55-бап. Салық төлеушінің салық берешегі сомаларын оның дебиторларының шоттарынан өндіріп алу

1. Салық төлеушінің банктік шоттарында ақша және қолма-қол ақша болмаған жағдайда, салық органы құралған салық берешегі шегінде үшінші тұлғаның (бұдан әрі - дебиторлар) мүлктік шоттарындағы ақшаны өндіріп алуды жүргізуге құқығы бар. Мұның өзінде, дебиторларға салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне оның банктік шоттарындағы ақшаны өндіріп алуды жүргізу туралы хабарламалар жіберіледі.

Дебитор хабарлама алынған сәттен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберуші салық органына хабарлама алған күнге салық төлеушімен бірлесіп жасалған өзара есеп айырысулардың салыстырма актісін береді.

2. Салық төлеуші мен оның дебиторының арасындағы өзара есеп айырысуды салыстыру актісінде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) салық төлеуші мен оның дебиторының атауы, олардың тіркелу нөмірлері;
- 2) салық төлеуші мен оның дебиторы есепте тұратын салық органының атауы;
- 3) салық төлеуші мен оның дебиторының банктік шоттарының деректемелері;
- 4) салық төлеушінің алдындағы дебитордың берешек сомасы;
- 5) салық төлеуші мен оның дебиторының заңды деректемелері, мөрлері және қ о й ы л ғ а н қ о л д а р ы ;
- 6) салыстыру актісінің жасалған күні.

3. Өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің негізінде салық органы салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімді дебитордың б а н к т і к ш о т ы н а ұ с ы н а д ы .

4. Салық төлеуші дебиторының банкі немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымы осы Кодекстің 53-бабында белгіленген талаптарға сәйкес салық төлеушінің салықтық берешегінің сомасын өндіріп алу туралы салық органы ұсынған инкассалық өкімді орындауға міндетті.

5. Өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің болуы немесе болмауына қарамастан, хабарламасын табыс еткен сәттен бастап 90 жұмыс күні ішінде салық төлеуші пайдасына дебитор төлем жүргізген жағдайда, салық органы жүргізілген төлем сомалары шегінде салық төлеушінің салық берешегі сомасын өндіріп алу туралы инкассалық өкімін дебитордың банктік шотына ұсынуға құқылы.

56-бап. Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін сату есебінен салық берешегін өндіріп алу

1. Салық органдары салық төлеуші заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің келісімінсіз оның банктік шоттарында ақша, дебиторлардың қолма-қол ақшасы және банктік шоттарында ақшасы болмаған жағдайларда салық берешегінің сомасы шегінде салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін өндіріп алуды жүргізуге құқылы.

2. Салық төлеуші билік етуді шектелген мүліктің сақталуын және тиісінше күтімін қамтамасыз етуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, салық төлеуші Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес аталған мүлікке қатысты заңсыз әрекеті үшін жауапқа тартылады және билік ету шектелген мүлікті аукционға дайындау жөніндегі шығындарды өтеуге міндетті.

57-бап. Салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкін с а т у д ы ң т ә р т і б і

1. Билік ету шектелген мүлікті сату өткізілу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мамандандырылған аукционда (бұдан әрі - аукцион) жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Аукционға жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мүлкіне билік ету шектелген салық төлеуші сатып алушылар ретінде қатыса алады.

3. Егер оған кемінде екі қатысушы қатысса, аукцион өткізілді деп есептеледі.

4. Аукцион барысында тауарға соңғы бағаны ұсынған қатысушы, аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюы тиіс.

5. Хаттамада сатып алушы, тауардың атауы, тауардың бастапқы құны мен сатылу бағасы туралы, сондай-ақ сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі тараптардың міндеттемелері және сатып алу-сату шартына қол қоядан бас тартқандығы үшін сатып алушының жауапкершілігі туралы мәліметтер көрсетіледі. Аукционның нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі сатып алушыға тапсырылады және сатып алу-сату шартын жасасуға оның құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

6. Аукцион аяқталатын күннен кейінгі бір күннен кешіктірместен сатып алушы және сатушы аукцион нәтижелері туралы хаттаманың негізінде мүлікті сатып алу-сату шартына қол қояды, онда шарттың нысанасы, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі, толық сату құны, бюджетке берешек сомаларын есептеу үшін бюджет шоттарының кодтары көрсетіледі.

7. Түпкілікті есеп айырысу сатып алу-сату шартын жасасқаннан кейін жүргізіледі. Аукцион аяқталғаннан кейінгі 5 жұмыс күні ішінде сатып алушы сатып алынған тауар үшін төлемнің сомасын енгізуі тиіс.

8. Егер сатып алушы сатып алу (тауар) үшін төлемнің сомасын көрсетілген мерзім ішінде енгізбесе, онда сатып алу-сату шарты бұзылды деп есептелінеді және сатып алушы енгізген аванс сомасы қайтарылуға жатпайды. Мамандандырылған аукционды ұйымдастырушы бағасы соңғының алдында (неғұрлым жоғары) болған басқа

қатысушыға тауарды ұсынады және сатып алуға оның келісімі болған жағдайда онымен хаттамаға қол қояды, осы хаттаманың негізінде сатып алушы мен сатушының арасында сатып алу-сату шарты жасалады.

9. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алуды аяқтау туралы салық органының жазбаша хабарламасын алғаннан кейін салық төлеушінің сатылған мүлкі оның балансының есебінен шығарылуға жатады.

10. Егер салық төлеуші аукцион өткізгенге дейін берешегін өтесе, онда аукционды ұйымдастыру жөніндегі осы сәтке дейін жүргізілген барлық шығыстарды салық төлеуші өтейді.

11. Егер салық төлеушінің мүлігі аукционға кемінде екі рет қойылғаннан кейін толық немесе ішінара сатылмай қалған болса, салық органы салық төлеушіге оны қайта бағалауды (арзандатуды) жүргізу жөнінде ұсыныс жасайды және сонымен бір мезгілде құнын түсіретін айырманы өтеу мақсатында қосымша мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім шығарады.

58-бап. Салық төлеуші (акционерлік қоғам) акцияларының мәжбүрлі қосымша эмиссиясы

Осы Кодекстің 52-бабында көзделген барлық шаралар қолданылғаннан кейін салық төлеуші (акционерлік қоғам) салық берешегі сомаларын өтемеген жағдайда, салық органдары акциялардың мәжбүрлі қосымша эмиссиясы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

59-бап. Салық төлеушіні банкрот деп тану

1. Осы Кодекстің 52-бабында көзделген барлық шаралар қолданылғаннан кейін салық берешегі сомаларын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер өтемеген жағдайда, салық органы белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану жөнінде шара қолдануға құқылы.

2. Банкрот деп танылған заңды тұлғаны тарату тәртібі банкроттық туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

10-ТАРАУ. САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ТОҚТАТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

60-бап. Жеке тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату

Жеке тұлғаның салық міндеттемесі:

1) қайтыс болғанда;

2) оның қайтыс болғанын жариялау туралы сот шешімі күшіне енгеннен бастап тоқтатылады.

61-бап. Заңды тұлғаның салық міндеттемесін тоқтату

Заңды тұлғаның салық міндеттемесі:

1) толық таратылғанда;

2) қосылуы (қосылған заңды тұлғаға қатысты), бірігуі, бөлінуі және қайта құрылуы жолымен толық қайта ұйымдастырылғаннан кейін тоқтатылады.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

3-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

II-ТАРАУ. САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

62-бап. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында осы Кодексте белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер қолданылады.

2. Салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Қосылған құн салығы мен жанама салықтарға жатады.

3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы "Бюджет жүйесі туралы" Заң және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңдарда айқындалған тәртіпте тиісті бюджеттердің кірістеріне түседі.

63-бап. Салықтар

1. Корпорациялық табыс салығы

2. Жеке табыс салығы

3. Қосылған құн салығы

4. Акциздер

5. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары

6. Әлеуметтік салық

7. Жер салығы

8. Көлік салығы

9. Мүлік салығы

64-бап. Алымдар

1. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені үшін төленетін алым

2. Жеке кәсіпкерлердің мемлекеттік тіркелгені үшін төленетін алым

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтың және олармен жасалған мәміленің мемлекеттік тіркелгені үшін алым

4. Жылжымалы мүлік кепілінің тіркелгені үшін төленетін алым

5. Радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркегені және қайта тіркегені үшін төленетін алым

6. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мемлекеттік тіркелгені үшін төленетін алым

7. Көл, өзен және шағын көлемді кемелердің мемлекеттік тіркелгені үшін төленетін алым

8. Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тіркелгені үшін төленетін алым

9. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін төленетін алым

10. Аукциондық сатулардан төленетін алым

12. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым

65-бап. Төлемдер

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем
2. Жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем
3. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем
4. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем
5. Орманды пайдаланғаны үшін төлем
6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем
7. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем
8. Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем
9. Сыртқы (визуалды) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем

66-бап. Мемлекеттік баж

Мемлекеттік баж

67-бап. Кеден төлемдері

2. Кеден алымдары

12-ТАРАУ. САЛЫҚ ЕСЕБІ МЕН САЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

68-бап. Салық есебінің ережесі

1. Салық төлеуші салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерін есептеу әдісі бойынша және осы Кодексте белгіленген тәртіппен және ш а р т т а р м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2. Салық салу мақсатында шетелдік валютада кез-келген операция: операция жасалған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ресми б а ғ а м ы б о й ы н ш а ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ресми бағамы болмағанда валюта бойынша - АҚШ долларына қатысы бойынша кросс-бағам бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен қайта есептеледі.

3. Салық мақсаттары үшін тауарлық-материалдық қорларды есепке алу бухгалтерлік есепке алу жөніндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

4. Баспа-бас операциялар барлық салықтарға қатынасында қолданатын баға, осы операцияларды шот-фактуралармен міндетті ресімдеу бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату сияқты қаралады.

69-бап. Есептік құжаттаманы жасау және сақтау

1. Салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді анықтау, сондай-ақ салық міндеттемелерін есептеу үшін негіз болып табылатын бастапқы құжаттар, бухгалтерлік есептің тізілімдері және өзге де құжаттар есептік құжаттамаға ж а т а д ы .

2. Есептік құжаттама қағазда, электронды жеткізушілерде жасалады және осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, есептік құжаттама жасалған салық кезеңінен бастап, келесі кезең үшін осы Кодексте белгіленген талап-арыздың ескіруі мерзімі ішінде сақталады.

3. Қызметін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асыратын салық төлеушілердің есептік құжаттамасы келісім-шарттың қолданылуы аяқталғаннан кейін салық кезеңінен бастап келесі кезең үшін талап-арыздың ескіруі мерзімі ішінде сақталады.

4. Тіркелген активтердің құнын растайтын, соның ішінде қаржы лизингі бойынша берілген (алынған) есептік құжаттама осындай активтердің амортизациялық кезеңі ішінде, бірақ осы Кодексте белгіленген талап-арыздың ескіруі мерзімінен кем емес мерзім сақталады.

Салық салу мақсатында амортизациялауға жатпайтын тіркелген активтердің құнын растайтын есептік құжаттама олардың сатылған сәтінен бастап осы Кодексте белгіленген талап-арыздың ескіруі мерзімі ішінде сақталады.

5. Бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есепке алу тізілімін салық төлеуші қазақ немесе орыс тілінде жасайды.

Шет тілде жасалған жекелеген құжаттар болған кезде, салық органы олардың қазақ немесе орыс тіліне аударылуын талап етуге құқылы.

6. Есептік құжаттама электронды жеткізуші құралдарға түсірілген кезде салық органдарының талабы бойынша салық төлеуші мұндай құжаттардың қағазға түсірілген көшірмесін беруге міндетті.

70-бап. Бөлек есеп және оны жүргізудің тәртібі

1. Осы Кодексте салық салудың әртүрлі шарттары белгіленген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілер салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілердің бөлек есебін жүргізуге міндетті.

2. Салық төлеушілер бөлек есепті бухгалтерлік есеп деректері негізінде есеп айырысуды жүзеге асыру арқылы жүргізеді. Осы есеп айырысулар (егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен өзгеше көзделмесе, онда жер қойнауын пайдаланушылар үшін - әрбір кен орны бойынша) әрбір қызмет түрі бойынша бөлек жүргізіледі.

3. Белгілі бір қызмет түріне жатқызылған барлық кірістер мен шығыстар тиісті есептеу құжаттамасымен растауға тиіс.

71-бап. Салықтық есеп беру

1. Салықтық есептер Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімнің нормаларын қолдану үшін берілетін салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің әрбір түрі бойынша, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы

қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша жасаған салық декларацияларын, есептерді, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес электронды мониторингке жататын, салық төлеушілер беретін құжаттама болып табылады.

2. Салық декларациясы, есебі - бұл салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты салық міндеттемелерін және басқа деректерді есептеу туралы мәліметтері болуы тиіс салық төлеушінің осы Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес салық органдарына берілген салық агентінің жазбаша өтініші және (немесе) электронды құжат.

3. Салық декларациясында көрсетілуге тиісті белгілі бір көрсеткіштер болмаған жағдайда, ол бойынша мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген оның тиісті қосымшалары берілмейді.

72-бап. Салық есебін жасау мен тапсырудың тәртібі

1. Салық есебін салық төлеуші, не оның өкілі, салық агенті осы Кодекске сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша дербес ж а с а й д ы .

2. Салық есебі қағазға, электронды жеткізуші құралдарда қазақша немесе орысша жасалады. Салық есебі электронды жеткізуші құралдарға жазылған кезде салық төлеуші салық органдарының талабы бойынша бұл құжаттардың көшірмелерін қағазға түсіріп беруге міндетті.

3. Салық есебіне салық төлеуші (басшы және бас бухгалтер) қол қоюға, сондай-ақ салық төлеуші заңды тұлғаның мөрімен расталуға тиіс. Салық есебін электронды түрде жасаған кезде электронды құжат заңды тұлға басшысының және бас бухгалтердің электронды қолымен, электронды мөрмен куәландырылуы тиіс. Салық төлеуші жеке тұлға болмаған, не іс-әрекет жасауға қабілетсіз болған жағдайда, салық есебіне оның өкілі қол қояды және куәландырады.

4. Салық төлеушінің өкілі, соның ішінде салық төлеушінің салық есебін жасау жөнінде қызмет көрсететін аудиторы оған қол қоюға, мөр басуға және өзінің салық төлеушінің тіркелген нөмірін көрсетуге міндетті.

5. Салық есебін салық төлеуші және салық агенті, сондай-ақ мұндай есепті оның өкілі жасаған жағдайда, салық есебінде көрсетілген деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік салық төлеушіге, салық агентіне жүктеледі.

6. Салық төлеуші салық есебін тиісті салық органына осы Кодексте белгіленген тәртіпте және мерзімдерде тапсырады.

7. Салық төлеуші қайта ұйымдастырылғанда (таратылғанда) қайта ұйымдастырылған (таратылған) әрбір салық төлеушіге салық кезеңі басталғаннан қайта ұйымдастырылу немесе тарату аяқталған күнге дейін бөлу, тарату және тапсыру баланстарына сәйкес бөлек салық есебі жасалады. Мұндай есеп салық органдарына

қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап 15 күн ішінде тапсырылады.

8. Салық төлеушілер салық есебін өз қалауы бойынша:

1) өзі әкелу тәртібімен;

2) почта арқылы хабарлама жасалатын тапсырыстық хат бойынша;

3) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жағдайларда, ақпаратты компьютерлік өңдеуге рұқсат ететін электронды түрде тапсыруға құқылы.

9. Почтаға, телеграфқа немесе байланыстың өзге ұйымдарына осы Кодекс белгілеген мерзімінің соңғы күнінің жиырма төрт сағатына дейін тапсырылған салық есебі мерзімінде берілген деп саналады, почта ұйымы қабылдау уақыты мен күнін белгілеген жағдайда.

10. Салық есебі алдын-ала камералдық бақылаусыз қабылданады.

73-бап. Салық декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту

1. Осы Кодексте белгіленген салық декларациясын ұсынуға осы Кодексте белгіленген мерзімге дейін салық төлеушіден жазбаша өтініш алынғанда, уәкілетті мемлекеттік орган салық декларациясын тапсырудың кезеңін екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

2. Салық декларациясын тапсыру мерзімін осы бапқа сәйкес ұзарту салықты төлеу мерзімін өзгертпейді.

74-бап. Салық есебіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

1. Салық есебіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге осы Кодексте көзделген талап-арыздың ескіруі мерзімінің ішінде рұқсат етіледі.

2. Салық төлеушінің салық есебіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуі осы өзгерістер мен толықтыруларға қатысты салық кезеңі үшін қосымша декларация толтыру жолымен жүргізіледі.

3. Қосымша декларацияда тиісті жолдарда бұрын берілген декларациямен салыстырғанда анықталған сома айырмасы ғана көрсетіледі.

75-бап. Салық есебін сақтау мерзімі

1. Салық есебі осы Кодексте белгіленген талап-арыздың ескіруі мерзімінің ішінде салық төлеушіде және салық органында сақталады.

2. Салық төлеуші заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде оны қайта ұйымдастырылған тұлғаның қызмет кезеңі үшін салық есебін сақтау жөніндегі міндетте оның құқықтық мұрагеріне жүктеледі.

13-ТАРАУ. ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНІҢ САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Трансферттік бағалар қолдану кезіндегі салық салу ерекшеліктері

76-бап. Трансферттік бағалар қолдану кезіндегі бақылау

1. Салық салу мақсаттары үшін егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) мәміле тараптары көрсеткен бағасы қ а б ы л д а н а д ы .

2. Салық органдары мәмілелер бойынша бағалардың дұрыс қолданылуын мынадай жағдайларда бақылайды :

1) өзара байланысты тараптар арасындағы;

2) тауар алмасу (бартерлік) операциялар бойынша;

3) біркелкі қарсы талаптарды (талапқа жол берген кезде есептеуді қоса алғанда) есепке алу жолымен жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі міндеттемелерді орындау к е з і н д е ;

4) осы Кодекстің 136-бабы 2-тармағында көрсетілген шетелдік мемлекеттерде тіркелген (тұратын) немесе банктік шоты бар адамдармен не салық салудың жеңілдігі режимі қолданылатын тіркелген (тұратын) жері бойынша мәмілелер жасаған кезде;

5) салық жеңілдіктері немесе осы Кодекстің 142-бабында белгіленген өзгеше ставка белгіленген заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен мәмілелер жасау кезінде;

6) мәмілелер, жасалғаннан бұрынғы жылғы салық кезеңінің соңғы екі жылы үшін салық декларацияларының деректері бойынша залалы бар заңды тұлғалармен мәміле ж а с а л ғ а н к е з д е ;

7) Осы тармақтың 1)-6) тармақшаларының қолданылуына жатпайтын сыртқы сауда мәмілелері бойынша мемлекеттік бақылау тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) рыноктағы бағаларынан белгілі бір жағына 10 проценттен артық мәміле бағасынан ауытқушылық фактісі анықталған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Салық органы рыноктағы бағалардан мәміле бағасының ауытқуы фактісі анықталған кезінде салық салу объектілеріне түзету енгізеді.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өсімдер мен айыппұлдарды қолданып рыноктағы бағасын ескере отырып, басқа да салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілері анықталса, егер осы мәмілелерден түскен кірістер немесе шығыстар сияқты есептелген қосылған құн салығын, акцизді (акцизделетін тауарлармен мәміле жасалған жағдайда), жер қойнауын пайдаланушылардан роялти, кеден төлемдері, заңды тұлғалардың табыс салығын салық салу объектілеріне түзету енгізу негізінде есептеу жүргізіледі.

77-бап. Өзара байланысты тараптарды анықтау

Өзара байланысты тараптар болып араларындағы мәміленің (операцияның) экономикалық нәтижелеріне тікелей және (немесе) жанама әсер ете алатын ерекше өзара қарым-қатынасы бар заңды және (немесе) жеке тұлғалар танылады.

Мұндай ерекше өзара қарым-қатынасқа, соның ішінде мынадай шарттар:

1) бір тұлға екінші тұлғаға аффилиирленген тұлға деп танылады;

2) егер мұндай қатысудың үлесі 25 проценттен кем болмаса (резидент еместің үлесі

- 10 процент), бір тұлға тікелей және (немесе) жанама түрде екінші тұлғаға қатысады (басқаруда, бақылауда, капиталда);

3) тікелей және (немесе) жанама түрде (басқаруға, бақылауға, капиталға) қатысатын тұлғалардың барлығы бір тұлға, әрбір осындай тұлғалардың тікелей және (немесе) жанама қатысуы капиталдың 25 проценттен кем емес үлесін құрайды (резидент еместер үшін - 10 процент);

4) егер жай серіктестіктің шарты бойынша осы тұлға салымының мөлшері қатысушылардың бүкіл салымының жалпы мөлшерінің 20 проценттен астамын құраса немесе осы тұлғаның пайдасына бөлінуге тиісті серіктестіктің кіріс үлесі серіктестіктің жалпы кірісінің 20 проценттен астамын құраса, тұлға және жай серіктестік;

5) егер бір және сол қатысушының қатысу үлесі қатысушылардың әрбір осындай серіктестіктегі қатысушылардың бүкіл салымының жалпы көлемінің 20 проценттен астамын құраса, жай екі серіктестік;

6) мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқару шартының құрылтайшысы және сенімгерлік басқарушы;

7) егер мүлікті сенімгерлік басқарудың екі шарты бойынша да бір тұлға сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы болып табылса, екі сенімгерлік басқарушы;

8) мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқарушы және пайданы сатып алушы;

9) ұйым капиталына осындай қатысудың үлесі 20 проценттен астамын құраса, сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы тікелей немесе жанама қатысатын сенімгерлік басқарушы және ұйым;

10) егер мүлікті сенімгерлік басқарудың екі шарты бойынша да бір тұлға сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы болып табылса, мүлікті сенімгерлік басқарудың бір шарты бойынша сенімгерлік басқарушы және мүлікті сенімгерлік басқарудың екінші шарты бойынша пайданы сатып алушы;

11) мүліктің меншік иесі осы мүлікке (иеленуге, пайдалануға, билік етуге) қатысты мүлікті меншіктенудің бір немесе бірнеше құқығы берілген және тұлға;

12) лауазымдық жағдайы бойынша бір тұлға екінші бір тұлғаға бағынысты болса;

13) тұлғалар еншілес кәсіпорындар болып табылса немесе үшінші бір тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында тұрса;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес некелі қатынаста, туыстық қатынаста немесе бала асырап алушы және асыранып алынған бала, сондай-ақ қорғаншы және қамқоршы ретіндегі қатынастарда тұратын адамдар жатады.

78-бап. Рыноктағы бағаларды белгілеу тәртібі

1. Рыноктағы бағаларды белгілеу үшін салық органдары мынадай әдістерді қолданады:

1) салыстыруға келетін бақыланбайтын баға әдісі;

2) "шығындарға қосу" әдісі;

3) кейіннен сату бағасы әдісі.

2. Салыстыруға келетін бақыланбайтын баға әдісі тиісті рынокта ұқсас (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар, қызметтер бойынша тауарлардың, қызметтердің мәмілелері жасалған кезде қолданылады және сатушымен байланысы жоқ сатып алушыға салыстыруға келетін жағдайда сатылған ұқсас (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлардың, қызметтердің рыноктағы салыстырмалы бағасын белгілейді.

Тауардың (жұмыстың, қызметтің) рыноктағы бағаларын айқындау кезінде ұқсас (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлармен (жұмыстармен, қызметтермен) салыстырмалы жағдайда жасалған мәмілелер осы тауарды (жұмыстарды, қызметті) сату сәтіне жасасқаны және (немесе) жасалғаны бойынша бағалар туралы ақпарат ескеріледі.

Ұқсас (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлардың, қызметтердің рыногындағы мәмілелердің экономикалық (коммерциялық) шарттары егер де мұндай шарттардың айырмасы бағаға әсер етпесе немесе осы Кодекстің 76-бабына сәйкес түзетілуі мүмкін болса, салыстырмалы деп танылады.

3. Осы баптың 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген әдістер ұқсас тауарлар (жұмыстар, қызметтер) тиісті рыногінде осындай тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша мәмілелер болмаған кезде немесе мұндай тауарларға (жұмыстардың, қызметтердің) бұл рынокта ұсыныстың болмауынан, сондай-ақ ақпарат көздерінің болмауы не оларға қол жеткізу мүмкін болмауы себепті тиісті бағаларды айқындау мүмкін болмаған кезде қолданылады.

4. "Шығындарды қосу" әдісі мұндай жағдайда тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің рыноктағы бағасы жұмсалған шығындар (шығыстар) сомасы мен үстеме бағаның сомасы ретінде айқындалады. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндіруге (сатып алуға) және (немесе) сатуға жұмсалған тікелей және жанама шығындар (шығыстар), тасымалдау, сақтау, сақтандыру бойынша шығындар (шығыстар) және өзге де шығындар (шығыстар) ескеріледі. Үстеме баға қызметтің осы саласындағы қалыптасқан орташа пайда нормасын қамтамасыз ететіндей болып айқындалады.

5. Кейіннен сату бағасы әдісі, мұндай жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) рыноктағы бағасы сатып алушының мұндай тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді кейіннен сатқандағы (қайта сатқандағы) бағасының және қайта сатқан кездегі (аталған сатып алушы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатушыдан сатып алуы жөніндегі бағаны есепке алмай), сатып алушыдан шыққан шығындардың (шығыстардың) расталған, сондай-ақ оның үстеме бағасының арасындағы айырма ретінде айқындалады. Үстеме баға қызметтің осы саласындағы қалыптасқан орташа пайданың нормасын қамтамасыз ететіндей болып, айқындалады.

79-бап. Мәміле жасау кезінде қолданылатын бағалардың рыноктағы бағасынан ауытқу шамасына әсер ететін

ш а р т т а р

1. Нарық бағасынан мәмілелер бағаларының ауытқуы шамасын анықтау кезінде мәмілелердің мынадай шарттары:

жеткізілетін тауарлардың (мәселен, тауар партиясының көлемі), ұсынылатын қызметтердің, орындалатын жұмыстардың саны (көлемі);

міндеттемелерді орындаудың мерзімдері;

мәмілелердің осындай түрінде, әдетте, қолданылатын төлемдердің шарттары, сондай-ақ бағаға әсер ете алатын өзге де шарттар секілді жағдайлар;

өзара бағынысты емес тұлғалар арасында мәмілелер жасалған кезде қолданылатын бағаның кәдімгі шегерімдері немесе бағаның үстемақысы ескеріледі. Көбінесе мыналарға байланысты шегерімдер мен үстемақылар:

тауарлар (жұмыстарға, қызметтерге) тұтынушы сұранысының мезгілдік ауытқуы;

тауарлар сапасын немесе басқа да тұтынушылық қасиетін жоғалтқанда;

тауарларды сатудың немесе сақталу мерзімдерінің аяқталуы (аяқталу) күнінің ж а қ ы н д а у ы ;

маркетинг саясатымен, соның ішінде ұқсас емес жаңа тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) нарықтағы жылжуы кезінде, сондай-ақ тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жаңа нарықтағы жылжуы кезінде;

тұтынушыларды олармен таныстыру мақсатында тауарлардың тәжірибелі үлгілерін және нысандарын сату ескеріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайларға сәйкес пайда болған нарықтық бағалардан мәмілелер жасау кезінде пайдаланылатын бағалардан ауытқу мөлшері салық салу объектілерін түзетуді жүзеге асыру үшін негіз болып табылмайды.

80-бап. Нарықтық бағаларды анықтау үшін пайдаланылатын а қ п а р а т к ө з д е р і

1. Тауардың (жұмыстың, қызмет көрсетудің) нарық бағасын анықтау үшін:

1) тауарлардың (тауарлардың, қызметтердің) нарықтық бағалары туралы ресми ақпарат көздері деп танылған;

2) биржалық котировкалар туралы ресми көздер деп танылған;

3) мемлекеттік органдардың ақпараттық базасы;

4) салық төлеушілердің салық органына беретін ақпараттары қоса алғанда, кез-келген ақпарат көздерін пайдаланылады.

2. Сыртқы сауда мәмілелері кезіндегі нарық бағасын айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңдары, халықаралық келісімдер, конвенциялар, сондай-ақ келісуші мемлекеттердің өкілетті органдарымен келісілген нарық бағасын айқындау тәсілдері қ о л д а н ы л а д ы .

3. Нарық бағасы бойынша ресми ақпарат тізілімін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Басқа да жағдайлардағы салық салу ерекшеліктері

81 - б а п . Қ а р ж ы л и з и н г і

1. Лизинг беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалынған лизинг шарты бойынша лизинг алушыға амортизацияға жататын негізгі қаражаттарды беруі, егер мынадай шарттарға жауап берсе қаржы лизингі болып табылады:

1) лизинг шарты айқындалған тіркелген баға бойынша негізгі қаражаттарды сатып алу бойынша лизинг алушы меншігіне негізгі қаражаттарды беру немесе лизинг а л у ш ы ғ а қ ұ қ ы қ б е р у ;

2) қаржылық лизингтің мерзімі негізгі құралдардың пайдалы қызметі мерзімінің 80 п р о ц е н т і н е н а с ы п к е т с е б е р у .

Салық салу мақсатында мұндай мәміле лизинг алушы сатып алған негізгі қаражаттар сияқты қаралады. Бұл ретте, лизинг алушы негізгі қаражаттардың иесі, ал, лизинг төлемдері лизинг алушыға ұсынылған несие бойынша төлем ретінде қаралады.

Лизингіге (лизинг бойынша) берілген (алынған) негізгі қаражаттар құны лизингтің қаржылық шартын жасасқан сәттен айқындалады.

Салық салу мақсатында сыйақы сомасына лизингтік төлемдерді бөлу тәртібін және салық кезеңі бойынша негізгі құралдарды сатып алуға лизинг берушіге оның шығындарын өтеу сомасын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді.

2. Осы баптың мақсаты үшін қаржы лизингі мерзіміне лизинг алушының шартына сәйкес қаржы лизингін ұзартуға құқығы бар қосымша мерзім қосылады.

82-бап. Жалпы үлестік меншік

Мүлікке жалпы үлестік меншік немесе кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүргізу не өзге де келісушілік туралы екі және одан артық иеленушіні, бірақ заңды тұлғаны құрамауды көздейтін келісушілік болған жағдайда, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер осы Кодексте белгіленген тәртіппен тиісінше әрбір иелік етушінің өзінде ескеріледі және салық салынады.

83-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектілерін айқындау тәртібі

1. Есеп жүргізу тәртібін бұзған, зілзала немесе басқа да төтенше және еңсерілмес жағдайлардың салдарынан есептік құжаттамалардың жойылғанынан немесе жоғалуынан салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді айқындау мүмкін болмаған жағдайда, салық салу объектілерін жанама тәсіл (активтер, міндеттемелер, айналымдар, шығындар (шығыстар)) негізінде салық органдары

а й қ ы н д а й д ы .

2. Егер жеке тұлға өзіндік тұтынуына жұмсалған шығынға, соның ішінде мүлік сатып алуға сәйкес келмейтін кіріс көрсетсе, салық органы өткен кезеңдер кірістері есебінен оларға жұмсалған шығындар негізінде кіріс пен салық айқындалады.

3. Кіріс, сондай-ақ басқа да тұлғалар мен органдар аталған кірісті алу заңдылығына бәсекелескен жағдайларда, салық салуға жатады.

4. Егер сот шешімі бойынша кіріс Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бюджетке алып қоюға жатса, онда көрсетілген кіріс оған төленген салық сомасын шегеруге өндіріліп алынады.

4-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ

14-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

84-бап. Төлеушілер

1. Корпорациялық табыс салығын төлеушілерге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырушы резидент емес заңды тұлғалар (бөлім бойынша бұдан әрі - салық төлеушілер) ж а т а д ы .

2. Арнайы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар корпорациялық кіріс салығын осы Кодекстің 378-386, 393-405-баптарына сәйкес төлейді.

85-бап. Салық салу объектілері

Корпорациялық кіріс салығы салынатын объектілер болып табылатындар:

1) салық салынатын кіріс;

2) төлем көздеріне салынатын кіріс;

3) Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырушы резидент емес заңды тұлғаның таза кірісі.

15-ТАРАУ. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІС

86-бап. Салық салынатын кіріс

Салық салынатын кіріс, жиынтық жылдық кіріс пен осы бөлімде көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады. Жиынтық жылдық кіріс осы кодекстің 98-бабына сәйкес түзетуге жатады.

1. Жиынтық жылдық кіріс

87-бап. Жиынтық жылдық кіріс

1. Резидент-заңды тұлғаның жиынтық жылдық кірісі салық кезеңі ішінде олардың Қазақстан Республикасынан және одан тысқары жерлерден алуға тиіс кірістерден т ұ р а д ы .

Қызметін Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғаның жиынтық жылдық кірісі осы кодекстің 184-бабына

с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

2. Жиынтық жылдық кіріске салық төлеуші кірістерінің барлық түрлері, соның ішінде мыналар қосылады:

- 1) тауарлар сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін кіріс;
- 2) үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтерді сату кезінде құн өсімінен түсетін кіріс;
- 3) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін кірістер;
- 4) күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін кірістер;
- 5) мүлікті жалға тапсырудан түсетін кірістер;
- 6) банктердің құрылған провизияларының, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерінің мөлшерін азайтудан түскен кіріс;
- 7) қарызды қайтару талабын қайтып алудан түсетін кірістер;
- 8) кәсіпкерлік қызметті шектеуге келісім алғаны және тоқтатқаны үшін түскен кіріс;

9) істен шыққан негізгі қаржы құнының топтық құн балансынан асып түсуінен немесе шыққан активтің қалдық құнынан түскен кірістер;

10) кен орындарын әзірлеу салдарларын жою жөніндегі нақты шығыстардың сомаларына кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына артық есептелген сомадан алынатын кірістер;

11) жалпы үлестік меншіктен кірісті бөлу кезіндегі алынатын кірістер;

12) айыппұлдар, өсімақылар және басқа да санкциялар түрлері;

13) бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

14) қайтарымсыз берілген мүліктер, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер;

15) дивидендтер;

16) сыйақылар;

17) оң бағамдық айырмашылық;

18) ұтыстар;

19) роялти;

20) әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған кірістердің шығыстардан асып түсуі енгізіледі.

88-бап. Сатылған тауарлардан (жұмыстардан, қызмет көрсетулерден) түскен кіріс

1. Қосылған құнға салынатын салықты және акцизді қоспағанда, сатылған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, ұсынылған қызмет көрсетулердің құны тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кіріс болып табылады.

2. Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатудан түскен кіріс мынадай жағдайларда:

- 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылғанда;
- 2) мәміле шарты өзгергенде;
- 3) сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін келісілген өтемақылар өзгергенде;

4) осындай төлемдерді шетел валютасында алу жағдайларынан басқа, жіберілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төлем алу түзетуге жатады.

Кірістерді түзету көрсетілген өзгерістер болған салық кезеңінің қорытындысы бойынша жүргізіледі.

89-бап. Тұрған үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын басқа да активтерді сату кезінде құнының өсуінен

түскен кіріс

1. Үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын басқа да активтерді сату кезінде құнының өсуінен құралатын кіріс. Амортизацияға жатпайтын активтерге:

- 1) жер учаскелері;
- 2) аяқталмаған құрылыс объектілері;
- 3) орнатылмаған жабдықтар;

4) салық төлеушінің тауар өндіруінде, жұмыстарды орындауында, қызмет көрсетулерінде пайдаланылмайтын негізгі құралдар және материалдық емес активтер;

5) ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын қоса алғанда, бағалы қағаздар;

6) кез-келген ұйымдық-құқықтық нысанның заңды тұлғада қатысу үлесі;

7) салық салу мақсатында амортизацияға жатпайтын басқа да активтер жатады.

2. Өсім осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, аталған активтерді сату құнының және олардың баланстық құнының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Оларда сату болған айдың бірінші күні бухгалтерлік баланста көрсетілген активтердің құны баланстық құн болып табылады.

3. Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды сату кезінде құн өсімі салық есебінде айқындалатын сату құны мен қалдық құнның арасындағы айырма ретінде анықталады.

4. Бағалы қағаздарды сату (жабу) кезінде құн өсімін анықтағанда құн өсімін сату (жабу) құны мен құнды қағаздар сатып алу құнының арасындағы айырма ретінде айқындалады.

90-бап. Міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс

1. Міндеттемелерді есептен шығарудан алынатын кірістерге:

- 1) міндеттемелерді салық төлеушіден оның несие берушісінің есептен шығаруы;
- 2) осы Кодекске сәйкес күмәнді деп танылған міндеттемелерден басқа, Қазақстан

Республикасының заң актыларында белгіленген талап қою мерзімінің аяқталуына байланысты міндеттемелерді есептен шығару;

3) сот шешімі бойынша міндеттемелерді есептен шығару.

2. Міндеттемелерді есептен шығару нәтижесінде алынған кіріс сомасы есептен шығарылған кредиторлық берешек сомасына тең.

91-бап. Күмәнді міндеттемелер бойынша кіріс

Сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша туындаған, сондай-ақ осы Кодекстің 153-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын қызметкерлерге есептелген кірістер және басқа да төлемдер бойынша және туындаған сәттен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттеме күмәнді болып танылады және дебитор - салық төлеушінің жиынтық жылдық кірісіне қосылуға жатады.

92-бап. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің, ұйымдардың құрылған провизияларының көлемін төмендетуден түскен кірістер

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктердің, ұйымдардың құрылған провизияларының мөлшерін төмендетуден түскен кірістерге провизияларының азайтылған сомалары нәтижесінде пайда болған айырмашылық жатады.

93-бап. Қарыз талабына орын беруден түскен кірістер

Негізгі борыштан тыс төленетін және алынған борыш құнының сомаларын қоса алғанда, сомалар арасындағы оң айырма ретінде айқындалатын салық төлеушінің кірістері қарыз талабына орын беруден түскен кірістер болып табылады.

94-бап. Баланс тобы құнының негізгі қаражатынан шыққан құнның өсуінен түскен кірістер

Егер топтың негізгі қаражатынан шыққан құн салық кезеңінің аяқ шенінде топтың баланстық құнынан асып түссе жиынтық жылдық кіріске енгізілуі тиіс. Осы топтың құн балансы салық кезеңінің аяқ шенінде нөлге тең болады.

95-бап. Кен орындарын игеру салдарын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына есеп аударулардың өсу сомасынан түскен кірістер

1. Егер кен орындарын игеру салдарын жою жөніндегі нақты шығыстар көрсетілген қорға жасалған аударымдардан төмен болған жағдайда айырма жер қойнауын пайдаланушының жиынтық жылдық кірісіне енгізілуге жатады.

2. Егер жер қойнауын пайдаланушы тиісті мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен, кен орындарын игеру зардаптарын жою бағдарламасында көзделген кезеңде кен

орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізбеген жағдайда аударымдар сомасы кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына (резервтік қор) олар жұмсалуда тиіс салық кезеңінің жиынтық жылдық кірісіне енгізілуге жатады.

96-бап. Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған ө т е м а қ ы л а р

1. Бұдан бұрын жасалған шегерімдер бойынша өтемақы түрінде алынған кірістерге :

- 1) бұдан бұрын шегерімге жатқызылған, бірақ содан кейінгі салық кезеңдерінде өтелген күмәнді деп танылған талаптардың сомалары;
 - 2) шығындарды (шығыстарды) жабуға арналған мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар ;
 - 3) салық төлеушінің шығыстардың (залалдарын) орнын толтыру жөніндегі алынған, басқа да өтемақылар .
2. Алынған өтемақы, ол өтелген салық кезеңінің кірісі болып табылады.

97-бап. Қайтарымсыз алынған мүлік

1. Салық төлеуші қайтарымсыз алған кез-келген мүлік, сондай-ақ жұмыстар мен қызмет көрсетулер егер өзгесі осы баппен көзделмесе, оның кірісі болып табылады.

2. Мыналар кіріс ретінде :

- 1) жарғылық капиталға салым ретінде алынған мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік органнан немесе мемлекеттік кәсіпорыннан мемлекеттік кәсіпорынның қайтарымсыз негізде алынған негізгі қаражаттар қаралмайды.
- 3) мемлекеттік бюджеттің қаражатынан алынған субсидиялар.

98-бап. Жиынтық жылдық кірісті түзету

1. Заңды тұлғалардың жиынтық жылдық кірісінен:

- 1) Қазақстан Республикасындағы төлем көзіне бұрын салық салған Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғаларынан алынған дивидендтер;
 - 2) олардың эмитент алған номиналдық құнынан, өз акциялары құнының асып түсуі;
 - 3) "Қазақстан қаржы биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған акцияларын сату кезінде құн өсімінен алынатын кіріс;
 - 4) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы;
 - 5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда ізгілік көмек түрінде алынған және мақсаты бойынша пайдаланылған мүліктің құны;
 - 6) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес алынған және жеке зейнетақы шоттарына бағытталған инвестициялық кірістер алынып тасталуға тиіс.
2. Активтер мен міндеттемелерді бағалаудың салық төлеуші осының алдындағы салық кезеңінде қолданған әдісінен өзге әдісіне көшкен кезде салық төлеушінің

жиынтық жылдық кірісі бағалаудың жаңа әдісін қолдану нәтижесінде алынған оң айырма сомасына ұлғаюға және теріс айырма сомасына азаюға жатады.

Активтер мен міндеттемелерді бағалаудың өзге әдісіне көшуді салық төлеуші салық органымен келісім бойынша салық кезеңінің басынан бастап жүргізеді.

2. Шегерімдер

99-бап. Шегерімдер

1. Жиынтық жылдық кірісті алумен байланысты салық төлеушілердің шығыстары салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегеруге жатқызылады.

Салық төлеушінің жиынтық жылдық кіріс алуымен байланысты емес шығындары
ш е г е р у г е ж а т п а й д ы .

2. Шегерімге жатқызылған шығыстардың регламенті осы бөліммен айқындалған.

Шегерімдерді жиынтық жылдық кірісті алуға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде салық төлеуші жүргізеді. Бұл шығыстар келесі кезеңнен басқа, олар нақты есептелген салық кезеңінде шегерілуге жатады. Алдағы кезеңде шығатын шығыстар оларға қатысты салық кезеңінде шегерілуге жатады.

3. Табиғи монополистер келтірген залалдар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгілеген нормаларының шегінде шегерілуге жатады.

4. Егер сол бір шығындар шығыстардың бірнеше баптарында көзделсе, салық салынатын кірісті есептеу кезінде көрсетілген шығындар тек бір рет шегеріледі.

100-бап. Қызмет бабындағы іссапарлар кезінде және өкілдік шығыстар бойынша өтемақылар

сомаларын шегеру

1. Қазақстан Республикасының шегінде шегерілімге жататын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыларға :

а) іссапар жасалатын жерге баруға және қайтуға нақты жүргізілген шығыстар;

б) бронь үшін шығыстар ақысын қоса алғанда, тұрғын үйді жалдауға нақты жүргізілген шығыстар ;

в) салық кезеңі үшін салық төлеушінің бір қызметкеріне есептелген орташа тәуліктік жалақысынан 50 процент мөлшердегі, бірақ төрт айлық есептік көрсеткіштен артық емес іссапарда болған уақыты үшін тәуліктік ақы.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар сомалары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегерімге жатады .

2. Өкілдік шығыстарға өзара ынтымақтастық орнатуды немесе оны сақтауды жүргізетін мақсаттағы адамдарды, сондай-ақ директорлар кеңесінің, тексеру комиссиясының отырысына, акционерлер жиналысын өткізуге келген қатысушыларды қабылдау және қызмет көрсету жөніндегі салық төлеушінің шығыстары жатады. Өкілдік шығыстарға көрсетілген адамдардың ресми қабылдауын өткізу, оларды көлікпен қамтамасыз ету, келіссөз кезінде дәмхананың (фуршеттік) қызмет көрсету

ұйым штатында тұрмайтын аудармашылардың қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар жатады.

Банкеттер, уақыт өткізулер, көңіл көтерулер немесе демалыстар ұйымдастыруға арналған шығыстар шегерілмейді және өкілдік шығыстарға жатпайды.

Өкілдік шығындарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде шегерілімге жатқызылады.

101-бап. Сыйақылар бойынша шегерімдер

1. Сыйақылар бойынша шегерімдер:

1) құрылыс кезеңінде төленетін және құрылысқа алынған несиелер (заемдар) бойынша сыйақыны қоспағанда, алынған несие (заемдар) бойынша, соның ішінде қаржылық лизинг түріндегі сыйақы;

2) сенімді басқармадан алынған мүлік үшін сыйақы;

3) шығару шарттарына сәйкес облигация иесі эмитентінің төлеген проценттері (купон) мен дисконттары;

4) депозиттер бойынша сыйақы болып табылады.

2. Сыйақы бойынша шегерім мынадай мөлшерде:

1) несиелер бойынша, соның ішінде теңгемен алынған қаржы лизингі, депозиттер, облигациялар бойынша, сондай-ақ сенімгерлік басқармасынан алынған мүлік үшін - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 еселенуі шегінде;

2) шетелдік валютада алынған несиелер (заемдар), депозиттер бойынша - Лондондық банкаралық рыноктың 2 еселік ставкасы шектерінде жүргізіледі.

Шегерілімге жатқызылатын сыйақылардың ең көп сомасы салық салынатын кірістің 50 процентін қоса сыйақы түріндегі салық төлеушінің кіріс сомасымен шектеледі. Салық салынатын кіріс осы баптың мақсатында сыйақы бойынша кірістер мен шығыстардың есебінсіз салық төлеушінің жиынтық жылдық кірістері мен шегерімдері арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландыру ставкасы және Лондондық банкаралық рыноктың ставкасы несиені, (заемды), депозитті, облигацияларды, сондай-ақ мүлікті ресімдеу сәтінен бастап қолданылады.

4. Шартқа сәйкес кредит (несие) сыйақыны есептеу үшін құбылмалы ставкаларды белгілейтін жағдайларда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы және Лондондық банкаралық рыноктың ставкасы шартқа сәйкес құбылмалы ставкалары өзгерген күні қолданылады.

102-бап. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер

Егер бұдан ертерек кіріс деп танылған күмәнді міндеттемелер төленген жағдайда,

салық төлеуші жүргізілген төлемнің шамасындағы шегерім жібереді. Осындай шегерім бұрын төлем жасалған салық кезеңінде кірістерге жатқызылған шама шектерінде жүргізіледі.

103-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер

1. Күмәнді талаптар - Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме құрмастан жүзеге асырушы шетелдік резидент емес-занды тұлғалар өткізген және кіріс есептелген күннен бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмағандарды есептемегенде, тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер нәтижесінде туындаған талаптар, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салық төлеуші-дебиторды банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған және сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша пайда болған талаптар да күмәнді болып табылады.

2. Осы Кодекске сәйкес күмәнді деп танылған талаптар шегерімге жатады. Салық төлеушінің күмәнді талаптарды шегерімге жатқызуы мына шарттарды сақтағанда:

- 1) олар шегерімге жатқызылған сәтке бухгалтерлік есепте көрсетілген жағдайда;
- 2) белгіленген тәртіппен ресімделген мына құжаттар: фактура-шоттар; көрсетілген немесе почта арқылы берілген жазбаша нысанда дебиторға кінәрат; салық төлеушінің тіркеуде тұрған жері бойынша салық органына және кінәрат-арыз жұмыстарының нәтижесімен дебиторға жазбаша үндеу; сот органына қабылдаған арыз өтініш болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Дебитор банкрот деп танылған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттардан (талап арызынан басқа) басқа қосымша дебиторды банкрот деп танитын сот шешімі мен оны мемлекеттік Тізілімнен шығару туралы әділет органдарының шешімін тапсыру қажет. Жоғарыда аталған жағдайлар сақталған кезде, салық төлеуші дебитор - салық төлеуші банкрот болып танылған салық кезеңінің қорытындылары бойынша күмәнді талаптың сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

4. Коммуналдық қызмет және байланыс қызметі бойынша халықпен есептесу кезінде күмәнді талаптар пайда болған кезде, осы баптың 2-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген жағдайларды сақтау талап етілмейді.

104-бап. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер

1. Өзінің қызметін заңдарға сәйкес жасалған келісім-шарттың негізінде жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы осы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына байланысты кен орнын игеру зардаптарын жою қорына (резервтік қор) аударымдар сомаларын шегерімге жатқызады.

2. Кен орнын игеру зардаптарын жою қорына аударымдар жасау мөлшері мен тәртібін жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартпен белгіленеді.

3. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер және ұйымдар күмәнді және үмітсіз деп танылған несиелер жөніндегі құрылған провизиялар (резервтер) мөлшерін арттыру бойынша сомаларын шегеруге құқығы бар.

Несиелерді күмәнді және үмітсіз санаттарға жатқызу тәртібін уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі айқындайды.

4. Осы бапта көзделген шегерімдерді қоспағанда, резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер жасалмайды.

105-бап. Ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарына жұмсалатын шығындар бойынша шегерімдер

Тіркелген активтерді сатып алуға, оларды орнатуға жұмсалатын шығыстарды және күрделі сипаттағы басқа да залалдарды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен байланысты ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарына жұмсалатын шығындар шегерімге жатады. Жобалау-сметалық хаттама, орындалған жұмыстар актісі және тиісті ғылыми-зерттеу, жобалау және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын жүргізуді растайтын басқа да құжаттар осындай шығыстарды шегеруге жатқызу үшін негіз болып табылады.

106-бап. Сақтандыру төлемдері бойынша шығыстарды шегеру

1. Жинақтаушы және қайтарылатын сипаттағы шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін есептемегенде, сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушы төлеген сақтандыру төлемдері шегерімге жатады.

2. Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттеріне) қатысушы-банктердің ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) жүйесі жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендірілуіне (сақтандыруына) байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарының сомаларын шегерімге жатқызуға құқылы.

107-бап. Әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстарды шегеру

Қызметкерлердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне, жүкті болуына және босануына байланысты демалысқа ақы төлеу жөнінде салық төлеушілердің нақты жұмсаған шығындары шегерімге жатады. Шегерімге, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындауы кезінде мертігуімен не денсаулығының өзге де зақымдануымен қызметкерлерге келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты төлем жасауға бағытталған шығыстар шегерімге жатады.

108-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына арналған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері

1. Бағалау және көркейту кезеңінде пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге, барлауға және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарын жүргізуге жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар жалпы әкімшіліктік шығыстар жеке топты құрап, жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, бірақ 25 процент мөлшерінде амортизацияның шекті нормасынан жоғары болмайтын нормалар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру басталған сәттен бері амортизациялық аударымдар түрінде жиынтық жылдық кірістен шегеріп тасталады.

Осы шығыстар мыналарды қоспағанда, табиғи ресурстарға геологиялық зерттеу және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған кірістер сомасына оларды азайту жолымен түзетуге жатады:

- 1) пайдалы қазбаларды өткізу кезінде алынған кірістерді;
- 2) осы Кодекстің 98-бабына сәйкес жиынтық жылдық кірістен алып тасталуға тиіс кірістерді.

2. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген тәртіп, сондай-ақ табиғи ресурстарды геологиялық зерттеу, игеру немесе пайдалану құқығын сатып алуға байланысты салық төлеушінің материалдық емес активтерге жұмсаған шығыстарға да қолданылады.

3. Жер қойнауын пайдаланушының қазақстандық кадрлерді оқытуға және аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға нақты жұмсаған шығыстары жер қойнауын пайдалану шарттарында белгіленген сомалар шегінде шегерілімге жатады.

109-бап. Теріс бағамдық айырма бойынша шегерімдер

1. Салық төлеушінің жиынтық жылдық кіріс алуына байланысты теріс бағамдық айырма осы бапта көзделген тәртіппен шегерімге жатады.

2. Құрылыс кезеңіндегі төлемдер бойынша туындаған және құрылысқа алынған несиелер (заемдар) жөніндегі теріс бағамдық айырма объект құнына енгізіледі.

3. Шегерілімге жатқызылатын теріс бағамдық айырманың ең көп сомасы осы тармаққа сәйкес алынған салық салынатын кірістің 50 процентін қоса оң бағамдық айырма түрінде салық төлеушінің кіріс сомасымен шектеледі. Салық салынатын кіріс осы баптың мақсатында бағамдық айырма бойынша кірістер мен шығыстардың есебінсіз салық төлеушінің жиынтық жылдық кірістері мен шегерімдері арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

110-бап. Салықтар шегерімі

1. Есептелген шектерде мемлекеттік бюджетке төленген салықтар шегерімге жатады, оларға мыналар:

- 1) жиынтық жылдық кіріс айқындалғанға дейін алып тасталатын салықтар;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында және басқа да мемлекеттерде төленген корпорациялық табыс салығы;

3) әсіре пайдаға салынатын салық қосылмайды.

2. Өткен салық кезеңі үшін ағындағы салық кезеңіне төленген салықтар оларға төлем жүргізілген сол салық кезеңіне шегерімге жатады.

111-бап. Шегерілімге жатпайтын шығыстар

1. Шегерілімге мыналар:

- 1) жиынтық жылдық кіріс алуға байланысты емес шығыстар;
- 2) құрылысқа және негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған шығыстар мен басқа да күрделі сипаттағы басқа да шығыстар;
- 3) мемлекеттік бюджетке енгізілуге жататын (енгізілген) айыппұлдар және өсімақылар;
- 4) осы бөлімнің ережелеріне сәйкес салық салуға жатпайтын кірістерді алуға байланысты шығыстар бойынша шегерімдер;
- 5) бюджетке Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерімен белгіленген нормадан артық төленуге тиісті (төленген) алымдар мен басқа да міндетті төлем сомалары жатпайды;

3. Салық есебінің ережесі және тіркелген активтер бойынша шегеру

112-бап. Тіркелген активтер

1. Тіркелген активтер - салық төлеушінің бухгалтерлік балансында ескерілетін және жиынтық жылдық кіріс алу үшін пайдаланылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер.

2. Материалдық емес активтер - жиынтық жылдық кіріс алу үшін ұзақ мерзімді (бір жылдан артық) кезең ішінде пайдаланылған материалдық емес объектілер.

113-бап. Тіркелген активтердің құны

1. Негізгі қаражаттардың бастапқы құнына оларды сатып алу, өндіру, салу, монтаждау және орнату жөніндегі шығындар енгізіледі.

2. Құрылтайшылар негізгі қаражаттарды жарғылық капиталға, олардың салымы ретінде енгізген кезде осы құралдардың бастапқы құны, бірақ, олардың нарық құнынан аспайтын құны қатысушылар, құрылтайшылар арасында келісілген құн болып табылады.

Негізгі қаражаттарды өтеусіз алған кезде бастапқы құн аталған қаражаттардың қабылдау-беру актісінің деректері бойынша, бірақ олардың нарықтық құнынан жоғары болмауымен айқындалады.

3. Құрылысқа алынған және құрылыс жүргізу кезеңінде төленетін (төленуге жататын) несиелер (заемдар) үшін сыйақы құрылыс объектісінің құнына енгізіледі.

4. Қатысушылардың, құрылтайшылардың шығындарын қоса алғанда, оларды сатып алу жөніндегі шығындар материалдық емес активтердің бастапқы құны болып табылады.

5. Тіркелген активтердің құны осы бөліммен белгіленген тәртіппен және шарттармен амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегерімге жатқызылады.

114-бап. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу

1. Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есептеу амортизациялық топтар бойынша жүргізіледі.

Тіркелген активтер бойынша салық салу мақсатында амортизациялық аударымдарды есептемеуді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісу бойынша мемлекеттік өкілеттік орган айқындайды.

2. Әрбір топ бойынша амортизациялық аударымдар амортизация нормаларын, бірақ салық кезеңінің аяқ кезінде топтың құн балансымен салыстырғанда осы бөлімнің 117-бабында белгіленген шекті нормадан жоғары болмайтын амортизациялық нормаларды қолдану жолымен есептеледі.

Салық төлеуші жойылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда амортизациялық аударымдар салық кезеңіндегі қызмет кезеңіне түзетіледі.

3. Үй-жайлар, құрылыстар мен ғимараттар бойынша амортизациялық аударымдар әрбір объект бойынша жеке-жеке айқындалады.

115-бап. Амортизациялық топтардың құн балансын айқындау

1. Әрбір амортизациялық топ бойынша салық кезеңінің бас кезінде топтың құн балансы деп аталатын қорытынды сомалар айқындалады.

2. Салық кезеңінің аяқ кезіндегі топтың құн балансы ретінде: салық кезеңінің алдында есептелген амортизация сомасына азайтылған, сондай-ақ осы Кодекстің 118-бабына және 120-бабының 2-тармағына сәйкес жасалған түзетулер ескерілген осының алдындағы салық кезеңінің аяқ кезіндегі топтың құн балансы ретінде айқындалатын салық кезеңінің бас кезіндегі топтың құн балансы,
қ о с у

осы Кодекстің 116-бабына сәйкес айқындалған құн бойынша салық кезеңінде келіп түскен тіркелген активтер,
а л у

осы Кодекстің 116-бабына сәйкес айқындалған құн бойынша салық кезеңінде шығып қалған тіркелген активтер,
қ о с у

жалға алынған негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жұмсалған шығыстар.

116-бап. Тіркелген активтердің келіп түсуі және шығып қалуы

1. Сатып алу, өтеусіз алу, жарғылық капиталға салым ретінде алу кезінде келіп түскен тіркелген активтері топтардың құн балансын осы Кодекстің 113-бабына сәйкес айқындалған құнға арттырады.

2. Шығып қалатын тіркелген активтер топтардың құн балансын:

а) сату кезінде - сату құнына;

б) есептен шығару, жоғалту, жою, бүлдіру жоғалтып алу кезінде - сақтандыру шартына сәйкес сақтандырушыға төлейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерінің сомасына кемітеді.

3. Егер тіркелген активтің бір бөлігі ғана іске асырылса, тіркелген активтің құны сату сәтінде қалған және сатылған бөліктің арасында бөлінеді.

117-бап. Тіркелген активтер амортизациясының шекті нормалары

1. Амортизацияға жататын тіркелген активтер амортизацияның мынадай шекті нормаларымен топтарға бөлінеді:

Топтар N	Тіркелген активтердің атауы	Амортизацияның шекті нормасы (%)
I	Үй - ж а й л а р , қ ұ р ы л ы с т а р	
1	Үй-жайлар, құрылыстар	8
II	Ғ и м а р а т т а р	
1	Мұнай және газ скважиналары	20
2	Мұнай-газ қоймалары	10
3	Кеме қатынайтын, су каналдары	10
4	К ө п і р л е р	7
5	Бөгендер, плотиналар	7
6	Өзен және теңіз айлақтық құрылыстары	7
7	Кәсіпорындардың темір жолдары	8
8	Жағалауды бекітетін, жағалауды қорғайтын құрылыстар	7
9	Резервуарлар, цистерналар, бөшкелер және басқа да ыдыстар	8
10	Ішкі шаруашылық және шаруашылық аралық суару желісі	7
11	Жабық коллекторлық-қашыртқылық желі	7
12	Әуе кемелерінің ұшу-қону жолдары, шағын жолдары, тұратын о р ы н д а р ы	8
13	Парктер мен хайуанаттар парктері ғимараттары	8
14	Сауықтыру-спорт ғимараттары	10
15	Теплицалар мен парниктер	10

III	Б е р у	қ ұ р ы л ғ ы л а р ы	
1	Электр беріліс және байланыс құрылғылары мен желілері		10
2	Ішкі газ құбырлары мен құбыр желілері		8
3	Су құбырлары, канализациялық және жылу желілері		7
4	Ө з г е л е р		7
IV	Күш	машиналары	мен жабдықтары
1	Техникалық жылу жабдықтары		15
2	Турбиналық жабдықтар мен газ турбиналық қондырғылар		15
3	Электр двигательдері мен дизель-генераторлар		10
4	Кешенді қондырғылар		8
5	Өзге де күш машиналары мен жабдықтары (икемді көліктен		7
		б а с қ а)	
V	Қызмет түрлері бойынша жұмыс машиналары мен жабдықтары		
		(и к е м д і к ө л і к т е н б а с қ а)	
1	Қара, түсті металлургия машиналары мен жабдықтары		20
2	Химия өнеркәсібі машиналары мен жабдықтары		20
3	Мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібі машиналары		20
		м е н ж а б д ы қ т а р ы	
4	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдықтары		15
5	Тау-кен байыту өнеркәсібі машиналары мен жабдықтары,		25
	жүк көтергіштігі 40 тонналық және одан да жоғары		
	карьер автосамосвалдарын қоса алғанда		
6	Электронды өнеркәсіп жабдықтары		20
7	Құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі машиналар		20
		м е н ж а б д ы қ т а р	
8	Ағаш өңдеу, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі машиналары		20
		м е н ж а б д ы қ т а р ы	
9	Полиграфия өнеркәсібі машиналары мен жабдықтары		15
10	Жеңіл өнеркәсіп машиналары мен жабдықтары		20
11	Тамақ, балық, ет және сүт өнеркәсібі жабдықтары		20
12	Сауда және қоғамдық тамақтандыру машиналары мен жабдықтары		15
13	Көлік, машиналар мен механизмдер өндіруге арналған		20
		ж а б д ы қ т а р	
14	Ауыл шаруашылық тракторлары, машиналары мен жабдықтары		20
15	Құю өндірісіне арналған машиналар мен жабдықтар, абразив		20

	және алмаз өндірісінің жабдықтары	
16	Коммутациялардың және деректер берудің сандық электронды жабдықтары, сандық жүйелердің, хабарлардың жабдықтары, сандық өлшеуіш байланыс техникасы	25
17	Спутниктік, ұялы байланыс, радиотелефон, пейджинг және транкинг байланысы жабдықтары	15
18	Хабар тарату жүйесі коммутациясының ұқсас жабдықтары	10
19	Киностудиялардың арнайы жабдықтары, медициналық және микробиологиялық өнеркәсіп жабдықтары	8
20	Өзге салалардың машиналары мен жабдықтары	10

IV	Басқа машиналар мен жабдықтар (икемді көліктен басқа)	
1	Өнеркәсіптік тракторлар	20
2	Металл жонатын жабдықтар	15
3	Компрессорлық машиналар мен жабдықтар	15
4	Ұста-пресс жабдықтары	15
5	Н а с о с т а р	2 0
6	Көлік-жүк көтеру, жүк тиеу-түсіру машиналары мен жабдықтары, жер қазу, карьер және жол құрылысы жұмыстарына арналған машиналар мен жабдықтар	15
7	Қазық қағу жұмыстарына арналған машиналар мен жабдықтар, ұнтақтау-үгу, сорттау, байыту жабдықтары	20
8	Су астындағы техникалық жұмыстарға арналған машиналар мен жабдықтар	20
9	Электрмен дәнекерлеуге және кесуге арналған машиналар мен жабдықтар	10
10	Технологиялық процестерге арналған ыдыстардың барлық түрі	8
11	Өзге де машиналар мен жабдықтар	10

V I I	И к е м д і к к ө л і к	
1	Жылжымалы темір жол составы	15
2	Теңіз, өзен кемелері, балық өнеркәсібі кемелері	10
3	Автомобиль көлігінің жылжымалы составы, өндірістік көлік (жеңіл автомобильдер мен таксиден басқа)	10
4	Жеңіл автомобильдер мен такси	7
5	Магистралды құбырлар	15
6	Коммуналдық көлік	10
7	Ә у е көлігі	1 5
8	Өзге де көлік құралдары	7

VIII	Компьютерлік, перифериялық құрылғылар мен деректер өңдеу жөніндегі жабдықтар	
1	Компьютерлер	25
2	Перифериялық құрылғылар мен деректер өңдеу жөніндегі жабдықтар	20

IX	Басқа топтарға енгізілмеген тіркелген активтер	
1	Көпжылдық ағаш-бұталар	8
2	Материалдық емес активтер	15
3	Офис жиһазы	10
4	Аспаптар, өндірістік және шаруашылық саймандар мен заттар	8
5	Көшіру-көбейту техникасы	15
6	Өлшеу және реттеу приборлары мен құрылғылары, лабораториялық жабдықтар	10

2. Салық төлеуші, тіркелген активтер бойынша пайдалануға алғаш қосылған, пайдаланудың алғашқы салық кезеңінде, үш жылдан кем емес жиынтық жылдық кіріс алу мақсатында осы тіркелген активтерді қолданған шақта, амортизацияның екіеселік нормасы бойынша амортизациялық аударымды есептеуге құқы бар. Осы тіркелген активтер пайдаланудың алғашқы салық кезеңінде топтың құн балансынан бөлек есептеледі. Келесі салық кезеңінде осы тіркелген активтер топтарға сәйкес құн балансына қосуға жатады.

118-бап. Тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер

1. Топтың барлық тіркелген активтері істен шығып қалғаннан кейін осы топтың құн балансы салық кезеңінің аяқ кезінде шегерімге жатады.

2. Егер топтың құн балансы салық жылының аяқ кезінде 100 айлық есептік көрсеткіштен аз соманы құраса, салық төлеуші топтың құн балансының көлемін шегерімге жатқызуға құқылы.

119-бап. Қаржы лизингі шарттары бойынша берілген (алынған) тіркелген активтер

1. Қаржы лизингісіне (лизинг бойынша) берілген (алынған) тіркелген активтердің құны лизинг алушы топтың құн балансында ескеріледі.

2. Егер активтер оларды қаржы лизингісіне беруге дейін топтың құн балансына енгізілсе тиісті топтың құн балансы лизинг берушіде қаржы лизингісіне берілген тіркелген активтердің құнына азайтылуға тиіс.

120-бап. Жөндеу шығындары бойынша шегерімдер

1. Осы топқа енетін негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге салық төлеуші жұмсаған нақты шығыстар бойынша әрбір топ жөнінде шегерім жасауға рұқсат етіледі.

2. Әрбір топ бойынша негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жұмсалған шығыстар сомасы топтың салық кезеңінің аяқ шеніндегі құн балансының 15 проценті мөлшерінде шегеріледі. Топтың көрсетілген шектен асу сомасы құн балансын көбейтеді.

3. Мемлекеттік бюджеттен алынған субсидиялар есебінен жөндеуге жұмсалған шығыстар шегерімге жатпайды және топтың құн балансын көбейтпейді.

4. Негізгі құрал-жабдықтарды жөндеуге жалгер жұмсаған және жалдау шартына сәйкес жалға беруші өтемеген шығыстар тиісті жалгер тобының құн балансын көбейтуге жатқызылады және осы бөлімге сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу арқылы шегеріліп тасталуға тиіс.

4. Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша кірістер мен шегерімдер

121-бап. Ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша кірістер мен шегерімдер

1. Ұзақ мерзімді келісім-шарттарға қатысты кірістер мен шегерімдер олардың нақты орындалу бөлігінде салық кезеңі ішінде ескеріледі. Ұзақ мерзімді келісім (шарт) қолдану мерзімі бір жылдан асатын тауарларды жіберу, жұмыстар атқару, қызмет көрсету болып табылады.

2. Келісім-шарттың орындалу үлесі осы келісім-шарт бойынша жалпы шығыс сомаларымен бірге салық кезеңінің соңына дейін жұмсалған шығыс сомаларын салыстыра тексеру арқылы айқындалады.

16-ТАРАУ. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА САЛЫҚ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕРЕЖЕЛЕР

1. Сақтандыру ұйымдарына (қайта сақтандыру) салық салу

122-бап. Салық салу объектісі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша салық кезеңі ағымында алынуға (алынған) тиісті сақтандыру төлемдері түріндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асырудан түскен кіріс сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының корпоративті табыс салығының салық салынатын объектісі болып табылады.

2. Жиынтық жылдық табыс және осы Кодекспен көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде есептелген салық салынатын кіріс осы баптың 1-тармағында көзделген

және сақтандыру төлемдерін орналастырудан алынған (алынатын) инвестициялық кірістен басқа кірістер бойынша корпоративті табыс салығы салынатын объект болып табылады.

123-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының кірістері мен шығыстарын есепке алу

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық салу мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асырудан түскен кірістер бойынша, инвестициялық кірісті қоса алғанда, және осы Кодекстің 122- баптың 1-тармағында көрсетілмеген қызметтерден түскен кірістер және шығыстар бойынша бөлек есепке алу жүргізуге міндетті.

124-бап. Корпоративтік табыс салығының с т а в к а л а р ы

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары негізінде сақтандырушылардан алынуға тиісті (алынған) сақтандыру төлемінің сомаларына осы Кодексте белгіленген шегерімдерді жүзеге асырмастан 10 проценттік ставка бойынша корпоративтік табыс салығын салуға жатады.

2. Осы Кодекстің 122-бабының 1-тармағында көзделген кірістер мен инвестициялық кірістерден басқа, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен алынған басқа да кірістерге осы Кодекстің 142-бабы 1-тармағында көзделген ставка бойынша корпоративті табыс салығы салынуы тиіс.

125-бап. Корпоративтік табыс салығын төлеу мерзімдері

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары негізінде сақтандырушылардан алынуға тиісті (алынған) сақтандыру төлемі түріндегі кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын салық кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерінің сомалары алынатын (алынған) ағымдағы айдың болжамды 1/12 шығатын 20 күнінен кешіктірмей төлейді.

2. Осы Кодекстің 122-бабы 1-тармағында көзделгендерді және сақтандыру төлемдерін орналастырудан түскен инвестициялық кірістерді есептемегенде, салық кезеңі ішінде алынған (алынуға тиісті) кірістер бойынша осы Кодекстің 133-бабымен белгіленген тәртіпте аванстық төлемдер төленеді.

126-бап. Декларация және корпоративтік табыс салығы бойынша есеп айырысу

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру төлемдері түріндегі кірістер бойынша тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсанға есептелген

корпоративтік табыс салығы бойынша салық органдарына есеп береді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары салық кезеңінің қорытындылары бойынша осы Кодекстің 144-бабында белгіленген мерзімдерде барлық кірістер бойынша декларация беруге міндетті.

3. Түпкілікті есеп айырысу және корпоративті табыс салығын төлеу осы Кодекстің 134-бабында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

2. Басқа санаттағы салық төлеушілерге салық салу

127-бап. Коммерциялық емес ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін коммерциялық емес ұйым қызметін қоғамдық мүддеде жүзеге асыратын, акционерлік қоғамдар мен тұтыну кооперативтерінен басқа азаматтық заңдарға сәйкес коммерциялық емес мәртебесі бар және мынадай шарттарға сәйкес келетін:

1) осындай ретте кіріс алу мақсаты жоқ;
2) қатысушылар арасында алынған таза кірісті немесе мүлікті таратпайтын ұйым танылады.

2. Коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер жатады.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген шарттарды сақтау кезінде, коммерциялық емес ұйымдардың кірістері, грант, сөз сөйлеу және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмек, өтеусіз берілген мүлік түрінде және өтеусіз негізде алынған аударымдар мен қайырымалдық қаражаттарын қоса алғанда, коммерциялық емес ұйымдардың кірістеріне салық салуға жатпайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шарттарды сақтамаған жағдайда коммерциялық емес ұйымдардың кірістері осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

5. Мүлікті жалға беруден алынған кірісті қоса алғанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудан алынған кіріс осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

Бұл ретте, коммерциялық емес ұйымдар жалпы белгіленген тәртіппен салық салуға жататын осы бапқа сәйкес салық салу мен кірістерден босатылған кірістер бойынша дербес есепке алуды жүргізуге міндетті.

128-бап. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай қызмет түрлері болып табылатын:

1) косметологиялық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызметтер көрсету;
2) мектеп жасына дейінгі балаларға, мектептен тыс білім беру, жалпы орта, бастауыш, орта, жоғары кәсіптік және жоғары оқу орны білімінен кейінгі, қайта даярлау мен осы қызмет түрлерін жүргізуге құқығына тиісті лицензия бойынша

біліктілігін көтеру саласында білім беру қызметтерін көрсету;

3) ғылым, спорт (коммерциялық сипаттағы спорттық-ойын-сауық іс-шараларынан басқа), мәдениет (шоу-бизнестен басқа) саласындағы қызмет, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі, сондай-ақ балаларды, қарттар мен мүгедектерді қорғау және оларды әлеуметтік қамсыздандыру саласында қызметтер көрсету ұйымдары жатады.

4) кітапхана қызметін көрсету.

2. Әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асырушы кәсіпорындарға, сондай-ақ мынадай шарттарға сәйкес келетін:

- салық кезеңінде мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санынан кемінде 60 процентін құрайтын;

- салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 60 процентін құрайтын кәсіпорындар жатады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген ұйымдардың кірістері, грант, қайырымдылық көмек, қайтарымсыз берілген мүлік, қайтарымсыз берілген аударымдар мен қайырмалдықтар негізде алынған қаражаттарды қоса алғандағы қаражаттар көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға бағытталған кезде салық салуға жатпайды.

4. Осы бапта көзделген шарттарды бұзған кезде алынған кірістер осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

17-ТАРАУ. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН КІРІСТІ ТҮЗЕТУ

129-бап. Салық салынатын кірісті түзету

1. Салық төлеушінің салық салынатын кірісінен салық салынатын кірістің екі проценттік шегінде алып тастауға мынадай шығыстар жатады:

1) салық төлеушінің балансында тұрған әлеуметтік сала объектілерін ұстауы салық төлеушілердің нақты шығарған шығыстары;

2) коммерциялық емес ұйымдарға қайтарымсыз берілген мүліктер;

3) жеке тұлғаларға берілген атаулы әлеуметтік көмек.

2. Мүгедектердің еңбегін пайдаланушы салық төлеушілер мүгедектердің еңбегін төлеуге шығарылған шығыстар сомаларынан 2 еселік және жалақының және мүгедектерге төленетін басқа да төлемдердің есептелген әлеуметтік салық сомаларынан 50 процент мөлшерінде шегерімдер алуға құқығы бар.

3. Салық төлеушілер оларды кейін лизинг алушыға берумен үш жылдан артық мерзімге берілген негізгі қаражаттардың қаржы лизингісі бойынша алынған сыйақы сомаларына салық салынатын кірісті азайтады.

4. Қызметінің негізгі түрі ауыл шаруашылығын несиелеу болып табылатын, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар осындай қызметтің

түрлерінен алынған кіріс сомаларына салық салынатын кірісті азайтады.

5. Егер салық төлеуші пайдалануға алғаш қосылған тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар осы Кодекстің 117-бабының 2-тармағына сәйкес үш жылдық мерзім бітпегенге дейін жүргізсе, шығарған шегерім сомасы сол салық кезеңінде активтерді жүзеге асырған салық төлеушінің салық салу кірісін көтеруге жатады.

18-ТАРАУ. ЗАЛАЛДАР

130 - б а п . З а л а л ұ ғ ы м ы

1. Кәсіпкерлік қызметтен болатын залал деп шегерімдердің түзетілген жиынтық жылдық кірістен асып түсуі танылады.

2. Бағалы қағаздарды өткізуден болатын залал оларды сатып алу құны мен сату құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

131 - б а п . З а л а л д а р д ы а у ы с т ы р у

1. Кәсіпкерлік қызметтен болатын, оның ішінде салық төлеушінің үш жылдан кем емес мерзімде кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылатын тұрғын үйлер, құрылыстар, ғимараттардан келген залалдар алдағы салық кезеңдерінің салық салынатын кірісі есебінен өтеу үшін үш жылға дейінгі мерзімге толық ауыстырылады.

Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын қызметпен байланысты пайда болатын залалдар жеті жылға дейінгі мерзімге толық а у ы с т ы р ы л а д ы .

Осы баптың ережелері осы Кодекстің 117-бабының 2-тармағына сәйкес салық кезеңінде салық төлеушіден амортизациялық аударымдарға жатқызу нәтижесінде алынған шегерім залалдарға қолданылмайды.

2. "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын сатуды есептемегенде, бағалы қағаздарды сату кезінде пайда болатын залалдар "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын сатуды есептемегенде, басқа бағалы қағаздарды өткізу кезінде алынған құн өсімінен түскен кіріс есебінен өтеледі.

Егер осы залалдар олар орын алған кезеңде өтеле алмайтын болса, олар алдағы уақытқа үш жылға дейінгі мерзімге ауыстырылып, "Қазақстандық қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған ашық акционерлік қоғамдардың акцияларын сатуды есептемегенде, басқа бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құн өсімінен түскен кірістер есебінен өтелуге тиіс.

19-ТАРАУ. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ТӨРТІБІ МЕН ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

132-бап. Корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау

Корпоративтік табыс салығы салық кезеңі үшін 133-баппен белгіленген тәртіппен айқындалады және осы Кодекстің 142-бабында белгіленген ставка бойынша төленеді.

133-бап. Аванс төлемдерінің сомаларын айқындау

1. Салық төлеушілер салық кезеңі ішінде аванстық төлемдерді енгізу жолымен корпоративті табыс салығын төлейді.

2. Салық кезеңі ішінде төленетін корпоративтік табыс салығының аванс төлемдерінің сомалары алдыңғы салық кезеңі үшін төленетін корпоративтік табыс салығы туралы салық декларациясында көрсетілген нақты салық міндеттемелерінің сомасын ескере отырып салық төлеуші бойынша айқындалады.

3. Корпорациялық табыс салығы туралы декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін аванс төлемдерінің сомасы осының алдындағы салық кезеңі үшін төленген орташа айлық аванс төлемдерінің мөлшерінде айқындалады.

4. Салық төлеуші төлеуге жататын аванстық төлемдердің сомасы салық кезеңі ішінде тең үлестермен төленеді.

5. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсырғанға дейінгі кезең ішінде төленуге жататын аванстық төлем сомаларымен есеп айырысу салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органына есеп беруден кейінгі жылдың 20 қаңтарына дейін салық төлеушімен құралады және беріледі.

6. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсырғаннан кейінгі салық төлеуші корпоративтік табыс салығы туралы декларация тапсыру күнінен бастап 20 жұмыс күні ішінде ұсынады.

7. Салық кезеңінің қорытындысы бойынша залал шеккен салық төлеушілер, жаңадан құрылған салық төлеушілер, сондай-ақ салық салынатын кірісі жоқ салық төлеушілер салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 20 күніне дейін салық кезеңі ішінде төленуге тиісті аванстық төлемдердің болжамды сомаларының есебін беруге міндетті.

8. Салық төлеуші салық органына жазба түріндегі негізделген өтінішін бергенде салық кезеңі ішінде аванс төлемдерінің сомасының түзетілген есебін салық органымен келісе отырып беруге құқылы.

134-бап. Корпоративтік табыс салығын төлеу мерзімдері мен тәртібі

1. Салық төлеушілер осы Кодекстің 143-бабымен белгіленген салық кезеңі ішінде корпоративтік табыс салығы бойынша аванс төлемдерін бюджетке осы Кодекстің 133-бабына сәйкес айқындалған мөлшерде ағымдағы айдың 20-ынан кешіктірмей төлеп тұруға міндетті.

2. Салық кезеңі ішінде енгізілген корпоративтік табыс салығының аванс төлемдерінің сомалары салық кезеңі үшін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда айқындалған корпоративтік табыс салығын төлеу есебіне есептеледі.

3. Салық төлеуші декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей салық кезеңінің қорытындысы бойынша корпоративтік табыс салығы жөніндегі түпкілікті есебін (төлемін) жүзеге асырады.

135-бап. Құрылымдық бөлімшесі бар салық төлеушінің корпоративтік табыс салығын төлеуінің ерекшеліктері

1. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер құрылымдық бөлімшелерді, олардың тұрған орны бойынша салық органдарына тіркеу есебіне қоюға және өзінің құрылымдық бөлімшелерін тіркеу есебіне қойғаны туралы өзінің тіркелген орны бойынша салық органына хабарлауға міндетті.

2. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілердің корпоративтік табыс салығын есептеуі мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен салық кезеңінің қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелер бойынша аванстық төлемдер мен корпоративтік табыс салығының сомаларын бөлумен заңды тұлға бойынша біртұтас жүргізіледі.

3. Салық төлеушілер өзінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпоративтік табыс салығын орналасқан жері бойынша, болмаса Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге төлеуді жүзеге асырады.

4. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер өзінің тіркелген орны бойынша салық органына салық кезеңінде төленуге тиісті аванстық төлемдер бойынша есеп айырысу және осы Кодекстің 133-бабында белгіленген мерзімде құрылымдық бөлімшелердің тіркелген орны бойынша салық органдарына есеп айырысудың көшірмесін беруге міндетті.

Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге құрылымдық бөлімшелер үшін аванстық төлемдер төлеу кезінде есеп айырысу көшірмелері Астана, Алматы қалаларының тиісті салық органдарына немесе облыстардың салық органдарына ұсынылады.

Есеп айырысу көшірмесі салық төлеушінің тіркелген орны бойынша салық органымен куәландырылған болуы керек.

5. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер өзінің құрылымдық бөлімшелерінің тіркелген орны бойынша салық органдарын мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысанда салық кезеңінің қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелер төлеуге жататын корпоративтік табыс салығының сомалары туралы хабарлауға міндетті.

136-бап. Шетелдік салықты есепке алу

1. Салық төлеушілер Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден алынған кірістер бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төленген табыс салығының сомасы Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде есепке алынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген есепке алынатын сомалардың мөлшері салық төлеушілермен әрбір мемлекетте алынған кірістер бойынша нақты төленген салық сомаларынан туындайтын әр мемлекет бойынша жеке айқындалады. Есепке алынатын сомалардың мөлшері осы Кодекстің 142-бабында белгіленген ставка бойынша осы кіріске Қазақстан Республикасында есептелуі мүмкін сомалардан аспауға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағы қосарланған салық салудан жалтару және кірістер мен мүліктерге салық салудан жалтарудың алдын алу туралы конвенция жасасқан мемлекетте ұсталатын салыққа қолданылмайды, мұндай Конвенциялардың қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент заңды және жеке тұлғаларының кірісі немесе мүлкіне Қазақстан Республикасында салық салу жатады.

137-бап. Салық салу жеңілдігі бар мемлекеттерден алынған кіріс

1. Егер резидентке резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталының 10 және одан астам проценттері тікелей және жанама тиісті немесе жеңілдетілген салық салу мемлекетінде өз кезегінде кіріс алатын осы резидент емес заңды тұлғаның дауыс беру акцияларының 10 және одан астам проценттеріне ие болса, онда резидентке қатысты заңды тұлға кірісінің осы бөлігі оның салық салынатын кірісіне енгізіледі. Бұл ереже, резиденттің, сондай-ақ заңды тұлға құрмайтын кәсіпкерлік қызмет ұйымдарының басқарушыларына қатысуға қолданылады.

2. Шетелдік мемлекет осы Кодекске сәйкес айқындалатын осы мемлекеттегі салық ставкасы $\frac{1}{3}$ -тен төмен болса, жеңілдетілген салық салынатын мемлекет ретінде қарастырылады немесе қаржы ақпаратының құпиялығы туралы заң болса немесе мүліктің нақты иесі немесе кірістің нақты иесі туралы құпияны сақтауға мүмкіндік береді.

20-ТАРАУ. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕН ҰСТАЛАТЫН САЛЫҚ

138-бап. Төлем көзінен алынатын кірістер

1. Төлем көзіне салық салынатын кірістерге:

1) дивидендтер;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің лицензиясы бар банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктерде және ұйымдарда

олардың салымдары бойынша жеке тұлғаларға төленетін сыйақыларды есептемегенде, депозиттер бойынша сыйақы;

3) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақыны есептемегенде, борышкерлік бағалы қағаздар бойынша сыйақы жатады;

4) ұтыстар;

5) резидент еместердің осы Кодекстің 184-бабына сәйкес айқындалатын қазақстандық көзден алған кірістері жатады.

139-бап. Төлем көзінен ұсталатын салықты есептеу тәртібі

1. Салық сомасы төлем көзінен салық салынатын төленіп отырған кіріске осы Кодекстің 142-бабының 2-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен айқындалады.

2. Салық агенті осы Кодекстің 138-бабында көзделген кірістерді төлеу кезінде төлем көзінен ұсталатын салықты ұстап қалуға міндетті.

140-бап. Төлем көзінен салықты аудару мерзімдері

Егер осы кодексте өзгеше көзделмесе, салық агенттері төлем көзінен ұсталған салық сомаларын төлем жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірмей аударуға міндетті.

141-бап. Төлем көзінен ұсталатын салық бойынша есеп беру

1. Салық агенттері төлем көзінен ұсталған салық сомалары бойынша есеп беруді тоқсаннан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

2. Төлем көзінен ұсталған салық сомалары салық кезеңі үшін салық агентінің корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияда көрсетілуге жатады.

21-ТАРАУ. САЛЫҚ СТАВКАЛАРЫ

142-бап. Салық ставкалары

1. Осы Кодекстің 131-бабында белгіленген тәртіппен ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық төлеушінің салық салынатын кірісі 30 проценттік ставка бойынша салық салынуға жатады.

2. Төлем көзінен салық салынатын кірістерге 15 проценттік ставка бойынша төлем көзінен салық салынуға жатады.

3. Резидент еместердің осы Кодекстің 184-бабына сәйкес айқындалатын қазақстандық көздерден алынатын кірістеріне осы Кодекстің 186-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

4. Корпоративтік табыс салығына қосымша резидент еместің заңды тұлғаның таза кірісі осы Кодекстің 190-бабында белгіленген тәртіппен 15 проценттік ставка бойынша салық салынуға жатады.

22-ТАРАУ. САЛЫҚ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

143-бап. Салық кезеңі

1. Күнтізбелік жыл корпорациялық табыс салығы үшін салық кезеңі болып табылады.

2. Егер ұйым салық кезеңінен кейін құрылған болса, ол үшін бірінші салық кезеңі салық кезеңінің соңына дейін оның құрылу күнінен бастап уақыт кезеңі болып табылады.

3. Егер ұйым салық кезеңінің аяғына дейін таратылса (қайта ұйымдастырылса), осы кезең басталғаннан тарату (қайта ұйымдастыру) аяқталған күнге дейінгі кезең ол үшін соңғы салық кезеңі болып табылады.

4. Егер салық кезеңі басталғаннан кейін құрылған ұйым осы салық кезеңінің аяғына дейін таратылса (қайта ұйымдастырылса), құрылған күннен тарату (қайта ұйымдастыру) аяқталған күнге дейінгі кезең ол үшін салық кезеңі болып табылады.

144-бап. Салық декларациясы

1. Корпоративтік табыс салығын төлеушілер осы Кодекстің 378-386, 393-405-баптарына сәйкес арнайы салық режимінде қолданылатын заңды тұлғаларды есептемегенде, есеп беретін салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін салықтық тіркелген орны бойынша салық органына корпоративтік табыс салығы бойынша декларация береді.

2. Корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларация декларациядан және олардың салық салу объектілері туралы ақпараттарды ашу бойынша қосымшалардан және корпоративтік табыс салығы бойынша салық салуға байланысты объектілерден тұрады.

5-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

23-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

145-бап. Төлеушілер

Осы Кодекстің 147-бабында (бөлім бойынша бұдан әрі - салық төлеушілер) белгіленетін салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеуші болып табылады.

146-бап. Резидент емес жеке тұлғаларға салық салу ерекшеліктері

Қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар осы Кодекстің 192-196-баптарында белгіленген жағдайды қоспағанда, 145-180-баптарға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептеу, төлеу және жеке табыс салығы бойынша салық декларациясын тапсыруды жүргізеді.

147-бап. Салық салу объектілері

Осы Кодекстің 148-бабында көрсетілген кірістерді қоспағанда, жеке табыс салығы салынатын объектілер мыналар:

- 1) төлем көздеріне салынатын кіріс;
- 2) төлем көздеріне салынбайтын кіріс.

148-бап. Салық салуға жатпайтын кірістер

Жеке тұлғалардың кірісінің мынадай түрлерінен салық алынбайды:

1) салық жылы үшін 480 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II-топтағы мүгедектердің, сондай-ақ бала кезінен мүгедек болған а т а - а н а л а р д ы ң б і р і н е н ;

2) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми кірісі;

3) шетел мемлекетінің мемлекеттік қызметте жүрген шетелдік жеке тұлғаның, олардың салынуға жататын ресми кірісі;

4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін Қазақстан Республикасының шетелдерде дипломатиялық және онымен теңестірілген өкілдіктерінде қызметтерде жүрген жеке тұлғаларының шетелдік валютадағы ресми кірісі;

5) тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген еңбекақының ең аз мөлшерінде мемлекеттік бюджет және гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қоғамдық жұмыстар мен кәсіби оқытуларды орындауға б а й л а н ы с т ы т ө л е м д е р ;

6) гранттар қаражаты есебінен төлемдер (еңбекақы түріндегі төлемдерден басқа);

7) мемлекеттік стипендиялар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде білім беру ұйымдарында оқитындарға төленетін стипендиялар;

8) жүктілігі мен босануы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ бала немесе қыз асырап алған әйелдерге (еркектерге), Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде әлеуметтік жәрдемақылар;

9) осы Кодекстің 100-бабымен белгіленген мөлшерде қызметтік іссапарлар кезінде т ө л е н е т і н ө т е м а қ ы л а р ;

10) қызметкердің ұйымымен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқанда, не ауысқан кездегі жолы, мүлкін көшіруі, үй-жай жалдауы бойынша құжатты түрде расталған ш ы ғ ы с т а р д ы ң ө т е м а қ ы с ы ;

11) Қазақстан Республикасының заңдармен белгіленген мөлшерде дала жағдайында геологиялық-барлау топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен қамтылған қызметкерлерді далалық азық-түлікке қою;

12) тұрғын үйді жалдау бойынша төленетін өтемақылар немесе өндіріс объектісінде болуы кезеңінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдарға олардың тіршілік ету қызметін қамтамасыз ету үшін жұмыс берушінің тұрғын үйлерді, сондай-ақ жұмыс орындарына дейін және кері қарай жеткізуіне және жұмыстарды орындау мен ауысымаралық демалыс үшін жағдайлар жасауына байланысты шығындар;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде күнделікті жұмыс жолын байлаған немесе тарау сипаты болса, не қызмет көрсететін учаскелер

шегінде қызметтік жолсапарларға байланысты ақы төлеу;

14) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген арнайы берілген киімнің, арнайы аяқкиім мен басқа да жеке қорғану құралдарының және алғашқы медициналық көмектің, сабынның, зарарсыздандыратын құралдардың, сүт немесе басқа да тең бағалы азық-түліктер;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуіне немесе денсаулығына зақым келуіне байланысты келтірілген зиянды өтеу (жоғалтқан табысы бөлігінде өтеуден басқа);

16) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігіндегі міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру өтемдері;

17) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерлердің өндірістік қажеттілікке байланысты оқуына және біліктілігін арттыруға бағытталған шығыстары;

18) шарттың қолданылу кезеңінде сақтандырудың кез-келген түріне төленген кезде сақтандыру оқиғасына байланысты сақтандыру өтемінің сомалары;

19) қызметкерлерді сақтандырудың, олардың еңбек қызметімен байланысты міндетті сақтандыру түрлері кезінде жұмыс берушімен төленетін сақтандыру өтемінің сомалары;

20) балаларға және асырауындағы жандарға алынған алименттер;

21) әскери қызметшілердің мерзімдік әскери қызметтен (оқудан) өтетін жері бойынша, не оқу немесе тексеру жиындарында болған жері бойынша алатын тәулік ақының барлық түрлері;

22) 30 еселік айлық есептік көрсеткіш шегінде қызметкерлерге босану кезінде медициналық қызмет көрсету ақысына (косметологиялықтан басқа), жерлеуге берілетін жылына бір реттен артпайтын материалдық көмек;

23) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ядролық сынақ алаңындағы ядролық сынақтардың немесе экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік қорғау жөніндегі жеңілдіктерді төлеуі;

24) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін еңбекақы төлеуден басқа мекен-жайлық әлеуметтік көмек, жәрдемақы мен өтемақы төлеу;

25) зейнетақыларды төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдері;

26) ерікті зейнетақы жарналарының есебінен жүзеге асырылатын зейнетақылық және сақтандыру төлемдері;

27) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар банк операцияларының жүзеге асыратын жекелеген банктер мен ұйымдар мен банктердегі олардың салымдары бойынша жеке тұлғаларға төленетін сыйақы;

28) бұрын төлем көзіне салық салынғаны, осы салықтың төленгенін растайтын құжаты бар дивидендтер сомасы, сыйақылар, ұтыстар;

29) басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алу түріндегі жеке тұлға алған мүлктің құны;

30) гуманитарлық, қайырымдылық көмек түрінде алынған мүліктердің құны;

31) сот шешімі бойынша танылған моральдық және материалдық нұқсан сомасы.

149-бап. Салық ставкасы

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген кірістерден басқа салық жылы үшін салық төлеушінің кірісіне мынадай ставкалар бойынша салық салынуға жатады:

15 есе жылдық есептік көрсеткішке дейін	Салық салынатын кіріс сомасынан 5 процент
---	---

15 еседен 40 еселік жылдық есептік көрсеткішке дейін	15 есе жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 10 процент
--	--

40 еседен 600 еселік жылдық есептік көрсеткішке дейін	40 есе жылдық есептік көрсеткіштің салық сомасы + одан асатын сомадан 20 процент
---	--

600 есе және одан жоғары	600 еселік жылдық есептік көрсеткіштен салық сомасы + одан асатын сомадан 30 процент
--------------------------	--

2. Дивидендтер, сыйақылар мен ұтыстар түріндегі кіріс 15 процент ставкасы бойынша салынады.

3. Адвокаттардың кірісі 10 проценттік ставка бойынша салынады.

24-ТАРАУ. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕ САЛЫНАТЫН КІРІСТЕР

150-бап. Төлем көзіне салынатын салық төлеушінің кірістері

Төлем көзіне салынатын кірістерге мыналар жатады:

- 1) қызметкердің кірісі;
- 2) бір жолғы төлемақы түріндегі кіріс;
- 3) жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері;
- 4) дивидендтер, сыйақы мен ұтыстар түріндегі кірістер;
- 5) стипендиялар;

6) сақтандыру шарттары бойынша кірістер;

151-бап. Салықты есептеу және төлеу мерзімі

1. Жеке кіріс салығын есептеу мен ұстап қалуды, егер осы Кодекспен өзгеше көзделмесе салық агенттері төлем көзіне салынатын кірістен төлейтін күннен к е ш і к т і р м е й жү р г і з е д і .

2. Салықты аударуды кірісті, егер осы Кодекспен өзгеше көзделмесе, төлеу күнінен келесі есепті айдың бес жұмыс күні ішінде салық агенттері жүзеге асырылады.

3. Арнайы салық режимін қолданатын, салық агенттерінің жеке табыс салығын төлеудің тәртібі мен мерзімдері Кодекстің 378-405-баптарымен белгіленген.

152-бап. Салықтық есеп айырысу

1. Әрбір тоқсан үшін салық агенті салық органдарына төлем көзіне салынатын кірістер бойынша, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей жеке табыс салығы жөніндегі есеп айырысуды тапсырады.

2. Арнайы салық режимін қолданатын салық агенттері жеке табыс салығы бойынша есепті осы Кодекстің 378-405-баптарына сәйкес 66, 67-тарауларына сәйкес жүргізеді.

1. Төлем көзіне салық салынатын қызметкердің кірісі

153-бап. Төлем көзіне салық салынатын қызметкердің кірісі

1. Төлем көзіне салық салынатын қызметкердің табысы осы Кодекстің 156-бабында көзделген салықтық шегерімдер сомасына азайтылған жұмыс беруші төлейтін к і р і с б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық игіліктер түріндегі кірістерді қоса алғанда, жұмыс беруші төлейтін ақшалай немесе заттай нысандағы кез-келген кіріс қызметкердің кірісіне жатады.

154-бап. Қызметкерлердің заттай нысандағы кірісі

1. Қызметкерлердің заттай нысандағы кірісі:

1) заттай нысандағы еңбекақы;

2) қызметкер алған тауарлар, қызметкер жұмысының мүддесіне орындалған, қайтарымсыз негізде қызметкерге қызмет көрсетулер;

3) қызметкердің үшінші тұлғадан алған жұмыс берушінің тауарлар құнының (жұмысының, қызметінің) ақысы;

2. Тауарлар (жұмыс, қызмет) құны, қосымша құн мен акциздерге сәйкес салынған салық сомасын қоса алғанда, қызметкерлердің заттай нысандағы кірісі болып табылады .

155-бап. Қызметкердің материалдық игілік түріндегі кірісі

Қызметкердің материалдық игілік түріндегі алған кірісі, оның ішінде мынандай т ү р д е :

1) қызметкердің іске асыратын тауарлар құны (жұмысының, қызметінің) мен сатып

алған бағасы немесе осы тауарлардың (жұмысының, қызметінің) өзіндік құнының арасындағы теріс айырмашылығы;

2) жұмыс берушінің шешімі бойынша қызметкердің оның алдындағы міндеттемесі мен қарыз сомасын есептен шығару;

3) өз қызметкерлерін сақтандыру бойынша сақтық міндеттемесін төлеген жұмыс берушінің шығыны;

4) төменгі ставка бойынша жұмыс берушінің несие құралдарын пайдаланған қызметкердің алған материалдық игілігі;

5) қызметкердің қызметімен байланысты емес шығынын қайтару бойынша жұмыс берушінің шығыны.

156-бап. Салықтық шегерімдер

Төлем көзіне салық салынатын қызметкердің табысын анықтарда, әрбір ай үшін салық кезеңі ішінде шегеруге мыналар жатқызылады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген айқындалған кірісті есептеудің айына сәйкес бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомасы. Шегерімге құқық сұрыптау кіріс бойынша салық төлеушінің өтініші негізінде тек қана бір жұмыс берушіге ғана беріледі;

2) Салық төлеуші берген өтініш және растайтын құжаттар негізінде асырауындағы адамы пайда болған айдан бастап жұмыскердің асырауында тұратын адам әрбір жанұя мүшесіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі қосымша шегерімдер. Қосымша шегерімдер бір жанұя мүшесі салық төлеушіге ғана қолданылады.

Жанұя ретінде бірге тұратын және жалпы бір шаруашылық жүргізетін ерлі-зайыптылар, балалары мен ата-анасы (оның ішінде уақытша болмағандар) танылады.

Асырауында тұратын адам - бір айлық есептік көрсеткішінен аспайтын айына жеке-дара табыс көзі бар немесе салық төлеушінің табыс есебінен өмір сүретін жанұя мүшесі;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде жинақтаушы зейнетақы қорларына төлейтін міндетті зейнетақы жарналары.

157-бап. Салықты есептеу немесе ұстап қалу

1. Жеке табыс салығының салық кезеңінде сомасы төлем көздеріне салық салынатын қызметкердің табысына осы Кодекстің 149-бабының 1-тармағында белгіленген ставкаларды қолдану арқылы белгіленеді.

2. Жеке табыс салығын есептеу және ұстап қалу осы баптың 3-тармағымен белгіленген тәртіппен ұлғаю нәтижесімен әрбір есепті кезең үшін жүргізіледі.

3. Есепті кезең үшін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының сомасы ағымдағы салық кезеңі ішінде бұрынғы есепті кезең үшін ұсталған салық сомасына азайтылған қайта есептеу коэффициенті кірісіне салық кезеңі үшін есеп айырысу сомасына есептелген жеке табыс салығы ретінде айқындалады.

Салық кезеңі үшін есеп айырысу сомасы төлем көзіне салық салынатын бұрынғы есепті кезең үшін жұмыскердің кірістер сомасына кірісті қайта есептеу коэффициентін көбейту жолымен айқындалады.

Кірісті қайта есептеу коэффициенті салық кезеңі басынан бастап өткен айлардың санына салық кезеңінде айлардың жалпы санына қатынас ретінде айқындалады.

2. Төлем көзіне салынатын бір жолғы төлемдерден түскен кірістер

158-бап. Бір жолғы төлемдерден түскен кірістер

Бір жолғы төлемдерден түскен кіріске Қазақстан Республикасының заңдарына, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттарға сәйкес жасалуы бойынша салық төлеушілер кірісі, сондай-ақ жеке тұлғаларға төленетін басқа да бір жолғы төлемдер жатады.

159-бап. Салық сомаларын есептеу

Жеке табыс салығының сомасы салық жылы үшін төлемақы көзіне салық салынатын бір реттік төлемақылардан кіріске 149-баптың 1-тармағымен белгіленген ставкалар пайдалану жолымен айқындалады.

3. Төлем көздеріне салынатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері

160-бап. Төлем көздеріне салынатын зейнетақы төлемдері

Төлем көздеріне салық салынатын зейнетақы төлемдеріне төлемдерден басқа салық төлеушілердің зейнетақы жинақтарынан жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын төлемдер жатады.

161-бап. Салық сомаларын есептеу

Жеке табыс салығының осы Кодекстің 157-бабымен белгіленген тәртіппен айқындалады.

4. Төлем көздеріне салынатын дивидендтер, сыйақылар және ұтыстар

162-бап. Салық сомаларын есептеу

Жеке табыс салығының сомасы жеке тұлғаларға төленетін дивидендтер, сыйақылар мен кірістері 149-бабында көрсетілген ставканы қолдану жолымен айқындалады.

5. Стипендиялар

163-бап. Стипендиялар

Табыс көзінен алынатын стипендиялар осы Кодекстің 148-бабы 7-тармақшасында көзделген сомалардан басқа, сондай-ақ мәдениет, ғылым, бұқаралық ақпарат қызметкерлеріне және басқа жеке адамдарға төлеуге тағайындалған ақша сомалары білім беру ұйымдарында оқып жүргендерге арналған сомалар болып табылады.

164-бап. Салық сомаларын есептеу

Жеке табыс салығының сомалары төленетін стипендия сомасына осы Кодекстің 149-бабында белгіленген ставканы қолдану жолымен айқындалады.

6. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынған кірістер

165-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынған кірістер

Жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымдары жүргізетін сақтандыру төлемдері сомаларынан асатыны жеке тұлғаның кірісі есептеледі.

166-бап. Салық сомаларын есептеу

Жеке табыс салығының сомалары осы Кодекстің 149-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленген жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша алынған кіріс ставканы қолдану жолымен есептеледі.

25-ТАРАУ. ТӨЛЕМ КӨЗІНЕ САЛЫҚ САЛЫНБАЙТЫН КІРІС

167-бап. Төлем көзіне салық салынбайтын кіріс

1. Салық төлеушінің төлем көзіне төленуге салық салынбайтын кірісіне мыналар ж а т а д ы :

- 1) м ү л і к к і р і с і ;
- 2) жеке кәсіпкердің салық салынбайтын кірісі;
- 3) а д в о к а т т а р д ы ң к і р і с і ;
- 4) басқа кірістер.

168-бап. Салық төлеу мерзімдері

1. Жеке табыс салығын төлеуді аванстық төлемдерді енгізгенін ескере отырып салық жылының жиынтығы бойынша, осы Кодекспен белгіленген жағдайда жеке табыс салығы бойынша декларацияны өткізуді белгіленген 10 күннен кешіктірмей салық төлеуші дербес жүргізеді.

2. Арнайы салық режимінде қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлері жеке табыс салығын осы Кодекстің 378-392, 399-405-баптарында белгіленген тәртіпте төлеу жүргізеді.

1. Мүліктік кіріс

169-бап. Мүліктік кіріс

1. Салық төлеушінің мүлік кірісіне жататындар:

- 1) кәсіпкерлік қызметте қолданылмайтын мүлік сатудан құнның өсуі:
 - а) жеке меншік құқығындағы 1 жылдан кем емес жылжымайтын м ү л к і ;
 - б) "Қазақстандық биржа қоры" ашық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған, сондай-ақ заңды тұлғада қатысу үлесі бар ашық акционерлік қоғамдардың акцияларынан басқа бағалы қағаздар;
 - в) асыл тастар мен қымбат металдар, зергерлік бұйымдар және олардан жасалған, құрамында асыл тастар мен қымбат металдар бар басқа да заттар, сондай-ақ өнер туындылары мен антиквариаттар;

2) осы Кодекстің 158, 159-баптарына сәйкес төлем көзіне салық салынатын кірістен басқа мүлікті жалға беруден алынған кіріс.

2. Осы баптың 1-тармағының тармақшасында көрсетілген мүлікті сату құн өсімінен түскен кіріс оны сатып алу бағалау құны мен мүлікті сатудан алынған кіріс арасындағы айырымы болып табылады.

170-бап. Салықты есептеу

Жеке табыс салығының сомасын салық төлеуші дербес осы Кодекстің 149-бабының 1-тармағында белгіленген мүлктік кіріс сомасына ставкалар қолдану жолымен айқындалады.

2. Адвокаттар кірісі

171-бап. Адвокаттар кірісі

Адвокаттық қызметті жүзеге асырғаннан түскен кірістердің барлық түрі, сондай-ақ қорғау мен өкілдікке байланысты шығыстардың орнын толтырудан алынған сомалар адвокаттар кірісі болып табылады.

172-бап. Салықты есептеу және төлеу

1. Адвокаттардың кірісі бойынша жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 149-бабының 3-тармағында белгіленген ставканы қолдану жолымен жүргізіледі.

2. Адвокаттардың кірісі бойынша жеке табыс салығының сомасы есепті айдан кейінгі айдың 5 күнінен қалмай төленеді.

3. Жеке кәсіпкердің салық салынатын кірісі

173-бап. Жеке кәсіпкердің салық салынатын кірісі

Жеке кәсіпкердің салық салынатын кірісі осы Кодекстің 86-131-баптарына сәйкес айқындалады.

174-бап. Салық сомалары мен аванстық төлемдерді есептеу

1. Салық сомалары мен аванстық төлемдерді есептеу 150-баптың 1-тармағында көрсетілген кірістер бойынша жеке табыс салығының сомасы мүлктік кіріс сомасына ставкалар қолдану жолымен айқындалады.

2. Салық сомалары мен аванстық төлемдерді есептеу бойынша жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 133-135-баптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Арнайы салық режимінде қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлері жеке табыс салығын осы Кодекстің 378-392, 399-405-баптарында белгіленген тәртіппен төлеу жүргізеді.

4. Басқа да кірістер

175-бап. Төлем көзіне салық салынбайтын басқа кірістер

Салық төлеушінің төлем көзіне төленуге салық салынбайтын басқа кірісіне, осы тараудың 1, 2, 3-параграфтарында көрсетілген, төлем көздерінен алмайтын, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден алынған кірістер жатады.

176-бап. Салықты есептеу

175-бапта көрсетілген кірістер бойынша жеке табыс салығының сомасы алынған кіріс сомасына осы Кодекстің 149-бабының 1-тармағымен белгіленген ставкаларын қолдану жолымен салық төлеуші айқындайды.

26-ТАРАУ. ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ДЕКЛАРАЦИЯ ЖӘНЕ ҰСЫНУ МЕРЗІМДЕРІ

177-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларациясы

Жеке табыс салығы кірісі және салық салынатын кірісі бар салық төлеушілер уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда жеке табыс салығы бойынша мынадай салық төлеушілер:

- 1) төлем көзінен салық алмайтын кірістері бар адамдар;
- 2) салық кезеңінде 2000 айлық есеп көрсеткіші сомасынан жоғары ірі сатып алулар жасаған салық төлеушілер;
- 3) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерден кіріс алушы жеке тұлғалар;
- 4) Қазақстан Республикасынан тысқары шет ел банкілерінде ақшасы бар жеке тұлғалар;

5) Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихатының депутаттары, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтерін өтеп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік қызметкерлер үшін көзделген заң нормалары таратылатын тұлғалар;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары сайлау кезінде, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтерін өтеп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік қызметкерлер үшін көзделген заң нормалары таратылатын тұлғалар мемлекеттік қызметте сатылап жылжу кезінде, мемлекеттік лауазымға тағайындалғанда декларация тапсырады.

178-бап. Жеке табыс салығы бойынша декларация беру мерзімдері

1. Жеке табыс салығы бойынша декларация салық органына жергілікті салықтық тіркеу бойынша келесі салық жылынан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін беріледі.

2. Арнайы салық режимін қолданушы жеке тұлғалар арнайы салық режимі таратылатын қызметіне түскен кірістері бойынша жеке табыс салығы жөніндегі декларация ұсынбайды.

179-бап. Шет ел салығын есептеу

Қазақстан Республикасынан тыс төленген жеке табыс салығының сомалары осы Кодекстің 136-бабының 2 және 3 тармақтарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында салық төлеу кезінде есептеледі.

180-бап. Салық төлемін растамау

177-баптың 2, 3, 5 және 6 тармақшаларына сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларация ұсынушы салық төлеушілер жеке табыс салығын төлегенін растамаған жағдайда, жеке табыс салығын есептеу жеке табыс салығы расталмаған кіріс сомасына осы Кодекстің 149-бабы 1-тармағында белгіленген ставкаларды қолдану жолымен жүргізіледі.

6-БӨЛІМ. РЕЗИДЕНТ ЕМЕСТЕРГЕ САЛЫҚ САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

27-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

181-бап. Жалпы ереже

Осы бөлім резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғалардан алынатын Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістерді корпоративтік және жеке табыс салығымен салық салу ерекшеліктерін ашады.

182-бап. Резиденттік және резидент еместік

1. Осы Кодекстің мақсаты үшін Қазақстан Республикасының резиденттері болып Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе өмірлік мүдделері Қазақстан Республикасында бар не осы баптың 4-тармағында көрсетілген жеке тұлғалар т а н ы л а д ы .

2. Жеке тұлға деп осы салық кезеңінде аяқталатын кез-келген он екі айлық кезеңде 183 күнтізбелік күндерден кем емес Қазақстан Республикасында орналасқан тиісті салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратындар танылады.

Сондай-ақ егер төменде көрсетілген әрбір салық кезеңіне коэффициенттерді қолданумен айқындалған ағымдағы салық кезеңінде және бұрынғы екі салық кезеңдерінде Қазақстан Республикасындағы болу күнінің саны 183 күнтізбелік күннен кем еместі құрайтын болса, әдетте Қазақстан Республикасында тұратын жеке тұлға б о л ы п т а н ы л а д ы :

есепті салық кезеңіндегі болу күндерінің саны - 1,
бұрынғы бірінші салық кезеңіндегі болу күндерінің саны - $1/3$,
бұрынғы екінші салық кезеңіндегі болу күндерінің саны - $1/6$.

Егер жеке тұлға ағымды салық кезеңінде Қазақстан Республикасында 30 күнтізбелік күндерден кем тұрған болса, онда осындай жеке тұлға Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын деп танылмайды.

Осы тармақтың мақсаты үшін жеке тұлға Қазақстан Республикасында осы тұлғаның келуі аяқталатын жылдан кейінгі жылда егер бұл тұлға резидент болмайтын болса, Қазақстан Республикасында келудің соңғы күнінен кейінгі кезең үшін резидент емес р е т і н д е қ а р а л а д ы .

3. Жеке тұлғаның өмірлік мүдделерінің орталығы мынадай қағидаларды бір уақытта орындау кезінде Қазақстан Республикасында орналасқан ретінде қарастырылады:

1) жеке тұлғада Қазақстан Республикасының азаматтығы бар немесе Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты бар (тұруға рұқсат);

2) жеке тұлғаның жанұясы және (немесе) жақын туыстары Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н д а тұрады;

3) кез-келген уақытта оның тұруы және (немесе) оның жанұя мүшелерінің тұруы үшін жеке тұлғаға және (немесе) оның жанұя мүшелеріне жеке меншік құқығындағы немесе өзге де негіздерде тиісті мүліктің Қазақстан Республикасында бар болуы;

4. Олардың тұру уақытына және осы баппен көзделген басқа да өлшемдерге қарамастан Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдамастан Қазақстан Республикасында тұрақты

тұруға рұқсаты туралы өтініш берген жеке тұлғалар резиденттер болып табылады:
мемлекеттік билік органдарының, оның ішінде дипломатиялық, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ аталған жеке тұлғалардың жанұя мүшелерінің шетелге іссапарға жіберілгендер;

ұдайы халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын қазақстандық заңды тұлғаларға немесе Қазақстан Республикасының азаматтарына тиісті көлік құралдары экипаждарының мүшелері;

Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде орналасқан әскери базалардың, әскери бөлімдердің, топтардың, контингенттердің немесе құрылымдардың әскери қызметшілер және азаматтық персоналы;

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан және Қазақстан Республикасының меншігі немесе Қазақстан Республикасының субъектілері болып табылатын объектілерде жұмыс істейтіндер (оның ішінде концессиялық шарттар негізінде жұмыс істейтіндер);

оқу немесе практика кезеңінің бар мерзімінде оқу немесе практика өту мақсатымен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген студенттер, өтілшілер және практиканттар;

сабақ беру немесе аталған жұмыстарды орындау кезеңі ішінде сабақ беру, кеңес беру немесе ғылыми жұмыстарды жүзеге асыру мақсатымен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан оқытушылар және ғылыми қызметкерлер.

5. Осы Кодекстің мақсаты үшін резиденттер деп Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлғалар және (немесе) Қазақстан Республикасында олардың орны тиімді басқарудағы (басқарудың нақты органдары) өзге де заңды тұлғалар.

Тиімді басқару орны (басқарудың нақты органы) деп негізгі басқару және заңды тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүргізу үшін стратегиялық коммерциялық шешімдер негізінде қабылдау орны танылады.

6. Осы Кодекстің мақсаты үшін резиденттер емес деп осы бапқа сәйкес резидент болып табылмайтын заңды және жеке тұлғалар танылады.

183-бап. Резидент еместердің тұрақты мекемесі

1. Қазақстан Республикасындағы резидент еместің тұрақты мекемесі уәкілетті тұлға арқылы қызметті жүзеге асыруды қоса кәсіпкерлік қызметін толық және жартылай жүзеге асыратын ол арқылы тұрақты қызмет орны деп танылады:

1) тауарларды өндіру, ұқсату, жинақтау, сұрыптау, пакеттеу, жеткізу, сатумен байланысты қызметін жүзеге асыру мерзіміне қарамастан қызмет атқаратын кез-келген орыны;

2) қызметті жүзеге асыру мерзіміне қарамастан резиденттік басқарудың кез-келген орны, филиал, бөлім, өкілдік, бюро, контора, офис, кабинет, агенттік, фабрика, шеберхана, цех, лаборатория, дүкен, қойма;

4) құбыр жеткізумен, газ жеткізумен, барлаумен және (немесе) табиғи ресурстарды барлаумен, орнатумен, монтажбен, жинақтаумен, қоюмен, жіберумен және жабдыққа қызмет көрсетумен, ойын автоматтарын пайдаланумен (приставкаларды қоса), компьютерлік желілер мен байланыс каналдарын, аттракциондарды, қызмет көрсетудің мерзімін қарамастан көлік және өзге де инфрақұрылыммен байланысты қызметті (оның ішінде қызметтің бақылау және қадағалауды жүзеге асыру) кез-келген жүзеге асыру.

Бұл орайда, құрылыс алаңы (объектісі) мәселен мүліктің, оның ішінде тұрғын-үй, ғимарат салу және (немесе) монтаждық жұмысты жүргізу, көпірлердің, жолдардың, каналдардың құрылысы және (немесе) жөндеу, тұрба жүргізуді салу, энергетикалық, технологиялық немесе өзге де жабдықты және (немесе) ұксас жұмыстарды жүзеге асыру объектілерді тұрғызу және (немесе) жөндеу бойынша қызметті жүзеге асыру о р н ы т ү с і н і л е д і .

3. Резидент емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрады,
е г е р :

2) Қазақстан Республикасының аумағында осы мақсаттар үшін жалданған қызметкерлер немесе персонал арқылы кез-келген тізбектелген осы салық кезеңінде аяқталатын он екі айлық кезеңде 90 күнтізбелік күннен астам тоқтаусыз қызмет көрсетсе ;

4) Қазақстан Республикасында ақылы негіздегі өткізетін және (немесе) осында мүліктерді сату жүргізілетін көрмені ұйымдастырса;

4. Осы бапта көрсетілген қызметті жүзеге асыру кезінде уақытша немесе кезеңдік

үзілістер тұрақты мекемені таратуға алып келмейді.

5. Осы резидент еместің атынан келісім-шартқа қол қоюға уәкілеттік берілмеген, делдал (тапсырма шарты, комиссия, консигнация немесе басқа да ұқсас шарт негізінде жұмыс істейтін брокер және (немесе) өзге де тәуелсіз агент) арқылы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес тұрақты мекеме құрмайтын ретте қарастырылмайды.

Тәуелсіз мәртебесі бар делдал деп резидент еместен заңды да экономикалық тәуелсіз болып табылатын және өзінің әдеттегі (негізгі) қызметінде іс-әрекет жасайтын тұлға түсініледі.

6. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған резидент емес заңды тұлғаның еншілес компаниясы осы баптың 3-тармағының 5-тармақшасының ережелеріне жауап беретін еншілес және басты компаниялардың арасында қатынастар тумаса, басты компаниясының тұрақты мекемесі ретінде қарастырылмайды.

184-бап. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы табыс көздерінен алған кірістері

Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент еместердің кірістері деп кірістердің мынадай түрлері танылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды сатудан, жұмыстарды орындаудан, қызмет көрсетуден түскен кірістер;

2) қызмет көрсетудің нақты орналасқан жеріне қарамастан тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резидентпен немесе резидент емес көрсететін басқару, қаржылық, кеңестік, аудиторлық, маркетингтік, заң, адвокаттық, агенттік қызметтерінен алынатын кірістер;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы өз қызметімен байланысты резидент және резидент еместердің талап құқығына жол беру кірістері;

4) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша және (немесе) жұмыстарды орындауға (қызмет көрсетуге) жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша Қазақстан Республикасында қызметімен байланысты резиденттердің және (немесе) резидент еместердің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл санкциялары);

5) осындай заңды тұлғада қатысу үлесін сатудан және заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі кірістер;

6) мыналардан сыйақылар түрінде алынған кірістер:
резиденттерден,

егер осы резидент еместердің берешегі олардың тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне жататын болса, Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемелері немесе мүлкі бар резидент еместерден;

7) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметіне байланысты резиденттерден немесе резидент еместерден алынатын роялти түріндегі кірістер;

8) резиденттер шығарған бағалы қағаздарды, кез келген түрдегі қарыздық міндеттемені сату кезіндегі құн өсуінен кірістер;

9) осындай мүлікте қатысу үлесін сатудан кірістерді қоса Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті сату кезіндегі құн өсуінен кірістер;

10) Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден алынған кірістер;

11) Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымалы мүліктен алынатын к і р і с т е р ;

12) Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері нысанындағы кірістер;

13) Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасында халықаралық жеткізілімдерде халықаралық байланыс және көлік қызметінде телекоммуникациялық қ ы з м е т т е н к і р і с т е р ;

14) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша немесе еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен кірістер;

15) резиденттер төлейтін ұтыстар;

16) Қазақстан Республикасында тұрумен байланысты төленетін қосымша ақылар;

17) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген нормадан жоғары, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыстан барлық нормадағы жеке тұлғалар резидент еместердің жеке тұтынуындағы шығыстарды өтеу;

18) резиденттер жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы т ө л е м д е р і ;

19) өнер қызметкерлеріне төленетін кірістер: Қазақстан Республикасындағы қызметтен театр, кино, радио, теледидар артистерінің, музыканттардың, суретшілердің, спортсмендердің қайсысына төлем жүргізілгеніне қарамастан кірістері;

20) басшылардың қаламақылары және (немесе) осындай басқару тұлғаларына жүктелген міндеттерді нақты орындау орнына қарамастан резидент заңды тұлғаның жоғары басқару органдарының мүшелері (директорлар кеңесі, басқару немесе өзге де осындай орган) алатын өзге де төлемдер;

21) Қазақстан Республикасында жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған к і р і с т е р ;

22) осындай мүліктен кірісті қоса Қазақстан Республикасында орналасқан тегін алынған мүліктен алынған кірістер;

23) Қазақстан Республикасындағы қызмет негізінде туындайтын бұрынғы тармақшаларда тегін алу нысанындағы кірістер.

**28-ТАРАУ. ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ ҚҰРМАЙ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН
РЕЗИДЕНТ ЕМЕС ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНЕ
САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ**

185-бап. Төлем көзінен кіріс салығын ұстауды есептеудің тәртібі

1. Осы Кодекстің 184-бабымен белгіленген, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемемен байланысты емес резидент емес заңды тұлғаның табыстарына осы Кодекстің 186-баптың белгіленген ставкалар бойынша шегерімді жүргізбестен төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс.

2. Төлем көзінен салық салу мыналарға тиіс емес:

1) Қазақстан Республикасының аумағына сыртқы сауда операциялары бойынша тауарларды жеткізумен байланысты төлемдер;

2) резидент банктердің корреспонденттік шоттарын ашумен және енгізумен байланысты және олар бойынша есеп айырысуларды жүргізуден түскен кірістер;

3) "Қазақстандық қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған акцияларды сату кезіндегі құнның өсуінен түскен кірістер;

4) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

5) Қазақстан Республикасынан тыс біртұтас тұрба құбыры жүйесі бойынша тасымалданатын шикі мұнай сату құнының сапасы бойынша түзетуге байланысты төлемдер.

3. Төлем көзінен резидент еместің кірістеріне табыс салығын салу басқа мемлекеттердегі өз бөлімшелерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына осы резидент еместердің өз кірістерімен иеленуге қарамастан жүргізіледі.

4. Бюджетке төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу бойынша міндет пен жауапкершілік кіріс төлеуші (соның ішінде қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырушы резидент емес) тұлғаға жүктелген. Осындай тұлға осы Кодекстің 12-бабы 1-тармағына сәйкес салық агенті болып танылады.

5. Төлем көзінен салық төлем нысанына және кіріс төлемін жүзеге асыру орнына қарамастан жүргізіледі.

186-бап. Төлем көзіндегі кіріс салығының ставкалары

Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге байланысты емес көздерден алатын кірістері төлем көзіне мынадай ставкалар бойынша табыс салығын салуға жатады:

1) қатысу үлесінен және сыйақыдан түскен дивидендтер, кірістер	15 процент
--	------------

2) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйақылары	10 процент
---	------------

3) халықаралық байланыста телекоммуникациялық қызметтер көрсетуден немесе халықаралық тасымалдаулардағы көлік	5 процент
---	-----------

қызметтерін	көрсетуден	түскен	кірістер
4) осы баптың 1)-3)-тармақшаларында аталған кірістерді қоспағанда, осы Кодекстің 184-бабында белгіленген 20 процент к і р і с т е р			

187-бап. Төлем көзінде табыс салығын төлеу тәртібі мен мерзімдері

1. Резидент емес заңды тұлғаның кірісінен ұсталатын төлем көзінен табыс салығы мемлекеттік бюджетке төленуге жатады:

1) ондағы төлем жүргізілген айдың аяқталуынан кейінгі 5 жұмыс күні ішінде - төленетін кіріс сомалары бойынша;

2) корпоративтік табыс салығы туралы декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін 10 жұмыс күні ішінде - есептелген, бірақ шегерімге жатқызылған кезде төленбеген кіріс сомалары бойынша.

2. Кірістің төлемі деп қолма-қол және (немесе) қолма-қол ақшасыз нысандағы ақша қаражаттары, бағалы қағаздар, тауарлар, мүлікті, жұмысты орындау, қызмет көрсету түсініледі.

188-бап. Салық органдарына есеп беру

Салық агенттері осы Кодекстің 185-бабына сәйкес төлем көзінен табыс салығын ұстап қалу бойынша туындаған келесі есеп беру тоқсанындағы айдың 15-інші күнінен кешіктірмей тоқсан сайын төленген (есептелген) кірістер мен ұсталынған салықтар туралы салық органына есеп беруге міндетті.

29-ТАРАУ. ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН РЕЗИДЕНТ ЕМЕС ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

189-бап. Тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның салық салынатын кірісін айқындау ерекшеліктері

1. Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлға корпоративтік табыс салығын есептеу және төлеу тәртібін, осы Кодекстің 85-144-баптарына сәйкес және осы баптың ережелерін ескеріп жүргізеді.

2. Тұрақты мекеме арқылы қызметті жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғалардың кірістеріне қызметімен байланысты кірістің барлық түрлері жатады.

3. Егер резидент емес-заңды тұлға тұрақты мекеме арқылы немесе осыған ұқсас қызметті Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын болса, онда осындай қызметтен түскен кірістер тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен кірістерге жатады.

4. Шегерімдерге осы Кодекске сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстардан басқа тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында кіріс алумен, Қазақстан Республикасында немесе одан тысқарыда шығынға ұшырағанын қарамастан қызметті жүзеге асырумен тікелей байланысты шығыстар жатады.

5. Резидент емес-заңды тұлға мынадай ретте, талап қойылған сомалардың тұрақты мекеменің шегерімдеріне жатқызуға құқықтары бар:

1) осы резидент емес заңды тұлғаның пайдалану немесе жеке меншік не интеллектуалдық меншікті пайдалану немесе беру құқығы үшін роялти, қаламақы, алым және басқа да төлемдер;

2) қызмет көрсеткені үшін, комиссиялық кірістер;

3) осы резидент емес-заңды тұлғаларға берілген несие бойынша сыйақылар;

4) Қазақстан Республикасында резидент емес-заңды тұлғаның қызметінен кіріс алуға байланысты емес шығыстар;

5) құжатта расталмаған шығыстар;

6) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс зиян шеккен резидент емес-заңды тұлғаның басқару және жалпы әкімшілік шығыстары.

190-бап. Тұрақты мекеме арқылы қызметінен резидент емес-заңды тұлғаның таза кірісіне

салық салу тәртібі

1. Резидент емес-заңды тұлғаның тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған таза кірісіне 15 процент ставкасы бойынша салық салынады.

Таза кіріс есептелген корпорациялық кіріс салығының сомасын алып тастағандағы салық салынатын кіріс таза кіріс деп танылады.

2. Таза кіріске есептелген салық сомасы корпорациялық табыс салығы туралы декларацияда көрсетіледі.

3. Резидент емес заңды тұлға тұрақты мекеме арқылы қызметінің таза кірісіне салық төлеуді корпорациялық табыс салығы бойынша декларация беру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі 10 жұмыс күн ішінде жүргізуге міндетті.

191-бап. Жекелеген жағдайларда резидент емес заңды тұлғалардың кірістеріне салық салу тәртібі

Салық органында тіркелмеген Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен резидент емес заңды тұлғаның кірісі шегерімдерді жүргізбестен төлем көзінен табыс салығын салуға жатады.

Бұл орайда, салық агенті ұстайтын төлем көзінен табыс салығы тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместің салық міндеттемелерін өтеу есебіне шегерімге жатады.

30-ТАРАУ. РЕЗИДЕНТ ЕМЕС ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КІРІСТЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ ТӘРТІБІ

**192-бап. Төлем көзіндегі табыс салығын есептеу,
ұстау және төлеу тәртібі**

1. Осы Кодекстің 184-бабында белгіленген резидент емес-жеке тұлғаның осындай тұлғаның тұрақты мекемелермен байланысты емес кірістері мыналардан басқа, осы Кодекстің 185-187-баптарындағы ережелермен айқындалған мерзімде және тәртіпте төлем көзінен салық салуға жатады:

- 1) осы баптың 2-тармағында көзделген кірістер;
- 2) Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер;
- 3) банк депозиттері бойынша сыйақылар;
- 4) Қазақстан Республикасының аумағына сыртқы сауда операциялары бойынша тауарларды жеткізуге байланысты төлемдер;
- 5) "Қазақстандық қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми "А" тізімінде тұрған акцияларды сату кезіндегі құнның өсуінен түскен кірістер;
- 6) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар.

2. Резидент емес жеке тұлғаның осы Кодекстің 153-бабына сәйкес айқындалған еңбекақысы түріндегі кірістері осы Кодекстің 151-157- баптарының ережелерінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде бірақ, осындай кірістерге қатысты шегерімдерді жүзеге асырмастан төлем көзіне салуға жатады.

Мемлекеттік бюджетке төлем көзінен табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу жөніндегі міндеттеме мен жауапкершілік кіріс төлеуші (соның ішінде қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырушы резидент емеске) тұлғаға жүктеледі. Мұндай тұлға осы Кодекстің 12-бабы 1-тармағына сәйкес салық агенті болып т а н ы л а д ы .

Салық агенті төлем көзінен төленетін салықты кіріс төлемі жүзеге асырылған орнына және төлем нысанына қарамастан ұсталады.

193-бап. Салық органдарына есеп беру

Салық агенттері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 күніне дейін тоқсан сайын салық органдарына резидент емес-жеке тұлғалар төлеген кірістер мен ұстап қалынған салықтар туралы есеп беруге міндетті.

**194-бап. Қызметі тұрақты мекеме құруға алып келетін
резидент емес-жеке тұлғалардың кірістеріне
салық салу тәртібі**

1. Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес-жеке тұлғалар осы Кодекстің ережелеріне және 189-баптың 5-тармағына сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстардан басқа осындай кірістерге қатысты тікелей шегілген шегерімдер сомасына кішірейтілген осындай қызметпен байланысты кірістер бойынша жеке табыс салығын төлеушілер болып т а б ы л а д ы .

Резидент емес жеке тұлға көрсететін тәуелді жеке қызметтер (жалға алу бойынша жұмыс) осы жеке тұлғаның тұрақты мекемені құруға алып келеді.

2. Жеке кәсіпкерлік қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалардан жеке табыс салығын есептеу мен төлеу, салық салынатын кірісті айқындау тәртібі осы бапқа және осы Кодекстің 195, 167-176-баптарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

195-бап. Жеке табыс салығының және аванстық төлемдердің тәртібі мен төлеу мерзімдері

1. Мынадай резидент емес жеке тұлғалар жеке табыс салығын аванстық төлемдерін енгізу жолымен төлейді:

1) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік қызметтен кірістер алушы жеке тұлғалар - резиденттер;

2) салық агенттерінен басқа, осы Кодекстің 184-бабы 14-тармағында көзделген резидент еместерден Қазақстан Республикасынан тыс кіріс алушы резидент емес жеке тұлғалар;

2. Қызметін жүзеге асырған кезең үшін жеке табыс салығы бойынша аванстық және төлем төлеуді осы бапта және осы Кодекстің 174-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде осы баптың 1-тармағында аталған резидент емес жеке тұлға жүргізеді.

3. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыру кезеңінде тең үлеспен төленетін жеке табыс салығы бойынша аванстық төлем сомалары жеке табыс салығының болжамды сомасы туралы өтініште көзделген салық сомасынан шығып айқындалады.

4. Аванстық төлемдердің енгізілген сомалары ағымдағы салық кезеңі үшін резидент емес-жеке тұлғаға есептелген жеке табыс салығын төлеу есебіне есептеледі.

5. Жеке табыс салығын төлеу және соңғы есеп айырысу салық кезеңі үшін, бірақ Қазақстан Республикасынан кеткенге дейінгі 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жеке табыс салығы бойынша декларация беру күнінен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

196-бап. Жеке табыс салығының болжанған сомасы туралы өтініш және жеке табыс салығы туралы декларация

1. Осы Кодекстің 195-бабында көрсетілген резидент емес жеке тұлғалар Қазақстан Республикасына келу күнінен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде қызметін жүзеге асыру кезеңі үшін болжанатын табыс салығының сомасы туралы өтінішті келу орны бойынша салық органдарына беруге міндетті.

2. Мына резидент емес жеке тұлғалар жеке табыс салығы туралы декларацияны осы Кодекстің 178-бабында белгіленген мерзімде немесе кәсіпкерлік қызметі тоқтаған және Қазақстан Республикасынан кеткен жағдайда осы салық кезеңінде кеткенге дейінгі 10 жұмыс күнінен кешіктірмей келген орны бойынша салық органдарына ұсынады:

осы кодекстің 195-бабында көзделгендер;

салық кезеңінде 500 айлық есептік көрсеткіштерден астам Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алған немесе 30 күнтізбелік күндерден астам Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушылар.

31-ТАРАУ. КОНВЕНЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР

197-бап. Конвенцияны қолданбау шарттары

Қосарлама салық салуды болдырмау және кіріске немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын алу туралы Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын (бұдан әрі - Конвенциялар) ережелері егер осы мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүддесінде Конвенция ережелерін осы резидент олармен жасалған осындай Конвенция мемлекеттің резидентіне қолданылмайды.

198-бап. Конвенцияны әкімшіліктендіру тәртібі

Конвенцияларды әкімшіліктендіру осы кодекстің 197-207-баптарының ережелеріне сәйкес мемлекеттік уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

199-бап. Резидент емес-занды тұлғаның бас офисінің басқарушылық және жалпы әкімшіліктендіру тәсілдерін шегерімдерге жатқызу

Егер тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент емес заңды тұлға салық салынатын кірісті айқындау кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс ескерілген салық салынатын кірісін айқындау мақсатында шеккен басқару және әкімшілік шығыстарын шегерімге жатқызатын болса, онда Қазақстан Республикасынан тыс шеккен аталған шығыстар және Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге шегерімдер сомасы мынадай әдістердің бірі бойынша айқындалады:

- 1) шығыстарды тепе-тең бөлу әдісі;
- 2) шығыстарды тура (тікелей) жатқызу әдісі.

Тұрақты мекемеге шегерімге басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын жатқызу тәсілі (шығыстарды тең бөлудің әдісі кезінде пайдаланылатын есептік көрсеткіштердің тәртібін қоса) тек салық органымен келісім бойынша ғана өзгертілуі мүмкін және жыл сайын қолданылады.

200-бап. Шығыстарды тепе-тең бөлу әдісі

1. Тепе-тең бөлу әдісін пайдалану кезінде тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылатын осы Кодекстің 199-бабында ескерілген басқару және жалпы әкімшілік шығыстары шығыстардың осындай сомасын жүргізу және есептік көрсеткіш ретінде айқындалады.

2. Есептік көрсеткіш мына көрсеткіштердің бірі бойынша айқындалады:

1) аталған есепті кезең үшін тұтастай алғанда резидент емес заңды тұлғаның жалпы жиынтық кіріс сомасына есепті кезең үшін тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асырудан резидент емес-занды тұлға алған жиынтық кіріс мөлшерінің қатынасы;

2) үш көрсеткіш бойынша орташа шегін айқындау:

аталған есепті кезең үшін тұтастай алғанда резидент емес заңды тұлғаның жалпы жиынтық кірісіне есепті кезең тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырудан резидент емес-заңды тұлғадан алынған жиынтық кіріс м ө л ш е р і н е қ а т ы н а с ы ;

осындай есепті кезең үшін тұтастай алғанда резидент емес-заңды тұлғаның жалпы негізгі қаражаттар құнына есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің қаржы есеп беруінде көрсетілген негізгі қаражаттардың құнына қатынасы;

осындай есепті кезең үшін тұтастай алғанда резидент емес заңды тұлғаның персоналына еңбекақы төлеу қорының жалпы мөлшеріне есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеде жұмыс істейтін персоналдың еңбекақы төлеу қорының мөлшеріне қатынасы.

Есептік көрсеткіштің жоғарыда аталған есептерінің бірін резидент емес-заңды тұлға д е р б е с а й қ ы н д а й д ы .

3. Есептік жолмен айқындалған басқару және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы растайтын құжаттар болса ғана тұрақты мекеменің шегеріміне жатқызылады.

4. Растайтын құжаттар болып мыналар табылады:

1) есептік көрсеткіштен резидент емес заңды тұлға айқындағаннан байланысты - қаржылық есеп беру, резидент емес заңды тұлғалардың жиынтық жылдық кірісінде ашылатын шешімін табумен бірге резидент емес заңды тұлғаның корпоративтік салығы бойынша декларациялар, негізгі қаражаттардың корпоративтік салық, алғашқы және қалдық туралы декларация бойынша шығыстарда ескерілген оның ішінде, басқару және әкімшілік шығыстарының сомаларын көрсетумен және шешімін табумен бірге әр бап бойынша шешімін табумен бірге шығыстар, есепті жыл үшін корпоративтік, қаржылық немесе өзге де есеп беру туралы декларация көшірмелері;

2) резидент емес-заңды тұлғаның қаржы есеп беруіндегі аудит бойынша аудиторлық тұжырымның көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын аталған шығыстардың сомасын айқындау есебі.

5. Пропорционалды бөлуге жататын басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын оларды шешумен немесе қаржы, салық есеп беруін көрсету жағдайында осындай шығыстар тұрақты мекеменің шегеріміне қабылданбайды.

6. Басқару және әкімшілік шығыстарын бөлу әдісінің есеп саясатын қолданбау жағдайында осы әдіс тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы қызметтен салық салу кірісін айқындау мақсатында пайдаланылуы мүмкін емес.

201-бап. Тікелей (тура) шығысқа жатқызу әдісі

1. Егер осындай басқару және жалпы әкімшіліктің резидент еместерінің шығыстары тікелей (тура) жатқызу әдісін пайдалану кезінде олар тұрақты мекеме арқылы

Қазақстан Республикасындағы қызметтен кірістерді алу мақсаты үшін тікелей шеккен немесе айқындалса, Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеменің шегеріміне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Аталған шығыстар растайтын құжаттар бар болса ғана тұрақты мекеменің ш е г е р і м і н е ж а т а д ы .

2. Растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) тұрақты мекеме арқылы қызметтен табыс алу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында резидент-емес заңды тұлға шеккен, шығыстарды растайтын алғашқы бухгалтерлік құжаттар;

2) резидент емес-заңды тұлғаның алғашқы бухгалтерлік құжаттарының көрмелері және тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында табыс алу мақсатында пайдаланылатын үшінші тұлғалардың қызмет көрсетулері.

202-бап. Тұрақты мекеме құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасының қызметтен резидент еместердің кірістеріне қатысты қолданылатын рәсім

1. Осы бапта көзделген рәсім осы Кодекстің 203 және 206 баптарында көрсетілген кірістерден басқа жағдайларда тұрақты мекеме құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместердің кірісіне қолданылады.

2. Қазақстан Республикасындағы көздерден кіріс алушы осы баптың 1-тармағында көрсетілген резидент емес осы баппен қарастырылған төлемдерді жүзеге асыру тәртібін қолдануға құқығы бар. Осы баптың ережелерін қолданбаған жағдайда, салық агенті табыс көзінен жеке табыс салығын ұстап мемлекеттік бюджетке аударуы тиіс.

3. Кіріс алатын резидент емес, салық агенті және салық агентімен айқындалған резидент-банк (бұдан әрі - банк) уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша шартты банк салымы туралы шарт жасайды.

4. Салық агенті шартты банк салымы туралы шартқа қол қою күнінде салық органына осындай шарттың мемлекеттік тілде немесе орыс тіліндегі көшірмесін, сондай-ақ шартты банк салымына табыс салығын аударуды растайтын төлем құжатын ж і б е р у г е м і н д е т т і .

5. Резидент емеске кірісті төлеу сәтінде салық агенті осы Кодекстің 186-бабында айқындалған ставка бойынша төлем көзінен табыс салығын ұстап қалуды жүргізуге және резидент еместің пайдасына шартты банк салымына ұстап қалынған салық с о м а с ы н а у д а р у ғ а м і н д е т т і .

6. Конвенция шарттарын орындау кезінде табыс салығының бұрын ұсталған сомасын қайтару мақсатымен резидент емес уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіпте және нысан бойынша өтінішті салық органына ұсынады.

7. Салық органы аталған өтінішті және қажетті құжаттарды қарайды, резидент емеске және банкке өтініш бойынша шешімді қабылдап хабарлайды.

8. Салық органы куәландырған ұстап қалынған табыс салығын қайтаруға өтінішті

алу кезінде осындай өтінішті берген резидент емеске банк есептелген банк сыйақыларымен бірге өтініште көрсетілген шектерде шартты банк салымында орналасқан сомаға иелік етуге құқық береді.

9. Салық органының жағымсыз шешімімен келіспеген жағдайда осындай шешімді алу күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде оның шешіміне шағымдану туралы салық органына хабарлаумен бірге Конвенцияның ережелерін қолданудың дұрыстығына қатысты мәселені қайта қарау туралы өтінішпен уәкілетті мемлекеттік органға (қажетті жағдайда, резиденттік елдің құзыретті органын тартумен, жүгінуге құқығы бар.

10. Өтініш бойынша жағымсыз шешімді қабылдау кезінде және салық органының шешіміне шағымдану туралы резидент еместен хабарламаны белгіленген мерзім ішінде алмаған жағдайда Конвенция ережелерін қолданудан бас тартуға жіберу күнінен бастап 10 жұмыс күні аяқталуы бойынша салық органы резидент еместің кірістеріне салық салудан босатуға бас тарту туралы куәландырылатын құжатпен қоса мемлекеттік бюджетке есептелген банк сыйақыларымен шартты банк салымында орналасқан және өтініште аталған соманы аудару туралы инкассалық иеленуді банкке жібереді.

11. Осы баптың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды салық органдарынан алу кезінде банк мемлекет бюджетіне есептелген банк сыйақыларымен бірге шартты банк салымына орналасқан табыс салығының сомасын аударуға міндетті.

Өндіріп алынған салықтың осындай сомасы мемлекет бюджеті алдындағы резидент еместің міндеттемесін өтеу шотына ұстап қалуға жатады.

12. Резидент емес және салық агенті салық органының қандай-да бір шешімді қабылдамай шарты банк шотында орналасқан табыс салығы сомасына иелік етуге қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

13. Банк банк кінәсі бойынша болған мемлекет бюджетіне ұсталған табыс салығын уақтылы аудармағаны үшін және шартты банк салымы туралы шарттың қағидасын б ұ з ғ а н ы ү ш і н ж а у а п б е р е д і .

14. Мемлекет бюджетіне шартты банк салымына орналастырылған табыс салығын аудару бойынша салық міндеттемесін орындау мүмкіндігі болмаған жағдайда мемлекеттік бюджетке төлем көзінен салықты уақтылы аудармағаны үшін айыппұл санкциялары және банк сыйақылары, табыс салығын аудару бойынша міндеттеме с а л ы қ а г е н т і н е ж ү к т е л е д і .

15. С а л ы қ а г е н т т е р і :

- 1) шарты банк салымына орналастырылған;
- 2) Конвенция ережелерін қолдануға құқығы бар резидент еместерге төленген;
- 3) Мемлекет бюджетіне аударылған табыс салығының сомасын есепке алуға міндетті.

203-бап. Халықаралық тасымалдау мен халықаралық байланыс бойынша телекоммуникациялық қызмет

көрсетуден көлік қызметін көрсетуден табыс кірістеріне Конвенцияларды қолдану рәсімі

1. Конвенция ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес заңды тұлға алатын Қазақстан Республикасы бір тараптың бірі болып табылатын халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден кірістер қосымша әкімшілік рәсімдерін резидент емес заңды тұлғаның резиденттігін растайтын құжатты жыл сайын беруден басқа қолданбастан салық салудан босатуға жатады.

Конвенция ережелерін заңға қайшы қолданғаны үшін, сондай-ақ салықты мемлекет бюджетіне толық емес және уақытылы аудармағаны үшін салық агенті жауапкершілікте болады.

Бұл орайда, салық агенті есеп беру тоқсанынан кейінгі айдың 15 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша Конвенция ережелерін қолдану туралы салық органына есеп беруге міндетті.

2. Конвенция ережелерін қолдануға құқығы бар резидент емес заңды тұлға алатын Қазақстан Республикасы бір тараптың бірі болып табылатын халықаралық тасымалдардағы көлік қызметін көрсетуден кірістер егер ол осындай қызметпен байланысты (резидент емес заңды тұлғаның резиденттігін растайтын құжатты жыл сайын беруден басқа және корпоративтік табыс салығы туралы декларация) Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі болса, қосымша әкімшілік рәсімдерін қолданбастан салық салудан босатуға жатады.

Бұл орайда, резидент емес заңды тұлға халықаралық тасымалдардағы (Конвенцияға сәйкес салық салуға жатпайтын) көлік қызметін көрсетуден және Қазақстан Республикасының (салық салуға жататын) аумағында көлік қызметін көрсетуден кірістер сомасына жеке есеп жүргізуге міндетті.

Конвенцияға сәйкес салық салудан босатуға жататын салық салынатын кірістің сомасы кірістерге салық салудан босатылғандарға қатысты шеккен кірістер мен шығыстардың жеке есебінің принципі бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы туралы декларацияны салық салынатын кірістің жалпы сомасынан алынып тасталады.

3. Конвенция ережелерін теріс қолдануға, сондай-ақ мемлекет бюджетіне салықты толық емес және уақтылы аударуға жауапкершілік Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі бар резидент емес заңды тұлға артады.

4. Конвенция ережелерін қолдануға құқығы бар және Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасы бір тараптың бірі болып табылатын халықаралық тасымалдарда көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың кірістері осы Кодекстің 202-бабында белгіленген тәртіпте салық салудан босатылады.

**204-бап. Дивидендтерге, сыйақыларға (проценттерге),
роялтиге Конвенцияны қолдану рәсімі**

Мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық органының шешімінсіз Конвенциямен белгіленген ережелерін қолдануға өтініш беру жолымен
р е з и д е н т е м е с жү р г і з е д і .

205-бап. Тұрақты мекеме арқылы қызметтен таза кіріске
венцияны қолдану рәсімі

2. Резидент емес-заңды тұлға тиісті салық ставкасы қолданылған негізде Конвенция атауына және таза кіріске салық сомасын корпоративті табыс салығы ставкасы туралы декларацияны көрсетуге міндетті.

206-бап. Қазақстан Республикасындағы көздерден өзге де кірістерге Конвенцияны қолдану рәсімі

2. Салық органы өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген ақпарат дұрыс болған жағдайда берілген өтінішке қол қояды.

3. Конвенция ережелерін қолдану дұрыс болмаған жағдайда салық органы резидент емеске дәлелді негіздегі бас тартуды ұсынады.

207-бап. Конвенцияның ережелерін қолдануға өтініш берген кездегі жалпы талаптар

1. Мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша Конвенцияның ережелерін қолдануға өтінішті мынадай талаптарды орындау кезінде салық органы қ а б ы л д а й д ы :

1) өтінішті қоса ұсыным:

жұмысты (қызмет көрсетуді) орындауға немесе өзге де мақсатқа келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) көшірмелері;

құрылтай құжаттарының көшірмелері;

халықаралық тасымалдарда көлік қызметтерін көрсетуден кірістер сомасының ш е ш і м і ;

резидент еместердің әртүрлі жұмыстарды орындауы кезінде - атқарылған жұмыстардың актісі, құрылыс жұмыстарын, шотты немесе көрсетілген қызмет көрсетулерді растайтын төлем құжатын орындау кезінде - объектіні пайдалануға беру кезінде та п с ы р у а к т і с і ;

2) есептелген және (немесе) төленген кірістерді және ұсталған салықтарды растайтын бухгалтерлік құжаттарды салық агентінің беруі;

3) Қазақстан Республикасымен Конвенция жасалған өтініш берушінің өтініш беруші мемлекеттік уәкілетті немесе құзыретті органның өтініш беруші резиденттігін р а с т а у ;

4) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарт немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте резидент еместің резиденттігін растайтын құжатты немесе өтінішті дипломатиялық не консулдық жүзеге асыру.

208-бап. Қазақстан Республикасында ұсталған және төленген салық сомасы туралы анықтама

Резидент еместің талап етуі бойынша салық органы Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістердің сомалары және ұсталған салықтар туралы анықтаманы береді.

7-БӨЛІМ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

32-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

209-бап. Қосылған құнға салынатын салық ұғымы

Қосылған құнға салынатын салық ұғымы тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер өндірісі мен айналым процесінде оларды өткізгені үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тауарлар импорты кезінде бюджетке аударылатын, айналымға салынған салық құнының бір бөлігін білдіреді. Салық төлеушілердің бюджетке қосылған құнға төлеуге тиісті қосылған құнға салынатын салық сатылған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін есептелген қосылған құнға салынған салық сомасы мен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төленуге тиіс қосылған құнға салынған салық арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

210-бап. Салық салу объектілері

Мыналар қосылған құнға салық салынатын объектілер болып табылады:

1) салық салынатын айналым;

2) салық салынатын импорт.

211-бап. Төлеушілер

1. Осы кодекстің 212-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрғызылған немесе тұрғызылуға міндетті тұлға қосылған құнға салынатын салық төлеуші болып табылады.

2. Тауарлар импорты кезінде осы тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес қосылған құнға салынатын салық төлеушілер болып табылады.

33-ТАРАУ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША ЕСЕПKE ҚОЮ

212-бап. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою талабы

1. Тұлға осы баптың 3-тармағында белгіленетін сату бойынша айналым ең аз мөлшерден асатын болса, тауарларды сату, жұмыстарды, қызмет көрсету бойынша айналым мөлшері оның жиынтығы бойынша кез-келген кезең (он екі айлықтан астам емес) аяқталуы күнінен бастап 15 күнтізбелік күндерден кешіктірмей қосылған құнға салық бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш береді.

2. Сату бойынша айналымды айқындау кезінде осы Кодекстің 230-бабына сәйкес босатылатын, сондай-ақ егер мұндай мүліктер кәсіпкерлік қызмет мақсатында қолданылмаса жеке тұлғалардың жеке мүліктерін сату бойынша айналым есепке алынбайды.

Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін шаруа (фермер) қожалығы үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асырушы салық төлеуші сату бойынша айналымның мөлшерін айқындау кезінде осы арнайы салық режиміне кіретін қызметті жүзеге асырудан түскен сату бойынша айналымды есепке алмауы мүмкін.

Заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда, сату бойынша айналым көлемі осы тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшелерінің сату жөніндегі айналымын есепке алып айқындалады.

3. Сату бойынша айналымының ең азы осы баптың 1-тармағында көрсетілген кезеңнің соңғы айына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5000-еселік шегін құрайды.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қойылуға жатпайтын, бірақ салық салынатын айналыммен байланысты қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарланған тұлға қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою туралы салық органына өз еркімен өтініш бере алады.

5. Тұлға қосылған құн салығы бойынша ол есепке қою туралы өтініш беруге міндетті болған немесе ерікті түрде өтініш берген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қосылған құнға салынатын салық төлеуші болады.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою туралы өтініш салық органына ол мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей берілген жағдайда, мұндай тұлға салық органы оған қосылған құнға салынған салық бойынша есепке қою туралы Куәлік берген күннен бастап қосылған құнға салынған салық төлеуші болады.

6. Уәкілетті мемлекеттік орган қосылған құнға салынатын салық бойынша салық төлеушінің өтінішімен оның бөлімшелерін қосылған құнға жеке салық төлеушілер ретінде қарастыра алады.

7. Құрылымдық бөлімшелері қосылған құнға жеке салық төлеушілер деп танылған қосылған құнға салынатын салық төлеуші, осы баптың 6-тармағына сәйкес, құрылымдық бөлімшелері тұратын жердегі салық органына қосылған құнға салынатын салық бойынша оларды есепке қою туралы өтініш беруге (немесе өздерінің бөлімшелеріне тапсырма беруді беруге) міндетті.

8. Қосылған құнға салынатын салық бойынша тұлғаны есепке қойған кезде, оның осы Кодекстің 43-тарауына сәйкес есепке қою күніне тауарлар қалдығы бойынша қосылған құнға салынатын салық сомасын есептеуге құқығы бар.

9. Салық органы тұлғаның өтінішінсіз, осы баптың 1-тармағында көзделген реттер белгіленген кезде, оны қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қоюға құқылы.

213-бап. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою туралы куәлік

1. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қойған кезде аумақтық салық комитеті тұлғаға оның қосылған құнға салынатын салық төлеуші ретінде есепке қойылғаны туралы куәлік беруге міндетті, онда:

1) тұлғаның атауы және оның деректемелері;

2) осы Кодекстің 521-бабына сәйкес салық төлеушіге берілетін салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) осы Кодекстің 212-бабының 5-тармағына сәйкес тұлға қосылған құнға салынатын салық төлеуші болған күн көрсетіледі.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкасы қатаң есеп бланкасы болып табылады және салық төлеушіге ақшаны өндіріп алмастан беріледі.

Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қою туралы куәліктің нысаны мен оны беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекске сәйкес белгілейді.

2. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қойылғаны жөніндегі куәлік қосылған құнға салынатын салық төлеушіде сақталады. Қосылған құнға салынатын

салық бойынша есептен шығарылған жағдайда куәлік салық органына қайтарылуға тиіс

214-бап. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есептен шығару

1. Қосылған құнға салынатын салық төлеуші, егер соңғы он екі айлық кезеңде салық салынатын айналым мөлшері ең аз салынатын айналым мөлшерінен асып кетпесе, тіркелген жеріндегі салық органына оны қосылған құнға салынатын салық бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге құқылы.

Мұндай құқықты қосылған құнға салынатын салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке қойылған кезден бастап кем дегенде екі жыл өткеннен кейін пайдалана алады.

2. Егер қосылған құнға салынатын салық төлеуші болып табылатын тұлға салық салынатын айналымдарға байланысты қызметін тоқтатқан жағдайда, осындай тұлға осы қызметін тоқтатқан салық кезеңінен кейінгі алты айдың аяқталуынан кешіктірмей оны қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге міндетті.

Салық органы қосымша құн салығын төлеуші болып табылатын әрекетсіз заңды тұлға тапқан жағдайда, қосымша құн салығы бойынша есептен шығаруды уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіпте салық органы жүргізеді.

3. Қосымша құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлға таратылған жағдайда, Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен алып тастау күнінен бастап қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылуға жатады.

4. Тұлғадан қосылған құн салығы бойынша оны есептен шығару туралы өтініш берген кезеңнен кейінгі салық кезеңінің бірінші күнінен бастап қосылған құнға салынатын салық төлеуші болуын тоқтатады.

5. Қосылған құнға салынатын салық бойынша есептен шығару кезінде осы Кодекстің 241-бабына сәйкес қосылған құн салығы есептемеге жатқызылған оның қалдық тауарлары (соның ішінде негізгі қаржы), бюджетпен өзара есеп айырысу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қарастырылады.

34-ТАРАУ. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН АЙНАЛЫМ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ИМПОРТ

215-бап. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату жөніндегі айналым

1. Тауарға қатысты сату бойынша айналым мынаны білдіреді:

1) тауарға, оның ішінде меншік құқығын беру мынаны білдіреді:

тауарды сатуды;

тауарды тиеп-түсіруді, оның ішінде басқа тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерді алмастыратын;

тауарлар экспортын;

төлемдерді кешіктіріп төлеу, оның ішінде негізгі қаржылық лизингке берумен

тауарды

тиеп-түсіруді;

тауарды қайтарымсыз беруді;

жарғылық капитал жарнасын;

жұмыс берушінің жалданбалы қызметкерге жалақысы есебінен тауарлар беруді;

2) комиссия шарттары бойынша тауарды тиеп-түсіруді;

3) кепіл берушінің қарызды қайтармаған жағдайында кепіл ұстаушының кепіл мүлкін (тауарын) беру;

4) кәсіпкерлік қызмет мақсатында алынған тауарларды кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ шаралар өткізу үшін, сондай-ақ қосылған құн салығын төлеушінің не оның жалдамалы қызметкерлерінің, қатысушылардың немесе басқа да тұлғалардың пайдалануы;

5) осы Кодекстің 212-бабының 6-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеушілер болып табылатын бір заңды тұлғаның басқа құрылымдық бөлімшеге екінші құрылымдық бөлімшенің тауарын тиеп-түсіруі.

2. Жұмыстарды, қызмет көрсетуді іске асыру бойынша айналым кез-келген қызмет көрсетуді немесе жұмыстарды орындауды, соның ішінде қайтарымсыз, сондай-ақ шектемеуді қоса тауарды сатудан бөлек сыйақы үшін кез-келген қызметті білдіреді:

1) мүліктерді уақытша иеленуге және мүліктік жал (жалдау) шартымен пайдалануға беруді;

2) интеллектуалдық меншік объектілеріне құқық беруді, соның ішінде жарғылық капиталға үлес ретінде берілетіндері;

3) жұмыс берушінің жалданбалы қызметкерге жалақы есебінен жұмысты орындауы, қызмет көрсетуі;

4) осы Кодекстің 212-бабының 6-тармағына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеушілер болып табылатын бір заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелер арасындағы жұмыстарды орындауы, қызмет көрсетуі.

3. Мыналар сату бойынша айналым болып табылмайды:

1) Жарнамалық мақсаттағы құны 1 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын тауарды беру немесе сыйлау;

2) өтінімшінің мердігерге алыс-беріс тауарларын дайындау және (немесе) құрастыру, және (немесе) жөндеу үшін соңғысына дайын өнімді тиеп-түсіруі. Аталған тауарлар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде дайындалған және (немесе) құрастырылған, және (немесе) жөнделген жағдайда, егер оларды әкету Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес "Тауарларды кеден аумағынан тыс жерлерде ұқсату" режимімен жүзеге асырылса, аталған тауарларды жіберу өткізім бойынша айналым болып табылмайды. Ұқсату режимі экспорт режиміне өзгертілген кезде, ертеректе әкетілген алыс-беріс тауарлары немесе оларды ұқсату өнімдері өткізім бойынша айналым болып табылады;

3) қайтарылатын ыдысты тиеп-түсіру. Құны онымен жөнелтілетін өнімдерді өткізу

құнына кіргізілмейтін және осы өнімдерді жеткізу жөніндегі шартта (келісім-шартта) белгіленген жағдайда және мерзімде, бірақ ұзақтығы 3 айдан артық емес мерзімде жеткізушіге қайтарылуға тиіс ыдыс қайтарылатын ыдыс болып табылады. Егер ыдыс белгіленген мерзімде қайтарылмаса, мұндай ыдыс өткізу бойынша айналымға қ о с ы л а д ы ;

4) т а у а р д ы қ а й т а р у ;

5) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес "Тауарларды уақытша әкету" кеден режимінде рәсімделген осындай алып кету шарттарда белгіленген жағдайлар мен мерзімдерде кері әкелуге жататын көрмелер, басқа да мәдени және спорт шараларын өткізу үшін Қазақстан Республикасынан тыс әкетілген тауарлар.

216-бап. Салық салынатын айналымның айқындамасы

1. Мынадай айналымдардан басқа қосылған, құн салығын төлеуші жасайтын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдар салық салынатын айналым болып табылады:

1) осы Кодекске сәйкес босатылған;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жүзеге асырылатын;

2. Қазақстан Республикасындағы қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместерден жұмыстар, қызмет көрсету алынған жағдайда аталған жұмыстар, қызмет көрсетулер егер осындай жұмыстарды, қызмет көрсетуді іске асырудың орны Қазақстан Республикасы болса осы Кодекстің 225-бабында белгіленген тәртіпте алушының салық салынатын айналымына енгізіледі.

217-бап. Салық салынатын импорт

1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе әкелінген Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес декларациялануға тиісті тауарлар, (осы Кодекстің 240-бабына сәйкес қосылған құнға салынатын салықтан босатылғандарды қоспағанда) салық салынатын импорт болып табылады.

2. Импорт Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден жүзеге асырылғанда салық салынатын импорт мынадай шарттардың біріне жауап беретін т а у а р л а р ғ а қ а т ы с т ы :

1) тауарлар шығарылған ел Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы м е м л е к е т б о л м а с а ;

2) экспорт елінде қосылған құнға салынатын салық ставкасы Қазақстан Республикасында осындай тауарлар үшін көзделген салық ставкасынан төмен б е л г і л е н г е н т а у а р л а р ;

3) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының халықаралық шарттар жасасылған қатысушы мемлекеттерінен әкелінген, тауарлар импорты кезінде қосылған құнға салынатын салық алу көзделетін тауарлар тауарлар импортын білдіреді.

3. Осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының мақсаттары үшін тауарлардың шығу елі Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

218-бап. Тапсырма шарты бойынша жүзеге асырылатындарды сату жөніндегі айналымдар

1. Сенім білдірілген адамның сенім білдірушінің атынан және соның есебінен тауарларды тиеп-түсіруі, жұмыстардың орындалуы немесе қызмет көрсетуі сенім білдірілген адамның өткізім бойынша айналымы болып табылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

- 1) сенім білдірілген адамның сенім білдірушіге орындалатын (көрсетілетін) жұмысқа (қызмет көрсетуіне);
- 2) Қазақстан Республикасында қосылған құнға салынған салық төлеуші болып табылмайтын сенім білдірушіден алынған тауарларға қатысты қолданылмайды. Мұндай жағдайда тауарларды тиеп-түсіру сенім білдірілген адамның өткізім бойынша айналымы болып табылады.

219-бап. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату орны

1. Мына жерлер тауарлар сатылатын жер болып танылады.

- 1) Егер тауарды жеткізуші, алушы немесе үшінші тұлға жеткізетін (жіберілетін) болса, тауарды тасымалдаудың басталатын;
- 2) басқа жағдайларда тауарды алушыға беретін жер.

2. Мыналар жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу орны болып танылады:

- 1) жылжымайтын мүлік орналасқан жер, егер жұмыстар, көрсетілетін қызмет осы мүлікпен тікелей байланысты болса;
- 2) іс жүзінде жұмысты іске асыратын, қызмет көрсетілетін жер, егер олар жылжымалы мүлікпен байланысты болса;
- 3) егер осындай қызмет көрсетулер мәдениет, өнер, білім, дене тәрбиесі немесе спорт салаларындағы қызмет көрсетулерге қатысты нақты қызмет көрсету;
- 4) сатып алушының жұмыс, қызмет көрсетудегі кәсіпкерлік немесе кез-келген басқа да қызметі. Бұл ереже мынадай жұмысқа, қызмет көрсетуге қатысты қолданылады:
санаткерлік меншік объектілерін пайдалануға құқық беру жөніндегі;
консультациялық, аудиторлық, инжинирингтік, заң, бухгалтерлік, адвокаттық, жарнамалық қызмет, сондай-ақ ақпараттарды өңдеу жөніндегі қызметке;
қызметкерді ұсыну жөніндегі;
жылжитын мүлікті жалға беру жөніндегі (көлік ұйымдарының көлік құралдарынан б а с қ а) ;
тауарларды сатып алу, қызмет көрсету жөніндегі агенттің, сондай осы тармақпен көзделген қызметті жүзеге асыру үшін шартқа (келісім-шартқа) басты қатысушының а т ы н а н т а р т ы л а т ы н а д а м ғ а ;
б а й л а н ы с қ а ;

туризмді ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсетулерге қатысты қолданылады.

- 5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделмеген жұмыс, қызмет көрсету жағдайында жұмыстарды орындайтын тұлғаның кәсіпкерлік немесе кез-келген басқа да

қызметін жүзеге асыру.

3. Егер басқа негізгі тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізуге қатынас бойынша жұмыстар, қызмет көрсетулер көмекші сипатта болса осындай көмекші орны негізгі тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізудің орны деп танылады.

4. Осы баптың 2-тармағындағы 4-тармақшаның мақсаты үшін егер жұмыс, қызмет көрсетуді алушының кәсіпкерлік немесе кез-келген басқа да қызметтің бір орны болған жағдайда оларды өткізу орны деп осындай жұмыстар, қызмет көрсетулер пайдаланылған орын саналады.

5. Осы баптың 2-тармағын қолдану кезінде бір тармақшадан астамда көрсетілген жұмысты орындаудың немесе қызмет көрсетудің орны осы тармақшалардың тәртібі бойынша біріншісімен айқындалады.

220-бап. Сату бойынша айналысты аяқтау күні

1. Егер осы баптың 2-тармағымен басқалары көзделмесе, тауарларды тиіп жіберген күн тауарларды сату жөніндегі айналым жасалған күн болып табылады.

Егер тауарды тиіп жіберу жүзеге асырылмаған жағдайда, онда алушыға тауар меншігінің құқығын берген күн сату бойынша айналым жасалған күн болып табылады.

2. Кепіл алушы кепіл берушіге тауар берген кезде кепіл алушы бұл мүлікті (тауарды) өндіріп алуға жүгінген күн сату бойынша айналым жасалған күн болып табылады.

215-баптың 1-тармағы 4) тармақшасында аталған жағдайлардағы тауарларды пайдалану кезінде тауарларды осындай пайдалануға беру күні сату бойынша пайдалану күні болып табылады.

214-баптың 5-тармағында аталған жағдайларда, сату бойынша айналымды жасау күні болып салық төлеуші қосылған құнға соңғы салық кезеңіндегі күнде есептен шығару туралы өтініш берген күн танылады.

3. Жұмысты, қызмет көрсетуді іске асыру бойынша салық салынатын айналымды жасау күні төменде аталған қағидалардың бірі орындалғанда басталады:

1) жұмысқа, қызмет көрсетуге қосылған құнға салынатын салықпен қоса
ш о т - ф а к т у р а ж а з ы л ғ а н д а ;

2) жұмыс орындалғанда, қызмет көрсетілгенде.

4. Егер жұмыс, қызмет көрсету тұрақты (үзіліссіз) негізде көрсетілсе, онда сату бойынша салық салынатын айналымы жасау күні мыналардың біреуі туындайтын күні б а с т а л а д ы :

1) қосылған күнға салынатын салықпен қоса шот-фактура толтырылған күн;

2) әрбір төлемді алу күні (есеп нысанына қарамастан).

5. Қызметкерлерге жалақы есебінен тауар беру жұмысты орындау қызметтер көрсету жағдайында сату бойынша айналымды жасау күні болып қызметкерлерге тауарларды беру, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету күні саналады.

6. Қазақстан Республикасындағы қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын резиденттен жұмысты, қызмет көрсетуді алған жағдайда айналымды жасау күні болып аталған жұмысты, қызмет көрсетуді алу күні саналады.

35-ТАРАУ. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН АЙНАЛЫМ МЕН САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ИМПОРТ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ

221-бап. Салық салынатын айналым мөлшері

1. Егер осы баппен және осы Кодекстің 76-бабының 3-тармағымен өзгелері көзделмесе, салық салынатын айналым мөлшері оларға қосылған құнға салынатын салық енгізілмеген бағалар мен тарифтерді қолдануға орай, сатылатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер құны негізінде айқындалады.

2. Тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер алмасу кезінде, салық салынатын айналым мөлшері оларға қосылған құнға салынатын салық енгізілмеген, алайда іс жүзінде жұмсалған шығыннан және айналымды жасау күнінде салық төлеушіде қалыптасқан рентабельділік нормасынан кем болмайтын, сату бойынша айналымды жасау күнінде қалыптасқан бағалар деңгейіне орай анықталады.

Сатылған өнімдердің Қазақстан Республикасының заңдарына және бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалатын өзіндік құны іс жүзінде қалыптасқан шығын құны болып табылады.

3. Тауарлар қайтарымыз берілген кезде, сондай-ақ осы Кодекстің 214-бабының 5-тармағымен көзделген ретте, салық салынатын айналым мөлшері оларға қосылған құнға салынатын салық енгізілмеген, алайда іс жүзінде жұмсалған шығыннан кем болмайтын, өткізу бойынша айналымды жасау қалыптасқан күніндегі бағалар деңгейіне орай анықталады.

Аталған тауарларды өткізу күніне бухгалтерлік есепте көрсетілген тауарлардың құны осы тармақтың мақсаттары үшін баланс құны болып табылады.

4. Кепіл беруші кепілді мүліктерді (тауарларды) кепіл ұстаушының иелігіне берген кезде кепіл берушіде салық салынатын айналым мөлшері осы мүлікті (тауарларды) кепілге беруден алынған қарыз қаражаттың сомасы ескеріле отырып қарызға алған қаражаты мөлшеріне орай айқындалады.

5. Тауарларды төлемдерді кешіктіріп төлеу жағдайында өткізген кезде салық салынатын айналым мөлшері, осы баптың 1-тармағына сәйкес шартта көзделген жағдайларда көзделген төлемдердің барлығы ескеріліп айқындалады.

6. Үшінші тұлға үшін төлеуге байланысты қызмет көрсетулер кезінде, салық салынатын айналымның көлеміне комиссияндық сыйақы қосылады.

7. Салық салынатын айналым мөлшеріне акцизделген тауарлар мен қызмет түрлері бойынша акциз сомасы енгізіледі.

8. Осы Кодекстің 241-бабына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есептеме

көзделмеген тауарларды сату кезінде салық салынатын айналым мөлшері осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалатын сату құны мен баланс құны арасындағы оң айырмашылық түрінде айқындалады.

222-бап. Салық салынатын айналым мөлшерін түзету

1. Сатылған тауарлардың, көрсетілген қызметтердің құны қайсы бір жаққа қарай өзгертілген кезде, салық салынатын айналым мөлшері де тиісінше түзетіледі.

2. Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшері мынадай жағдайларда:

- 1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;
- 2) мәміленің сипаты өзгерген;
- 3) сатылған тауар, көрсетілген қызмет үшін баға, өтемақы өзгерген;
- 4) осындай төлемдерді шетел валютасында алған жағдайларды есептемегенде, тауарлар, жұмыстар, қызметтер берілгені үшін төлем алу сәтінде түзетіледі.

3. Егер осы Кодекстің 249-бабында өзгеше көзделмесе өткізу бойынша айналымды түзету осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттар негізінде жүргізіледі.

223-бап. Күмәнді талаптар бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету

1. Егер сатылған тауарлар, көрсетілген қызметтер үшін ақының бір бөлігі немесе бүкіл мөлшерін төлеу талабы күдік тудырса, қосылған құнға салық төлеуші мынадай жағдайда:

1) күмәнді талаптың туындауына байланысты қосылған құнға салынған салық ескерілген салық кезеңі аяқталғаннан кейін үш жылдың өтуі бойынша;

2) банкрот деп танылған дебиторды мемлекеттік Тізілімнен шығару туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде қосылған құнға салынатын салық төлеушінің бюджетке төлеуге жатқызылған, қосылған құнға салынатын салық сомасын азайтуға құқығы бар.

2. Сатылған тауарларға, көрсетілген қызметтерге ақы алынған жағдайда, қосылған құнға салынған салық төлеуші осы баптың 1-тармағымен оған берілген құқығын пайдаланғаннан кейін салық салынатын айналым мөлшері ақы алынған сол салық кезеңінде аталған ақының құнына көбейтуге жатады.

3. Осы бапқа сәйкес салық салынатын айналым көлемін түзету, осы Кодекстің 103-бабында көзделген жағдайлар сақталған кезде жүргізіледі.

224-бап. Салық салынатын импорт мөлшері

Салық салынатын импорт мөлшеріне Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленетін, импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес осы тауарлар бойынша төленуге тиіс қосылған құнға салынған салықта қоспағанда, Қазақстан Республикасына тауарлар импорты кезінде төлеуге жатқызылған алымдар, баждар, салықтар сомасы енгізіледі.

225-бап. Қазақстан Республикасындағы қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместерден жұмыстарды, қызметтерді алу кезінде салық салынатын айналым

1. Қазақстан Республикасындағы қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын резидент еместер берген жұмыстар, қызмет көрсетулер Қазақстан Республикасында өткізу орны болып табылатын жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушы Қазақстан Республикасының салық төлеушілері болып табылады және осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығымен салық салуға жатады.

2. Жұмыстарды, қызметтерді алушының салық салынатын айналымының мөлшері осы баптың мақсаты үшін, оның қазақстандық көздерден түсіретін табысын төлеу көздерінен ұсталуға тиіс салық сомасының есебімен осы баптың 1-тармағында аталған резидент емеске төленуге тиіс сомаға орай айқындалады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасы осы Кодекстің 251-бабының 1-тармағымен көзделген ставканы салық салынатын айналым мөлшеріне қолдану жолымен айқындалады. Егер алынған жұмыстар, қызметтер үшін төленетін төлем шетел валютасымен жүргізілген жағдайда, салық салынатын айналым, айналым жасалған күні белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің бағамы бойынша теңгемен есептеледі.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген қосымша құн шығынның сомасы, осы Кодекстің 253-бабымен белгіленген қосылған құнға салынатын салық бойынша декларация табыс етілген мерзімнен кешіктірілмей төленеді.

5. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығын төлеуді растайтын төлем құжаты осы Кодекстің 241-бабына сәйкес салық сомасын шегерімге жатқызуға құқық береді.

6. Осы баптың 1-тармағының ережелері, егер:

1) жұмыспен, қызметпен жабдықтаушы Қазақстан Республикасына тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер экспорты кезінде қосылған құнға салынатын салықты қолданатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер резиденті болса ;

2) берілген жұмыстар, көрсетілген қызметтер осы Кодекстің 230-бабында аталған қызметтер болса ;

3) қызмет көрсетілетіндер банктер болса қолданылмайды.

36-ТАРАУ. НӨЛДІК СТАВКА БОЙЫНША САЛЫҚ САЛЫНАТЫН АЙНАЛЫМДАР

226-бап. Тауарлар экспорты

1. Экспортқа тауарларды өткізу бойынша айналымға осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды есептемегенде, нөлдік ставка бойынша салық салынады .

Кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар

әкету тауарлар экспорт болып табылады.

2. Қазақстан Республикасына экспорттау кезінде қосылған құнға салынған салық алынған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге тауарлар, қызметтер экспортына осы баптың 1-тармағында көзделген ережелер қолданылмайды.

3. Осы Кодекстің 227-бабына сәйкес экспортқа тауарларды өткізу бойынша айналым расталмаған жағдайда мұндай айналым осы Кодекстің 251-бабының 1-тармағында көрсетілген салық ставкасы бойынша қосылған құн салығын салуға жатады.

227-бап. Тауарлар экспортын растау

1 . М ы н а л а р :

1) экспортталатын тауарларды жеткізу шарты (келісім-шарты);

2) тауар шығаруды экспорт режимінде жүзеге асырған кеден органының және қызмет аймағында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан сырт жерлерден әкелінген тауарлар өткізілетін жіберу пункті бар кеден органының белгісі соғылған кедендік жүк декларациясы тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

Құбыр көлігін пайдалану немесе электр беру желісімен не толық емес мерзімдік декларациялау рәсімдерін қолдана отырып, экспорт режимінде тауарларды әкеткен жағдайда, экспортты растауға кедендік рәсімдеуді жүргізген кеден органының белгісі соғылған толық жүк кеден декларациясы қызмет етеді;

3) Қазақстан Республикасының шекаралық кеден органдарының белгісі соғылған, тауарға ілесіп жүретін құжаттардың көшірмесі тауар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

Құбыр көлігін пайдалана отырып немесе электр желісімен экспорт режимінде тауарларды әкеткен жағдайда ілесіп жүретін құжаттардың орнына тауарларды қабылдап алу-беру актісі табыс етіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ экспорт режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген, тауарлардың импорты елінде рәсімделген кеден жүк декларациясының көшірмесі. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдер тауарлар экспортын растайтын құжаттар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан бұдан бұрын тысқары әкетілген тауарларды одан әрі экспорттау жүзеге асырылған жағдайда кеден аумағынан тыс ұқсату режимінде, немесе оларды ұқсату өнімдерінің экспортын растау осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес, сондай-ақ мынадай құжаттардың негізінде:

1) оған сәйкес экспорт режимі ұқсату режиміне өзгерту жүргізілген кеден жүк декларациясы ;

2) аумағында тауарларды ұқсату жүзеге асырылатын мемлекеттің заңдарына сәйкес ондай лицензия рұқсат міндетті болса, тауарларды ұқсатуға лицензия рұқсат;

3) ұқсатылған мемлекеттің аумағынан тауарлар мен өнімдер немесе олардың

ұқсатылған өнімдерінің экспорты режимінде ресімделген және осындай режимді жүзеге асырған кеден органы куәландырған кеден жүк декларациясының көшірмесі.

Экспорт режимінде ресімделген кеден декларациясында алыс-беріс шикізатын ұқсатуға әкелу кезінде ресімделген кеден декларациясының нөмірі көрсетілуі тиіс.

228-бап. Халықаралық тасымалдауға байланысты жұмыстарға, қызметтерге салық салу

1. Халықаралық тасымалдармен байланысты жұмыстар, қызмет көрсетулерге салық салу осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайлардан басқа нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығымен салық салынады.

2. Осы баптың мақсаты үшін халықаралық тасымалдауға байланысты жұмыстарға, қызмет көрсетулерге мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын тауарларды жіберуге, түсіруге, қайта тиеуге, тасымалдауға жұмыстар, қызмет көрсетулер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүретін тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жүкті, жолаушыларды, почтаны тасымалдаумен байланысты жұмыстар, қызмет көрсетулер;

3) халықаралық рейстерге техникалық, коммерциялық, аэронавигациялық, әуежайлық қызмет көрсету жатады.

3. Мынадай шарттарды сақтаған кезде осы баптың 2-тармағындағы 1-тармақшада көрсетілген жұмыстар, қызмет көрсету жағдайында нөлдік ставка қолданылады:

1) экспортталатын тауарларды жеткізушілермен тікелей жасалынған қызмет көрсетуге, жұмыстарды орындауға шарттың (келісім-шарттың) бар болуы;

2) тасуды бірыңғай халықаралық тасу құжаттарымен рәсімдеу, ал тұрба жүргізу көлігімен тауарлардың экспорты жағдайында - жеткізілім орнына дейін қабылдау тапсыру пунктіне экспортталатын тауарларды беруді қабылдау актісі;

3) транзит жүктерін тасымалдайтын жағдайда - транзит режимінде ресімделген, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлардың кеден декларацияларының жүктері.

4. Мынадай шарттарды сақтаған кезде осы баптың 2-тармағы 2 және 3-тармақшаларында көрсетілген жұмыстар, қызмет көрсету жағдайында нөлдік ставка қолданылады:

1) аталған жұмыстардың, қызмет көрсетулердің алушымен (тапсырыс берушімен) тікелей жасалған жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге шарттың (келісім-шарттың) бар болуы;

2) Бірыңғай халықаралық тасу құжаттарын ресімдеу.

5. Халықаралық тасымалдарға, сондай-ақ тауарлар, қызметтер экспортына қосылған құнға салынатын салықты нөлдік ставка бойынша салуды көздейтін, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттар жасаспаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге (қатысушы мемлекеттерден) халықаралық тасымалдауға

байланысты жүзеге асырылатын қызметтерге осы Кодекстің 251-бабының 1-тармағында көзделген ставка бойынша салық салынады.

229-бап. Тазартылған бағалы металдарға - алтын мен платинаға салық салу

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тазартылған бағалы металдарды - алтын мен платинаны - өткізуге нөлдік ставка бойынша салық салынады.

37-ТАРАУ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНАН БОСАТЫЛҒАН АЙНАЛЫМДАР ЖӘНЕ ИМПОРТ

230-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған айналымдар

Мынадай тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулер өткізу бойынша қосылған құн салығынан мыналар босатылады:

- 1) почта маркалары (коллекциялықтан басқа);
- 2) акциздік алым маркалары;
- 3) уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын мемлекеттік баж алынуымен байланысты қызметтер;
- 4) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде көрсетілетін қызметтер;
- 5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер;
- 6) мемлекеттік меншікті жекешелендіру;
- 7) мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік мекемелері жүзеге асыратын негізгі қаржыларды, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік мекемелерінің тегін негізде беруі;
- 8) жарғылық капиталға жарналар;
- 9) жерлеу бюросының ритуалдық қызмет көрсетулері, бейіттер мен крематорийлердің қызмет көрсетулері;
- 10) осы Кодекстің 231-239 баптарында көрсетілген өткізу бойынша айналымдар.

231-бап. Жерге және тұрғын үйлерге байланысты айналымдар

1. Тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарды (ғимараттардың бөлігін) сату және (немесе) осындай ғимараттарды (ғимараттардың бөлігін) жалдау, соның ішінде қосалқы жалгерлік:

- 1) салынған тұрғын үй мақсатындағы ғимараттардың (ғимараттардың бөлігін) бірінші рет өткізілуін;
- 2) қонақ үйлік қызмет көрсету мақсатында пайдаланылатын ғимараттарды (ғимараттардың бөлігін) сату немесе жалдау;
- 3) қонақ үйде тұрғаны бойынша көрсетілген қызметтерді қоспағанда, қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

Егер аталған ғимарат қайта жаңғыртылғаннан кейін тұрғын үй мақсатында

пайдаланылатын болса, тұрғын үй мақсатында салынған ғимаратқа осындай ғимараттың алғашқы құнынан 50 проценттен кем емес құн құрайтын, қайта жаңғыртуға (жөндеуге) ұшыраған ғимараттар кіреді.

2. Жер учаскесін пайдалануға және жеке меншікке беру жер учаскесін жалға, оның ішінде қосалқы жалгерлікке беру, жер учаскесін автомобильдерді немесе өзге де көлік құралдарын аялдамаға қою және сақтау үшін беру ақысын қоспағанда, қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

232-бап. Қаржылық қызмет көрсету

1. Қаржылық қызмет бойынша айналымдар, егер осы қызметтер баптың 2-тармағымен көзделсе, қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

2. Қосылған құн салығынан босатылатын қаржылық қызметке:

1) мынадай банк операциялары:

депозиттерді қабылдау, заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарын ашуы және жүргізуі;

банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асырушы банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуы және жүргізуі;

осы тұлғаға жататын тазартылған құнды металдардың физикалық саны көрсетілетін заңды және жеке тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;

ақша аудару операциялары: ақшаны аудару бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырыстарын орындау;

қарыз беру операциялары: төлемдік, жеделдік және қайтарымдық жағдайында ақшалай нысанда несиелерді беру;

жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде банк шоттары бойынша банк корреспонденттердің тапсырысы бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру;

сенімгерлік (траст) операциялары: сенім берушінің мүддесіне және тапсырысы бойынша тазартылған құнды металдар мен бағалы қағаздармен ақшаларды басқару;

клирингтік операциялар: төлемдердің жинау, салыстыра тексеру, сұрыптау және нақтылау, сондай-ақ олардың есеп айырысуын жүргізу және клирингке қатысушылардың таза позицияларын айқындау;

ломбард операциялары: депондалатын тез сатылатын бағалы қағаздар мен жылжымалы мүліктің кепілі бойынша қысқа мерзімді несиелерді беру;

шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;

төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау;

ақшалай нысанда орындауды көздейтін кепілдерді беру;

тіркелімдерді ашу (шығарып қою) мен растау және олар бойынша міндеттемелерді орындау;

қолма-қол ақшаларды қабылдау және беру;

2) бағалы қағаздармен операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензиялар негізінде бағалы қағаздар рыногына кәсіби

қатысушыларға қызмет көрсету және құнды қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру бойынша операцияларды ұйымдастыру жатады.

3) сақтандыру (қайта сақтандыру), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу және орындау жөніндегі делдалдық (агенттік) қызмет көрсету жөніндегі операциялар;

4) чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен операциялар;

5) зейнеткерлік активтерді басқару жөнінде қызмет көрсетулер;

1) зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі, зейнеткерлік активтерден алынған инвестициялық табысты бөлу мен аудару жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері;

7) жарғылық капиталда қатысу үлесін сату жатады.

233-бап. Қаржы лизингісіне берілген мүлік

1. Мүлікті қаржы лизингісіне беру, егер:

1) мұндай беру осы Кодекстің 81-бабында белгіленген талаптарға сай келсе;

2) лизинг алушы мүлікті негізгі қаражат ретінде алса, қосылған құн салығынан босатылады.

2. Негізгі қаражатты лизингке берген кезде өткізім айналымының құнына лизинг шартында көрсетілген негізгі қаражаттың құны, сондай-ақ лизинг берушінің сыйақысы (мүддесі) кіреді.

234-бап. Коммерциялық емес ұйымдар көрсететін қызметтер

Осы Кодекстің 127-бабының 1-тармағында көрсетілген коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын қызмет бойынша айналымдар, егер олар:

1) балаларды, жасы ұлғайғандарды және мүгедектерді қорғау және әлеуметтік қамту жөніндегі қызмет көрсетумен;

2) діни ұйымдармен әдет-ғұрыптар және діни қажеттіліктегі заттарды, салтанаттар өткізумен байланысты болса, қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

235-бап. Мүгедектер ұйымдары жүзеге асыратын өткізу бойынша айналымдар

1. Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдары өткізген тауарлар мен қызмет көрсетулер, егер мұндай ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

1) мұндай өндірістік ұйымдардың қызметкерлерінің саны қызметкерлердің жалпы санының кем дегенде 60 процентін құраса;

2) мүгедектердің айлық еңбек ақысының қоры жалпы айлық еңбек ақы қорының кем дегенде 60 процентін құраса.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген қосылған құнға салынған салықтан босату тауарлар өткізу, сауда-саттық-делдалдық қызметтен тауарлар сату, қызмет көрсетулер бойынша айналымдарға және акцизделген тауарлар оны өндіру мен өткізу бойынша айналымдарға қатысты қолданылмайды.

236-бап. Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары

1. Коммерциялық өндіруді жүзеге асырғанға дейін жүзеге асырылатын геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру қызметтері бойынша айналымдар қосылған құнға салынған салықтан босатылады.

Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстары деп көмірсутекті және минералдық шикізат кен орындарын іздігіруді, бақылауды; бағалау мен әзірлеуге дайындауды қамтамасыз ететін, өзара байланыста, белгілі бір сабақтастықта қолданылатын қызмет көрсетулер жиынтығы ұғылады.

2. Геологиялық барлау және геологиялық-іздігіру жұмыстарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкімет бекітеді.

237-бап. Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет

1. Мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызмет көрсетулер, егер олар:

- 1) ойын-сауық-эстрада қойылымдарын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуден басқа театр қызметін жүзеге асыру жөніндегі қызмет көрсетулер;
- 2) мемлекеттік тапсырыс шегінде жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- 3) мектеп жасына дейінгі балалар, мектептен тыс, арнаулы орта, бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғары кәсіби және жоғары білім беруден кейінгі кәсіби салаларында білім беру қызметін жүзеге асыру жөніндегі айналымдар;
- 4) кітапхана қызметін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру жөніндегі айналымдар қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

238-бап. Медициналық және мал дәрігерлік қызмет көрсетуге байланысты тауарлар мен қызметтер

1. Медициналық қызмет көрсетумен байланысты тауарлар сату, қызмет көрсету жөніндегі айналымдар мынадай:

- 1) кез келген нысандағы дәрілік заттар, сондай-ақ оларды өндіруді құрайтын материалдар өткізілген;
- 2) медициналық (ветеринарлық) мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника, сондай-ақ оларды өндіруді құрайтын материалдар өткізілген;
- 3) косметологиялық қызметті қоспағанда, медициналық (ветеринарлық) қызмет көрсетілген жағдайда қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар мен қызмет көрсетулердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

239-бап. Кәсіпорындарды сату

1. Бір қосылған құн салығын төлеушінің екінші қосылған құн салығын салық төлеушіге кәсіпорынды немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істеп тұрған бөлігін сатуы:

- 1) олардың қалыптастыру көздерін және (немесе) олар бойынша міндеттемелерін

берілетін активтерін көрсете отырып кәсіпорынның тарату балансы мен (немесе) бөлу және беру балансы негізінде;

2) айналым жасалғаннан кейінгі 10 күннен кешіктірмей тиісті салық органдарына ұсынылған, осы тармақпен көзделген қосылған құн салығынан босатуды қолдану туралы операцияға екі жақтың да қатысушылары қол қойған өтініш негізінде қосылған құнға салынатын салықтан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері келісім-шартпен жер қойнауын пайдалану құқығын қайта берген кезде де қолданылады.

240-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын импорт

Қосылған құнға салынатын салықтан мынадай тауарлар импорты:

1) ұлттық валюталар, шет ел валюталары (нумизматикалық мақсатта пайдаланылатынынан басқа), сондай-ақ құнды қағаздар импорты;

2) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, тауарларды бажсыз әкелу нормасы бойынша тауарлар импорты;

3) акцизделген, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінген тауарларды қоспағанда, тауарлар импорты;

4) акцизделген, мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінген тауарларды қоспағанда, техникалық жәрдем көрсетумен бірге тауарлар импорты;

5) шет елдің дипломатиялық және соған теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ солармен бірге тұратын және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес босатылған, олардың отбасы мүшелерін қоса, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінген тауарлар импорты;

6) салық төлемінен босатуды белгілейтін кеден режимдерінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес декларациялануға тиісті тауарлар;

7) дәрілік заттардың, соның ішінде түп негізгі дәрілер, протезді-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (малдәрігерлік) техникаларды қоса алғанда, медициналық мақсаттағы бұйымдар; протезді-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (малдәрігерлік) техникаларды қоса алғанда, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық (малдәрігерлік) техник өндірісі үшін жабдықтаушы заттар мен материалдар импорты;

Осы тармақшада аталған тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8) пошта маркаларын (коллекциялықтан басқа) импорттау.

38-ТАРАУ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША ЕСЕП

241-бап. Есептеуге жатқызылған қосылған құнға салынатын салық

1. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы бюджет жарнасына жатқызылуға тиіс салық сомаларын айқындау кезінде, егер осы тараумен өзгелері көзделмесе, сондай-ақ егер мынадай шарттар орындалса:

1) Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы, Қазақстан Республикасында қосымша құн салығын төлеуші болып табылса;

2) өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің шот-фактурасы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тапсырушымен қойылса;

3) тауарларды импорттаған жағдайда - қосылған құнға салынатын салық бюджетке төленген болса;

4) осы Кодекстің 225-бабымен көзделген жағдайда, қосылған құнға салынатын салық іс жүзінде бюджетке енгізілген болса, алынған тауарлар үшін, негізгі қаражатты және көрсетілген қызметтерді қоса алғанда, төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасына есептеуге құқылы.

2. Мыналар :

1) онда қосылған құнға салынатын салықпен бөлініп көрсетілген шот-фактура бойынша жеткізуші төлеуге тиіс салық сомасы;

2) Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес ресімделген жүк кеден декларациясында көрсетілген және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген және кеден режимінің ережелеріне сәйкес қайтарылуға жатпайтын салық сомасы ;

3) осы Кодекстің 225-бабына сәйкес қосылған құнға салынатын салықтың төленгені растайтын төлем құжатында көрсетілген салық сомасы;

4) темір жол және әуе көліктерінде берілетін жол жүру билеттерінде көрсетілген салық сомасы ;

5) банктер арқылы жүргізілетін, коммуналдық қызметке жабдықтаушылар қолданатын есептесу құжаттарында көрсетілген салық сомасы;

6) (осы Кодекстің 217-бабының 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мемлекеттерді қоспағанда), қосымша құн салығы шот-фактурада жеке жолмен бөліп көрсетілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілер төлеуге тиіс салық сомасы. Қосылған құнға салынатын салық сомасы есептеуге және Қазақстан Республикасында осындай тауарларды өткізген, қызмет көрсеткен кезде қолданылатын ставка мөлшерінен аспайтын салық ставкасының мөлшеріне орай есептелген мөлшерде жатқызылады ;

7) осы Кодекстің 212-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда, ол осы баптың 3-тармағына сәйкес расталған кезде, қосылған құнға салынатын салық сомасы бойынша есепке қойылған күнге жасалған қалдық тауарлардың инвентарлық жазбасында көрсетілген салық сомасы осы баптың 1-тармағына сәйкес жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасы болып табылады.

3. Қосымша құн салығының осы баптың 2 тармағында белгіленген тәртіпте алынған тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің салық кезеңіндегі есепке қатысы жоқ.

Қосылған құн салығы осы Кодекстің 225-бабына сәйкес төленген жағдайда, төленген салық бюджетке нақты салық енгізілген салық кезеңіне жатқызылады.

4. Қосылған құнға салынатын салық төлеушіде салық салынатын және одан босатылған айналымдар болған кезде, қосылған құнға салынатын салық осы Кодекстің 245-бабында көзделген тәртіппен есептеуге жатқызылады.

242-бап. Есептеуге жатқызылмайтын қосылған құн салығы

1. Қосылған құнға салынатын салық, егер:

1) қосылған құнға салынатын салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне жатқызылмайтын шаралар өткізумен байланысты тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер;

2) қонақ үй есебінде пайдаланылатын ғимараттардан басқа, тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарды (ғимараттардың бөлігін);

3) негізгі құрал ретінде сатып алынған жеңіл автомобильдер;

4) жал шартына сәйкес жөндеу шығыстары жалға беруші өтеген және жөндеуді жүзеге асырған жалға алушының салық салынатын айналымы болып табылатын кездегі жағдайлардан басқа, жалға алынған тұрғын үй мақсатындағы ғимараттарды жөндеуге пайдаланылған тауарлар, қызметтер;

5) тегін алынған мүлікті (тауарды, жұмысты, қызмет көрсетуді) алумен байланысты төлеуге жататын қосылған құнға салынатын салық есептелмейді.

243-бап. Есептеуге жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасын түзету

1. Бұрын есептеуге жатқызылған қосылған құнға салынатын салық:

1) салық салынатын айналым мақсатынсыз пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша;

2) негізгі қаражаттарды қоса алғанда, олар бұзылған, жойылып-жоғалған жағдайлардағы (табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде туындаған реттерді қоспағанда) тауарлар бойынша;

3) табиғи монополиялар субъектілері әкелген нормадан тыс шығындар кезінде;

4) осы Кодекстің 248-бабымен белгіленген ережелер сақталмаған жағдайда есептен шығарып тастауға жатқызылады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін, тауар (мүлік) қасиетінің толық немесе ішінара бұзылып, соның нәтижесінде осы тауардың (мүліктің) салық салынатын айналым мақсатында пайдалануға келмейтін тауардың (мүліктің) бұзылуын білдіреді.

Жойылып-жоғалған тауар (мүлік) деп оқиғалар нәтижесінде тауардың (мүліктің) жойылуы және (немесе) жоғалуы ұғынылады. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген табиғи залал нормалары шегінде салық төлеуші тартқан тауар (мүлік) жоғалуы шығыны болып табылмайды.

**244-бап. Күмәнді міндеттеме бойынша есептеуге
жатқызылған қосылған құнға салынатын салық
сомасын түзету**

1. Күмәнді міндеттеме сомасын тауарлар, қызметтер бойынша бұрын есепке алынған табысқа енгізген кезде осы тауарлар, қызметтер бойынша қосылған құнға салынатын салық сомасы ол есепке алынған кезден бастап екі жыл өткен соң шығарылып тасталуға тиіс.

Егер қосылған құнға салынатын салық шығарылып тасталғаннан кейін қосылған құнға салынатын салық төлеуші тауарлар, қызметтер үшін ақы төлесе, осы аталған тауарлар, қызметтер бойынша салық сомасы ақы төленген салық кезеңіне есептеліп қалпына келтірілуге тиіс.

2. Қосылған құн салығын төлеуші - несиегер банкрот деп танылған жағдайда, бұрын есептеу жатқызылған қосылған құнға салынған салық сомаларының есебінен шығарып тастау, банкрот деп танылған қосылған құн салығын төлеуші - несиегерді мемлекеттік Тізілімнен алып тастау туралы әділет органдарының шешімі шығарылған салық кезеңінде жүргізіледі.

3. Күмәнді міндеттемелер ұғымы осы Кодекстің 91-бабына сәйкес айқындалады.

**245-бап. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған
сату жөніндегі айналымдар болған кезде қосылған
құнға салынатын салықты есепке жатқызу тәртібі**

1. Салық салынбайтын мақсаттар үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша және импорт бойынша жеткізуші төлеуге тиіс қосымша құн салығы есепке жатқызылмайды.

2. Салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған кезде салық төлеушінің таңдауы бойынша қосылған құнға салынатын салық қосылған құнға салынатын салық сомасына тепе-теңдік немесе бөлшектеу әдісімен есептеуге жатқызылады.

Қосылған құнға салынатын салық сомасын анықтаудың есепке жатқызуға таңдалып алынған әдісі салық жылы кезінде өзгертілмеуге тиіс.

246-бап. Тепе-теңдік әдісі

1. Қосылған құнға салынатын салықтың тепе-теңдік әдісімен есептеуге жатқызылған сомасы салық салынатын айналымның жалпы айналым сомасындағы үлестік салмағына орай айқындалады.

2. Бағалы қағаздармен жүргізілетін операцияларды жүзеге асыру кезінде осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі алынған өсім сату жөніндегі айналымға қосылады.

247-бап. Бөлшектеу әдісі

1. Есептеуге жатқызылған қосылған құнға салынатын салық сомасын бөлшектеу әдісі бойынша анықтау кезінде қосылған құнға салынатын салық төлеуші салық

салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар, қызметтер үшін көрсетілген қызметтерге тауарлар, қызметтер бойынша алынған қосылған құнға салынатын салық шығындары мен сомасы бойынша бөлшектелген есеп жүргізеді.

2. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асырушы және есептеуге жатқызылатын тепе-теңдік әдісті пайдаланушы банктер мен ұйымдар кепіл мүлкін (тауарды) алумен және сатумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығының сомасын есептеу негізінде бөлшектеу әдісін қолдануға құқығы бар.

39-ТАРАУ. ШОТ-ФАКТУРА

248-бап. Шот-фактура

1. Шот-фактура, осы баптың 6-тармағымен көзделген реттерді қоспағанда, қосылған құнға салынатын барлық салық төлеушілер үшін міндетті құжат болып табылады.

Шот-фактуралар нысанын және оларды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен уәкілетті мемлекеттік орган осы Кодекске сәйкес б е к і т е д і .

2. Қосылған құнға салық салынатын тауарлар өткізуді, қызмет көрсетулерді жүзеге асыратын қосылған құнға салынатын салық төлеуші осы аталған тауарларды, қызметтерді алушыларға, осы баптың 6-тармағымен көзделген реттерді қоспағанда, қосылған құнға салынатын салық көрсетілген шот-фактураны беруге міндетті.

3. Қосылған құнға салынатын салықты есепке жатқызу үшін негіздеме болып табылатын шот-фактурада осы Кодекстің 241-бабына сәйкес:

- 1) шот-фактураның реттік нөмірі мен толтырылған күні;
- 2) тауарларды, қызметтерді жеткізуші мен алушының атауы, мекен-жайы және тіркелген нөмірі, сондай-ақ тауар берушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің нөмірі;
- 3) өткізілетін тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;
- 4) салық салынатын айналым;
- 5) қосылған құнға салынатын салық ставкасы;
- 6) қосылған құнға салынатын салық сомасы;
- 7) қосылған құнға салынатын салық сомасы есептелген тауарлар, қызметтер құны көрсетілуге тиіс.

4. Шот-фактура сату бойынша айналым жасалған күннен кешіктірілмей жазылады және жеткізушінің қолымен және мөрімен куәландырылады.

5. Тауарлар, жұмыстар, қызметтер құны және қосылған құнға салынатын салық сомасы, сыртқы экономикалық келісім-шарттар бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тауарлар өткізу, жұмыстар, қызмет көрсетудің жағдайларын қоспағанда, шот фактурада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

6. Шот-фактураны ресімдеу мынадай жағдайларда:

- 1) көрсетілген коммуналдық қызмет үшін есептескен;
бухгалтерлік есеп жүргізуде негіздемелік қызмет атқаратын алғашқы құжаттарды банктер арқылы халыққа байланыс қызметіне қолдану жүзеге асырылған;
- 2) жолаушыларды тасымалдау жол билеттерімен ресімделген;
- 3) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіпте ресімделген кассалық чекті беру кезінде, бөлшек желіде қолма-қол есеп үшін қызмет көрсету, жұмыстар, тауарлар сатып алған жағдайда талап етілмейді.

249-бап. Салық салынатын айналым түзетілген кезде шот-фактураларды толтыру

1. Егер мәміленің екі тарабы қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын жағдайда, осы Кодекстің 222-бабына сәйкес айналымды түзету жеткізуші жасаған және тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушы растаған түзетуде шот-фактура негізінде жүргізіледі.

2. Түзетуге шот-фактураны жасау нысаны мен тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

40-тарау. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

250-бап. Салық салынатын айналым бойынша төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық

Бюджетке төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық осы Кодекстің 251-бабына сәйкес салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құнға салынатын салық сомасы мен осы Кодекстің 39-тарауына сәйкес есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

251-бап. Қосылған құнға салынатын салық ставкалары

1. Қосылған құнға салынатын салық ставкасы 20 процентке теңестіріледі және осы баптың 2-тармағымен көзделгеннен басқа реттерде салық салынатын айналым мөлшеріне қолданылады.

2. Осы Кодекстің 226-229-баптарында жазылған тауарлар өткізу, қызметтер көрсету жөніндегі айналымдарға қосылған құн салығы нөлдік ставка бойынша салынады.

3. Салық салынатын импорт бойынша қосылған құнға салынатын салық ставкасы, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 224-бабымен белгіленген салық салынатын импорт мөлшерінің 20 процентіне теңестіріледі.

4. Осы Кодекстің 217-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салық ставкалардың айырмашылығы бойынша төленеді.

Ставкалар осы айырмашылық жеткізуші қойған тауарлардың шот-фактурасында көрсетілген қосылған құнға салынатын салық есептелген салық ставкасы мен осы баптың 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында осы тауарлар импорты кезінде қолданылатын салық ставкасы арасында айқындалады.

252-бап. Салық кезеңі

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарымен көзделген реттерді қоспағанда, күнтізбелік бір ай қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджетпен нақты есеп айырысудың салықтық кезеңі болып табылады.

2. Егер бюджетке төленуге тиісті қосылған құнға салынатын салықтың орташа бір айлық сомасы бір тоқсанда 1000 айлық есептік көрсеткіштен төмен соманы құрайтын болса, онда тоқсан салықтық кезең болып табылады.

3. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер үшін аталған арнайы салық режимінің күші таратылатын қызметті жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы жөніндегі салық жылы салық кезеңі болып табылады.

Басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиісті қосымша құн салығы бойынша салық кезеңі осы баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес айқындалады.

253-бап. Салық декларациясы

1. Салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларацияны әрбір салық кезеңінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда табыс етуге міндетті.

2. Егер өзгесі осы Кодекстің 396-бабымен көзделмесе қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларация әрбір салық кезеңі сайын салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей табыс етіледі.

254-бап. Қосылған құнға салынатын салықты төлеу мерзімдері

1. Егер өзгелер осы Кодекстің 397-бабымен көзделмесе, қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша декларациялар ұсыну үшін белгіленген күнге дейін немесе сол күні бюджетке әрбір салық кезеңі үшін салық төлеуге міндетті.

2. Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салық, осы Кодекстің 257-бабында көрсетілген ретте салық төлеуші төлеуге тиіс қосылған құнға салынатын салықты қоспағанда, кеден төлемдерін төлеу үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген күнде төленеді.

3. Салық органдары импортталатын тауарларға қосылған құнға салынатын салықты төлеу жөніндегі мерзімді осы Кодекстің 256-бабымен көзделген тәртіппен кейінге қалдыра тұрады.

255-бап. Қосылған құнға салынатын салық бойынша ағымдық төлемдер

1. Қосылған құнға салынған салық бойынша әр тоқсан үшін 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам орташа бір айлық төлемдері бар қосылған құн салығын төлеуші ағымдағы төлемдерін ағымдағы жылдан бесі күні және жиырма бесі күні төлейді.

Ағымдағы төлемдер мөлшері өткен тоқсан бойынша төленуге тиіс салық сомасының алтыдан бір бөлігін құрайды.

2. Ағымдағы төлемдер бойынша артық төленген сома ағымды төлемнің мерзімі

бойынша келесі төлемдер есебіне есептеледі.

3. Салық бойынша енгізілген ағымдағы төлемдер сомасы төлемдердің салықтық кезеңі үшін декларацияда мәлімделген салық есебінің мөлшері айқындалған кезде есептеледі.

256-бап. Импортталатын тауарлардың қосылған құнға салынатын салығын төлеуді кейінге қалдыру

1. Импортталатын тауарларға қосылған құнға салынатын салық төлеуді мынадай жағдайда, егер:

1) импортталатын тауарлар ұқсатушы өнеркәсіпке немесе құрылыс жүргізуге арналған болса;

2) импортталатын тауарлар су, газ, электр энергиясы болса аумақтық салық органдары кейінге қалдырады.

2. Осы баптың мақсатында, өндіріс процесінде олар одан әрі пайдаланылып, егер ең болмаса төменде аталған шарттардың бірі орындалса:

1) өнеркәсіптік ұқсатудан кейін алынған өнімнің (тауардың) пайдаланылған тауарлардан алғашқы төрт белгісінің деңгейінде сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы коды ерекше болса;

2) өндіру процесінде тауарларға қосымша еңбек жұмсала отырып, химиялық ықпал етілсе тауарларды ұқсатушы өнеркәсіп деп ұғынылады.

3. Осы баптың 1-тармағымен көзделген қосылған құнға салынатын салықты төлеу қосылған құнға салынатын салық төлеушіге үш айдан аспайтын мерзімге өсімақы есептелместен кейінге қалдыруға рұқсат етіледі.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар импорты кезінде қосылған құн салығын төлеу бойынша пұрсат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Қосылған құнға салынатын салықты төлеуді кейінге қалдыруға рұқсат алу үшін салық органына мынадай құжаттар:

1) өтініші;

2) тауар жеткізу шартының (келісім шартының) көшірмесі;

3) импорт кезінде төленуге тиіс, импортталатын тауарлардың құны және қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларация табыс етіледі.

5. Кейінге қалдырылған соманы өтеуді салық органдары үш айлық мерзімнің ішінде өткізілген тауарлар арқылы қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджетпен өзара есеп айырысу әдісімен жүргізеді.

Өтелмеген берешек сомасына көрсетілген үш айлық мерзім өткеннен кейінгі бірінші күннен бастап өсім есептеледі.

6. Өнеркәсіптік ұқсатудан өтпеген тауарлар өткізілген жағдайда қосылған құнға салынатын салық осы Кодекспен белгіленген тәртіпке сәйкес есептеледі.

257-бап. Импортталатын тауарлардың қосылған құнына салынатын салығын есеп айырысу әдісімен төлеу

1. Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын тауарлар импорты бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы белгілейтін жабдықтар, шикізаттар, материалдар және босалқы бөлшектер импортының тізбесі бойынша салынатын салық осы баппен көзделген тәртіппен есеп айырысу әдісімен төленеді.

2. Қосылған құн салығын төлеуші кеден органына қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлар импорты бойынша төленуге тиіс қосылған құн салығын сомалары қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсетілген бойынша міндеттеме табыс е т е д і .

Міндеттеме уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша 2 данада т о л т ы р ы л а д ы .

Міндеттеме негізінде кедендік төлемдер белгіленген тәртіппен төлену жағдайы кезінде тауарларды еркін айналымға шығару қосылған құн салығы нақты төленбестен ал, акцизделген тауарлар - акциздер бойынша жүргізіледі.

3. Міндеттеме көрсетілген қосылған құнға салынатын салық сомасы оны осы Кодекстің 241-бабына сәйкес сонымен бірге есептеуге жатқыза отырып, есептелген салық сомасы ретінде қосылған құнға салынатын салық декларациясында көрініс т а б а д ы .

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды одан әрі пайдалану осы Кодекске сәйкес қосылған құн салығын салуға жатады.

41-ТАРАУ. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША БЮДЖЕТПЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР

258-бап. Есептелуге жатқызылған сома салық кезеңі үшін есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда бюджетпен өзара қатынастар

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе есептеуге жатқызылған салық сомасы салық кезеңі үшін есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда, қосылған құнға салынатын алдағы төлемдер есебіне есептеледі.

2. Егер өзгесі осы баптың 5-тармағымен көзделмесе салық кезеңі үшін есептелген сомадан асып кеткен есептеуге жатқызылған салық сомасы егер мынадай шарттар о р ы н д а л с а :

1) қосылған құнға салынатын салық төлеуші нөлдік ставка бойынша салық салынатын тауарлар өткізуді, жұмысты, қызмет көрсетуді үзіліссіз (тұрақты) жүзеге а с ы р с а ;

2) нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу негізіндегі айналым қайтаруды мәлімдеген айдың алдындағы тоқсан ішінде өткізу жөніндегі жалпы айналымның кем дегенде 70 пайызын құраса, қосылған құнға салынатын салық төлеушіге қайтарылады.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген шарттар орындалмаған жағдайда, көрсетілген сома бұрынғы салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша оның міндеттемелерін ескеріп, нөлдік ставка бойынша салық салынған айналым мақсаты үшін пайдаланылған тауарлар мен қызмет көрсетулер бойынша есептелуге жатқызылған салық сомасы бөлігінде қосылған құнға салынатын салық төлеушіге қ а й т а р ы л а д ы .

4. Осы баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес қайтарылуға тиісті қосылған құн салығының сомаларын айқындау кезінде, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен ашылған, Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің шоттарына шетелдік валютада түскен түсімдер бойынша тауарлардың экспорты е с е п т е л е д і .

5. Егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдары бар қосылған құнға салынатын салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық сомасы қайтару туралы өтінішпен салық органына жүгінбесе, онда осы баптың 2-тармағында көрсетілген асып кеткен сома келесі есептік салық кезеңінен кейінгі салық кезеңіне есептеледі.

6. М ы н а з а ң д ы т ұ л ғ а л а р :

1) шағын бизнес субъектілері;

2) шаруа (фермер) қожалықтары;

3) ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші үшін белгіленген арнайы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушілерге осы баптың 2-тармағында көзделген қосылған құн салығын қайтару жүргізілмейді.

259-бап. Қосылған құнға салынатын салықты қайтару

1. Мыналар бюджеттен қайтарылуға тиіс:

1) осы кодекстің 258-бабы 2 және 3-тармақтарында көрсетілген қосылған құн салығының асып кеткен сомасы;

2) осы Кодекстің 260-бабында көзделген жағдайларда, грант қаражаты есебінен алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жіберушілерге төленген немесе импорттау кезіндегі қосылған құн салығының бюджетке артық төленген сомасы;

3) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы Кодекстің 261-бабында көзделген жағдайларда, олармен бірге тұратын жанұя мүшелерін қоса алғанда осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшіліктік-техникалық персоналдарының жеке пайдалануы үшін арналған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жеткізушіге дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері төлеген қосымша құн салығының құны;

4) Қосылған құн салығының бюджетке артық төленген сомасы.

2. Осы баптың 1-тармағы 1 тармақшасында көрсетілген жағдайда және мыналар н е г і з і н д е :

1) қосылған құнға салынатын салық жөніндегі декларация;

2) осы Кодекстің 227-бабында көзделген халықаралық тасымал құжаттарымен

байланысты жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу жағдайында тауарлардың экспортын, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді растау үшін осы Кодекстің 228-бабына сәйкес қажетті құжаттар;

3) салық органы жүргізген салықтық тексеру актісіне сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды қайтаруға ұсынылған салық сомаларының дұрыстығын растау қосылған құнға салынған салықты мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қосылған құн салығын төлеуші ұсынған салықты қайтару туралы өтініш алған күннен кейінгі 60 күн ішінде салық органы жүргізеді.

3. Қосылған құнға салынатын салықты қайтару:

1) берешегі бар қосылған құнға салынатын салық төлеуші қосылған құнға салынатын салықты бюджетке төленетін басқа салықтар мен міндетті төлемдер есебінен есептеу;

2) тауарлар импорты кезінде төленуге тиіс қосылған құнға салынатын салық есебінен есептеу;

3) Қазақстан Республикасындағы қосылған құнға салықты төлемеуші резидент емес алған жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төленуге тиіс қосылған құнға салынатын шотына есептеу;

4) қосылған құн салығын салық төлеушінің банк шотына ақшаларды аудару жолымен жүргізіледі.

4. Осы бапқа сәйкес қосылған құнға салынатын салық төлеушінің қосылған құнға салынатын салығын қайтару оның бюджетке салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі болмаған кезде жүргізіледі.

Мұндай берешек болған кезде бюджеттен қайтарылуға тиіс салық сомасы осы берешекті өтеуге есептеледі.

5. Осы баптың 1-тармағы 2 және 3 тармақшаларында көзделген жағдайларда, салықты қайтару осы Кодекстің 260 және 261-баптарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

6. Қосылған құн салығының артық төленген сомаларын қайтару, есептеу осы Кодекстің 42 және 43-баптарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

260-бап. Грант қаражаттары есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген қосымша құн салығын қайтару

1. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушілерге, сондай-ақ грант қаражаты есебінен сатып алынған импорттар кезінде төленген қосымша құн салығын қайтаруды салық органдары мынадай шарттар сақталған кезде 30 күн ішінде жүргізеді:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы грант туралы шарт (келісім) тараптарының бірі болып табылады;

2) тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сату немесе

импорттау Қазақстан Республикасының атынан грант туралы шартта (келісімде) сөз сөйлейтін мемлекеттік орган грант мақсаттарын жүзеге асыру үшін арналған, орындаушы агентпен жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген қосылған құн салығын қайтару осы Кодекстің 259-бабы 3 және 4 тармақтарында көзделген тәртіпте жүргізіледі. Салықты қайтаруды жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын және грант есебінен қосымша құн салығын төлеуді растайтын құжаттар тізімін мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді.

**261-бап. Қазақстан Республикасында тіркелген
дипломатиялық және соларға теңестірілген
өкілдіктерге қосылған құнға салынған салықты
қайтару**

1. Осы Кодекстің 259-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген қосылған құн салығын қайтару егер осындай қайтару Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен көзделген кезде жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге қосылған құнға салынған салықты қайтару, осы дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктер құраған жиынтық тізімдемесі (тізілімі) және қосылған құн салығының нақты төлемін растайтын құжаттардың (шот-фактуралардың, чектердің және т.б.) көшірмелері негізінде жүзеге асырылады.

Жиынтық ведомостары (тізілімдері) мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша орындалады және жанама салықтар (қосылған құн салығы және акциз) бойынша жеңілдік алу кезінде өзара принципін сақтау бойынша Нотаның ауыстырылуын растау үшін дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктер Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне ұсынады.

Егер жиынтық ведомостарға (тізілімдерге) қоса тіркелген құжаттарда қосылған құнға салынатын салық сомасы жеке жолмен көрсетілмесе, тек тауармен (жұмыспен, қызметпен) жеткізушіден оларға қосылған құнға салынатын салық шот-фактураға енгізілгені туралы растау алынған кезде ғана салық бойынша қайтарымды алу құқығы
б о л у ы м ү м к і н .

3. Дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерге салықты салық органдары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен жиынтық ведомостарды (тізілімдерді) алғаннан кейінгі 30 күннің ішінде қайтарылады.

Бюджеттен қайтарылуға жататын салық сомалары дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктердің тиісті шотына аударылады.

8-БӨЛІМ. АКЦИЗДЕР

42-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

262-бап. Акциздердің қолданылуы

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға, сондай-ақ, тізбесі осы Кодекстің 264-бабында айқындалған қызмет түрлеріне акциз салынады.

263-бап. Акциз төлеушілер

М ы н а л а р :

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауар шығаратын;
- 2) акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттағанын;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында бензинмен (авиация бензинін қоспағанда) және дизель отынымен көтерме, бөлшек сауданы жүзеге асыратын;
- 4) егер аталған тауарлар бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының аумағында акциз төленбесе, тәркіленген, иесі жоқ акцизделген тауарларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекеттік берілген және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне тегін берілген акцизделетін тауарларды сатуды жүзеге асыратын;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің акцизделетін түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

264-бап. Акцизделетін тауарлар мен қызмет түрлерінің тізбесі

1 . М ы н а л а р :

- 1) спирттің барлық түрлері;
- 2) алкоголь өнімдері:
арак;
ликер - арак өнімдері;
күшейтілген ішімдіктер, күшейтілген шырындар мен бальзамдар;
шарап;
коньяктар;
шампан шараптары;
сыра;
шарап материалдары;
- 3) темекі өнімдері;
- 4) құрамында темекі бар басқа өнімдер;
- 5) бекіре мен қызыл балық уылдырығы;
- 6) алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар;
- 7) бензин (авиация бензинін қоспағанда), дизель отыны;
- 8) жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа);
- 9) оқпен атылатын және газ қарулары (мемлекеттік өкімет органдарының қажеттіліктері үшін алынғандардан басқа);

- 10) газ конденсатын қоса алғанда, өңделмеген мұнай;
11) электр энергиясы акцизделетін тауарлар болып табылады.

2. Қызметтің акцизделетін түрлеріне мыналар жатады:

- 1) ойын бизнесі;
2) лотереяны ұйымдастыру мен өткізуді;
3) халықаралық байланыс қызметі.

265-бап. Акциз ставкалары

1. Акциз ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және тауар құнына процентпен (адвалорлық) немесе заттай нысандағы өлшем бірлігіне (қатты) абсолюттік сомада белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкогольді тауарларға акциз ставкалары оларда сусыз (жүз проценттік) спирттің болу көлеміне қарай белгіленеді.

3. Спирттің барлық түрлеріне акциз ставкалары спирттің бұдан әрі пайдаланылу мақсаттарына қарай саралануы мүмкін.

Спиртті өткізу кезінде алкогольді өнім өндірушілерге акциз ставкасы алкогольді өнім өндіру құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы жоқ тұлғаларға өткізілетін спиртке белгіленетін базалық ставкадан төмен болып белгіленуі мүмкін.

4. Ойын бизнесі объектілеріне ең жоғары және ең төмен акциз ставкасының шектерін Қазақстан Республикасының Үкіметі жылдық есептен шығарып белгілейді.

Белгіленген базалық ставкалар шегінде жергілікті өкілді органдар бір әкімшілік бірлік аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай акциз ставкасын белгілейді.

43-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДІРІЛЕТІН, САТЫЛАТЫН АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА ЖӘНЕ АКЦИЗДЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ

266-бап. Салық салу объектісі

1. М ы н а л а р :

1) осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, акциз төлеуші өндірген және (немесе) құйған акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында с а т у ;

2) бензинді (авиация бензинін қоспағанда), дизель отынын көтерме саудада сату;

3) бензинді (авиация бензинін қоспағанда), дизель отынын бөлшек саудада сату;

4) Қазақстан Республикасы акцизделетін тауарларды акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге акцизделетін тауарлар экспорты;

5) акцизделетін тауарларды тегін беру;

6) акцизделетін тауарларды басқа тауарларға ауыстырып беру;

7) акцизделетін тауарларды өңдеуге беру;

8) алыс-беріс шикізаты мен материалын, оның ішінде акцизделетін тауарларды

өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру;

9) өзінің құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын тауар өндірушінің акцизделген тауарларын тиеп жіберуі;

10) тәркіленген, иесі жоқ акцизделген тауарларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке берілген және мемлекет меншігіне тегін берілген акцизделетін тауарларды сату;

11) тауар өндірушілерінің өз өндірістік қажеттіліктері үшін өндірілген акцизделетін тауарларды пайдалануы;

12) халықаралық байланыс қызметін іске асыру;

13) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру;

14) лотереяларды ұйымдастыру және өткізу;

15) акцизделетін тауарлардың, акциздік алым маркаларының бүлінуі, жоғалуы жөніндегі операциялар акциз алынатын объект болып табылады.

2. М ы н а л а р :

1) осы баптың 1-тармағында аталған экспортты қоспағанда, егер осы Кодекстің 276-бабында белгіленген талаптарға сай келсе, акцизделетін тауарлар экспорты;

2) Қазақстан Республикасының этил спиртіні өндіруді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген квота шегіндегі этил спирті м ы н а л а р ғ а :

тауар өндірушіде Қазақстан Республикасының аталған өнімді өндіру құқығына лицензиясы бар болған жағдайда емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек әзірлеу үшін; мемлекеттік медицина мекемелеріне босатылса;

3) тұтынушының сиымдылығы 0,1 литрден аспайтын ыдысына құйылған және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес дәрілік құрал ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім (бальзамнан басқа).

267-бап. Операция жасалған күн

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, барлық жағдайларда акцизделетін тауарларды сатып алушыға жөнелту күні операция жасалған күн болып табылады.

2. Тауар өндіруші өзі өндірілген акцизделетін тауарларды өзінің құрылымдық бөлімшелер желілері арқылы сатқан жағдайда тауарларды құрылымдық бөлімшелерге жөнелткен күн операция жасалған күн болып табылады.

3. Акцизделетін өңделме тауарларды беру кезінде аталған тауарларды мердігерге (өңдеушіге) берген күн операция жасалған күн болып табылады.

Өңделме тауарлардан дайындалған акцизделетін тауарлар жасаған кезде тауарды тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берген күн операция жасалған күн болып табылады.

4. Акцизделетін тауарды өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланған кезде аталған тауарларды пайдалану үшін берген күн операция жасалған күн болып табылады.

5. Лотерея ұйымдастырған және өткізген жағдайда салық органында лотерея

билеттерін сатуға шығаруды тіркеген күн операция жасалған күн болып табылады.

6. Акцизделетін өнім бұзылған жағдайда операцияны аяқтау күні болып бұзылған акцизделетін өнімді есептен шығару туралы акт жасау күні немесе өндірістік процесте оны одан кейін пайдалану туралы шешім қабылдау күні табылады.

Акцизделетін тауарларды жоғалтқан жағдайда акцизделген тауарды жоғалту күні болған операцияны жасау күні болып осындай жоғалту күні саналады.

268-бап. Салық базасы

1. Қатаң акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген заттай нысандағы акцизделген тауарлардың көлемі ретінде белгіленеді.

2. Адвалорлық акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндіруші осы тауарды акциздер және қосылған құнға салынған салық енгізбей жеткізетін баға бойынша анықталатын өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлардың құны ретінде белгіленеді.

3. Электроэнергиясын өндіру және сату кезінде салық базасы салық кезеңінде нақты пайдаланылған электроэнергиясының көлемінен басқа өндірілген электроэнергиясының көлемі ретінде айқындайды:

- 1) технологиялық процесте электроэнергияның өзін өндіру;
- 2) бірыңғай технологиялық процесте ілеспе тауарларды (қызмет көрсетулерді) шығаруды.

4. Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі салық базасы лотереяны ұйымдастырушы салық органында лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеген кезде мәлімделген, акциз сомасы қосылмаған түсім сомасы ретінде анықталады және шығаруды тіркегеннен кейін өзгертуге жатпайды.

269-бап. Әртүрлі ставкалар белгіленген жағдайда спирттің барлық түрлеріне салық салу ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 265-бабының 3-тармағына сәйкес спирттің барлық түрлеріне әртүрлі акциз ставкасы белгіленген жағдайда салық базасы бірдей ставкалар бойынша салық салынатын операциялар бойынша жеке-жеке анықталады.

2. Алкоголь өнімін өндірушілер алкогольді өнім өндіру үшін емес, базалық ставкадан төмен акцизбен сатып алған спиртті пайдаланған кезде осы спирт бойынша акциз сомасы алкогольді өнім өндіруші болып табылмайтын тұлғаларға сатылатын спирттің барлық түрлері үшін белгіленген базалық ставка бойынша қайта есептеліп, бюджетке төленуге тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек өндіру және медициналық қызмет көрсету үшін алынған спирт мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайда да қолданылады. Осы спирт бойынша емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек

өндірушілер мен спиртті акциз алған медициналық мекемелер акциз төлеуші болып табылады.

270-бап. Акцизделетін тауарлардың бүлінуі, жоғалуы

1. Табиғи сипаттағы төтенше оқиғалар салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, акцизделетін тауарлар бүлінген, жоғалған кезде акциз толық мөлшерде төленеді.

Осы ереже одан кейін өткізу үшін сатып алынған бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын залал, жоғалту жағдайында қолданылады.

2. Осы баптың мақсаты үшін акцизделген өнімнің бүлінуі, жоғалуы болып осы Кодекстің 243-бабының 2-тармағында жазылған оқиғалар ұғынылады.

271-бап. Акциздік алым маркаларының бүлінуі, жоғалуы

1. Осы баптың 2-тармағында өзгеше көзделмесе, акциздік алым маркалары жоғалған, бүлінген кезде акциз мәлімделген ассортимент мөлшерінде төленеді.

Осы Кодекстің 548-бабына сәйкес акцизделетін тауарларды таңбалауға арналған акциздік алымның жоғалған (оның ішінде ұрланған) немесе бүлінген маркалары бойынша акцизді есептеу маркада көрсетілген ыдыс көлемінде қолданылатын белгіленген ставка негізге алынып жүргізіледі.

Маркада ыдыс көлемі белгіленбеген жағдайда акциздік алымның бүлінген, жоғалған маркалары бойынша акцизді есептеу акциздік алым маркалары жоғалған немесе бүлінген кезеңнің алдындағы салық кезеңі ішінде өнім құю (орау) жүргізілген ыдыстың ең үлкен көлемі негізге алынып жүргізіледі.

2. Акциздік алым маркалары бүлінген, жоғалған кезде мынадай жағдайларда:

1) акциздік алым маркалары табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан бүлінген, жоғалған болса;

2) акциздік алымның бүлінген маркаларын салық органдары жоюға жасалған есептен шығару актісі негізінде қабылдаса акциз төленбейді.

272-бап. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын бензин (авиациялықтан басқа) мен дизель отынын өткізуді көтерме және бөлшектеп өткізуге жатқызу өлшемдері

1. Егер сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын өткізу, аталған акцизделетін тауарды қабылдап алып, оны одан әрі өткізу үшін пайдалануға міндеттенетін болса, осы сатып алу-сату шарты бойынша:

1) бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын өндіруші;

2) бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын одан әрі өткізу мақсатында сатып алуды не оның импортын жүзеге асырған салық төлеуші.

2. Бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын бөлшектеп өткізу саласына осы баптың 1-тармағында аталған жеткізушілер жүзеге асыратын мынадай операциялар жатады:

1) бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын заңды тұлғаларға (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаларға) және жеке кәсіпкерлерге өндірістік қажеттіліктері үшін өткізу;

2) бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын жеке тұлғаларға өткізу;

3) бұдан әрі өткізу үшін өндірілген немесе сатып алынған бензин (авиация бензинін қоспағанда) мен дизель отынын өзінің өндірістік қажеттіліктеріне жұмсау.

273-бап. Ойын бизнесі саласындағы қызметке салық салу

1. Ойын бизнесі (лотереядан басқа) саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде салық салу объектісі болып табылатындар мыналар:

- 1) ойын столы;
- 2) ақшалы ұтысы бар ойын автоматы;
- 3) тотализатор кассасы;
- 4) букмекер кеңесінің кассасы.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген ұғымдар осы Кодекстің 399-бабымен айқындалады.

274-бап. Лотереяларға салық салу

1. Лотерея ұйымдастырушының лотерея билеттерін сатуға шығаруы лотерея бойынша салық салу объектісі болып табылады.

Осы баптың мақсаттары үшін сату үшін әзірленген лотерея билеттерінің санын сатуға шығару дегенді білдіреді.

2. Лотерея билеттерін сатуға шығарудың әрбір шығарылымы және оның ақша түріндегі көлемі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен лотерея билеттерін сату басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей салық органдарында міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

275-бап. Халықаралық байланыс қызметіне салық салу

Телефон, телеграф, телетайп, радио, спутник немесе кез келген басқа байланыс құралдары арқылы дауысты, бейнені, баспа немесе жазу материалдарын, белгілерді немесе дыбысты беру жөніндегі қызмет көрсету ұсынылатын халықаралық байланыс каналын жалға беру жөніндегі қызмет құны салық салу объектісі болып табылады.

276-бап. Акцизделетін тауарлар экспортын бекіту

1. Акцизделетін тауарларды экспортқа өткізу кезінде осы Кодекстің 266-бабының 2-тармағына сәйкес салық салудан босатудың негізделген растау үшін салық төлеуші тіркелген орны бойынша салық органынан 60 күннің ішінде міндетті түрде мына қ ұ ж а т т а р д ы :

- 1) экспортталатын акцизделетін тауарларды жеткізуге келісімі (шарты);
- 2) тауарды экспорт режимінде шығаруды жүзеге асырған салық органының және

тауар Қазақстан Республикасы кеден аумағының шегінен тысқары шығарылған өткізу пункті орналасқан аймақта қызмет істейтін кеден органының белгілері бар жүктің кеден декларациясын немесе оның кеден органы растаған көшірмесін ұсынады.

Акцизделетін тауарларды тұрба құбырын тарту көлігін пайдаланумен экспорт режимінде немесе экспортты растаумен толық емес кезеңдік декларациялау рәсімін қолданумен не болмаса электротарту желілері бойынша алып кету жағдайында кеден ресімдеуін жүргізген кеден органының белгісімен толық кеден жүк декларациясы қ ы з м е т е т е д і .

3) Қазақстан Республикасы шекаралық кеден органдарының белгілері бар көлік немесе тауардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

Акцизделетін тауарларды тұрба құбырын тарту көлігін пайдаланумен экспорт режимінде немесе электротарту желілері бойынша алып кету жағдайында тауар ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарды қабылдау-тапсыру актісі беріледі.

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашылған, Қазақстан Республикасындағы салық төлеушінің шоттарына акциздік тауарлар өткізуден нақты түскен түсімді растайтын төлем құжаттары мен банк көшірмесін ұсынады.

2. Қазақстан Республикасы акцизделетін тауарлар экспортын акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге акцизделетін тауарларды экспорттау кезінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспорт режимімен шығарылған акцизделетін тауарларды импорттаған елде рәсімделген жүктің кеден декларациясының көшірмесі қ о с ы м ш а ұ с ы н ы л а д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес экспортқа акцизделген тауарларды өткізу расталмаған жағдайда осындай өткізу Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарларды жеткізу үшін осы тараумен белгіленген тәртіпте акцизбен салық салынуға жатады.

277-бап. Салық сомасын анықтау

1. Акциз сомасы салық базасына белгіленген акциз ставкасын қолдану жолымен б е л г і л е н е д і .

2. Ойын бизнесі бойынша акциз сомасы салық кезеңінде салық объектілерінің санына қарай акциз ставкасын қолдану жолымен айқындалады Салық кезеңінде салық объектілерінің саны өзгерсе, шығарылған (шығып қалған) объектіге акциз ставкасы толық көлемде төленеді.

278-бап. Салықтан шегеру

1. Салық төлеушінің осы Кодекстің 277-бабына сәйкес белгіленген салық сомасын осы бапта белгіленген шегерімге кемітуге құқығы бар.

2. Акцизделетін тауарларды (спирт пен газ конденсатын қоса алғанда мұнайдың барлық түрлерін қоспағанда) сатып алған немесе оны Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттаған кезде, егер аталған тауарлар бұдан әрі акцизделетін

тауарлар өндіру үшін негізгі шикізат ретінде пайдаланылған болса, Қазақстан Республикасының аумағында төленген акциз сомасы шегерімге жатады.

Осы тармаққа сәйкес салық кезеңінде акцизделетін тауарлар дайындауға нақты пайдаланылған акцизделетін шикізат көлемі негізге алынып белгіленген акциз сомасына шегерім жүргізіледі.

Осы тармақтың ережелері, өңделмелі акцизделетін шикізат пен материалдардың иесі акциз төлегенін растаған жағдайда, өңделмелі акцизделетін шикізат пен материалдардан дайындалған акцизделетін тауарларды беру кезінде де қолданылады.

279-бап. Акциз төлеу мерзімдері

1. Осы Кодекстің 264-бабы 1-тармағының 1-4 тармақшаларында көрсетілген тауарларға төленетін акциз операция жасалған күннен кейінгі оныншы күннен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиісті.

2. Өңделмелі акцизделетін шикізат пен материалдардан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциз өнімді тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берген күні төленеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген газ конденсатын қоса алғанда өңделмеген мұнайды өнеркәсіптік өңдеуге берген кезде акциз оны берген күні төленеді.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарында көрсетілмеген акцизделетін тауарларға акциз :

1) салық кезеңінің алғашқы он күнінде жасалған операциялар бойынша айдың он үшінші күнінен ;

2) салық кезеңінің екінші он күнінде жасалған операциялар бойынша айдың жиырма үшінші күнінен ;

3) салық кезеңінің қалған күнінде жасалған операциялар бойынша есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.

5. Өз өндірісінің акциз төленуге тиісті шикізатынан акцизделетін тауар өндірген кезде осы шикізатқа акциз дайын өнім бойынша акциз төлеу үшін белгіленген мерзімде төленеді .

6. Ойын бизнесі бойынша акциз осы Кодекстің 68-Тарауымен белгіленген тәртіп пен мерзімде төленеді .

7. Лотерея ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан алынатын акциз осы Кодекстің 274-бабына сәйкес жүзеге асырылатын лотерея билеттерін сатуға шығару тіркелгенге дейін немесе тіркелген күні төленеді.

280-бап. Салық төлеу

1. Акциз төлеу осы баптың 2-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, акциз төлеуші тіркелген орын бойынша жүргізіледі.

2. Құрылымдық бөлімшелері бар акциз төлеушілер, егер олар жүзеге асыратын болса осы Кодекстің 281-бабымен көзделген тәртіпте құрылымдық бөлімшелердің

орналасқан жері бойынша акциз төлейді:

1) осы Кодекстің 264-бабы 1-тармағының 1-4 тармақшаларында көрсетілген акцизделетін тауарларды өндіруді және (немесе) оны құюды;

2) бензинді (авиация бензинін қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек өткізуді жүзеге асыратын болса осы Кодекстің 281-бабында көзделген тәртіпте акциз төлейді.

281-бап. Акцизді салық төлеушілердің құрылымдық бөлімшелер үшін есептеу мен төлеу тәртібі

1. Осы Кодекстің 280-бабының 2-тармағында көрсетілген акциз төлеушілер және құрылымдық бөлімшелері барлар өз құрылымдық бөлімшелерін тіркеу есебіне қою туралы өз тіркеу орны бойынша салық органын хабарландыруға және олардың орналасқан жері бойынша салық органдарында тіркеу есебін құрылымдық бөлімшелерге қоюға міндетті.

2. Құрылымдық бөлімшелер үшін төленуге тиіс акциз сомасы әр құрылымдық бөлімше жөнінде жасалған құрылымдық бөлімше бойынша акциз есебі негізінде анықталады.

3. Құрылымдық бөлімше бойынша акциз жөніндегі есеп құрылымдық бөлімше салық кезеңінде жасаған операциялар көрсетіле отырып, екі дана етіп жасалады.

4. Заңды тұлға тіркелген салық органы басшысының қолы қойылып, мөрмен расталған есептің көшірмесі құрылымдық бөлімше орналасқан жердегі салық органына осы Кодекстің 283-бабында белгіленген мерзімде табыс етіледі,

5. Акцизді, ағымдағы төлемдерді қоса алғанда, акциз төлеушінің заңды тұлғасы тікелей өзінің есеп шотынан төлейді немесе құрылымдық бөлімшеге жүктейді.

6. Осы баппен белгіленген тәртіп өз тіркеу орны бойынша емес осы Кодекстің 280-бабының 2-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер акциз төлеген жағдайда да қолданылады.

282-бап. Салық кезеңі

Күнтізбелік ай акцизге қатысты салық кезеңі болып табылады.

283-бап. Салық декларациясы

1. Әрбір салық кезеңі аяқталған соң салық төлеуші акциз бойынша декларацияны өзі тіркелген орын бойынша аумақтық салық органына табыс етуге міндетті.

2. Осы Кодекстің 280-бабының 2-тармағында аталған акциз төлеушілер декларациямен қатар құрылымдық бөлімшелер үшін акциз бойынша есеп табыс етеді.

3. Құрылымдық бөлімшелер үшін акциз бойынша декларация және есеп салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей табыс етіледі.

44-ТАРАУ. АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРДЫҢ ИМПОРТЫНА САЛЫҚ САЛУ

284-бап. Импортталатын акцизделген тауарлардың салық базасы

1. Қатаң акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттау кезінде салық базасы импортталатын акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі ретінде анықталады.

2. Адвалорлық акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарларды импорттау кезінде салық салынатын база импортталатын акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленген кедендік құны ретінде анықталады.

285-бап. Импортталатын акцизделген тауарларға акциз төлеу мерзімдері

1. Импортталатын тауарларға акциз, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңдарында кеден төлемдерін төлеу үшін белгіленген күні төленеді.

2. Осы Кодекстің 548-бабына сәйкес таңбалануға тиісті импортталатын акцизделетін тауарларға акциз акциздік алым маркаларын алғанға дейін немесе сол күні төленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған акцизделетін тауарларды нақты импорттауды жүзеге асыру кезінде акциз сомасы нақтылануға тиіс.

286-бап. Салықтан босатылған акцизделген тауарлардың импорты

1. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша импорттайтын акцизделетін тауарларына акциз төленбейді.

2. Төмендегі импортталатын тауарлар:

1) жол бойы бағытында және аралық аялдау пункттерінде халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын пайдалану үшін қажетті, сондай-ақ апатты (сынып қалуды) жою үшін шет елде сатып алынған акцизделетін тауарлар;

2) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізгенге дейін бүлінуі салдарынан бұйым және материал ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған тауарлар;

3) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік техникалық қызметкерлерінің, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің жеке пайдалануы үшін әкелінген және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес салықтан босатылатын тауарлар;

4) Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізілетін, "Еркін айналым үшін тауарлар шығару" режимін қоспағанда Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кеден режимі шеңберінде салықтан босатылатын тауарлар;

5) 0,1 литрден аспайтын тұтынушы ыдысына құйылған және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дәрілік құрал ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім (бальзамдардан басқа) акциз төлеуден босатылады.

9-БӨЛІМ. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА САЛЫҚ САЛУ

45-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

287-бап. Осы бөлімде қолданылатын терминдер мен ұғымдар

1. Коммерциялық анықтау - келісім-шарттық аумақта өндіруге экономикалық тиімді бір немесе бірнеше кен орындарын табу.

2. Салық сараптамасы - құзыретті орган жасайтын, келісім-шартты талдау мен бағалау, оған толықтырулар мен өзгерістер енетін, салық режимін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы төлемдер мен салықтар белгілеуді айқындау мақсатында жүргізілетін міндетті сараптама.

3. Салық режимі - осы Кодексте белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша барлық салық міндеттемелерін есептеу кезіндегі салық төлеушілерге қолданылатын салық заңдары нормаларының жиынтығы.

288-бап. Осы бөлімде реттелетін қатынастар

Осы бөлім жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары барысында туындайтын салық қатынастары ерекшелерін айқындайды және есептеу мен төлеу тәртібін белгілейді:

1. үстеме пайда салығы;
2. жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері:
 - 1) бонустардың:
 - а) қол қойылатыны;
 - б) коммерциялық табуы;
 - 2) роялтиі;
- 3) өнімді бөлуі бойынша Қазақстан Республикасының үлесі.

289-бап. Төлеушілер

Мемлекет меншігіндегі техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбаларды алуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар үстеме пайдаға салынатын салық пен жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдерін төлеушілер болып табылады.

290-бап. Жер қойнауын пайдаланушыларға жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасалғанға дейін салық салу

Пайдалы қазбаларды өндіруді жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасамастан жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланғаны үшін республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде роялти түріндегі аударым жасайды.

Бұл орайда салық салу объектісі мен осы аударымды төлеу мерзімдерін белгілеу осы Кодексте роялти төлеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

291-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда салық режимін белгілеу

1. Жер қойнауын пайдаланушы үшін белгіленетін салық режимі тек қана Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жасалатын жер қойнауын пайдалануға жасалатын келісім-шартта айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың қызметімен байланысты жер қойнауын пайдаланушылармен салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің төлеуін реттейтін мәселелерді басқа актілерге енгізуіне тыйым салынады.

2. Келісім-шартта белгіленген салық режимі заңды және жеке тұлғалардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төлеуін реттейтін, келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күні қолданылып жүрген салық заңдарының ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3. Салық заңдары салық сараптамасын өткізген күннен бастап және келісім-шартқа қол қойған күн аралығында өзгертілген жағдайда, салық режимі қайталама салық сараптамасын өткізумен осы өзгертулерге сәйкес келтірілуі тиіс.

4. Жер қойнауын пайдалануға бұрын жасалған келісім-шартты орындау үшін сол жер қойнауын пайдаланушымен немесе оның құқықтық мұрагерімен жаңа келісім-шарт жасалған жағдайда бұрынғы келісім-шарттың салық режимі жер қойнауының сол учаскесінде жер қойнауын пайдалануға жасалатын болашақтағы келісім-шартта көзделіп отырған салық режимін ішінара не толық көшіру шегінде сол жер қойнауы учаскесінде ғана қолданылады.

5. Құрамында ұйымдар мен мекемелер бір келісім-шарт бойынша қызмет істейтін жер қойнауын пайдаланушы салық салу мақсатында біртұтас салық төлеуші болып табылады, ол осы келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жеке есеп жүргізуге және келісім-шартта белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

6. Жер қойнауын пайдаланушылар келісім-шартта көзделіп отырған салық режиміне сәйкес салық міндеттемелерін есептеу және осы келісім-шарт шеңберінен тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін жеке есеп жүргізуге міндетті.

Бұл ереже жалпыға тараған пайдалы қазбалар және (немесе) жер асты суларын өндіру жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

7. Жер қойнауын пайдаланушы келісім-шартта көрсетілмеген ілеспе пайдалы қазбаларды коммерциялық мақсатта өндірген жағдайда олар бойынша осы Кодекстің 290-бабында белгіленген тәртіппен төлем жүргізеді.

292-бап. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттардың салық режимінің үлгілері

1. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу келісім-шарттардың негізгі түрлеріне қарай екі үлгіге бөлінеді:

1) бірінші үлгі жер қойнауын пайдаланушының осы Кодексте белгіленген салықтар мен басқа да төлемдердің барлық түрін төлеуін көздейді;

2) екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлісу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін, осы Кодекспен көзделген барлық салық түрлері мен басқа да міндетті төлемдерді, мыналардан басқасын:

өңделмеген мұнай мен басқа да пайдалы қазбаларға акцизді;

үстеме пайдаға салынатын салықты;

ж е р с а л ы ғ ы н ;

мүлік салығын төлеуін (беруін) көздейді.

2. Салық режимінің бірінші үлгісі салық режимінің екінші үлгісі белгіленетін өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттардан (келісімдерден) басқа барлық келісім-шарттарға қолданылады.

3. Өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттар (келісімдер) бойынша өнімнің бөлінуі жөнінде Қазақстан Республикасының алатын үлесі республикалық және жергілікті бюджеттердің көзі болып табылады және тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңда белгіленген мөлшерде тиісті бюджеттердің кірісіне түседі.

4. Салық режимінің екінші үлгісі бойынша келісім-шарттарда (келісімдерде) көзделген жер қойнауын пайдаланушының салық міндеттемесінің деңгейі, бірінші үлгісінен кем болмауы тиіс.

293-бап. Жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға қатысы жоқ операциялар бойынша салық режимі

Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын, қызмет бойынша төленетін төлемдер жер қойнауын пайдаланушыны келісім-шарт шеңберінен тыс жалпы негізде қызметті жүзеге асырғаны үшін осы Кодексте белгіленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндеттемесінен босатпайды.

294-бап. Салық режимінің тұрақтылығы

1. Міндетті салық сараптамасынан өткен жер қойнауын пайдалану келісім-шартында белгіленген салық режимі салық режиміне өзгеріс келісім-шарт тараптарының келісімі бойынша енгізіліп, Қазақстан Республикасы мен келісім-шарт бойынша жер қойнауын пайдаланушының алғашқы экономикалық мүдделерінің ара қатынасын өзгеріске ұшыратпайтын жағдайларды қоспағанда, осы келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз қолданылады.

2. Келісім-шартта көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің кейбір түрлері жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осы баптың 1-тармағында айқындалған тәртіпте келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін келісім-шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде оларды бюджетке төлейді.

295-бап. Салық сараптамасы

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық келісім-шарттарға қол қойылғанға дейін олар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімде уәкілетті мемлекеттік органда міндетті салық сараптамасынан өтуге тиіс. Бұл ереже бұрын жасалған келісім-шарттарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға да қолданылады.

2. Салық сараптамасының нәтижесі бойынша белгіленген салық режимі келісім-шарттың түпкілікті мәтініне міндетті түрде ешбір өзгеріссіз және түзетусіз енгізілуі тиіс.

46-ТАРАУ. БОНУСТАР

296-бап. Бонустар туралы жалпы ережелер

1. Бонустар жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері болып табылады және жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттар белгіленген мөлшер және тәртіппен ақшалай түрде төленеді.

2. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдаланудың жеке жағдайларын ескере отырып, бонустардың мынадай түрлерін төлейді:

- 1) қол қойылатын бонус;
- 2) коммерциялық табу бонусы.

Жасалатын келісім-шарттың техникалық-экономикалық есептеріне сәйкес бонустардың бір немесе екі түрі де қолданылуы мүмкін.

1. Қол қойылатын бонус

297-бап. Қол қойылатын бонусты белгілеу тәртібі

1. Қол қойылатын бонус жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалатын аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқық үшін бір жолғы тіркелген төлемі болып табылады және келісім-шарт жасалған кезде белгіленеді.

2. Қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері жер қойнауын пайдалану үшін берілетін кен орнының (аумақтың) экономикалық құндылығы есепке алынып, бірақ бастапқы мөлшерден төмен емес болып келісім-шартта белгіленеді.

298-бап. Қол қойылатын бонусты төлеу мерзімі

Қол қойылатын бонус келісім-шартпен белгіленген мерзімде, бірақ келісім-шарт күшіне енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей бюджетке төленуге тиіс.

299-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонус бойынша салық декларациясын тіркелген орны бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың он бесіне дейін тапсырады.

2. Коммерциялық табу бонусы

300-бап. Коммерциялық табу бонусын белгілеу тәртібі

1. Коммерциялық табу бонусы осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленетін және жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық табу үшін, оның ішінде кен орнын қосымша барлау жүргізу кезінде бастапқы анықталған алынатын қорды арттыруға қол жеткізетін пайдалы қазбалар тапқаны үшін төленетін тіркелген төлем болып табылады.

2. Олардың келесі пайдасы көзделмеген, пайдалы қазбалар кен орнына барлау жүргізуге жасалған келісім-шарттары бойынша коммерциялық табу бонусы белгіленбейді.

301-бап. Коммерциялық табу бонусының мөлшері

Коммерциялық табу бонусының мөлшері салық салу объектісі, салық базасы және салық ставкасының жағдайларын негізге ала отырып айқындалады.

Коммерциялық табу бонусының мөлшерін есептеу үшін:

1) салық салу объектісі кен көзінен алынатын пайдалы қазба қорлардың осы мақсатқа уәкілетті мемлекеттік органмен бекітілген көлемі болып табылады;

2) салық базасы пайдалы қазба алынатын қордың бекітілген көлем құны болып табылады. Алынатын қордың құны осы пайдалы қазбаның төлемін жүзеге асыратын күнгі биржалық бағасын негізге алып анықталады.

3) салық ставкасы коммерциялық табуға сәйкес пайдалы қазба алынатын қордың бекітілген құнынан процент түрінде белгіленеді, жер қойнауын пайдалануды жүзеге асырудың жеке жағдайларын негізге ала отырып, жер қойнауын пайдаланудың әр келісім-шартта 0,1 процентінен кем болмауы керек.

302-бап. Коммерциялық табу бонусын төлеу мерзімі

Коммерциялық табу бонусын төлеу мерзімі келісім-шартпен белгіленеді.

303-бап. Салық декларациясы

Коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жер бойынша аумақтық салық органына айдың он бесінші күніне дейін, оны төлеу мерзімі басталғаннан кейінгі айынан кешіктірмей ұсынылады.

47-ТАРАУ. РОЯЛТИ

304-бап. Роялти туралы жалпы ережелер

1. Жер қойнауын пайдаланушылар роялтиді Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әр түрі бойынша, оның сырттан келген сатып алушыға өткізілгеніне (жөнелтілгеніне) немесе өз қажетіне жұмсалғанына қарамастан, жеке-жеке төлейді.

2. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген роялти, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшалай түрде төленеді.

3. Келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыру барысында роялтиді ақшалай төлеу түрі осы Кодекстің құзыретті органмен қосымша келісімде белгіленген тәртіппен заттай нысанмен де ауыстырылуы мүмкін.

305-бап. Төлеушілер

Мемлекет меншігіндегі техногендік минералды құралымдарды алуды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, есепті кезеңде оның өткізілген-өткізілмегеніне қарамастан, роялти төлеушілер болып табылады.

306-бап. Роялти белгілеу тәртібі

Роялти мөлшері салық салу объекті, салық базасы және салық ставкасының жағдайларын негізге ала отырып айқындалады.

Роялти мөлшерін есептеу үшін:

1) өндірілген пайдалы қазбалардың көлемі немесе осы бөлімнің 307-бабында белгіленген нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған бірінші тауарлық өнім салық салу объектісі болып табылады.

Бұл ретте, бірінші тауарлық өнім:

а) өзі пайдалы қазба болатындар:
мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;
көмір және жанғыш тақта тастар;
тауарлық рудалар;

жерасты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен;
слюда, асбест, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізат;
металлургия үшін рудалық емес шикізат;

б) бағалы металдар, құмдағы, рудадағы, концентраттағы немесе металдағы химиялық таза металл;

в) қара, түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металдардың, тау-химия шикізатының концентраттары;

г) асыл тастар бастапқы өңдеуден өткен жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат;

д) басқа пайдалы қазбалар бойынша - бастапқы өңдеуден өткен минералдық шикізат болуы мүмкін.

2) осы бөлімнің 308-бабына сәйкес анықталған пайдалы қазбалардың құны салық базасы болып табылады;

3) салық ставкасы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрі бойынша белгіленеді. Бұл орайда пайдалы қазбалардың барлық түрі бойынша роялтидің ең төменгі ставкасы 0,5 проценттен кем болмауға тиіс.

Көмірсутектерін өндіруге жасалған келісім-шарттарда роялти өндіру көлеміне қарай белгілі бір процент ретінде сырғымалы шәкіл бойынша белгіленеді. Бұл ретте,

Р е т саны N	Пайдалы қазбаның атауы	Р о я л т и ставкасы, %
1	Металлургияға арналған руда емес шикізат	1
2	Қалыпқа салынатын құм, глиноземді жыныс (далалық шпат, пегматит), әктас, доломит жыныстар	1
3	Тамақ өнеркәсібіне арналған әк тас	1

4	Басқа руда емес шикізат	3,5
5	Отқа берік саз балшық, каолин, вермикулит	3,5
6	А с т ұ з ы	3,5
7	Жергілікті құрылыс материалдары	4,5
8	Жанартаулық кеуек жыныстар, құрамында суы бар жанартаулық шыны мен шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан), ұсақ жұмыр тас пен қиыршық тас, қиыршық тас-құм қоспасы, гипс, гипс тасы, ангидрит, гажа, саз балшық және саз балшықты жыныстар (баяу балқитын және тез балқитын саз балшық, құмды саз балшық, аргиллит, алевролит, балшықты тақта тастар), бор, мергель (құмды әк), мергельді-бор жыныстар, кремний жыныстар (трепел, опока, диатомит), кварцті-дала шпаты жыныстары, шой тас, шөгінді, атқылаудан кейінгі және метаморфозалық жыныстар (гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), қалыпқа түскеннен басқа құм (құрылыс, кварц, кварцты-дала шпаты), құм тас, табиғи пигменттер, ұлутас.	4,5

9	Ж е р а с т ы с у л а р ы	10
---	---------------------------	----

2. Жер қойнауын пайдаланушы көпшілікке тараған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың сатып алушыларға сатылғанына немесе өз қажеттіліктеріне пайдаланылғанына қарамастан төлейді.

3. Роялти мынадай жағдайларда төленбейді:

1) жеке тұлғалар өзінің жеке меншік құқығындағы жер учаскесінде өндіретін жерасты сулары бойынша, бұл су сыртқа сатылмаған және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде өндіріске және технологиялық қажеттіліктерге жұмсалмаған жағдайда;

2) жерасты суларын өзінің жеке шаруашылық қажеттіліктері үшін өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;

3) жер қойнауын пайдаланушылар шығарылған өндірілген ілеспе жерасты суларын жер қабатының қысымын қалпына келтіру үшін кері айдағанда.

310-бап. Төлеу мерзімдері

Пайдалы қазбалардың барлық түрі бойынша роялти есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінен кешіктірілмей төленеді.

311-бап. Есепті кезең

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, күнтізбелік ай роялти төлеу жөніндегі есепті кезең болып табылады.

2. Егер роялти бойынша тоқсан үшін орташа айлық төлем мөлшері 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, онда есепті кезең тоқсан болып табылады.

312-бап. Сату болмаған кезде салық салу объектісін анықтау

1. Есепті кезеңде осы Кодекстің 309-бабының 2-тармағында аталғандарды қоспағанда, пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) өткізу болмаған жағдайда, орташа өткізу бағасы ретінде пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) соңғы өткізу болған кезеңнің орташа өткізу бағасы алынады.

2. Осы Кодекстің 308-бабының 2-тармағында аталғанды қоспағанда, пайдалы қазбаларды (бірінші тауарлық өнімді) өткізу толық болмаған жағдайда, есепті кезеңде роялти алу объектісін есептеу үшін орташа өткізу бағасы ретінде пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалған нақты шығын қабылданады.

Бұл орайда жер қойнауын пайдаланушы бірінші тауарлық өнімінің нақты өткізу бағасын есепке ала отырып, алғашқы өткізу болған есепті кезеңде есептелген роялти сомасына кейіннен түзету жүргізуге міндетті.

3. Кең таралған пайдалы қазбаларды есепті кезеңде өткізу болмаған немесе оларды толық өз қажеттіліктеріне жұмсаған жағдайда бірінші тауарлық өнімнің орташа өткізу бағасы ретінде оларды өндіру мен бастапқы өндеуге жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығынның осы есепті кезеңде нақты қалыптасқан рентабельділік нормасына арттырылған нақты сомасы алынады.

313-бап. Салық декларациясы

Жер қойнауын пайдаланушы роялти бойынша декларацияны тіркелген орны бойынша салық органына есепті кезеңнен кейінгі айдың онына дейін табыс етеді.

48-ТАРАУ. ҮСТЕМЕ ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

314-бап. Төлеушілер

Өнімді бөлу туралы келісім-шарттар (келісімдер) және кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге жасалған келісім-шарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемеген жағдайда, осы келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындардан басқа жер қойнауын пайдаланушылар үстеме пайдаға салық төлеушілер болып табылады.

315-бап. Үстеме пайдаға салық салу объектісі және оны есептеу тәртібі

Жер қойнауын пайдаланушы есепті кезеңдегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша жиырма проценттен артық пайданың ішкі нормасын алған болса, жер қойнауын пайдаланушының ол бойынша таза табысының сомасы үстеме пайдаға салу объектісі болып табылады.

316-бап. Салықты есептеу тәртібі

1. Үстеме пайдаға салынатын салық есепті жылдың аяғында қол жеткен пайданың ішкі нормасының деңгейін негізге ала отырып, осы Кодекстің 317-бабында белгіленген

есептеледі.

2. Пайданың ішкі нормасы жер қойнауын пайдаланушының төмендегі формула бойынша инфляция индексіне түзетілген жылдық ақша ағыны негізінде есептеледі:

$$\Pi H = \frac{T \quad K \quad K \quad (r \quad 1)}{TKK(r2 \quad - \quad r1)},$$

мұнда: ПН - пайданың ішкі нормасы;

ТҚҚ - таза келтірінді (ағымдағы) құн - ақша құнының уақыт және дисконттау ставкасына қарай өзгеруіне түзетілген, қолма-қол ақша ағынын негізге алып есептелген , салынған инвестицияның қайтарылым құнының есепті көрсеткіші;

r_1 - дисконттау ставкасы (проценттік ставка), мұнда ПИН ең кіші оң мәнге (ТКҚ (r_1)))

r_2 - дисконттау ставкасы (проценттік ставка), мұнда ПН ең кіші теріс мәнге (ТКҚ (r_2)) т е н ;

Пайданың ішкі нормасының неғұрлым дәл нәтижесін алу үшін ТКҚ ең төмен оң және ең төмен теріс мәнге тең болғанда дисконттау ставкасы бір-біріне жақын келуі қажет.

Таза келтірінді күн (ТКК) мына формула бойынша анықталады:

$$\frac{TAA1}{TKK@r2(1+r)3} = \frac{TAA2}{-----} + \frac{TAA3}{-----} + \dots + \frac{TAAK}{-----}$$

мұнда: ТКҚ - таза келтірінді (ағымдағы) құн;

ТАА - түзетілген қолма-қол ақша ағыны;

@ r - ТҚҚ ең төмен оң мәнге (ТҚҚ (r1)) және теріс мәнге (ТҚҚ (r2)) тең болатын
д и с к о н т т а у с т а в к а с ы ;

r - дисконттау ставкасы (проценттік ставка);

1, 2,... к - уақыт кезеңдері (жыл).

3. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағыны жиынтық жылдық табыс пен келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша шыққан шығын арасындағы айырма ретінде белгіленеді.

4. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жылдық жиынтық табыс сомасы осы Кодекске сәйкес а н ы қ т а л а д ы .

5. Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарттың қолданылу шеңберінде есепті жылда жасаған шығынына мына нақты шығындар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру барысында осы Кодекске сәйкес капиталға айналған және амортизацияланған шығындар (ашық кен орындары бойынша жасалған келісім-шарттар бойынша бірінші жылдың күрделі шығындарына жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі және келісім-шарт жасалған күні

бар негізгі қорлардың қалдық құны жатады);

2) күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация сомасы мен заем қаражаты бойынша сыйақыларды (мүддені) қоспағанда осы Кодекске сәйкес шегерімге жататын шығындар;

3) осы Кодекске сәйкес есептелген, табыс салығы мен есепті жылға есептелген дивидендке салынған салық сомасы, сондай-ақ есепті жылдың алдындағы жыл үшін есептелген үстеме пайдаға салынатын салық сомасы жатады.

6. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағынын инфляция деңгейіне түзету жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт күшіне енген екінші жылдан бастап мына формула бойынша жүргізіледі:

Қ А А (к)

$$TAA (к) = \frac{QAA}{(1 + ИД1)^1 \times (1 + ИД2)^2 \times \dots \times (1 + ИДк - 1)^3}$$

мұндағы: ҚАА - осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген есепті жылдың қолма - қол ақша ағыны;

ТАА - инфляция деңгейіне түзетілген ақша ағыны;

ИД - инфляция деңгейі;

1, 2, ...к - уақыт кезеңі (жыл).

7. Тиісті жылға арналған инфляция деңгейін статистика жөніндегі уәкілетті органы белгілейді.

8. Пайданың ішкі нормасын анықтаудың бұл тәртібі ақша ағынын инфляция деңгейіне түзетуді есепке алмай, үстеме пайдаға салынатын салықты есептеу, сондай-ақ жобалардың, жасалатын келісім-шарттардың техникалық-экономикалық есептеулері үшін пайданың ішкі нормасын есептеу кезінде қолданылады.

317-бап. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары

1. Үстеме пайдаға салынатын салық ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

Пайданың ішкі нормасы (ПН), %	Үстеме пайдаға салынатын салық ставкасы
20-ға тең немесе артық	0
20-дан артық, бірақ 22-ден кем немесе оған тең	4
22-ден артық, бірақ 24-тен кем немесе оған тең	8
24-тен артық, бірақ 26-дан кем немесе оған тең	12
26-дан артық, бірақ 28-ден кем немесе оған тең	18

318-бап. Салық кезеңі

Үстеме пайда салығы үшін осы кодекстің 144-бабында айқындалған салық кезеңі қолданылады.

319-бап. Салық төлеу мерзімі

Үстеме пайдаға салынатын салық есепті жылдан кейінгі жылдың он бесінші сәуіріне дейін төленеді.

320-бап. Салық декларациясы

Үстеме пайдаға салынатын салық бойынша декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген орны бойынша салық органына есепті жылдан кейінгі жылдың он бесінші сәуіріне дейін ұсынады.

49-ТАРАУ. ӨНІМДІ БӨЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ-ШАРТ (КЕЛІСІМ)

321-бап. Өнімді бөлу туралы келісім-шарттың (келісімнің) негізгі шарттары

1. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт (келісім) Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланушыға келісім-шарт аумағында ақылы негізде пайдалы қазбаларды өндіруге және соның есебінен осыған байланысты жұмыстар жүргізуге құқық беретін шарт болып табылады және онда мынадай шарттар болуға тиіс:

1) бөлінуге тиіс өнімнің жалпы көлемі;

2) Қазақстан Республикасының үлесін және жер қойнауын пайдаланушының п а й д а л ы ө н і м і н а н ы қ т а у ;

3) пайдалы өнімді (өтелім өнімін шегеріп тастағаннан кейін бөлуге жататын өнім) б ө л у н ы с а н ы (з а т т а й , а қ ш а л а й) ;

4) өндірілген өнімнің келісім-шарт (келісім) бойынша жұмыстарды орындауға кеткен шығынды өтеу үшін жер қойнауын пайдаланушының меншігіне берілетін б ө л і г і н а н ы қ т а у (ө т е м ө н і м і) ;

5) өнімнің үлесін ақшалай баламада алған кезде өнімнің бағасын белгілеу және қ ұ н ы н а н ы қ т а у .

2. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу жөніндегі есепті кезең күнтізбелік ай болып табылады.

3. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің есебін жер қойнауын пайдаланушы тіркелген орны бойынша аумақтық салық органына есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ына дейін табыс етеді.

4. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін төленеді.

**322-бап. Өнімді бөлу туралы келісім-шарт (келісім)
жасау кезінде өтелетін шығындардың құрамы**

1. Өтелетін шығындар деп жер қойнауын пайдаланушының жұмыс бағдарламасын орындау кезінде нақты шыққан, негізделген шығын ұғынылады. Жер қойнауын пайдаланушының өтелетін шығындарды жабуға жіберілетін шекті үлесі әрбір келісім-шарт (келісім) бойынша жеке қазылатын кен орнының экономикалық құндылығы ескеріліп белгіленеді, бірақ ол жер қойнауын пайдаланушының есептік салық кезеңінде алған кірісінің жалпы көлемінің 80%-інен аспауы керек. Өтелетін шығындар келісім-шартта (келісімде) көзделген тәртіппен бекітіледі.

2. Өтелетін шығындардың құрамына:

1) Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт (келісім) күшіне енгенге дейін
нақты шыққан шығындары:

келісім-шарт (келісім) жасаудың алдындағы кезеңде жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу мен жасауға кеткен шығын;
осы жобаға байланысты іздеу, бағалау және барлау жұмыстарына кеткен және келісім-шарт (келісім) күшіне енгенге дейін жұмсалған шығындар.

2) Жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт (келісім) күшіне енген күннен бастап және ол қолданылған бүкіл кезең бойынша нақты жұмсаған, осы баптың 3) тармақшасында көрсетілген басқа шығыны.

3) Өтем өнімі есебінен өтелмейтін шығындар:
жер қойнауын пайдалану құқығына конкурсқа қатысатын үшін жарна төлеу
ж ө н і н д е г і ш ы ғ ы н д а р ;

геологиялық ақпарат алу жөніндегі шығын;
келісім-шартта (келісімде) шектеулер белгіленген баптар бойынша, оларды асырып жіберуге қатысты, соның ішінде әкімшілік шығындар;

жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі өтем өнімін және пайда өнім үлесін өткізуге байланысты шығындар, бұған осы өнімді жеткізу (бөлу) пунктiнен өткізу пунктiне дейін жеткізуге кеткен шығындар, тасымалдау кезіндегі шығын, өнімді жеткізілетін пунктке дейін тасымалдау кезінде сақтандыруға кеткен шығындар, комиссиялық және б а с қ а ш ы ғы н д а р к і р е д і ;

акционерлердің (құрылтайшылардың) талап етуі бойынша қаржы-шаруашылық қызметке жүргізілген тексеруге (аудитке) байланысты шығындар;

жер қойнауын пайдаланушының келісіммен белгіленген міндеттемелерін орындамағанына немесе немқұрайлы орындағанына байланысты туындаған шығындар;

экскурсиялар мен саяхаттарға жолдама құнын төлеуге байланысты шығындар;

несие үшін және заем қаражатын пайдаланғаны үшін процент төлеу;

арбитражбен байланысты шеккен шығындар;

кез-келген мемлекеттік органдардың жер қойнауын пайдаланушыдан өндіріп

алатын айыппұлдар, өсімақылар;
келісім бойынша қызметке қатысы жоқ басқа да шығындар кіреді.

4. Жер қойнауын пайдаланушының өтелетін шығындары:
келісім-шарт (келісім) бойынша жасалған немесе сатып алынған мүлікті жалға бергені үшін жал ақысын алуға байланысты операциялық кіріс сомасынан оны алуға байланысты шығындарды шегеріп тастағандағы сомаға;
- келісім-шарт (келісім) шеңберіндегі қызметтен алынған басқа да кіріс (айыппұл, өсім, тұрақсыздық төлемі және т.б.) сомасына кемітіледі.

323-бап. Өнімдерді заттай нысанда бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін және роялтиді белгілеу мен төлеу тәртібі

1. Роялтиді заттай нысанда төлеу келісім-шартына қосымша келісім жасалған жағдайда, оған қол қойылатын сәтке дейін міндетті түрде келісімнің құқықтық және салықтық сараптамасы жүргізіледі.

2. Өнімді бөлу бойынша роялти мен Қазақстан Республикасының үлесін заттай нысанда төлеу осы төлемдер үшін келісім-шартта белгіленген төлемнің ақшалай түріне баламалы болуға тиіс.

3. Өнімді бөлу бойынша роялти мен Қазақстан Республикасының үлесін төлеудің заттай нысанын белгілеу кезінде келісімде міндетті түрде:

1) роялти мен республика үлесіне тиесілі өнім бөлігін мемлекет атынан алатын алушы (бұдан әрі - алушы).

2) жеткізілу пункті және жағдайлары міндетті түрде көрсетіледі.

4. Келісімдегі жер қойнауын пайдаланушының роялти мен Қазақстан Республикасының үлесін төлеу есебіне берілетін өнімді беру мерзімі жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта осы төлемдерді ақшалай түрде төлеу үшін белгіленген төлеу мерзіміне сәйкес келуі керек.

Бұл орайда жер қойнауын пайдаланушы алушыға өнімді келісім-шартта (келісімде) белгіленген төлеу мерзімнен кешіктірмей береді.

5. Алушы келісім-шартта (келісімге) ақшалай түрде төлеу үшін белгіленген төлеу мерзімінде жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт шарттарына сәйкес есептеген ақшалай түрдегі роялти мен Қазақстан Республикасының үлесін мемлекеттік бюджетке аударады, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының тиісті өнім көлемін уақтылы және толық беруіне өз бетімен бақылау жасайды.

6. Жер қойнауын пайдаланушы мен алушы салық органына өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша роялти мен Қазақстан Республикасы үлесінің заттай нысандағы мөлшері мен төлеу (беру) мерзімі туралы есепті келісім-шартта белгіленген мерзімде, мемлекеттік уәкілетті орган белгілейтін нысанда тапсырады.

7. Алушы алынған өнім үшін бюджетке қаражат аударудың мерзімі мен оның толық болуын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта

болады, соның ішінде оған Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген айыппұлдар қолданылады.

10-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ

50-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

324-бап. Төлеушілер

1. Әлеуметтік салық төлеушілер болып табылатындар (бұдан әрі - салық төлеушілер)
м ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының резидент - заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент е м е с т е р ;

2) жеке кәсіпкерлер;

3) жеке нотариустар, адвокаттар.

2. Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

325-бап. Салық салу объектілері

1. Мынадай төлемдерді шегерумен осы Кодекстің 153-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалатын кірістер түріндегі жұмыс берушінің жұмысшыға төлейтін шығындары 324 бабының 1 және 2-тармағының 1-тармақшасында көзделген төлеушілер үшін салық салу объектісі болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарнасы;

2) мемлекеттік бюджет қаражатынан және тиісті жылдың республикалық бюджеті туралы заңымен белгіленген ең төменгі еңбекақы мөлшеріндегі гранттар есебінен жүзеге асырылатын орындалған қоғамдық жұмыстар және кәсіптік оқытуларға б а й л а н ы с т ы т ө л е м д е р ;

3) жүктілік және тууы бойынша әлеуметтік жәрдем ақы, сондай-ақ бала немесе қыз бала асырап алушы әйелдерге (еркектерге) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде берілетін әлеуметтік жәрдемақы;

4) қызметтік іссапарлар кезінде, осы Кодекстің 100-бабына сәйкес белгіленген мөлшерде берілетін өтемақылар;

5) қызметкер жұмыс істеуге ұйымымен бірге басқа орынға көшкен болмаса ауысқан кезде жол жүруі, мүліктерін тасуы және бөлме жалдауы бойынша құжаттармен расталған шығындардың өтемақылары;

6) жұмыс берушінің ұйымы таратылған немесе қызметі тоқтатылған жағдайлардағы жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, қызметкерлер штатының қысқартылуы немесе қызметкер әскери қызметке шақырылған кезде, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

7) өндірістік қызметке байланысты мамандық бойынша жұмысшыларды оқытуға және біліктілігін көтеруге бағытталған жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының

заңдарымен белгіленген қаражаттары;

8) дала жағдайында геологиялық-барлау топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысушы жұмысшылардың Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшердегі далалық азық-түліктері;

9) жұмыстарды орындау және ауысым аралық демалыс үшін жағдай жасаумен өндіріс объектісінде тұрған кезеңде вахталық әдіспен жұмыс істейтін тұлғаларды тіршілік әрекетпен қамтамасыз ету үшін тұрғын үй жалдау жөніндегі жұмыс берушінің шығындары, жұмысшыларды жұмыс орынына дейін және кері қарай тасуға байланысты шығындар;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерінде күнделікті жұмыс жолын байлаған немесе тарау сипаты болса, не қызмет көрсететін учаскелер шегінде қызметтік жолсапарларға байланысты ақы төлеу;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы тіктірілген киімнің, арнайы аяқкиім мен басқа да жеке қорғану құралдарының және алғашқы медициналық көмектің, сабынның, зарарсыздандыратын құралдардың, сүт немесе басқа да тең бағалы азық-түліктер;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде мертігуіне немесе денсаулығына зақым келуіне байланысты келтірілген зиянды өтеу (жоғалтқан табысы бөлігінде өтеуден басқа);

13) еңбек (қызмет) міндеттерін орындау кезінде қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігіндегі міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру өтемдері;

14) әскери қызметшілердің мерзімдік әскери қызметтен (оқудан) өтетін жері бойынша, не оқу немесе тексеру жиындарында болған жері бойынша алатын тәулікақының барлық түрлері;

15) 30 еселік айлық есептік көрсеткіш шегінде қызметкерлерге босану кезінде медициналық қызмет көрсету ақысына (косметологиялықтан басқа), жерлеуге берілетін жылына бір реттен артпайтын материалдық көмек;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ядролық сынақ алаңындағы ядролық сынақтардың немесе экологиялық апаттың зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік қорғау жөніндегі жеңілдіктерді төлеу;

17) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген көлемде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін еңбек төлемдерінен басқа, мекен-жайлық әлеуметтік көмектерді, өтемақыларды және жәрдемақы төлеу;

18) мемлекеттер, мемлекет үкіметтері мен халықаралық ұйымдар тараптары бойынша берілген гранттар есебінен төлеу; берілген арнайы киім-кешек, арнайы аяқкиім, жеке бастың қорғаныс және алғашқы жедел жәрдем құралдары, сабын, жұқпасыздандыру құралдары, сүт немесе басқа да емдік-профилактикалық тағам үшін тең бағалы тамақ өнімдерінің құны Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген мөлшерде төленеді;

19) спорт жарыстарындағы жүлделі орындар үшін берген ақшалай сыйлықтарға;

20) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаған стипендиялар, мемлекеттік сыйлықтар.

2. Осы кодекстің 324-бабы 1-тармағының 2 және 3-тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер үшін салық төлеушілердің өздерін қоса алғанда, қызметкерлердің саны әлеуметтік салық салу объектісі болып табылады.

326-бап. Салық ставкалары

1. Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент-занды тұлғалары, сондай-ақ резидент еместер 22 проценттік ставкалар бойынша әлеуметтік салық төлейді.

2. Жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар әрбір қызметкер үшін 2 айлық есептік көрсеткіш және 2 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік салық төлейді.

51-ТАРАУ. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

327-бап. Әлеуметтік салықты есептеу тәртібі

1. Әлеуметтік салықты есептеу осы Кодекстің 325-бабына сәйкес айқындалған әлеуметтік салық салу объектісінің 326-бабында белгіленген ставкаларды қолдану жолымен ай сайын жүргізіледі.

2. Арнайы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салықты осы Кодекстің 378-405-баптарымен белгіленген тәртіппен төленеді.

328-бап. Әлеуметтік салықты төлеу

1. Әлеуметтік салық бюджетке есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей төленеді.

2. Құрылымдық бөлімшелері бар әлеуметтік салық төлеушілер осы Кодекстің 330-бабында белгіленген тәртіп бойынша әлеуметтік салық төлейді.

3. Арнайы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салықты осы Кодекстің 14-Бөлімінде белгіленген тәртіппен төленеді.

329-бап. Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік салықты төлеу ерекшеліктері

1. Мемлекеттік мекемелердің салық кезеңі үшін әлеуметтік салық сомасы жүкті болуына және тууына байланысты, сондай-ақ ұл не қыз бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) және жұмысқа уақытша жарамсыздығына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленген әлеуметтік жәрдемақы сомасына кемітіледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген төленген әлеуметтік жәрдемақылар есепті айға кезеңінде есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып түссе, асып түскен сома келесі айда ескеріледі.

330-бап. Құрылымдық бөлімшелер бойынша салықты есептеу және төлеу тәртібі

1. Құрылымдық бөлімшелер бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің кірісі бойынша әлеуметтік салығының есептелген үлес салмағын негізге алып есептеледі.

2. Заңды тұлғалар өздерінің құрылымдық бөлімшелері үшін әлеуметтік салық төлеуді, олардың тұрған жері бойынша тиісті бюджеттерге немесе Астана, Алматы қалаларының, облыстар бюджеттерінің тиісті бюджеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

52-ТАРАУ. САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

331-бап. Әлеуметтік салық жөнінде декларация және құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есебі

1. Әлеуметтік салық жөніндегі декларация салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі келетін тоқсан сайын айдың 15-інен кешіктірілмей өткізіледі.

2. Арнайы салық режимін қолданушы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер әлеуметтік салық жөніндегі декларациясын осы Кодекстің 378-405-баптарында белгіленген тәртіппен ұсынады.

3. Құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер әлеуметтік салық жөніндегі декларациясын тапсыру үшін өздерінің тіркеу орындары бойынша салық органдарына құрылымдық бөлімше бойынша әлеуметтік салық жөніндегі есебін және құрылымдық бөлімшелердің тіркелген орны бойынша салық органдарына есептеме көшірмесін белгіленген мерзімнен кешіктірмей өткізуге міндетті.

Құрылымдық бөлімшелері үшін әлеуметтік салықты Астана, Алматы қалаларының немесе облыстар бюджеттеріне сәйкес төлегенде есептеме көшірмесі Астана, Алматы қалаларының салық органдарына не облыс салық органдарына ұсынылады.

Есептеме көшірмесі салық төлеушілерді тіркеу орындары бойынша салық органдарымен куәландырылуы тиіс.

11-БӨЛІМ. ЖЕР САЛЫҒЫ

53-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

332-бап. Осы бөлімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы бөлімде қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1. Жерді екінші рет пайдаланушы - жерді бірінші пайдаланушыдан өзінде осы мәртебені қалдырған жерді екінші рет пайдалану туралы келісім-шарт негізінде жерді уақытша пайдалануға құқық алған тұлға.

Жер учаскелеріне жерді пайдаланушылардың құқығы Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарымен белгіленеді.

2. Коммерциялық мақсатта пайдаланылатын жерлерге, автотұраққа, автомобильдерге май құю станциясына, сондай-ақ бөлшек сауда жасау, қоғамдық тамақтану және базарларға бөлінген жерлер жатады.

3. Жерді бірінші рет пайдаланушы - жерді пайдалану құқығын Қазақстан

Республикасының жер туралы заңдарымен бекітілген тәртіпте тікелей мемлекеттен, болмаса осы құқықты оқшаулау тәртібімен басқа бірінші рет жерді пайдаланушылардан алған тұлға.

4. Үй маңындағы жер учаскесі болып тұрғын үй қорымен орын алмаған елді мекен жерлеріне, соның ішінде олардағы құрылыстар мен ғимараттарға қатысты жер учаскесінің бөлігі есептеледі.

333-бап. Жалпы ережелер

1. Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың біртұтас арналуы мен тиістілігіне қарай мынадай санаттармен қаралады:

- 1) ауыл шаруашылығына арналған жерлер;
- 2) елді мекен жерлері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер (бұдан әрі - өнеркәсіп жерлері);
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері;
- 5) орман қоры жерлері;
- 6) су қоры жерлері;
- 7) қосалқы жерлер.

Жердің ол немесе басқа санаттарға жататындығын Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарымен белгіленеді.

2. Елді мекен жерлері салық салу мақсаты үшін екі топқа бөлінген:

1) оларды ұстау үшін қажетті адам тұрмайтын құрылыстар, ғимараттар, учаскелер, сондай-ақ тазалық-қорғау аймағы объектілері, техникалық және басқа да аймақтар орын алған жерлер;

2) олардың құрылыстары мен ғимараттарын қоса алғанда тұрғын үй қорлары орын алған жерлер.

3. Мынадай санаттағы жерлер салық салуға жатпайды:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың жерлері;
- 2) орман қорының жерлері;
- 3) су қорының жерлері;
- 4) босалқы жерлер.

Көзделген жерлерді (босалқы жерлерді есептемегенде) тұрақты жер пайдалануға немесе алғашқы қайтарымсыз уақытша жер пайдалануға берген жағдайда, олар осы Кодекстің 346-бабында белгіленген тәртіппен салық салуға жатады.

4. Жер салығының көлемі жер иеленушілердің және жерді пайдаланушылардың шаруашылық қызметі нәтижелеріне тәуелді емес.

5. Жер салығы үшін негіз болып табылатындар:

1) меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, қайтарымсыз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжат;

2) әр жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдайы бойынша жер ресурстары жөніндегі

уәкілетті мемлекеттік орган ұсынған жерлерді есепке алудың мемлекеттік саны және с а п а с ы н ы ң д е р е к т е р і ;

3) жер учаскесін иемдену және пайдалану бойынша нақты сату құқығы.

334-бап. Төлеушілер

1. Мынадай салық салу объектілері:

1) жеке меншік құқығы;

2) тұрақты жер пайдалану құқығы;

3) бастапқы уақытша тегін жер пайдалану құқығы бар заңды және жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

2. Дербес жер салығын төлеуші болып осы баптың 1-тармағында белгіленген құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалардың (бұдан әрі - заңды тұлғалар) филиалдары, өкілдіктері мен басқа да құрылымдық бөлімшелері болып табылады;

3. Жер салығын төлемейтін болып:

1) бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық банк, оның филиалдары мен өкілдіктері;

4) жер қойнауын пайдаланушылар салық алудың екінші үлгісі бойынша жүзеге асуы осы Кодекстің 292-бабында айқындалған;

5) түзеу мекемелері, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-түзеу жүйесінің түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік к а с і п о р ы н д а р ы ;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары және оларға тең тұлғалар, мүгедектер, ал сондай-ақ бала жасынан мүгедектіктің бірінің ата-анасы.

4. Осы баптың 3-тармағының 2, 3, 5, 6 тармақшаларында аталған жер салығын төлеушілер жер учаскелерін немесе олардың бөліктерін (онда орналасқан үйлермен, ғимараттармен, құрылыстармен немесе оларсыз) жалға беру немесе өзге де негіздерде қолдану немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалану кезінде, жалпы белгіленген тәртіпте салық төлеуші болып табылады.

335-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау

1. Егер осы жер телімдерін иелену немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттарда өзгеше көзделмесе, бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі (қолдануындағы) жер телімі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы жер салығын т ө л е у ш і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Жер учаскесіне жеке меншік, тұрақты жер пайдалану, бастапқы уақытша тегін жер пайдалану құқығы немесе жер учаскесін уақытша жер пайдалану шарттарын куәландыратын мемлекеттік акт болмаған жағдайда, жер учаскесіне қатысты салығын төлеуші ретінде осындай жер учаскесін иелену және пайдалану құқықтарын оның нақты іске асыруы негіз болып табылады.

336-бап. Салық салу объектілері

1. Жер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде - жер үлесі) салық салу объектісі болып табылады.

2. М ы н а л а р :

1) елді мекендердің ортақ пайдаланудағы жер учаскелері.

Алаңдар, көшелер, жолдар, жағалаулар, парктер, скверлер, бульварлар, су қоймалары, жағажайлар мен халықтың мұқтаждарын өтеуге арналған өзге де объектілер елді мекендердің ортақ пайдаланудағы жерлеріне жатады.

2) ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары желісіндегі жер учаскелері.

Ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары желісіндегі жерлерге жер төсеніштеріндегі, көлік байламдары, жол салымдары, жасанды құрылыстар, жол бойындағы резервтер мен жолдар, қызметтік және жол қызметінің тұрғын үй-жайларына қызмет көрсету, қардан қорғау және жасыл желектер сияқты құрылыстар жатады.

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілердің жер учаскелері.

337-бап. Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін анықтау

1. Темір жолдар, оқшаулау жолақтары, темір жол стансалары, вокзалдарды қоса алғанда, темір жол көлігі ұйымдары объектілеріне бөлінген жер учаскелері Қазақстан Республикасы темір жол көлігі ұйымдарына салық салу объектісі болып табылады.

2. Электр тарту желілері, электр тарту желілері мен бағынысты станциялар тіректеріндегі жер учаскелерін қоса алғанда, осы ұйымдарға бөлінген жер учаскелері, балансында электр тарту желілері бар ұйымдар салық салу объектісі болып табылады.

3. Мұнай, газ құбырларындағы жер учаскелерін қоса алғанда, осы ұйымдарға бөлінген жер учаскелері, балансында мұнай, газ құбырлары бар, мұнай, газ өндіру, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар салық салу объектісі болып табылады.

4. Байланыс желілері тіректеріндегі жер учаскелерін қоса алғанда осы ұйымдарға бөлінген жер учаскелері, балансында радиорелелік, әуе, кабельдік байланыс желілері бар байланыс пайдалану ұйымдары салық салу объектісі болып табылады.

338-бап. Салық салу базасы

Жер телімінің аумағы жер салығын анықтау үшін салық базасы болып табылады.

54-ТАРАУ. САЛЫҚ СТАВКАЛАРЫ

1. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын салық ставкалары

339-бап. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

1. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын салық мөлшерлемелері 1 гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы бойынша сараланады.

2. Жазық аумақтардың далалы және құрғақ далалы аймақтарының кәдімгі және

оңтүстік қара топырақты, күңгірт-каштан және каштан топырақты, сондай-ақ тау бөктеріндегі аумақтардың күңгірт сұр топырақты (сұр-қоңыр), каштан (қоңыр) және тау бөктерінің қара топырақты жерлеріне бонитет (сапа) баллына пропорционалды де төмендегідей базалық салық мөлшерлемелері белгіленеді:

Бонитет баллы	Базалық салық ставкасы (теңге)	Бонитет баллы	Базалық салық ставкасы (т е н г е)
1	2	3	4
1	0 , 2 5	5 1	2 2 , 5 0
2	0 , 3 5	5 2	2 3 , 0 5
3	0 , 4 5	5 3	2 3 , 6 0
4	0 , 5 5	5 4	2 4 , 1 7
5	0 , 6 5	5 5	2 4 , 7 2
6	0 , 7 5	5 6	2 5 , 2 7
7	0 , 8 7	5 7	2 5 , 8 2
8	1 , 0 0	5 8	2 6 , 4 0
9	1 , 1 2	5 9	2 6 , 9 5
1 0	1 , 2 5	6 0	2 7 , 5 0
1 1	1 , 5 0	6 1	3 0 , 0 0
1 2	1 , 6 0	6 2	3 1 , 4 0
1 3	1 , 7 0	6 3	3 2 , 7 8
1 4	1 , 8 0	6 4	3 4 , 1 7
1 5	1 , 9 0	6 5	3 5 , 5 5
1 6	2 , 0 0	6 6	3 6 , 9 5
1 7	2 , 1 2	6 7	3 8 , 3 2
1 8	2 , 2 5	6 8	3 9 , 7 2
1 9	2 , 3 7	6 9	4 1 , 1 0
2 0	2 , 5 0	7 0	4 2 , 5 0
2 1	2 , 7 5	7 1	4 5 , 0 0
2 2	3 , 0 0	7 2	4 6 , 4 0
2 3	3 , 2 5	7 3	4 7 , 7 7
2 4	3 , 5 0	7 4	4 9 , 1 7
2 5	3 , 7 5	7 5	5 0 , 5 5
2 6	4 , 0 0	7 6	5 1 , 9 5

2 7	4 , 2 5	7 7	5 3 , 3 2
2 8	4 , 5 0	7 8	5 4 , 7 2
2 9	4 , 7 5	7 9	5 6 , 1 0
3 0	5 , 0 0	8 0	5 7 , 5 0
3 1	7 , 5 0	8 1	6 0 , 0 0
3 2	8 , 0 5	8 2	6 1 , 6 7
3 3	8 , 6 0	8 3	6 3 , 3 2
3 4	9 , 3 7	8 4	6 5 , 0 0
3 5	9 , 7 2	8 5	6 6 , 6 7
3 6	1 0 , 2 7	8 6	6 8 , 3 2
3 7	1 0 , 8 2	8 7	7 0 , 0 0
3 8	1 1 , 4 0	8 8	7 1 , 6 7
3 9	1 1 , 9 5	8 9	7 3 , 3 2
4 0	1 2 , 5 0	9 0	7 5 , 0 0
4 1	1 5 , 0 0	9 1	7 7 , 5 0
4 2	1 5 , 5 5	9 2	8 0 , 0 0
4 3	1 6 , 1 0	9 3	8 2 , 5 0
4 4	1 6 , 6 7	9 4	8 5 , 0 0
4 5	1 7 , 2 2	9 5	8 7 , 5 0
4 6	1 7 , 7 7	9 6	9 0 , 0 0
4 7	1 8 , 3 2	9 7	9 2 , 5 0
4 8	1 8 , 9 0	9 8	9 5 , 0 0
4 9	1 9 , 4 5	9 9	9 7 , 5 0
5 0	2 0 , 0 0	1 0 0	1 0 0
100-ден жоғары			105,00

3. Шөлейтті, шөлді және тау етегіндегі шөлді аумақтардың ашық-каштан, қоңыр, сұр-қоңыр, ашық және кәдімгі сұр топырақты, сондай-ақ таулы аумақтардың таулы-далалы, таулы-шалғынды-далалы және таулы альпілік және субальпілік топырақты жерлеріне бонитет баллына пропорционалды түрде төмендегідей базалық салық мөлшерлемелері белгіленеді:

Бонитет баллы	Базалық салық ставкасы (теңге)	Бонитет баллы	Базалық салық ставкасы (т е ण г е)
---------------	-----------------------------------	---------------	--

1	2	3	4
1	0 , 2 5	5 1	1 0 , 2 5
2	0 , 2 8	5 2	1 0 , 5 0
3	0 , 3 0	5 3	1 0 , 7 5
4	0 , 3 2	5 4	1 1 , 0 0
5	0 , 3 5	5 5	1 1 , 2 5
6	0 , 3 8	5 6	1 1 , 5 0
7	0 , 4 0	5 7	1 1 , 7 5
8	0 , 4 2	5 8	1 2 , 0 0
9	0 , 4 5	5 9	1 2 , 2 5
1 0	0 , 5 0	6 0	1 2 , 5 0
1 1	0 , 7 5	6 1	1 2 , 7 5
1 2	0 , 9 5	6 2	1 3 , 1 0
1 3	1 , 1 5	6 3	1 3 , 3 8
1 4	1 , 3 2	6 4	1 3 , 7 0
1 5	1 , 5 2	6 5	1 4 , 0 0
1 6	1 , 7 2	6 6	1 4 , 3 2
1 7	1 , 9 2	6 7	1 4 , 6 2
1 8	2 , 1 0	6 8	1 4 , 9 5
1 9	2 , 3 0	6 9	1 5 , 2 8
2 0	2 , 5 0	7 0	1 5 , 5 8
2 1	2 , 7 5	7 1	1 5 , 9 0
2 2	3 , 0 0	7 2	1 6 , 2 0
2 3	3 , 2 5	7 3	1 6 , 5 2
2 4	3 , 5 0	7 4	1 6 , 8 2
2 5	3 , 7 5	7 5	1 7 , 1 5
2 6	4 , 0 0	7 6	1 7 , 4 5
2 7	4 , 2 5	7 7	1 7 , 7 8
2 8	4 , 5 0	7 8	1 8 , 1 0
2 9	4 , 7 5	7 9	1 8 , 4 0
3 0	5 , 0 0	8 0	1 8 , 7 3
3 1	5 , 2 5	8 1	1 9 , 0 2
3 2	5 , 5 0	8 2	1 9 , 3 5
3 3	5 , 7 5	8 3	1 9 , 6 5

3 4	6 , 0 0	8 4	1 9 , 9 8
3 5	6 , 2 5	8 5	2 0 , 3 0
3 6	6 , 5 0	8 6	2 0 , 6 0
3 7	6 , 7 5	8 7	2 0 , 9 2
3 8	7 , 0 0	8 8	2 1 , 2 2
3 9	7 , 2 5	8 9	2 1 , 5 5
4 0	7 , 5 0	9 0	2 1 , 8 5
4 1	7 , 7 5	9 1	2 2 , 1 8
4 2	8 , 0 0	9 2	2 2 , 4 8
4 3	8 , 2 5	9 3	2 2 , 8 0
4 4	8 , 5 0	9 4	2 3 , 1 2
4 5	8 , 7 5	9 5	2 3 , 4 2
4 6	9 , 0 0	9 6	2 3 , 7 5
4 7	9 , 2 5	9 7	2 4 , 0 3
4 8	9 , 5 0	9 8	2 4 , 3 7
4 9	9 , 7 5	9 9	2 4 , 6 7
5 0	1 0 , 0 0	1 0 0	2 5 , 0 0
1 0 0 - ден жоғары			2 6 , 0 0

340-бап. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығына арналған жерлерге салынатын базалық салық

ставкалары

Жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық, бағбандық, бақшашылық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген жерлерге, соған қоса құрылыс орындары алып жатқан жерлерге базалық салық ставкалар төмендегідей көлемдерде белгіленеді:

көлемі 0,50 гектарға дейін болған кезде - 0,01 гектар үшін қоса алғанда 20 теңге;
0,50 гектардан асатын көлем үшін - 0,01 гектар үшін 100 теңге.

341-бап. Ауыл шаруашылық мақсаттары үшін пайдалануға арналған ауыл шаруашылығы жерлеріне базалық

салық ставкалары

Елді мекендердің, өнеркәсіптің, тасымалдың, байланыстың, ерекше күзетілетін табиғат аумақтарының, орман және су қорының құрамына енетін, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жер телімдеріне осы кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттары ескеріліп, 339-бапта белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

2. Елді мекендердің жерлеріне салынатын салық ставкалары

**342-бап. Елді мекендердің жерлеріне (үй маңындағы жер
учаскелерінен басқа) салынатын базалық салық
ставкалары**

1. Елді мекендердің (үй маңындағы жер телімдерінен басқа) жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары көлемінің бір шаршы метріне есептегенде төмендегідей өлшем бойынша белгіленеді:

Елді Мекеннің түрі	Тұрғын үй емес құрылыстар, ғимараттар, оларды ұстап тұру үшін қажет телімдер, сондай-ақ объектілердің санитарлық-қорғау аймақтары, техникалық және өзге де аймақтар алып жатқан жерлерге салынатын салық мөлшерлемесі (теңгемен)	Тұрғын үй қоры, соған қоса олардың маңындағы жерлерге салынатын салық мөлшерлемесі (теңгемен)
--------------------------	--	--

1	2	3
---	---	---

Қ а л а л а р :

А л м а т ы	15,00	0,5
А с т а н а	10,00	0,5
А қ т а у	5,00	0,3
А қ т ө б е	3,50	0,3
А т ы р а у	4,25	0,3
Т а р а з	4,75	0,3
Қ а р а ғ а н д ы	5,00	0,3
Қ ы з ы л о р д а	4,50	0,3
К ө к ш е т а у	3,00	0,3
Қ о с т а н а й	3,25	0,3
П а в л о д а р	5,00	0,3
П е т р о п а в л	3,00	0,3
О р а л	3,00	0,3
Ө с к е м е н	5,00	0,3
Ш ы м к е н т	4,75	0,3

А л м а т ы о б л ы с ы :

О б л ы с т ы қ	б а ғ ы н ы с т а ғ ы	
басқа қалалар	3,50	0,2
А у д а н д ы қ	б а ғ ы н ы с т а ғ ы	

басқа қалалар	3,00	0,2
А қ м о л а	о б л ы с ы :	
О б л ы с т ы қ	б а ғ ы н ы с т а ғ ы	
қ а л а л а р	3,00	0,2
А у д а н д ы қ	б а ғ ы н ы с т а ғ ы	
қ а л а л а р	2,60	0,2
Облыстық бағыныстағы	Облыс орталығы үшін белгіленген	0,2
басқа қалалар	ставканың 85 проценті	
	Облыс орталығы үшін белгіленген	
Аудандық бағыныстағы	ставканың 75 проценті	0,1
б а с қ а қ а л а л а р		0,50
	0,25	
Поселкелер		0,07
Селолар (ауылдар)		0,05

343-бап. Үй маңындағы жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары

Үй маңындағы жер телімдері төмендегідей базалық салық мөлшерлемелері бойынша салық салынуға тиісті:

- 1) Астана, Алматы қалалары үшін:
көлемі 600 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;
көлемі 600 шаршы метрден асатын болса - 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге;
- 2) облыстық маңызы бар қалалар үшін:
көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;
көлемі 1000 шаршы метрден асатын болса - 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге;
- 3) қалған елді мекендер үшін:
көлемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;
көлемі 5000 шаршы метрден асатын болса - 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңге;

3. Өнеркәсіптік жерлерге салынатын салық ставкалары

344-бап. Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары

1. Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіптік жерлерге (шахталар, карьерлер, олардың санитарлық-техникалық аймақтарын қоса алғанда) салынатын базалық салық ставкалары бір гектарға есептегенде бонитет (сапа) баллына пропорционалды түрде төмендегідей өлшемдер бойынша белгіленеді.

Бонитет баллы	Салықтың базалық салық ставкасы (теңге)	Бонитет баллы	Салықтың базалық салық ставкасы
---------------	---	---------------	---------------------------------

(т е н г е)

1	2	3	4
0		2 5 , 0	
1	4 7 , 5	5 1	1 3 6 5 , 0 0
2	7 0 , 0	5 2	1 3 9 3 , 9 0
3	9 2 , 5	5 3	1 4 2 2 , 7 7
4	1 1 5 , 0	5 4	1 4 5 1 , 6 7
5	1 3 7 , 5	5 5	1 4 8 0 , 5 5
6	1 6 0 , 0	5 6	1 5 0 9 , 4 5
7	1 8 2 , 5	5 7	1 5 3 8 , 3 2
8	2 0 5 , 0	5 8	1 5 6 7 , 2 2
9	2 2 7 , 5	5 9	1 5 9 6 , 1 0
1 0	2 5 0 , 0	6 0	1 6 2 5 , 0 0
1 1	2 7 5 , 0 0	6 1	1 6 5 2 , 0 0
1 2	3 0 6 , 9 5	6 2	1 6 8 2 , 7 7
1 3	3 3 8 , 9 0	6 3	1 7 2 3 , 0 5
1 4	3 7 0 , 8 2	6 4	1 7 4 3 , 3 2
1 5	4 0 2 , 7 7	6 5	1 7 7 3 , 6 0
1 6	4 3 4 , 7 2	6 6	1 8 0 7 , 9 0
1 7	4 6 6 , 6 7	6 7	1 8 3 4 , 1 7
1 8	4 9 8 , 6 0	6 8	1 8 6 4 , 4 5
1 9	5 3 0 , 5 5	6 9	1 8 9 4 , 7 2
2 0	5 6 2 , 0 0	7 0	1 9 2 5 , 0 0
2 1	5 9 0 , 0 0	7 1	1 9 5 3 , 0 0
2 2	6 1 6 , 1 0	7 2	1 9 8 4 , 2 7
2 3	6 4 2 , 1 5	7 3	2 0 1 5 , 8 2
2 4	6 6 7 , 2 2	7 4	2 0 4 7 , 5 0
2 5	6 9 4 , 4 5	7 5	2 0 7 9 , 1 7
2 6	7 2 0 , 5 5	7 6	2 1 1 0 , 8 2
2 7	7 4 6 , 6 7	7 7	2 1 4 2 , 5 0
2 8	7 7 2 , 7 7	7 8	2 1 7 4 , 1 7
2 9	7 9 8 , 9 0	7 9	2 2 0 5 , 8 2
3 0	8 2 5 , 0 0	8 0	2 2 3 8 , 0 0
3 1	8 5 3 , 0 0	8 1	2 2 6 5 , 0 0

32	8 77,22	82	2 296,67
33	9 01,95	83	2 328,32
34	9 26,67	84	2 360,00
35	9 51,40	85	2 391,67
36	9 76,10	86	2 423,32
37	1 000,82	87	2 455,00
38	1 025,55	88	2 486,67
39	1 050,27	89	2 518,32
40	1 075,00	90	2 550,00
41	1 102,00	91	2 578,00
42	1 128,60	92	2 618,90
43	1 154,72	93	2 660,27
44	1 180,82	94	2 701,67
45	1 206,95	95	2 743,05
46	1 233,05	96	2 784,45
47	1 259,18	97	2 825,82
48	1 285,27	98	2 908,60
49	1 311,40	99	2 950,00
50	1 338,00		1 000
100-ден жоғары			3 000

2. Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес уақытша басқа жерді пайдаланушылар пайдаланатын жерлерді қоспағанда қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлерге, осы баптың 1-тармағында белгіленген ставкалар бойынша салық салынуға ж а т а д ы .

3. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген, қорғаныс мұқтажы үшін уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін басқа жерді пайдаланушыларға берілген жерлер осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 339-бапта белгіленген ставкалар бойынша салық салынуға ж а т а д ы .

4. Магистральды темір жолдар бойындағы орман жасыл желектері орналасқан темір жол көлігі кәсіпорындарының жерлеріне осы Кодекстің 348-бабы 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 339-бапта белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

345-бап. Елді-мекендердің шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкалары

1. Елді мекендердің шегінде орналасқан өнеркәсіптік жерлерге (шахталарды, карьерлерді және олардың санитарлық-қорғау, техникалық және өзге де аймақтарын

қоса алғанда) осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

2. Елді мекендердің шегінде, бірақ селитебті аумақтан тысқары (осы баптың 3-тармағында көрсетілген жерлерді қоспағанда) жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен орналасқан өнеркәсіптік жерлерге (шахталарды, карьерлерді және олардың санитарлық-қорғау, техникалық және өзге де аймақтарын қоса алғанда) базалық ставкалар төмендетілуі мүмкін. Осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағында белгіленген төмендетуді ескере отырып, көрсетілген жерлерге салық ставкасын жалпы төмендету базалық ставкасының отыз процентінен аспауы тиіс.

3. Елді мекендердің ішінде орналасқан, әуе алаңдары алып жатқан өнеркәсіп жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 344-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Әуе алаңдары алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің ішінде орналасқан, әуежайлар алып жатқан өнеркәсіп жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Әуе алаңы осы Кодекстің мақсаты үшін әуе кемелерінің ұшу, қону, бұру, тұрақпен қамтамасыз ету және қызмет көрсетуге арналған арнайы жер учаскесі деп түсіндіріледі.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары

346-бап. Ерекше қорғалатын, табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары

1. Ауыл шаруашылығы мақсаттарында пайдаланылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 339-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

2. Заңды және жеке тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсаттарынан басқа, өзге де мақсаттарға пайдалануға берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының басқа да объектілері орналасқан жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 344-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салуға жатады.

5. Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын жерлерге салынатын салық ставкалары

347-бап. Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын жерлерге салынатын салық ставкалары

1. Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын елді мекендердің жерлері (базарларға берілген жерлерді қоспағанда) тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылымдар мен құрылыстар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді

мекендердің жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша 2-ден 10-есеге дейін ұлғайтып салық салынуға жатады.

Коммерциялық мақсаттарда пайдаланылатын басқа санаттағы жерлерге (базарлар оның жанындағы құрылымдар мен құрылыстар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне) тұрғын үй қоры оның ішінде осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша 2-ден 10-есеге дейін ұлғайтып салық салуға жатады.

Ставкаларды ұлғайтудың нақты мөлшерлері мен базалық ставкалары салықты есептеу кезінде қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді органдар белгілейді.

2. Базарлар аумағына бөлінген елді мекендердің жерлерін, тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылымдар мен құрылыстар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша 10 есеге ұлғайтып салық салуға жатады.

Базалық ставкалары есептеу кезінде елді мекенді жергілікті өкілді органдар белгілейді. Базарлардың аумағына бөлінген басқа да санаттағы жерлерге тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылымдар мен құрылыстар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне осы Кодекстің 348-бабының 2-тармағының шарттарын ескере отырып, 342-бабында жақын елді мекен үшін белгіленген 10-есеге ұлғайтылған ставкалар бойынша салық салуға жатады.

3. Осы баптың 1, 2-тармақтарында көрсетілген коэффициенттер салық төлеуші жерді коммерциялық мақсатта іс жүзінде пайдаланған сәттен бастап қолданылады.

6. Салық ставкаларын түзету

348-бап. Базалық салық ставкаларын түзету

1. Осы Кодекстің 339, 340, 342, 343, 344-баптарымен белгіленген жер салығының базалық салық ставкаларына Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейтін коэффициент қолданылады.

2. Жергілікті өкілді органдар 20 проценттен жоғары емес көлемде мынандай санаттар бойынша төмендетуге немесе көтеруге құқылы жерлердің мынадай санаттары б о й ы н ш а :

1) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жер учаскесінің орналасқан жеріне, оның сумен қамтамасыз етілуіне, шаруашылық жүргізудің өндірістік және өзге де жағдайларына байланысты;

2) елді мекендердің жерлеріне учаскенің тасымал көздеріне жету мүмкіндігіне, құрылыстың сәулет-көркем және ландшафтілік құндылығына, қоршаған ортаның жай-күйіне, микроклиматтық және санитарлық-гигиеналық жағдайларына, аумақтың табиғат күштерінің қиратушы әсерлеріне ұшырауына, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орталықтарының дамуына және басқа факторларға байланысты;

3) өнеркәсіп жерлерін учаскенің орналасқан орнына, коммуникациялардың бар болуына және басқа факторларға байланысты осы Кодекстің 339, 340, 342, 343, 344-баптарымен белгіленген, бірақ 20 проценттен аспайтын жер салығының базалық салықтық ставкаларын азайтуға немесе көбейтуге құқылы.

3. Мынадай төлеушілер тиісті ставкаларға салық есептеген кезде 0,1 коэффициентті қолданады :

1) сауықтыру балалар мекемелері, мемлекеттік табиғи қорықтар (биосфераны қоса алғанда), мемлекеттік табиғи шектелген аймақтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи парктер, мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар, мемлекеттік дендрологиялық парктер, зираттар;

2) қызметінің негізгі түрі ормандардың өртке қарсы құрылғысы жөнінде жұмыс жүргізу, өртке қарсы күрес, ормандардың зиянкестері және ауруларымен, табиғи биологиялық ресурстарын жаңғырту және ормандардың экологиялық әлеуетін арттыру болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

3) балық өсіру-өндіру мақсаттағы мемлекеттік кәсіпорындары;

4) негізгі қызмет түрі ғылым саласында жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестациялау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

6) қызметтің негізгі түрі театр-ойын-сауық және (немесе) концерттік іс-шараларды жүзеге асыру, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі, әлеуметтік қорғау мен балаларды, қарттарды және мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру саласында, спорт саласында қызмет көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

7) медициналық қызмет көрсетумен байланысты (косметологиялық қызметтерді қоспағанда) және (немесе) балаларға мектепке дейінгі білім беру мектептен тыс, орташа арнаулы, бастауыш кәсіби, орташа кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейін кәсіби және қосымша кәсіби білім беру саласында осы қызмет түрлерін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

8) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

9) Қазақстан Республикасының мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, ақыл-ойы мен дене кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз), Қазақстан Республикасының Қызыл Жартыай және Қызыл Крест Ұлттық қоғамы (кәсіпорындарсыз) және балалар қайырымдылық қорлары (кәсіпорындарсыз);

10) қызметкерлерінің жалпы санының кемінде алпыс процентін мүгедектер құрайтын және мүгедектерге еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекақы төлеу

жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 60 процентін құрайтын ұйымдар;

11) психикалық-неврологиялық және туберкулездік мекемелер жанындағы емдеу-өндірістік кәсіпорындар.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жер салығын төлеушілер жер учаскесін беру немесе оның бөлігін жалға, өзге де негіздерде немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалануға беру (онымен бірге тұрғын-үй, құрылыс, ғимарат бар не оларсыз) кезінде, жалпы белгіленген тәртіппен 0,1 коэффициентсіз қолдануға салық есептеледі.

55-ТАРАУ. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

349-бап. Салықты есептеу мен төлеудің жалпы тәртібі

1. Салықты есептеу әрбір жер учаскесі бойынша жеке-жеке салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану жолымен жүргізіледі.

2. Жер салығы, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық төлеушіге жер учаскесін берген айдан кейінгі айдан бастап есептеледі.

3. Жер учаскесіне иелік ету құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда жер салығы жер учаскесін іс-жүзінде пайдалану кезеңі үшін есептеледі.

4. Жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша бюджетке тиісті не Астана мен Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге жүргізіледі.

5. Салық жылы ішінде елді мекенді бір санаттан басқа елді санатқа аудару кезінде ағымды жылдағы жер салығы салық төлеушілерден осы елді мекендер үшін бұрын белгіленген ставкалар бойынша, ал келесі жылы - елдердің жаңа санаты үшін белгіленген ставкалар бойынша алынады.

6. Елді мекендерді қысқартқан және оның аумағын басқа елді мекеннің аумағына қосқан кезде, қысқартылған елді мекеннің аумағында жаңа ставка қысқарту болған жылдан кейінгі жылдан бастап қолданылады.

7. Жер учаскелері бонитетінің балдарын айқындау мүмкін, болмаған кезде, жер салығының мөлшері араласқан жерлер орналасқан бонитет балдарын ескере отырып айқындалады.

8. Жалпы үлестік меншікте орналасқан салық салу объектілері бойынша салық осы жер учаскесіндегі олардың үлесіне тең есептеледі.

9. Заңды тұлғалар ауылшаруашылығы өнімін өндірушілер үшін бюджетпен есептесуді арнайы салық режимінде жүзеге асырушы заңды тұлғалардың жер салығын есептеу және төлеу тәртібі осы Кодекстің 393-398-баптарында белгіленген.

10. Қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлерге салынатын жер салығын алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

350-бап. Заңды тұлғалардың салық есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

1. Заңды тұлғалар жер салығы сомаларын өз еркімен салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану жолымен есептейді.

2. Заңды тұлғалар салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге міндетті.

3. Ағымдағы төлемдердің сомалары ағымдағы жылдың жиыrmасыншы ақпаны, жиыrmасыншы мамыры, жиыrmасыншы тамызынан кешіктірмейтін мерзімде төленуі тиіс.

4. Бірінші төлем мерзіміндегі ағымдағы төлемінің мөлшері алдыңғы салық кезеңінде іс жүзінде төленген сомалардың үштен бірі мөлшерінде айқындалады.

Екінші және үшінші мерзімдерде төленуге тиіс ағымдағы төлемдердің сомалары алдыңғы салық кезеңінде жер салығы бойынша декларацияда көзделген нақты салықтық міндеттемелер сомаларынан ескере отырып анықталады. Бұл ретте, ағымдағы төлемдердің сомалары бірінші төлем мерзімінде төленген ағымдағы төлемді ескере отырып тең көлемде төленеді.

5. Салықтық міндеттемелер пайда болған кезде, жыл ішіндегі салықтың ағымдағы сомаларын төлеудің бірінші мерзімі жер салығын төлеу бойынша салықтық міндеттемелер пайда болған күннен кейінгі осы баптың 3-тармағында белгіленген кезекті мерзім болып табылады.

Осы Кодекстің 334-бабының 2-тармағындағы 2), 3), 5)-тармақшаларда көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру кезінде салықтың ағымдағы сомаларын төлеудің бірінші мерзімі, салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру күнінен кейінгі кезекті мерзім болып табылады.

Бұл ретте, ағымдағы төлем сомалары салық міндеттемелері пайда болған сәтте айқындалған салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану жолымен есептеледі.

6. Ағымдағы төлем төлеудің соңғы мерзімінен кейін салықтық міндеттемелер пайда болған кезде салық төлеушілер салық сомаларын салықтық міндеттемелер пайда болған айдан кейінгі айдың 20 күнінен қалдырмай төлейді.

Осы Кодекстің 334-бабының 2-тармағындағы 2), 3), 5)-тармақшаларда көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілерін ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінде пайдалануға немесе жалға беру кезінде салық төлеушілер салық сомаларын салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру айынан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей төлейді.

7. Жыл ішінде жер салығын төлеу және есептеу бойынша міндеттемелер пайда болған кезде салық төлеушілер салықтық міндеттемелер пайда болған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ағымдағы төлемдердің есебін объектінің орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады.

Ағымдағы төлемдердің нысанын және толтыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

8. Салық кезеңінің ішінде салық салу объектісінің құқығын берген жағдайда, салық сомасы жер учаскесінің құқығын іске асырудың нақты кезеңі үшін есептеледі.

Жер учаскесін осы құқықты беретін тұлға құқықты беретін іс жүзінде иелік ету

кезеңінде төлеуге жататын салық сомасы құқықтарды мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін немесе сәтінде бюджетке енгізілуі тиіс. Бұл ретте, алғашқы салық төлеушіге ол жер учаскесін берген ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелген салық сомасы көрсетіледі. Одан кейінгі салық төлеушіге салық органдары жіберген хабарландыру жер салығының есептелген сомасы туралы жер учаскесіне құқығы пайда болған кезеңдегі ай басынан есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Жер учаскесіне арналған құқықты мемлекеттік тіркеу кезінде салықтың жылдық сомасы тараптардың бірімен бюджетке енгізілуі мүмкін. Одан кейін, жер учаскесіне құқығын мемлекеттік тіркеу кезінде төлеген салық сомасы қайта төленбейді.

9. Салық төлеуші соңғы есептесуін және жер салығын төлеуді салық кезеңінде декларация ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі 10 күннен кешіктірмейтін мерзімде жүргізеді.

351-бап. Салықты есептеудің жекелеген жағдайлардағы ерекшеліктері

1. Бірнеше салық төлеушілердің пайдалануындағы үй-жай, құрылыс және ғимараттар орналасқан жер учаскелеріне жер салығы олардың бөлек пайдалануындағы үй-жай, құрылыстардың алаңына тепе-тең әр салық төлеушілер бойынша жеке е с е п т е л е д і .

2. Үй-жай, құрылыс және ғимараттардың бөліктерін осы Кодекстің 334-бабындағы 2-тармағының 2), 3), 5)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар жалға берген кезде жер салығы осы жер учаскесінде орналасқан барлық үй-жайларды, құрылыстардың және ғимараттардың жалға берілген бөлмелерінің жалпы алаңының алаң үлес салмағына қарай есептеуге жатады.

3. Тұрғын үй қорының құрамындағы жылжымайтын мүлікті заңды тұлға сатып алған жағдайда жер салығы тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар алып жатқан жерлерді қоспағанда елді мекендердің жерлеріне салынатын осы Кодекстің 342-бабында көрсетілген жер салығының базалық ставкалары бойынша есептеуге жатады.

352-бап. Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

1. Жеке тұлғалар төлеуге жататын жер салығын есептеуді тиісті салық ставкалары мен салық базасына қарай салық органдары жүргізеді.

2. Салық органдары 1 тамыздан кешікпейтін мерзімде жеке тұлғаларға есептелген салық сомалары туралы хабарлама береді.

3. Жеке тұлғалар бюджетке жер салығын ағымды жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлейді.

56-ТАРАУ. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

353-бап. Салықтық кезең

Жер салығын есептеу және төлеу үшін салықтық кезең осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

354-бап. Салық декларациясы

1. Салық төлеушілер (ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушіге арналған арнайы салық режимінде бюджетпен есептесуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларды қоспағанда) жер салығы бойынша декларацияны келесі есеп беруден кейінгі, жылдың бірінші наурызына дейін салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органына тапсырады.

2. Осы Кодекстің 334-бабындағы 2)-тармағының 2), 3), 5)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар салық есебін қолдануға немесе жалға берген салық салу объектілері бойынша жалпы белгіленген тәртіппен тапсырады.

12-БӨЛІМ. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

57-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

355-бап. Төлеушілер

1. Көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар (бұдан әрі - заңды тұлғалар), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және жеке меншік құқығында салық салу объектілері бар тұлғалар болып табылады.

2. Мыналар көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шектерінде бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын салық салу объектілері бойынша мемлекеттік мекемелер;

3) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілетін адамдар - салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралынан;

4) жеке меншігінде мотоколяскалары мен автомобилдері бар мүгедектер - салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралынан;

5) Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, "Халық Қаһарманы" атағын алған тұлғалар, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен марапатталған адамдар, "Алтын алқа" және "Ардақты ана" атағын алған көпбалалы аналар - салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралынан;

6) ауыл шаруашылық құрамасынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдаланған мерзімі 7 жылдан артық жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар.

356-бап. Салық салу объектілері

1. Белгіленген заң актілерінде уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған көлік құралдары салық салу объектілері болып табылады.

2. Мыналар :

- 1) жүк көтергіштігі 40 тоннадан асатын карьерлік автосамосвалдар;
- 2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы салық салу объектілері болып табылмайды.

58-ТАРАУ. САЛЫҚ СТАВКАЛАРЫ

357-бап. Салық ставкалары

1. Салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштерде белгіленген мынадай келесі
ставкалар бойынша жүргізіледі:

Салық салу объектілері	Салық ставки (ай л ы қ е с е п к ө р с е т к і ш)
1. Двигатель көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (т е к ш е с м .) :	
қоса алғанда 1100-ге дейін	4,0
1100-ден 1500-ге дейін	6,0
1500-ден 2000-ға дейін	7,0
2000-нан 2500-ге дейін	12,0
2500-ден 3000-ға дейін	17,0
3000-нан 4000-ға дейін	22,0
4000-нан жоғары	117,0
2. Жүк көтергішті мынадай жүк автомобильдері (тіркемелерді есептемегенде):	
қоса алғанда, 1 тоннаға дейін	6,0
1 тоннадан 1,5 тоннаға дейін	9,0
1,5 тоннадан 5 тоннаға дейін	12,0
5 тоннадан жоғары	15,0
3. Шынжыр табанды машиналар мен механизмдерді қоспағанда, өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүрістегі м е х а н и з м д е р	
4 . А в т о б у с т а р :	
қоса алғанда 12 отыратын орынға дейін	3,0
12-ден 25 отыратын орынға дейін	9,0
25 отыратын орыннан жоғары	14,0
5. Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, көлемі шағын кемелер (двигательдің қуаты 55 кВт-дан кем емес)	20,0

6. Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигательдің қуаты мынадай ат күші):	
қоса алғанда 160-қа дейін	1,0
160-тан 500-ге дейін	6,0
500-ден 1000-ға дейін	18,0
1000-нан жоғары	32,0
7. Ұшатын аппараттар	55,0

әрбір киловатт
қуаттан айлық
есептік
көрсеткіштің
4,0 проценті

2. Жеңіл автомобильдер двигателінің көлемі 7 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын көрсеткіш 2000 текше сантиметрге дейін, 12 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан 2500 текше сантиметрге дейін, 17 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2500-ден 3000 текше сантиметрге дейін және двигателінің көлемі 22 айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 3000-нан 4000 текше сантиметрге дейін болған кезде салық сомасы двигательдің аталған көлемінен асқан әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады.

3. Салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін пайдаланылу мерзімі 6 жылдан асатын жеңіл автокөлік құралдары бойынша мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

ТМД елдері өндірісінің автокөлік құралдары үшін:	
6 жылдан 20 жылды қоса алғанда	- 0,3;
20 жылдан 30 жылды қоса алғанда	- 0,2;
30 жылдан жоғары	- 0,1;
двигатель көлемі мынадай қалған автокөлік құралдары үшін:	
3000 текше сантиметрді қоса алғанда	- 0,5;
3000-нан 4000 текше сантиметрді қоса алғанда	- 0,7;
4000-нан және одан жоғары	- 1,0.

4. Ағымдағы жылдың 1 қаңтарына пайдаланылу мерзімі 7 жылдан асатын ТМД елдері өндірісінің жүк автокөлік құралдары бойынша мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

7 жылдан 14 жылды қоса алғанда	- 0,5;
14 жылдан 20 жылды қоса алғанда	- 0,3;
20 жылдан жоғары	- 0,1.

5. Пайдаланылу мерзіміне байланысты ұшу аппараттарының салық ставкаларына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған ұшу аппараттарына:
пайдаланудың 5 жылын қоса алғанда - 1,0;
пайдаланудың 5 жылынан 15 жылын қоса алғанда - 2,0;
пайдаланудың 15 жылынан жоғары - 3,0.

1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған ұшу аппараттарына:
пайдаланудың 5 жылын қоса алғанда - 1,0;
пайдаланудың 5 жылынан 15 жылын қоса алғанда - 0,5;
пайдаланудың 15 жылынан жоғары - 0,3.

6. Көлік құралының пайдаланылу мерзімі техникалық құралдың паспортында (әуе кемесін ұшырып пайдалану жөніндегі басшылықта) көрсетілген көлік құралы шығарылған жылдан бастап есептеледі.

59-ТАРАУ. САЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ МЕРЗІМДЕРІ

358-бап. Салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

1. Салық төлеушілер салық кезеңі басындағы жай-күйдегі қолда бар әрбір көлік құралы бойынша салық салу объектісін, әрбір көлік құралы бойынша салық ставкасын және түзету коэффициенттерін ескеріп салық сомасын дербес есептейді.

2. Салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан орны бойынша бюджетке тиісті не Астана және Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге жүргізіледі.

Механикалық көлік құралдары бойынша салық төлеу мемлекеттік техникалық байқау өткенге дейін, бірақ салық кезеңіндегі 1 шілдеден кешіктірілмей жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті мемлекеттік органда бұрын есепте тұрмаған сатып алынбаған көлік құралдары бойынша салық оны есепке қою сәтіне немесе дейін төленуге жатады. Бұл орайда, көлік құралының иесі осы көлік құралына салық төленгенін растайтын құжатты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті мемлекеттік органға көрсетуге міндетті.

Бюджетпен есеп айырысуды ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде жүзеге асырушы заңды тұлғалардың көлік құралдары салығын төлеу тәртібі осы Кодекстің 393-398-баптарында белгіленген.

3. Салық төлеуші - заңды тұлғалар салық кезеңі үшін көлік құралдарына салық бойынша декларацияны беру мерзімі басталғаннан кейінгі 10 күннен кешіктірмей мерзімінде көлік құралдарына салық бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді.

4. Салық кезеңі ағымында салық салу объектісінің жекеменшіктік құқығын тапсырар болса, салық сомасы көлік құралдарына қатысты жекеменшік құқығын іске асыруының нақты кезеңі үшін есептейді.

Көлік құралына осы құқықты беретін іс жүзінде билік ету кезеңінде төленуге жататын салық сомасы, салық салу объектілеріне арналған мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін немесе сәтінде бюджетке енгізілуі тиіс. Бұл ретте, ол көлік құралын бергенде

алғашқы салық төлеушіге ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан ай басына дейін төленген салық сомасы көрсетіледі. Одан кейінгі салық төлеуші көлік құралының салық сомасын көлік құралына жекеменшік құқығы пайда болған кезеңдегі ай басынан есептелген салық сомасын есептейді.

Көлік құралдарынан шеттету кезінде, салықтың жылдық сомасы салық салу объектісіне құқығын мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін немесе сәтінде тараптардың бірімен (келісім бойынша) бюджетке енгізуі мүмкін. Салықтың жылдық сомасын жекеменшіктік құқығын табыстау сәтінде төлегенде одан кейін салықтың сомасы қайта төленбейді.

5. Көлік құралының иесі атынан шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару, сенімгерлік басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару, сенімгерлік басқару иелігі құқығындағы көлік құралын иеленетін тұлғаның көлік құралдарына салықты төлеуі көлік құралы иесінің осы есепті кезең үшін салық міндеттемесін орындау болып табылады.

60-ТАРАУ. САЛЫҚТЫҚ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ САЛЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

359-бап. Салықтық кезең

Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу мен төлеуге арналған күнтізбелік жыл осы Кодекстің 143-бабымен айқындалады.

360-бап. Салық декларациясы

Салық төлеуші - заңды тұлғалар (ауыл шаруашылық өнімін өндірушілер үшін арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда) көлік құралдарына салынатын салық бойынша декларацияны келесі есеп беруден кейінгі, жылдың 1 наурызына дейін салық органдарына тапсырады.

3-БӨЛІМ. МҮЛІККЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

61-ТАРАУ. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮЛІКТЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

361-бап. Салық төлеушілер

1. Мыналар мүлікке салынатын салықты төлеушілер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік немесе шаруашылық жүргізу құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар (соның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары) ;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар жеке кәсіпкерлер .

2. Оларда жеке бухгалтерлік балансы бар кезде олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері дербес салықты төлеушілер болып табылады .

3. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының тұрақты мекемесі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан салық салу объектілері

бойынша төлеушілер болып табылады.

4. Мыналар мүлікке салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қажеттілік нормативтері шегінде салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер.

Салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын белгіленген қажеттілік нормативтерінен артық төлеушілер мүлікке салынатын салықты осы бөлімде белгіленген тәртіп бойынша төлейді;

2) оларға салық салу осы Кодекстің 292-бабында белгіленген салық режимінің екінші моделінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдаланушылар;

3) кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылмайтын салық салу объектілері бойынша мемлекеттік мекемелер;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның филиалдары мен өкілеттіктері;

5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жазасын өтеу мекемелері, қылмыстық-атқару жүйесінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының жазасын өтеу мекемелері.

Осы тармақтың 3-5-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілері бойынша пайдалануға немесе жалға берген кезде салық төлеуден босатылмайды.

362-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні анықтау

1. Меншік иесімен келісім бойынша салық төлеушімен жалға немесе сенімгерлік басқару құқығы негізінде салық салу объектілерін берген кезде сенімгерлік басқарушы немесе жалға, алушы болуы мүмкін.

Мұның өзінде, сенімгерлік басқарушы немесе жалға алушы салық төлеуді есепті кезең үшін салық салу объектілері иесінің салық міндеттемесін тоқтатады.

2. Егер салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші болып танылады.

3. Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша олардың келісімімен осы мүліктің иелерінің бірі салық төлеуші болып табылады.

4. Қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.

363-бап. Салық салу объектісі

1. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін негізгі құрал-жабдықтар (оның ішінде тұрғын үй қорында орналасқан объектілер) мен материалдық емес активтер салық салу объектісі болып табылады.

Материалдық емес активтер бухгалтерлік есептегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есепте белгіленген материалдық емес объектілер болып табылады.

2. Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды:

1) осы Кодекстің 336 және 337-баптарына сәйкес жер салығын салу объектісі болып

табылатын

жер ;

2) осы Кодекстің 356-бабына сәйкес көлік құрал-жабдығына салық салу объектісі болып табылатын көлік құрал-жабдықтары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уақытша тоқтатылып қойылған негізгі құрал-жабдықтар;

4) жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардың үстіндегі салынымдар ;

бұру алқабы ;

жолдардың конструкциялық элементтері;

жолдарды қою және жайластыру;

көпірлер ;

жол өтпелері ;

виадуктар ;

тасымал соңы ;

тоннельдер ;

қорғаныш галереялары ;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған салынымдар мен құрылғылар;

су бұрғыш және су өткізгіш салынымдар;

жол бойындағы орман алқаптары;

желілік өндірістік кешендер, ғимараттар мен салынымдар, тұрғын үйлер.

364-бап. Салықтық база

1. Бухгалтерлік есепке алу мәліметтері бойынша анықталатын орташа жылдық қалдық құны заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады.

2. Салық салу объектілерінің орташа жылдық қалдық құны ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есеп беру кезеңінен кейінгі кезеңнің айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің қалдық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бір бөлігі ретінде анықталады.

3. Осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағының 3-5 тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық салу базасы пайдалануға немесе жалға тапсырылған салық салу объектісінің үлесін негізге ала отырып анықталады.

365-бап. Салық ставкалары

1. Заңды тұлғалар (осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда) салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 1 проценттік ставка бойынша мүлікке салынатын салықты есептеп шығарады.

2. Төменде көрсетілген заңды тұлғалар салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,1 проценттік ставка бойынша мүлікке салынатын салықты есептеп шығарады:

1) осы Кодекстің 127-бабында белгіленген заңды тұлғалар;

2) негізгі қызмет ету түрі ғылым саласында қызмет көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

3) негізгі қызмет ету түрі кітапханалық қызмет көрсету саласында жұмыстарды орындау (қызмет көрсетуші) болып табылатын ұйымдар;

4) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестациялау саласында қызметтік міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) негізгі қызмет ету түрі ойын-сауық театр және (немесе) концерттік шараларды жүзеге асыру, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау бойынша, балаларды, қарттарды және мүгедектерді әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында, спорт саласында қызмет көрсету болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

6) медициналық көмек көрсету (косметологиялық қызмет көрсетуді қоспағанда) және (немесе) білім беру қызметі түрлерін жүргізуге құқық беретін тиісті лицензиялары бойынша балаларға мектепке дейін, мектептен тыс, орта жалпы, бастауыш кәсіби, орта кәсіби, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби және қосымша кәсіби білім саласында білім беру қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

7) мемлекет меншігіне жататын және мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландыратын су қоймалары, су торабы және табиғат қорғау бағытына арналған басқа сушаруашылығының салық салу объектілері бойынша заңды тұлғалар;

8) Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, ақыл-есі және дене дамуы бұзылған балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және олардың қаржысы есебінен құрылған өндірістік кәсіпорындар, Қазақ республикалық Ауғанстан соғысы ардагерлерінің ұйымы (кәсіпорындарынсыз).

366-бап. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

1. Салық төлеушілер салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы дербес түрде салықты есеп шығарады.

2. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың салықты төлеу тәртібі осы Кодекстің 393-398-баптарында белгіленген.

3. Ортақ үлестік меншікте тұрған салық салу объектілері бойынша салық олардың осы мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде есептеліп шығарылады.

4. Салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлікке салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті, олар салық кезеңінің басындағы бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша белгіленген салық салу объектілерінің қалдық құнына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы анықталады.

5. Салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан орны бойынша бюджетке немесе Астана және Алматы қалаларының тиісті бюджеттерін, облыстық бюджеттерге

ж ү р г і з і л е д і .

6. Салықтың ағымдағы төлемдерінің сомаларын салық төлеуші салық кезеңіндегі 20 ақпаннан, 20 мамырдан және 20 тамыздан кешіктірмей тең үлестермен енгізеді.

Осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағының 3-5 тармақшаларында көрсетілген жаңадан құрылған салық төлеушілер мен заңды тұлғалар бойынша салық төлеушінің құрылу күнінен (салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға тапсыру күнінен) ағымдағы төлемді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдердің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер мен осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағының 3-4 тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар соңғы ағымдағы төлемдерді төлеу мерзімінен кейін пайдалануға немесе жалға салық салу объектісін беру кезінде салық кезеңі басталған айдан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей салық сомасын төлейді.

7. Салық төлеуші салық кезеңі үшін декларацияны ұсынған мерзімі басталғаннан 10 күннен кем болмайтын мерзімнен кешіктірмей түпкілікті есеп айырысады және мүлікке салынатын салықты төлейді.

367-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу

1. Егер жеке кәсіпкер тұрғын үй қоры құрамындағы үй-жайлар бойынша кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса, осы үй-жайлар бойынша салықты осы Кодекстің 371-377-баптарында көзделген ставкалар және тәртіп бойынша есептейді және төлейді.

2. Жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметті заңдарда белгіленген тәртіп бойынша тұрғын үй қоры құрамынан шығарылған үй-жайларда жүзеге асырған жағдайда, аталған бөлме бойынша салық осы тарауда белгіленген тәртіп бойынша есептеліп шығарылады және төленеді.

368-бап. Салықтық кезең

1. Егер осы баппен өзгеше көзделмесе мүлікке салықты есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

2. Осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағының 3-5 тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар үшін салық кезеңі салық салу объектісін пайдалануға немесе жалға тапсыру мезетінен бастап мұндай пайдаланудың аяқталу мезетіне дейін, анықталады.

369-бап. Салық есептемесі

1. Салық төлеушілер (ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде бюджетпен есеп айырысатын заңды тұлғаларды қоспағанда) салық салу объектілерінің орналасқан орны бойынша аумақтық салық органына ағымдағы төлемдер сомасының есебі мен декларацияны ұсынуға міндетті.

Бюджетпен есеп айырысуды ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған салық режимінде жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мүлік салығы бойынша салық есептемесін

тапсыру тәртібі осы Кодекстің 393-398-баптарында белгіленді.

Осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағының 3-5 тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға тапсырылған салық салу объектілері бойынша жалпы белгіленген тәртіп бойынша салық есептемесін ұсынады.

2. Мүлікке салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдер сомасының есебі салықтық есеп беру кезеңіндегі 15 ақпаннан кешіктірілмей ұсынылады.

Жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомасының есебін құрылған айынан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірмей ұсынады.

Осы Кодекстің 361-бабы 2-тармағындағы 3-5-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға тапсырылған салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдер сомасының есебін пайдалануға немесе жалға тапсырылған айдан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. Мүлікке салынатын салық бойынша декларация есепті жылдан кейінгі айдың бірінші наурызына дейін кешіктірілмей ұсынылады.

**370-бап. Филиалдары, өкілдіктері және басқа да
оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар заңды
тұлғалардың салық есептілігін беру**

ерекшеліктері

1. Филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - құрылымдық бөлімшелер) бар, осы Кодекстің 361-бабы 1-тармағына сәйкес дербес салық төлеуші болып табылатын заңды тұлға салық есептілігін бір мезгілде құрылымдық бөлімшелерінің салық сомалары бөлігінде есептелген соманың жиынтық тізілімін тапсыруға тиісті.

Жиынтық тізілімнің және оны толтырудың нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Мұның өзінде, жиынтық тізілімінің мәліметтері салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдары куәландырған құрылымдық бөлімшелерінің аванстық төлемдері мен декларацияларының есептелген сомаларының көшірмесімен расталуы тиіс.

Заңды тұлға декларация тапсыру кезінде салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдары куәландырған өзінің құрылымдық бөлімшелерінің мүлік салығы бойынша тексеру актілерін тапсыруы тиіс.

2. Осы Кодекстің 361-бабының 1-тармағына сәйкес дербес салық төлеуші болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшелерінің салық салу объектілерінің есебін жеке жүргізуі тиіс.

Құрылымдық бөлімшелердің салық салу объектілері бойынша есептелген салық сомалары құрылымдық бөлімшелерінің салық салу объектілері орналасқан жері бойынша бюджетке енгізуге жатады.

Мүлік салығы бойынша салық есептерімен бір мезгілде заңды тұлға өзінің

құрылымдық бөлімшелері үшін төленуі тиіс салық сомаларын есептерін тапсыруға м і н д е т т і .

Құрылымдық бөлімшелері үшін төленуі тиіс мүлік салығы сомалары есептерін толтыру тәртібі мен нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Заңды тұлға орналасқан жердегі аумақтық салық органының басшысының қолы қойылып, мөрімен куәландырылған есептің көшірмесі құрылымдық бөлімшелерінің салық салу объектілері орналасқан жері бойынша аумақтық салық органына тиісті салық есептемесін тапсыру үшін белгіленген мерзімде тапсырылуы тиіс.

Құрылым, бөлімшелерінің салық салу объектілері бойынша салық сомаларын төлеуді заңды тұлға тікелей өзінің банктік есеп-шотынан жүргізеді немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

62-ТАРАУ. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛКТЕРІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

371-бап. Салық төлеушілер

1. Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар мүлікке салықты төлеушілер болып табылады.

2. Мыналар мүлікке салынатын салықты төлеушілер болып табылмайды.

1) мерзімді қызметтегі өту кезеңінде әскери мерзімді қызметін өтейтін әскери қызметкерлер;

2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік еңбек Ерлері, Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, "Халық Қаһарманы" атағын иеленуші, "Даңқ" орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғалар, "Алтын алқа" және "Батыр-Ана" атағын иеленуші көп балалы аналар, I және II топ мүгедектері, жеке тұратын зейнеткерлер - есептік айлық бір мың есептік көрсеткіші шегінде салық салу объектілерінің шекті құнында.

Салық салу объектілері бойынша пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша осы тармақта көрсетілген тұлға осы тарауда белгіленген тәртіппен салық есептейді және төлейді.

372-бап. Жекелеген жағдайларда салық төлеушілерді айқындау

1. Салық салу объектілерін меншік иесі келісім бойынша сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген кезде салық салу объектісінің меншік иесінің келісімі бойынша берілген объектілер бойынша салық төлеуші сенімді басқарушы немесе жалға алушы болуы мүмкін.

Мұның өзінде, сенімгерді басқарушылық немесе жалға алушылық салық төлеу есепті кезең үшін салық салу объектісі меншік иесінің салық міндеттемесін орындау болып табылады.

2. Егер салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші болып танылады.

3. Бірлескен ортақ иеліктегі салық салу объектілері бойынша салық төлеуші

олардың арасындағы келісім бойынша осы салық салу объектісінің иелерінің бірі болып табылады.

373-бап. Салық салу объектісі

Кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мынадай объектілер жеке тұлғалар үшін салық салу объектісі болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрғын үй-жайларды, саяжайлық құрылыстар, гараждар және өзге құрылыстар, салынымдар;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы аяқталмаған құрылыс объектілері - қоныстандырылу (пайдаланылу) мезетінен бастап.

374-бап. Салықтық база

1. Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықтық база Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген уәкілетті орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жай-күй бойынша белгілейтін олардың құны болып табылады.

Жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің құнын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Егер салық кезеңінің ұзақтығы он екі айдан кем болса, салық базасы салық салу объектісінің құнын 12-ге бөлу және салық кезеңіндегі айлар санына көбейту арқылы е с е п т е л і н е д і .

3. Бірнеше салық салу объектілері бойынша салық төлеуші бір тұлға болып табылған жағдайда, салық базасы әр объект бойынша жеке-жеке есептелінеді.

375-бап. Салық ставкалары

Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық салу объектілерінің құнына байланысты төмендегі ставкалар бойынша есептеліп шығарылады.

1) 1 000 000 теңгеге дейін қоса	салық салу объектілері алғанда құнынан 0,1 процент;
2) 1 000 000-нан жоғары 2 000 000-ға	1000 теңге+дейін қоса алғанда 1 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0,15 % ;
3) 2 000 000-нан жоғары 3 000 000-ға	2500 теңге+дейін қоса алғанда 2 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0,2 % ;
4) 3 000 000-нан жоғары 4 000 000-ға	4500 теңге+дейін қоса алғанда 3 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0,3 % ;
5) 4 000 000-нан жоғары 5 000 000-ға	7500 теңге+дейін қоса алғанда 4 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0,4 % ;
6) 5 000 000-нан жоғары	11500 теңге+дейін қоса алғанда

6 000000-ға	5 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0 , 5 % ;
7) 6 000 000-нан жоғары 7 000 000-ға	16500 теңге+дейін қоса алғанда 6 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0 , 6 % ;
8) 7 000 000-нан жоғары 8 000 000-ға	22500 теңге+дейін қоса алғанда 7 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0 , 7 % ,
9) 8 000 000-нан жоғары 9 000 000-ға	29500 теңге+дейін қоса алғанда 8 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0 , 8 % ;
10) 9 000 000-нан жоғары 10 000 000-ға	37500 теңге+дейін қоса алғанда 9 000 000 теңгеден асатын с о м а д а н 0 , 9 % ;
11) 10 000 000 теңгеден жоғары	46500 теңге+10 000 000 теңгеден асатын сомадан 1 % .

376-бап. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

1. Жеке тұлғаларға салық салу объектілер бойынша салықты есептеуді осы Кодекстің 374-бабына сәйкес айқындалатын тиісті салық базасына қолдану жолымен салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдары жүргізеді.

2. Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігінде тұрған салық салу объектісі үшін, салық олардың осы мүліктегі үлесіне пропорционалды түрде есептеліп шығарылды .

3. Салықты төлеушілер бірнеше салық салу объектілері бойынша бір жеке тұлға болған жағдайда салықты есептеу әрбір салық салу объектісі бойынша дербес жүргізіледі .

4. Жаңадан ашылған салық салу объектілері бойынша салықты есептеп шығару олардың ашылу жылынан кейінгі салық жылында жүргізіледі.

5. Салық салу объектісі жойылған, бүлінген, алынып тасталған кезде, жойылу, бүліну алынып тасталу фактісін растайтын, өкілетті орган беретін құжат бар болса, салық сомасы қайта есептелінеді.

6. Салық кезеңі ішінде салық төлеушінің салық төлеуден босатылу құқығы туындаған кезде, осы құқық туындаған айдан бастап салық сомасы қайта есептелінеді.

7. Жеке тұлғалар аумақтық салық органдары салықтық есеп беру кезеңінің 1 тамызынан кешіктірмей тапсыратын салықтың есептеліп шығарылған сомасы туралы хабарламасы негізінде салық төлейді.

8. Салықты төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша бюджетке

тиісті не Астана мен Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге есепті салық кезеңіндегі 1 қазаннан кешіктірмей жүргізіледі.

9. Салық кезеңі ішіндегі салық салу объектісіне меншік құқығын берген жағдайда салық сомасы мүлікке меншік құқығын сатудың нақты кезеңі үшін есептеледі.

Салық салу объектісі іс жүзінде иемдену кезеңінде меншік құқығын беретін тұлға төлеуге тиісті салық сомасы меншік құқығын мемлекеттік тіркеген сәтке дейін және сәтте бюджетке енгізілуі тиіс. Бұл ретте, алғашқы төлеушіге ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, ол меншік құқығын берген айға дейін есептелген салық сомасы есептеледі. Келесі төлеушіге аумақтық салық органдары бағыттаған берілетін мүлікке салынатын салық сомасы туралы хабарламада, оның меншік құқығы пайда болған кезеңдегі айдан бастап есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Салықтық жылдық сомасын салық салынатын объектіге меншіктік құқығын тіркеу (бастапқы тіркеуді қоспағанда) кезіне тараптардың бірі бюджетке енгізуі мүмкін. Одан кейін аталған салық сомалары екінші рет төленбейді.

10. Жылжымайтын мүлікке арналған құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу сәтінде (бастапқы тіркеуді қоспағанда) Қазақстан Республикасының Үкіметінің уәкілетті органы салық салу объектісінің құнын анықтамаған жағдайда салық алдыңғы салық кезеңінде есептелген салық мөлшерінде төленеді.

377-бап. Салықтық кезең

1. Осы баппен өзгеше көзделмесе жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты есептеу және төлеу үшін салықтық кезең осы Кодекстің 143-бабына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

2. Жеке тұлғалардың салық салу объектілерінің жойылған, бұзылған, қиратылған кезінде салық салу объектілерінің жойылған, бұзылған, қиратылған фактісі болған ай салық кезеңінің есебіне кіреді.

14-БӨЛІМ. АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

63-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

378-бап. Жалпы ережелер

1. Арнайы салық режимі - салық төлеушілердің жекелеген санаттарына бюджетпен есеп айырысу үшін белгіленетін және салықтардың жекелеген түрлерін есептеу мен қолданудың оңайлатылған тәртібін көздейтін ерекше тәртіп, сондай-ақ ол бойынша с а л ы қ е с е б і н т а п с ы р у .

2. О с ы б ө л і м д е м ы н а л а р ғ а :

1) шағын бизнестің субъектілеріне;

2) шаруа (фермер) қожалықтарына;

3) ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруші - заңды тұлғаларына;

4) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне қатысты арнайы салық режимдерін қ о л д а н у к ө з д е л г е н .

3. Патент - арнайы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық

сомасының бюджетке төленгендігін растайтын құжат.

4. Белгіленген арнайы салық режимін қолдануға арналған патент нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

5. Патент қатаң есептегі бланк болып табылады, Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады. Оларды бөгде адамдарға беруге тыйым салынады.

6. Патент жоғалған немесе бүлінген жағдайда салық төлеушінің өтініші бойынша патенттің немесе куәліктің дубликаты беріледі. Салық төлеуші бүлінген патентті салық органына қайтаруы тиіс.

7. Берген патенттерді тіркеуді салық органдары берілген патенттерді тіркеу (беру) журналында жүргізеді.

Тіркеу журналдарының нысандарын және оларды толтырудың тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

8. Біржолғы талон - арнайы салық режимін қолдау құқығын куәландыратын және табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу фактісін растайтын құжат.

64-ТАРАУ. ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІ ҮШІН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

1. Жалпы ережелер

379-бап. Жалпы ережелер

1. Осы Кодекстің мақсаттары үшін шағын бизнестің салық салу субъектілері болып шаруа (фермер) қожалықтары мен ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғалардан басқа осы Кодекстің 380, 381, 383, 385-баптарында белгіленген шарттарға сай келетін жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар болып танылады.

2. Арнайы салық режимі шағын бизнестің субъектілері үшін есептеу тәртібі мен әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Бұл ретте жоғарыда аталған салықтарды есептеу мен төлеу шарттарының тәртібі осы Кодекстің 84-144, 324-331, сондай-ақ 150-166-баптарын қоспағанда, 145-180-баптарда белгіленген шағын бизнес субъектілеріне қолданылмайды.

Салық бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы баптың тармағында көрсетілмеген есептеу, төлеу және салық есебін тапсыру жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген салықтарды есептеудің оңайлатылған тәртібі осы Кодекстің 384, 386-баптарында белгіленген объектіге салық салу ставкасын қолдану жолымен жүргізіледі.

4. Төлем көзінен салық ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде бұрын салық салынған кірістерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында мен одан тысқарыда алынған (алуға тиісті) кірістерден тұратын салық кезеңі үшін кірістер салық салу объектісі болып табылады.

5. Бюджетпен есептесуді патент негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін

күнтізбелік жыл, бюджетпен есептесуді оңайлатылған декларация негізінде жүзеге асыратын шағын бизнестің субъектісі үшін тоқсан есеп беру салық кезеңі болып т а б ы л а д ы .

6. Шағын бизнестің арнайы салық режимін пайдаланатын субъектілері кәсіпкерлік қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда айналым қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырудың жиынтығымен анықталады.

7. Осы арнайы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын шағын бизнес субъектілеріне салық кезеңі үшін салық салынатын кіріске қосылған құн салығы қосылмайды.

380-бап. Арнайы салық режимін қолданудың шарттары

1. Шағын бизнестің субъектілері арнайы салық режиміне ауысудың немесе салық салудың жалпы белгіленген тәртібін қайта көшуді қоса алғанда, салық салу режимін дербес таңдауға құқылы. Салық салудың жалпы белгіленген режиміне ауысар кезде, арнайы салық режиміне тек жалпы белгіленген режимнің қолдануы анықталғаннан кейін 2 жыл өткен соң ғана қайта көшуі мүмкін.

2. Арнайы салық режимінде мыналар бюджетпен есептесуді жүзеге асыруға құқығы жоқ :

1) филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер ;

2) филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер ;

3) заңды тұлғалардың еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдары.

3. Қызметтің мына түрлеріне арнайы салық режимі қолданылмайды:

1) акцизделетін өнімнің өндірісіне;

2) консультациялық, қаржы, бухгалтерлік қызмет көрсетулерге;

3) мұнай өнімдерін сатуға;

4) шыны ыдыстарды жинау және қабылдауға;

5) жер қойнауын пайдалануға;

6) медициналық, дәрігерлік және мал дәрігерлікті;

тұрғын үй және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газбен жабдықтау жөніндегі жұмыстардың өндірісін, жөндеуді және құрылыс жұмыстарын;

жүргінші лифтілерін монтаждау, жөндеу және күтуді;

дезинфекция, дезинсекция, дератизация препараттары мен құралдарын даярлау, өндіру, қайта өңдеу және көтерме саудада сату, сондай-ақ оларды қолданумен байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлерін;

автомобиль көлігімен халықаралық жолаушы және жүк тасымалы;

емдік препараттарды жасауды және сатуды;

құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларды өндіру жөніндегі жобалау-іздістіру, сараптау, құрылыс-монтаж жұмыстары; алкоголь өнімдерін бөлшек сатуды қоспағанда, лицензияланатындарға.

2. Бір жолғы талонның негізіндегі арнайы салық режимі

381-бап. Жалпы ережелер

1. Бір жолғы талон негізіндегі арнайы салық режимі мыналар:

1) қызметі эпизодтық сипаттағы жеке тұлғалар;
2) базарда тауарлар сататын (стационарлық үй-жайларда, сондай-ақ шағын бизнес субъектілері үшін патент негізіндегі арнайы салық режимін пайдалана отырып, сауданы жүзеге асыратын тұлғадан басқа) тұлғалар қолданады.

2. Бір айдан кем жүзеге асырылатын қызмет эпизодтық сипаттағы қызмет кәсіпкерлік қызмет деп танылады.

382-бап. Бір жолғы талонның негізінде бюджетпен есеп айырысудың тәртібі

1. Қызмет түрлерінің тізбесі бір жолғы талондардың нысаны және оларды беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Бір жолғы талондардың құны жергілікті өкілетті органдардың шешімімен белгілейді.

3. Патент негізіндегі арнайы салық режимі

383-бап. Жалпы ережелер

1. Патент негізіндегі арнайы салық режимін мынадай талаптарға сәйкес келетін жеке кәсіпкерлер қолданады:

1) жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтындар;
2) жеке кәсіпкерлік нысанында қызметтің тек қана бір түрін жүзеге асыратындар;
3) жыл ішіндегі болжамды айналымы 1,0 млн. теңгеден аспайтындар.

2. Патент негізінде оңтайландырылған салық режимін қолдануды қолдануға мүмкіндік бермейтін шарттар туған шақта салық төлеуші оңтайландырылған декларация негізінде болмаса салықты төлеу мен есептеудің жалпы белгіленген тәртібімен салық салудың оңтайландырылған режиміне көшеді.

3. Патент салық төлеушіге бір айдан бір күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге беріледі

4. Жеке кәсіпкер патент алу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын орыны бойынша немесе тұрғылықты жеріндегі салық органына уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысандағы өтінішті және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Куәлікті ұсынуға міндетті.

5. Салық органдары патент беруді өтініш берілген және бюджетке патенттің құны мен жинақтаушы зейнетақы қорларына төлемдерді төлегенін растайтын құжаттар

көрсетілгеннен кейін бір күн ішінде береді.

6. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік көрсетілмейінше патент жарамсыз деп танылады.

384-бап. Патент негізінде бюджетпен есептеу тәртібі

1. Патенттің құнын есептеу мәлімделген кіріс айналымның 3 проценттік мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен жүзеге асырылады.

2. Патенттің құны бюджетке жеке табыс салығы және әлеуметтік салық түрінде бірдей үлеспен төленеді.

3. Кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған кезде, салық төлеуші іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған жағдайды қоспағанда, патенттің күші жойылған мерзімге дейін салықтың енгізілген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

4. Оңайлатылған Декларация негізіндегі арнайы салық режимі

385-бап. Жалпы ережелер

1. Оңайлатылған Декларация негізінде арнайы салық режиміне көшу үшін шағын бизнестің субъектілері тіркеуге қойылған жері бойынша салық органына өкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда өтініш береді.

2. Шағын бизнестің мынадай талаптарға сай келетін субъектілері оңайлатылған Декларация негізіндегі арнайы салықтық режимді пайдаланады:

1) жеке кәсіпкерлер үшін:

қызметкерлердің, жеке кәсіпкердің өзін қоса алғанда орташа болжамды тізімдік саны тоқсан ішінде 15 адамнан аспаса;

кәсіпкерлік қызметтің 5-тен аспайтын түрін жүзеге асырса;
тоқсан ішіндегі болжамды табысы 4500,0 мың теңгеден аспаса.

2) заңды тұлғалар үшін:

қызметкерлердің орташа болжамды тізімдік саны тоқсан ішінде 25 адамнан аспаса;

кәсіпкерлік қызметтің 7-ден аспайтын түрін жүзеге асырса;
тоқсан ішіндегі болжамды табысы 9000,0 мың теңгеден аспаса.

3. Осы баптың 1 тармағындағы көрсетілген шарттардың сәйкес келмеген жағдайында шағын бизнестің субъекті есеп беруден кейінгі тоқсаннан бастап салықты төлеу мен есептеудің жалпы белгіленген тәртібіне көшеді.

Жеке кәсіпкер осы баптың 1-тармағының 1-тармақшасындағы көрсетілген шарттардың өзгерген жағдайында (көрсеткіштерді артық болғанда) ұйымдық-құқықтық нысанының өзгергенінде заңды тұлға ретінде оңайлатылған Декларация негізінде оңайлатылған салық режимін қолдануға құқылы.

386-бап. Оңайлатылған декларация негізінде бюджетпен есептесу тәртібі

1. Оңайлатылған декларация негізінде бюджет алдындағы міндеттемелердің сомасын есептеуді шағын бизнес субъектісі дербес жолмен өткен есеп беру салық

кезеңіне тиісті салық ставкасын қолдану арқылы жүргізеді.

2. Жеке кәсіпкерлердің кірісі мынандай ставкаларда салық төлеуі тиісті:

Тоқсандық кірісі	Ставкасы
1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда	кіріс сомасынан 4 процент
1500,0 мың теңгеден асатын 3000,0 мың теңгеге дейін	1500,0 мың теңгеден асатын 60,0 мың теңге + 7 процент
3000,0 мың теңгеден асатын 4500,0 мың теңгеге дейін	3000,0 мың теңгеден асатын 165,0 мың теңге + сомадан 11 процент

3. Заңды тұлғалар кірісі мынандай ставкаларда салық төлеуі тиісті:

Тоқсандық кірісі	Ставкасы
1500,0 мың теңгеге дейін қоса алғанда	кіріс сомасынан 5 процент
1500,0 мың теңгеден асатын 3000,0 мың теңгеге дейін	1500,0 мың теңгеден асатын 75,0 мың теңге + 7 процент
3000,0 мың теңгеден асатын 4500,0 мың теңгеге дейін	3000,0 мың теңгеден асатын 180,0 мың теңге + сомадан 9 процент
4500,0 мың теңгеден асатын 6500,0 мың теңгеге дейін	4500,0 мың теңгеден асатын 315,0 мың теңге + 11 процент
6500,0 мың теңгеден асатын 9000,0 мың теңгеге дейін	6500,0 мың теңгеден асатын 535,0 теңге + сомадан 13 процент

4. Салықтың есептелген сомасы осы баптың 3 немесе 4-тармақтарына сәйкес салық кезеңі ішінде қызметкерлердің орта тізімдік санына қарай әрбір қызметкерге 1,5 процентке азайту жағына айқындау жасалады.

5. Оңайлатылған Декларация тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10

күніне дейін салық органына тапсырылады.

6. Оңайлатылған Декларация бойынша есептелген салықты бюджетке төлеу жеке (корпоративті) түрде бірдей бөліктермен жеке табыс салығы және әлеуметтік салық түрінде есепті салық кезеңінен кейінгі айдың 15-нен кешіктірілмей жүргізіледі.

65-ТАРАУ. ШАРУА (ФЕРМЕР) ҚОЖАЛЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

387-бап. Жалпы ережелер

1. Шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнайы салық режимі - акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату бойынша қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылық өнімдерін жеке өндірісте ұқсату және оны сату бойынша шаруа (фермер) қожалықтары қызметіне таралатын бірыңғай жер салығының негізінде бюджетпен есеп айырысудың айрықша тәртібі.

2. Жер пайдалану құқығына (қайталама жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа (фермерлік) шаруашылықтарына арнайы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

3. Шаруа (фермерлік) шаруашылықтары осы арнайы салық режимін немесе салық салудың жалпы белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

4. Шаруа (фермерлік) қожалықтары арнайы салық режимін пайдалану үшін жыл сайын 20 ақпаннан кешеуілдемейтін мерзімде жер учаскесі орналасқан жердегі салық органына өкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

Жаңадан құрылған шаруа (фермерлік) қожалықтары Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті алған сәтте арнайы салық режимін пайдалану құқығына өтініш тапсырады.

Салық төлеушінің көрсетілген мерзімде өтінішті тапсырмауы жалпы белгіленген тәртіпте бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыруға келісуі болып есептеледі.

5. Салық салудың таңдалған режимі салық кезеңі ішінде өзгертуге жатпайды.

388-бап. Арнайы салық режимін қолданудың ерекшеліктері

1. Бірыңғай жер салығын төлеу негізінде арнайы салық режимін қолданатын шаруа (фермер) қожалықтары (бұдан әрі - бірыңғай жер салығын төлеушілер) салықтардың мына түрлерін төлеушілер болып табылмайды:

1) арнайы салық режимі таралатын қызметтен түскен шаруа (фермер) қожалықтары кірістерінен жеке табыс салығы;

2) қосылған құн салығы - осы арнайы салық режимі таралатын қызметті жүзеге асырудан түскен айналым бойынша;

3) жер салығы;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген сұраныс нормативтерінің шегінде салық салу объектілері бойынша көлік құралдарына салынатын салық;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген сұраныс нормативтерінің

3. Арнайы салық режимі таратылмайтын қызмет түрлеріне жүзеге асырған кезде бірыңғай жер салығын төлеушілер кірістер мен шығыстардың (еңбек ақы есептеуді қоса алғанда), мүліктердің (соның ішінде көлік құралдарының) бөлек есебін жүргізуге және жалпы белгіленген тәртіпте осындай түрлері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге тиісті есептеу мен төлеу жүргізуге міндетті.

389-бап. Бірыңғай жер салығын есептеу және төлеу тәртібі

1. Жер учаскесінің бағаланатын құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін база
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жер учаскесінің бағаланатын құнын анықтауды (жер пайдалану құқығы) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер ресурстарын басқару жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

2. Бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскесі бағаланатын құнына 0,1 процент ставканы пайдалану жолымен жүргізіледі.

3. Бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскесі орналасқан жер бойынша бюджетке тиісті екі мерзімде жүргізіледі:

1) ағымдағы төлем ағымдағы салық кезеңінің 20 қазанынан кешіктірмейтін мерзімде төленеді;

2) бірыңғай жер салығы бойынша түпкілікті есеп келесі есеп үшін салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде (салық жөніндегі декларация есебімен) ж ү р г і з і л е д і .

Төлеудің бірінші мерзімінде бірыңғай жер салығын төлеушілер ағымдағы есепті кезеңге есептелген бірыңғай жер салығының жалпы сомасының бөлігінен кем емес көлемде ағымдағы төлемді төлейді 20 қазаннан кейін қалыптасқан бірыңғай жер салығын төлеушілер келесі есепті кезең үшін 20 наурыздан кешіктірмейтін мерзімде ағымдағы есепті кезең үшін төлеуге тиісті жалпы салық сомасын енгізеді.

4. Шаруа (фермерлік) қожалықтары жер пайдалану құқығында (салық салу объектісінің өзгерісі есебімен) жер учаскесін иеленудің нақты кезеңі үшін бірыңғай жер салығы есептейді және төлейді.

5. Шаруа (фермерлік) қожалықтары екінші рет пайдалануға жер учаскесін беру кезінде өкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте бірыңғай жер салығын есептейді және төлейді.

390-бап. Салық кезеңі және бірыңғай жер салығы бойынша салықтық есеп

1. Жер салығы бойынша салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады.

2. Бірыңғай жер салығын төлеушілер жыл сайын ағымдағы салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде жер учаскелері орналасқан жердегі салық органдарына келесі салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығы бойынша декларация б е р е д і .

3. Бірыңғай жер салығын төлеуші осы арнайы салық режимін бірінші жыл қолданған (бірінші салық кезеңінде) бірінші жылдың 15 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде м ы н а қ ұ ж а т т а р д ы :

1) ағымдағы салық кезеңі үшін бірыңғай жер салығы бойынша ағымдағы төлем е с е б і н ;

2) нотариалдық немесе ауылдық атқару органдарымен расталған жер пайдалану құқығына (екінші рет жер пайдалану туралы шартты қоса алғанда, уақытша жер пайдалану шарты) акті көшірмесі;

Жерді пайдалану құқығы актісі болмаған жағдайда, бірыңғай жер салығын төлеушілер жергілікті атқарушы органның жерді пайдалану құқығын беру туралы шешімін тапсырады. Кейін жерді пайдалану құқығы актісін алған кезде салық төлеуші оны алынған сәттен 30 күн ішінде оның нотариат немесе селолық (поселкенің) атқару органдары растаған көшірмесін салық комитетіне тапсырады.

3) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген жер учаскесінің бағаланатын құнын анықтайтын актінің нотариат немесе селолық (поселкелік) атқару органдары растаған көшірмесі. Акті болмаған кезде жер учаскесінің бағаланатын құны, жер ресурстарын басқару жөніндегі өкілетті орган берген 1 гектар жердің аудан бойынша орташа бағаланатын құнын ескере отырып анықталады;

4) қызметкерлерді келе жатқан салық кезеңінде жалдау туралы, болжаулы жалдаудың мерзімдері мен еңбек ақы мөлшері, аты-жөні міндетті түрде көрсетілген м ә л і м е т т е р б е р і л е д і .

Содан кейінгі салық кезеңдерінде бірыңғай жер салығын төлеуші жоғарыда аталған құжаттарды олардағы мәліметтер өзгергенде ғана тапсырады.

4. Осы арнайы салық режимін таңдаған қайтадан құрылған салық төлеушілер арнайы салық режимін қолдану құқығына өтініш бергеннен кейін 30 күн ішінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген бірыңғай жер салығы сомасының есебі және қ ұ ж а т т а р д ы т а п с ы р а д ы .

5. Таратылған немесе қайта құрылған кезде бірыңғай жер салығын төлеуші қызметті тоқтату немесе қайта құру туралы өтінішті салық органына бергеннен кейін 15 күн мерзімде өткен салық мерзімі үшін декларацияны тапсыруға міндетті.

391-бап. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлер бойынша есептеу мен төлеу ерекшеліктері

1. Бірыңғай жер салығын төлеушілер ай сайын шаруа (фермер) қожалығының басшысын және мүшелерін қоса есептегенде, әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен 20 проценттік ставка бойынша әлеуметтік салық сомасын есептейді.

Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын есептеу осы Кодекстің 157-бабына сәйкес жүргізіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорларында міндетті зейнетақы жарналарын есептеу Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемді және жердің жоғарғы қабатындағы көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеу 452-465-баптарға тиісінше белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Төлем көзінен ұсталатын әлеуметтік салықтың, жеке табыс салығының, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің, жер бетіндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдердің есептелген сомасын төлеу бірыңғай жер салығын төлеу үшін көзделген мерзімдерде мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) ағымдағы салық кезеңінің 20-шы қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қаңтардан 1 қазанға дейінгі кезең үшін есептелген сома төленеді;

2) келесі есеп үшін салық кезеңнің 20-шы наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есептелген сома төленеді.

392-бап. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері

бойынша салықтық есептесуді ұсыну

Бірыңғай жер салығын төлеушілер белгіленген мерзімдерде бірыңғай жер салығы бойынша декларация ұсыну үшін:

1) әлеуметтік салық бойынша декларация;

2) төлем көзінде ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есеп беру;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөнiндегi есеп;

4) осы төлем үшін белгіленген салық мерзімі ішінде жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем жөніндегі декларацияны тапсырады.

66-ТАРАУ. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУШІ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

393-бап. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнайы салық режимі - мынадай заңды тұлғалар қызметіне таралатын патент негізінде бюджетпен есептің ерекше тәртібі:

1) жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіру бойынша аталған өнімді жеке өндірісте ұқсату және сату;

2) толық кезеңмен (өсіруден бастап) ауыл шаруашылық мал шаруашылығы (соның ішінде асыл тұқымды) мен құс шаруашылығы, омарташылық өнімдерін өндіру

бойынша, сондай-ақ меншік өндірістен аталған өнімдерді ұқсату және сату.

2. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаға арналған арнайы салық режимін (бұдан әрі - арнайы салық режимі) мыналарды, қолдануға құқы жоқ:

- 1) филиалдары және өкілдіктері бар заңды тұлғалар;
- 2) тәуелді (соның ішінде еншілес) ұйымдары бар заңды тұлғалар;
- 3) заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері;

3. Арнайы салық режимі акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату бойынша салық төлеушілер қызметіне таратылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың осы арнайы салық режимі немесе салық салудың жалпы белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

Салық салудың таңдап алынған режимі салық салу мерзімі ішінде өзгертуге жатпайды.

5. Салық төлеушілер осы арнайы салық режимі таратылмайтын қызметтің түрлерін жүзеге асырған кезде кірістер мен шығыстардың (еңбекақыны қоса алғанда), мүліктердің (соның ішінде, көлік құралдары мен жер учаскелерінің) есебін бөлек жүргізуге және жалпы белгіленген тәртіпте қызметтің мұндай түрлері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге тиісті есептесу мен төлеу жүргізуге міндетті.

394-бап. Салық кезеңі

Патент құнына есепке кірген салықтарды есептеу үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады.

395-бап. Патент берудің тәртібі

1. Арнайы салық режимін қолдану үшін салық төлеуші жыл сайын 20 ақпаннан кешіктірілмейтін мерзімде учаскенің орналасқан орны бойынша салық органына өкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша патент алуға өтініш береді.

Салық төлеушінің көрсетілген мерзімде өтініш бермеуі жалпы белгіленген тәртіпте салықтарды есептеуге және төлеуге оның келіскені болып есептеледі.

2. Салық төлеуші арнайы салық режимін қолданудың алғашқы салық кезеңінде өтінішпен бірге жер учаскесінің орналасқан орны бойынша салық органына мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін;

2) нотариатта немесе селолық (поселкелік) атқарушы органдарда куәландырылған жерді тұрақты пайдалануға құқық беретін актінің (жерді уақытша пайдалану туралы, соның ішінде жерді екінші рет уақытша пайдалану туралы шарт) көшірмесін;

3) көлік құралдарына салынған салықты есептеу үшін қажетті көрсеткіштерді көрсетумен осы Кодекстің 393-бабының 1-тармағында белгіленген қызметте

пайдаланылатын және салық кезеңінің басындағы жағдай бойынша бар автокөлік құралдарының тізбесін;

4) мүлікке салық салу объектілері болып табылатын және сенімгерлік басқаруындағы меншік құқығында орналасқан объектілерді бөліп салық кезеңінің басындағы жағдаймен бухгалтерлік есеп бойынша олардың қалдық құнын көрсетумен, осы Кодекстің 393-бабының 1-тармағында белгіленген негізгі қаражаттардың және материалдық активтердің тізбесін;

5) лицензиясын (қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асырған жағдайда);

6) мәлімделген жұмысшылар санына кірістер түрінде төлейтін жұмыс берушінің шығындарын қоса алғанда, салық төлеушілердің өткен 3-5 жыл үшін жылдық жиынтық кіріс, шығысты растауға қажетті көшірмесін;

7) салық төлеушінің уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан мен тәртіп бойынша құрылған патент құнының есебін тапсырады.

3. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың барлығы болған жағдайда салық органы 5 күн ішінде патент береді.

Келесі салық салу кезеңдерінде салық төлеушілер аумақтық салық органы патент алу ретінде өтініш берген кезде, ондағы деректер өзгерген кезде тек осы баптың 2-тармағының 2, 3, 4, 5 тармақшаларында белгіленген құжаттарды ғана тапсырады.

4. Қайта құрылған салық төлеуші тіркеу есебіне қойған сәттен 30 күн ішінде осы арнайы салық режимін қолдануға құқыққа өтініш береді.

5. Патент беру әрбір салық салу кезеңіне жүргізіледі.

396-бап. Патент құрамына кіретін салықтарды есептеу тәртібі

1. Патент құнының есебінде корпорациялық табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлікке салынатын салық, көлік құралдарына салынатын салық, қосылған құн салығы (егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші есебінде есепке тұрған жағдайларда) кіреді.

2. Салық төлеуші патент құнының есебін жасау кезінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте өткен 3-5 жыл үшін шаруашылықтың кірісі және шығынының көрсеткіші негізінде корпорациялық табыс салығы, қосылған құн салығы сомаларын есептейді.

Қайта құрылған салық төлеушілердің кіріс және шығындар көрсеткіші ұқсас шаруашылықтың өткен 3-5 жылы үшін орташа көрсеткіш бойынша айқындалады.

3. Салық төлеуші әлеуметтік салық сомасын есептеуді мәлімделген жұмысшылар санына кірістер түрінде төлейтін жұмыс берушінің шығындары сомасына осы Кодексте белгіленген ставкалар қолдану жолымен жүргізеді. Бұл ретте, көрсетілген кірістер осы Кодекстің 153-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады.

4. Жер салығын, мүлік және көлік құралдарына салынатын салықтарды есептеуді жалпы белгіленген тәртіппен салық төлеуші жүргізеді.

5. Бюджетке төлеуге тиісті салық сомасы патент құнына есеп кезінде 80-процентке к е м и д і .

6. Осы арнайы салық режимін қолданушы салық төлеушілер қосылған құн салығын қоспағанда, патент құнының есебінде енгізуі бойынша декларация тапсырудан б о с а т ы л а д ы .

Осы арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер есепті салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны келесі есеп үшін салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде тапсырады.

7. Ағымдағы салық салу кезеңі ішінде салық төлеушілердің салығы бойынша салық салу объектілері өзгерген жағдайда, келесі есеп үшін салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде салық органына қайта есептелген "Патент құнының есебін" тапсырады.

397-бап. Салық төлеу тәртібі және мерзімдері

Патент құнының есебінде енген бюджетке төленетін салықтар сомасын төлеу м ы н а д а й т ә р т і п п е н :

1) көлік құралдарына салынатын салықтың төлеуге тиесілі сомасын ағымдағы төлемдер мөлшерінде салық салу кезеңінің 20 мамырынан кешіктірмей төлейді;

2) көлік құралдарына салынатын салықты төлегеннен кейін патент құнының қалған сомасынан кем дегенде 1/2 бөлігін ағымдағы төлемдер мөлшерінде салық кезеңінің 20 қ а з а н ы н а н к е ш і к т і р м е й т ө л е й д і ;

3) салықтар бойынша берілген қайта есептеулер есебімен патент құнының қалған бөлігі келесі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төлеу жүргізіледі.

398-бап. Патент құнының есебіне кірмеген салық және басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін есептеу, төлеу ерекшеліктері және олар бойынша салық есебін беру

1. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын есептеу осы Кодекстің 157-бабына сәйкес жүргізіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорларында міндетті зейнетақы жарналарын есептеу Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемді және жердің жоғарғы қабатындағы көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеу 452-465-баптарға тиісінше белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы және жинақтаушы зейнетақы қорларына, төленетін міндетті зейнетақы жарналары сомаларын төлеуді, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем және жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер төлеуді бюджетпен есеп айырысуды патент негізінде жүзеге асыратын салық төлеушілер мынадай тәртіпте жүргізеді:

1) ағымдағы салық салу кезеңінің 1 қаңтардан 1 қазанға дейінгі кезең үшін есептелген сомаларды 20 қазаннан кешіктірілмейтін мерзімде төлейді;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін есептелген сомаларды келесі есеп үшін салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмей төленеді.

3. Арнайы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар алдыңғы салық кезеңі үшін 15 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде мынадай с а л ы қ е с е б і н :

1) жер бетіндегі көздерден су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем ж ө н і н д е г і д е к л а р а ц и я н ы ;

2) қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлемдер жөніндегі декларацияны т а п с ы р а д ы .

4. Төлем көзінде ұсталатын жеке табыс салығы бойынша есепті және жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін міндетті зейнетақы жарналары бойынша есепті арнайы салық режимін қолданатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар м ы н а д а й м е р з і м д е р д е :

1) ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептеген сомасы бойынша 15 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін есептеген сомасы бойынша келесі есеп үшін салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірмей тапсырады;

5. Осы арнайы салық режимі таратылатын қызмет түрлері бойынша патент құнының есебіне қосылмаған және осы бапта көрсетілмеген салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер жөнінде есептеу, төлеу және салық есебін беру жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

67-ТАРАУ. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ

399-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар:

1) бильярд столы - бильярд ойынына арналған торлары (борттарда саңылаулары) б а р ж ә н е о л а р ж о қ с т о л ;

2) ойын бизнесі - құмар ойындарды ұйымдастырып, өткізумен және табыс табу мақсатымен бәс тігумен байланысты кәсіпкерлік қызмет;

3) ойын мекемесі - құмар ойындар өткізілетін және (немесе) бәс тігуге ставкалар қабылданатын орын: казино, тотализатор, букмекерлік кеңсе, ақшалай ұтыстармен ойын автоматтары залы және өзге де ойын үйлері (орындары);

4) ойын жолы - боулинг ойнауға арналған боулингтегі жол (кегельбан);

5) ойын столы - ойын мекемесінде кез келген ұтыс түрі бар құмар ойындарын өткізуге арналған арнаулы жабдық, ойын мекемесі ол ойындарға өз өкілдері арқылы тарап ретінде немесе ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысады;

6) ойын автоматы - ойындар, соның ішінде құмар ойындар өткізу үшін пайдаланылатын арнаулы жабдық (механикалық, электрлі, электронды және өзге де т е х н и к а л ы қ ж а б д ы қ) ;

7) карт - қорапсыз, дифференциалсыз және серпінді аспалы дөңгелексіз, жұмыс көлемі 250 текше сантиметрге және ең көп жылдамдығы сағатына 150 км-ге дейін жететін екітактілі двигательді микролитражды жарыс автомобилі;

8) касса - ойын мекемесіндегі (тотализатордағы немесе букмекерлік кеңседегі) ставкалардың жалпы сомасы ескерілетін және төленуге тиісті ұтыс сомасы белгіленетін арнаулы жабдықталған орын;

9) лото - фишкалармен жабылатын нөмірлермен (картинкалармен немесе басқа белгілеулермен) ерекше карталардағы ойын;

10) бәс тігу - тәуекелге негізделген және екі немесе бірнеше жеке, сондай-ақ заңды тұлғалар арасында жасалған, нәтижесі болуы немесе болмауы белгісіз мән-жайларға байланысты болатын ұтыс туралы келісім;

11) салық салу объектілерін есепке алған тіркеу карточкасы - салық органдарында салық салу объектілерінің тіркелгенін растайтын, нысаны уәкілетті мемлекеттік органда бекітілген құжат;

12) тұрақты нүкте - боулинг (кегельбан), картинг, бильярд және лотоны ұйымдастыру бойынша ақшалай ұтыссыз ойын автоматтарының қызмет көрсетуімен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын орын.

400-бап. Жалпы ережелер

1. Кәсіпкерлік қызметтің кейбір түрлеріне арналған арнайы салық режимі (бұдан әрі - арнайы салық режимі):

- 1) ойын бизнесі саласында;
- 2) ақшалай ұтыссыз ойын автоматтарына;
- 3) боулинг (кегельбан) бойынша;
- 4) бильярд бойынша;

5) лото ойынын ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына, өкілдіктеріне және өзге де құрылымдық бөлімшелеріне, жеке кәсіпкерлерге таратылады.

2. Арнайы салық режимі осы баптың 1-тармағында айқындалған тұлғаларға:

1) тіркелген сомалық салық түрінде корпоративтік немесе жеке табыс салығын және қосылған құн салығын (төлем көздерінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда) есептеу мен төлеудің;

2) осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген салық және акциз бойынша бірыңғай оңайлатылған декларация түрінде салық декларациясын тапсырудың оңайлатылған тәртібін белгілейді.

3. Корпоративтік (жеке) табыс салығы - тіркелген жиынтық салықтың мөлшерінен 30 процентті, қосылған құн салығы - тіркелген жиынтық салықтың мөлшерінен 70 процентті құрайды.

4. Салық төлеушілер тіркелген жиынтық салықты төлеумен қатар осы Кодекстің 262-286-баптарында белгіленген тәртіппен сомасын айқындалатын акцизді төлейді.

5. Осы баптың 1-тармағында аталмаған кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыру кезінде салық төлеушілер мұндай қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және корпоративтік немесе жеке табыс салығын, қосылған құн салығын есептеу және төлеуді жалпы белгіленген тәртіпте жүргізуге м і н д е т т і .

6. Осы баптың 2-4-тармақтарында көрсетілмеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы Кодексте белгіленген тәртіпте есептеуге және т ө л е у г е ж а т а д ы .

7. Ойын мекемелерінде (стационарлық нүктеде) қолданылатын осы Кодекстің 401-бабында көрсетілген салық салу объектілерінің әрбір түрлерінің жалпы саны, жалпы объектілер санының өзгерісі осы Кодекстің 405-бабында белгіленген тәртіппен салық органдарында міндетті тіркеуге (қайта тіркеуге) жатады.

401-бап. Тіркелген жиынтық салықпен салық салу объектісі

1. Бекітілген жиынтық салықпен салық салу объектісі мыналар болып табылады:

1) ойын бизнесі саласында қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін: ойын мекемесі тарап ретінде өз өкілдері арқылы қатысатын құмар ойындарды өткізуге арналған ойын столы;

ойын мекемесі өз өкілдері арқылы ұйым және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын құмар ойындар өткізуге арналған ойын столы;
ақшалай ұтысты ойын автоматы;
тотализаторлар кассасы;
букмекерлік кеңсе кассасы;

2) ақшалай ұтыссыз ойын автоматтарына қызмет көрсететін салық төлеушілер үшін :

ақшалай ұтыссыз ойын автоматы;

3) боулинг (кегельбан) бойынша қызметтер көрсететін салық төлеушілер үшін: ойын жолы ;

4) картинг бойынша қызметтер көрсететін салық төлеушілер үшін: к а р т ;

5) бильярд бойынша қызметтер көрсететін салық төлеушілер үшін: б и л ь я р д с т о л ы ;

6) лото ойынын ұйымдастырушы салық төлеушілер үшін: лото ұйымдастырушы.

402-бап. Тіркелген жиынтық салық ставкалары

1. Тіркелген жиынтық салықтың базалық ең аз және ең жоғары жылдық ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Салық салу объектісі бірлігінен алынатын тіркелген жиынтық салық ставкаларының нақты мөлшерлерін салық органының келісімі бойынша жергілікті

өкілді органдар белгілейді және бір әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында болатын салық төлеушілерге арналған бірыңғай болып табылады.

403-бап. Тіркелген жиынтық салықты және акцизді есептеу мен төлеу тәртібі

1. Күнтізбелік бір жылға төленуге тиісті тіркелген жиынтық салық осы Кодекстің 401-бабында айқындалған әрбір салық салу объектісіне тиісті жылдық салық ставкасын қолдану арқылы айқындалады. Осы Кодекстің 404-бабында белгіленген есепті кезең үшін төлеуге тиісті тіркелген жиынтық салық жылы бойынша есептелген соманы он екіге бөлу жолымен айқындалады.

2. Акциз сомасы және тіркелген жиынтық салық келесі есепті айдағы 20 күнінен кешіктірілмей ай сайын салық салу объектілері орналасқан жер бойынша бюджетке төлеуге жатады.

3. Салық төлеушінің облыстарды (қалаларда) бірнеше ойын орындары (тұрақтылық нүктелері) бар болған кезде тіркелген жиынтық салық және акциз бір аудан (қала ауданы) шегінде болып табылатын салық салу объектілері бойынша бөлек есептеледі.

4. Салық салу объектілерін пайдалануға енгізу кезінде, салық кезеңінің 15 күніне дейін тіркелген жиынтық салық кезеңнің жартысы үшін 15 күнінен кейін толық салық кезеңі сияқты есептеледі.

Салық салу объектілері салық кезеңінің 15 күніне дейін істен шыққан кезде, тіркелген жиынтық салық толық кезең үшін 15 күнінен кейін салық кезеңінің жартысына сияқты есептеледі.

404-бап. Салық кезеңі және салық декларациясы

1. Тіркелген жиынтық салық және акциз есептеу мен төлеуге арналған салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

2. Салық төлеушілер тіркелген жиынтық салық және акциз бойынша бірыңғай оңайлатылған декларацияны келесі есепті айдың 15 күнінен кешіктірмей салық салу объектілері орналасқан жер бойынша салық органына тапсыруға міндетті.

405-бап. Тіркелген жиынтық салықты салатын объектілердің тіркеу (қайта тіркеу) тәртібі

1. Тіркелген жиынтық салықты салатын объектілерді тіркеу (қайта тіркеу) оған салық органдарында тіркеу есебіне қою фактісін растайтын құжат қосымшасымен салық салу объектілері орналасқан жері бойынша салық органына беретін салық төлеушінің өтініші негізінде жүргізіледі.

Салық төлеуші лицензиялайтын қызмет түрі жүзеге асқан кезде, салық салу объектілерін тіркеу (қайта тіркеу) мұндай қызметті жүзеге асыру құқығына тиісті лицензия салық төлеушіде болған кезде жүргізіледі.

Өтініш нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

2. Салық төлеушіге салық салу объектілерін есепке алған тіркеу карточкасын осы баптың 1-тармағында белгіленген құжаттарды берген күннен бастап 2 күн ішінде

б е р е д і .

3. Салық салу объектілерін есепке алған тіркеу карточкасын әрбір ойын мекемесіне (стационарлық нүктеге) оларда салық салу объектілерін пайдаланатын есеппен жеке б е р е д і .

Егер салық төлеушінің бір аудан (қала ауданы) шегінде орналасқан бірнеше ойын мекемесі (стационарлық нүктесі) болған жағдайда, салық төлеушінің еркімен салық органы мұндай ойын мекемелерін (стационарлық нүктелерін) салық салу объектілері есебіне алған бір тіркеу карточкасын береді.

Ойын мекемелерінің (стационарлық нүктелердің) салық салу объектілерінің есепке алған тіркеу карточкасының түпнұсқасын не карточканың нотариалды расталған к ө ш і р м е с і б о л у ы т и і с .

4. Салық салу объектілерінің әрбір түрінің жалпы санын өзгерту кезінде, салық төлеуші салық органына салық салу объектілерін қайта тіркеу туралы өтініш беруге м і н д е т т і .

Салық органы салық төлеушіден өтініш алған күннен кейінгі бір күн ішінде тіркеу карточкасындағы өзгеріске тиісті енгізу жолымен объектілерді қайта тіркеуді жүргізеді.

5. Салық органдарында тіркелмеген салық салу объектілерін пайдалануға жол берілмейді.

15-БӨЛІМ. БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР

68-ТАРАУ. ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ

406-бап. Жалпы ережелер

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) заңды тұлғалардың және олардың филиалдары мен өкілдіктерін қызметін құру, қайта құру, тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оның ішінде мемлекеттік (есептік) тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) туралы олардың көшірмені алуы кезінде өндіріп алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіпте және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

407-бап. Алым төлеушілер

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркеуге жататын заңды тұлғалар , сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктері алым төлеушілер болып табылады.

408-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы салық төлеуші ретінде алым төлеушіні мемлекеттік тіркеу орны б о й ы н ш а б ю д ж е т к е е н г і з і л е д і .

3. Төленген алым сомалары мыналардан басқа жағдайларда қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген

т ұ л ғ а л а р

б а с

т а р т қ а н д а ;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

69-ТАРАУ. ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН АЛЫМ

409-бап. Жалпы ережелер

Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым (бұдан әрі - алым) жеке кәсіпкерлер ретінде Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

410-бап. Алым төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеуге жататын жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.
2. Шаруа (фермер) қожалықтары алым төлеушілер болып табылмайды.

411-бап. Алымды есептеудің төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.
2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырылған жері бойынша бюджетке енгізіледі.
3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:
 - 1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген тұлғалар бас тартқанда;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

70-ТАРАУ. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖАСАЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ

412-бап. Жалпы ережелер

Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеуші) кезінде өндіріп алынады.

413-бап. Алым төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркеуге жататын, жылжымайтын мүлікпен іс-қимылды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.
 2. Мыналар алым төлеушілер болып табылмайды:
 - 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, оларға теңестірілген тұлғалар;
 - 2) I және II топтағы мүгедектер;

3) жеке тұратын зейнеткерлер;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жағдайлардағы шағын кәсіпкерлік субъектілері.

414-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырылған жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген тұлғалар бас тартқанда;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

71-ТАРАУ. ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІКТІҢ КЕПІЛДІГІН ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ

415-бап. Жалпы ережелер

1. Жылжымалы мүліктің кепілдігін тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) жылжымалы мүліктің кепілдігін (бағалы қағаздардан басқа), сондай-ақ осы бапта көзделген іс-қимылдарды тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

Оларды жүзеге асырғаны үшін өндіріп алынатын алымдарға мыналар жатады:

1) жылжымалы мүліктің кепілдігін тіркеу туралы куәлік (куәліктің телнұсқасын) беруі;

2) тіркеу құжаттарында өтініш берушінің кінәсі бойынша жіберілген қателіктерді түзетуді;

3) жылжымалы мүліктің кепілдігін тіркеудің тізілімінен көшірме беруді.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген тәртіпте және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

416-бап. Алым төлеушілер

Жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган алым төлеушілер болып табылады.

417-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырылған жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген тұлғалар бас тартқанда;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

72-ТАРАУ. РАДИОЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ЖИІЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ

418-бап. Жалпы ережелер

1. Радио электронды құралдар мен жоғары желілі құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары желілі құрылғыларды тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген тәртіпте және жағдайларда байланыс саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

419-бап. Төлеушілер

Жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган алым төлеушілер болып табылады.

420-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша тіркеуші орган есептейді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырғанға дейін тіркеудің жүзеге асыру жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген тұлғалар бас тартқанда;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда.

73-ТАРАУ. МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖӘНЕ ТІРКЕМЕЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ

421-бап. Жалпы ережелер

1. Механикаландырылған көлік құралдарын және тіркемелерді мемлекеттік тіркеу үшін алынатын алым (бұдан әрі - алым) механикаландырылған көлік құралдарын және тіркемелерді мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте және жағдайда уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

422-бап. Алым төлеушілер

Тіркеуге жататын механикаландырылған көлік құралдарын және тіркемелерді пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

423-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша тіркеуші орган есептейді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырғанға дейін тіркеудің жүзеге асыру жері

б о й ы н ш а

б ю д ж е т к е

енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуі
т ұ л ғ а л а р

б а с

т а р т қ а н д а ;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда.

**74-ТАРАУ. ТЕҢІЗ, ӨЗЕН ЖӘНЕ ШАҒЫН КӨЛЕМДІ КЕМЕЛЕРДІ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ**

424-бап. Жалпы ережелер

Теңіз, өзен және шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу үшін төленетін (бұдан әрі - алым) теңіз, өзен және шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

425-бап. Алым төлеушілер

Тіркелуге жататын кемелері бар заңды және жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

426-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша тіркеуші орган есептейді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырғанға дейін тіркеудің жүзеге асыру жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген
т ұ л ғ а л а р б а с т а р т қ а н д а ;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

**75-ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУ ҮШІН АЛЫМ**

427-бап. Жалпы ережелер

Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - тіркеу) кезінде өндіріп алынады.

428-бап. Алым төлеушілер

Тіркеуге жататын әуе кемелері бар заңды және жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

429-бап. Алымды есептеудің, төлеудің және төленген сомаларды қайтарудың тәртібі

1. Алым сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша тіркеуші орган есептейді.

2. Алым сомасы тіркеудің жүзеге асырғанға дейін тіркеудің жүзеге асыру жері бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Төленген алым сомалары мынадай жағдайлардан басқа қайтаруға жатпайды:

1) тіркеуші орган тиісті құжаттарды беруге дейін тіркеу жасаудан алымды төлеген тұлғалар бас тартқанда;

2) тіркеуші орган қарауға құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда;

76-ТАРАУ. АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫ БОЙЫНША ЖҮРГЕНІ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН АЛЫМ

430-бап. Жалпы ережелер

1. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін төленетін алым (бұдан әрі - алым) жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асырғанына рұқсат, ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдардың жүргеніне арнайы рұқсат бергені үшін, сондай-ақ ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені (бұдан әрі - рұқсат беру) үшін алынады.

2. Рұқсат беруді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте және жағдайларда көлік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - рұқсат беретін орган) жүзеге асырады.

431-бап. Төлеушілер

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша, сондай-ақ ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін халықаралық қатынаста жолаушыларды және жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және жеке тұлғалар алым төлеушілері болып табылады.

432-бап. Алым есептеу мен төлеудің тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және рұқсатты алғанға дейін төленеді.

2. Рұқсат беретін орган қатаң есеп бланкісі негізінде өзінің арнайы пункттері арқылы қолма-қол ақшалармен алымды өндіріп алуға құқылы, оның нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Қолма-қол ақшамен төленген алым сомасын бюджет есебіне жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Алым сомасы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тиісті бюджетке енгізіледі.

4. Төленген алым сомалары қайтару жүргізілмейді.

77-ТАРАУ. АУКЦИОНДАРДАН АЛЫМ

433-бап. Жалпы ережелер.

Аукциондардан алым (бұдан әрі - алым) аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сату кезінде өндіріп алынады.

434-бап. Алым төлеушілер

Аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуды жүзеге асыратын сатушы - заңды және жеке тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

435-бап. Салық салу объектісі

1. Аукционды өткізу нәтижелері бойынша белгіленген мүлікті (мүліктік құқықтарды) сатудың құны аукциондық сатулардан алым арқылы салық салу объектісі б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Сатылатын мүлік (мүліктік құқық) құны алымымен салық салынбайды:

1) мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары өткізетін аукциондардан;

2) мемлекет пайдасына атқарушы құжаттарды мәжбүрлі орындату жөніндегі атқарушы өндіріс органдары өткізетін аукциондардан;

3) сату бөлігінде мамандандырылған ашық аукциондардан: салық органдарының иелік етуі шектелген мүлікті; салықтық міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында кепілдікке алынған мүлік; соттың шешімі бойынша жүзеге асырылатын акциялардың қосымша эмиссияларын
о р н а л а с т ы р у .

4) сату жөніндегі аукциондардан:

соттардың атқарушы құжаттарының негізінде мемлекеттің кірісіне тіркелген
м ү л і к т і ;

белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған мүлікті;

белгіленген тәртіппен мемлекетке өткен мүлікті;

5) банкрот кәсіпорындардың конкурстық жиынын сату бойынша аукциондардан сатылған мүлікті.

436-бап. Алым ставкалары

Алым салық салу объектісінің 3% ставкасы бойынша есептеледі.

437-бап. Алым есептеу және төлеудің тәртібі

1. Алымның сомасын төлеушілер өздігінше, салық салу объектісіне ставкаға сүйене
о т ы р ы п е с е п т е й д і .

2. Атқарушы құжаттар бойынша атқарушы өндіріс органдары өткізетін аукцион бойынша алым сомасын есептеген кезде салық салынатын объектіні бюджетке есептелетін атқарушы санкцияның сомасына түзету жүргізіледі.

3. Алымды төлеу аукцион өткізгеннен кейін 10 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

4. Төленген алым сомалары қайтаруға жатпайды.

438-бап. Салық декларациясы

1. Алым төлеушілер аукциондар өткізгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелген жері бойынша салық органдарына алым бойынша декларация тапсырады.

2. Аукцион құрушылар тоқсан аяқталғаннан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі

мерзімде тоқсан сайын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша мынадай ақпаратты салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу орны бойынша салық органына береді.

78-ТАРАУ. ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМ

439-бап. Жалпы ережелер

1. Елтаңбалық алым Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына вексель қағазын сатып алу кезінде аударылым және жай вексельдер жасау кезінде, Қазақстан Республикасының аумағына жасалатын, вексельдер (индоссирлеу, авелирлеу, акцепт, инкассаға беру және басқалар) бойынша құқықтар мен міндеттерді өзгерту немесе тоқтату пайда болуына бағытталған бірінші іс - қимыл кезінде төленеді.

2. Вексельден туындайтын құқық Қазақстан Республикасы аумағында елтаңба алымын төлемеу немесе толық төлемеу жағдайында, елтаңба алымының барлық сомасын төлеуге дейін тоқтатылады және елтаңба алымының толық сомасын бюджетке енгізуді растайтын құжаттың қосымшасымен алым сомасын толық төлеген сәттен қайта төленеді.

3. Вексель қағазы - айқындалған деңгейге дейін қорғай алатын және оған вексель жасауға арналған арнайы қағаз.

Қазақстан Республикасы аумағындағы өндірілетін немесе Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін вексель сомасын мазмұнында талапты көрсететін және қорғау деңгейіндегі нысандағы вексель қағазы мен оған міндетті нұсқауды баспа тәсілмен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

4. Қазақстан Республикасындағы вексель жай қағазда жасалуы мүмкін.

5. Шетел валютасында құрылған вексель бойынша алым сомасы алым сомасын төлеу күніне белгіленген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша айқындалады.

440-бап. Елтаңбалық алым төлеушілер

1. Елтаңбалық алым төлеушілер болып:

1) вексель берушілер;

2) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін вексельдер бойынша құқықтар мен міндеттердің туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына (индоссалауға, авалирлеуге, акцептіге, инкассаға беруге және басқаларына) бағытталған алғашқы іс-қимыл Қазақстан Республикасына жасайтын заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

3) Қазақстан Республикасының аумағында елтаңбалық қағазды сатып алушылар.

2. Елтаңбалық алым төлеуші болып:

1) осы вексельдер бойынша құқықтар мен міндеттердің туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған алғашқы іс-қимыл жасалған кезде, Қазақстан Республикасының шегінде құрылған және оның аумағына әкелінген вексель бойынша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және оның бөлімшелері;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметінің белгілі бір бағдарламасымен алынатын тауарларға вексельдер жасау кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) егер Қазақстан Республикасының Үкіметі осы вексельдер жөнінде авалист болса, осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша вексельдер жасау кезіндегі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі табылады.

441-бап. Елтаңбалық алым ставкалары

Егер өзгелер осы Кодекстің 442-бабында көзделмесе, елтаңбалық алым вексель сомасынан 0,1 процент мөлшерінде есептеледі.

442-бап. Елтаңбалық алым есептеудің және төлеудің тәртібі

1. Төлеуге тиісті елтаңбалық алымды есептеу кезінде есептен шығарылған 10 мың теңгелік толық емес вексель сомасы толық болып дөңгеленеді.

2. Вексельдік қағазда вексель құрылған кезде, егер оның сомасы 10 мың теңгеге көтерілмесе, елтаңбалық алым толық төленді деп есептеледі.

Вексельдік қағазда вексель құрылған кезде, егер оның сомасы 10 мың теңгеге көтерілсе, елтаңбалық алым 10 мың теңгеге төленді деп есептеледі; елтаңбалық алымның толық сомасы мен елтаңбалық алымның төленген сомасы арасындағы айырмашылық бюджетке төлеуге жатады.

3. Вексель қағазын дайындаушылар және Қазақстан Республикасының аумағына оны әкелушілер елтаңбалық алым сомасын вексель қағазын сатып алушы тұлғадан ұстайды және вексель қағазын сату сәтінен 3 күннен кешіктірмей бюджетке төлейді.

4. Елтаңбалық алым сомасы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, оның төлемін (қосымша төлеу) вексель беруші сияқты, және де вексель ұстаушылар немесе басқа да тұлғалар жүргізуі мүмкін. Бұл орайда, елтаңбалық алым сомасын төлеген тұлға Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген төленген елтаңбалық алым сомасын вексель ұстауынан өтеуді талап етуге құқылы.

Осы тармақтың ережесі вексель қағазын сатып алушы тұлғалардан елтаңбалық алым сомасын бюджетке ұстауы және төлеуі бойынша вексель қағазын дайындаушы және оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуші тұлғалардың міндеттемесіне т а р а л м а й д ы .

5. Төленген елтаңбалық алым сомасы қайтаруға жатпайды.

443-бап. Салық кезеңі

Қазақстан Республикасының аумағына оны әкелетін тұлғалармен және вексель қағазын дайындаушылармен ұсталған елтаңбалық алым сомалары бойынша салық декларациясын беру үшін салық кезеңі болып күнтізбелік ай саналады.

444-бап. Салық декларациясы

Вексель қағазын дайындаушы және оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуші тұлғалар ай сайын күнтізбелік ай ішінде есеп беруден кейінгі айдың 10 күннен

кешіктірмей бюджетке енгізілуге тиісті елтаңбалық алым сомасы бойынша декларация тапсырады.

79-ТАРАУ. ЖЕКЕЛЕГЕН ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ АЛЫМ

445-бап. Жалпы ережелер

1. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін төленетін лицензиялық алым (бұдан әрі - алым) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға лицензия бергені үшін алынады.

2. Лицензияны беруді Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленген тәртіпте және жағдайларда уәкілетті орган (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

446-бап. Алым төлеушілер

Лицензия алатын заңды және жеке тұлғалар лицензиялық алым төлеушілер болып табылады.

447-бап. Есептеу, алымды төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және лицензиарға тиісті құжаттарды беруге дейін төленеді.

2. Алым сомасы салық төлеуші ретінде алым төлеушіні мемлекеттік тіркеу орны бойынша бюджетке енгізілуге тиіс.

3. Төленген алым сомасы мынадай жағдайларды есептемегенде:

1) лицензиарға тиісті құжаттарды беруге дейін лицензияны алудан алымды төлеген тұлғалардың бас тартуы;

2) лицензиардың қарауына құжаттарды қабылдаудан бас тартқанда қайтарып беруі жатпайды.

80-ТАРАУ. ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРГЕНІ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

448-бап. Жалпы ережелер

1. Мемлекет жер учаскесін уақытша пайдалануға берген кезде жер учаскесін пайдаланғаны үшін төленетін төлемді (бұдан әрі - төлем) жыл сайын өндіріліп алады.

2. Уақытша пайдалануға жер учаскелерін берудің тәртібін Қазақстан Республикасының заң актісі белгілейді.

449-бап. Төлеушілер

Уақытша пайдалануға жер учаскесін алған заңды және жеке тұлғалар төлем төлеушілер болып табылады.

450-бап. Төлем ставкалары

Төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Бұл ретте төлем ставкалары жер салығының ставкалары мөлшерінен төмен емес шамада белгіленеді.

451-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Төлемнің сомасын жер учаскесінің алаңына тиісті ставкаларды қолдану жолымен жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

2. Төлем ағымдағы жылдың жиыrmасыншы ақпанынан, жиыrmасыншы мамырынан, жиыrmасыншы тамызынан кеш емес мерзімдерде тең үлестермен бюджетке енгізілуге ж а т а д ы .

3. Мемлекет жер учаскелерін уақытша пайдалануға белгіленген төлем мерзімдерінен кейін берген жағдайда, келесі (кезекті) төлем мерзімі бюджетке төлем енгізудің бірінші мерзімі болып табылады.

4. Мемлекет жер учаскелерін уақытша пайдалануға соңғы төлем мерзімдерінен кейін берген жағдайда, жер учаскелерін беру айынан кейінгі айдың 20 күні бюджетке төлем төлеу мерзімі болып есептеледі.

5. Бюджетке артық төленген сомаларды қайтару осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізіледі.

81-ТАРАУ. ЖЕРДІҢ ҮСТІҢГІ ҚАБАТЫНДАҒЫ КӨЗДЕРДЕН СУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

452-бап. Жалпы ережелер

1. Жердің үстіңгі қабатындағы көздерден су алумен немесе суы алынбай, арнайы су пайдаланудың барлық түріне жердің үстіңгі қабатындағы көздерден су ресурстарын пайдалану үшін төлем (бұдан әрі - төлем) белгіленеді.

2. Су ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат негізінде арнайы су пайдалану жүзеге асырылады.

453-бап. Төлеушілер

Құрылғылар, техникалық құралдар немесе қондырғылар пайдалана отырып жердің үстіңгі қабатындағы көздерден су ресурстарын пайдалануды жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар ақы төлеушілер болып табылады.

454-бап. Салық салу объектілері

1. Төлемге салық салу объектілері:

1) жердің үстіңгі қабатындағы су көзінен алынған судың көлемі;

2) өндірілген электр қуаты көлемі;

3) су көлігімен тасымалдау көлемі болып табылады.

2. Су ресурстарын жекелеген азаматтарға бекітіп берусіз және судың жағдайына әсер ететін құрылғыларды немесе техникалық қондырғыларды қолданусыз жүзеге асырылатын, ағашты кеме тіркемесіз суға ағызудан, үзіліс сәтінен, жер қазу техникасын қолданудан, батпақ құрғатудан, жалпы су пайдаланудан ақы өндіріліп алынбайды.

455-бап. Төлем ставкалары

1. Төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Суды іркудің нақтылы көлемі су ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекетті орган белгілеген шегінен асқан кезде, осы баптың 1-тармағында

белгіленген төлем ставкалары осындай арту бөлігінде 3 есеге арттырылады.

3. Су объектілерін тиісті рұқсатсыз пайдаланған кезде осы баптың 1-тармағында белгіленген төлем ставкалары 5 есеге арттырылады.

456-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Төлем арнайы су пайдалану жері бойынша тиісті бюджетке енгізуге жатады.

2. Төлем сомасын су пайдаланудың нақты көлемі мен белгіленген ставкаларды ескере отырып дербес төлеуші айқындайды.

3. Төлем бойынша түпкілікті есеп декларация беру мерзімі басталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Төлеушілер (ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші шаруа (фермер) қожалықтары мен заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеушілерден басқа) есеп тоқсанынан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей ағымдағы сомаларын тоқсан сайын бюджетке енгізуге міндетті.

5. Шаруа (фермер) қожалығы және ауылшаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есепті жүзеге асыратын салық төлеушілер төлем сомаларын төлеуді мына тәртіпте жүргізеді:

1) осы салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезеңге есептелген сома ағымдағы салық кезеңінің 20 қазанынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге есептелген сома келесі есеп үшін салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде төленеді.

6. Судың тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтерін көрсететін тікелей су шаруашылығы жүйелерінен, басқа өнеркәсіп орындарынан және ұйымдардан келетініне қарамастан, су шаруашылығы жүйелерінен өндірістік қажет үшін алынатын суға өнеркәсіп орындары төлем енгізеді.

7. Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтерін көрсететін ұйымдар өнеркәсіп орындарына берілетін судың көлемдері шегеріле отырып, жердің үстіңгі қабатындағы көздерінен алынатын суға бюджетке ақы енгізеді.

8. Заңды және жеке тұлғалар суды айдайтын және суды реттейтін құрылғылары бар су көздерінде жүк тасымалы үшін ақы енгізеді.

9. Жылу қуаты кәсіпорындары тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтері үшін жылу қуаты өндірісіне жұмсалатын су ақысының мөлшерін тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтерін көрсететін ұйымдар үшін көзделген ставкалар бойынша айқындайды.

10. Суды ірку шегінде агрегаттарды суыту үшін (қайта су тұтыну) технологиялық қажеттілікке су алатын жылу қуаты кәсіпорындары ақының мөлшерін тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтерін көрсететін ұйымдар үшін көзделген ставкалар бойынша айқындайды. Қайтарымсыз су тұтынудың ақысының мөлшері

өнеркәсіп орындары үшін белгіленген ставкалар бойынша айқындалады.

11. Бюджетке артық төленген сомаларды қайтару осы Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізіледі.

457-бап. Салық кезеңі

Салық кезеңі бюджетке жердің үстіңгі қабаты көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және енгізу үшін осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

458-бап. Салық декларациясы

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген төлеушілерден басқа салық төлеушілер арнайы су пайдалану жері бойынша салық органына есеп беруден кейінгі салық кезеңінің 15 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде төлемдер жөнінде декларация ұ с ы н а д ы .

2. Шаруа (фермер) қожалығы үшін және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есепті қолданатын салық төлеушілер есеп беруден кейінгі салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде суға төленетін төлем жөнінде декларация береді.

3. Декларация салық органына берілгенге дейін су ресурстары басқармасы бойынша аумақтық уәкілетті органмен куәландырылады.

82-ТАРАУ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМДЕР

459-бап. Жалпы ережелер

1. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер (бұдан әрі - төлемдер) Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен айқындалған Қазақстан Республикасының аумағында қызметтерін жүзеге асыратын арнайы табиғатты пайдалану тәртібімен ө н д і р і п а л ы н а д ы .

2. Арнайы табиғатты пайдалану қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

3. Қоршаған ортаны белгіленген тәртіппен ресімделген рұқсатсыз ластау нормативтен тыс жағдай ретінде де қаралады.

460-бап. Төлеушілер

Арнайы табиғат пайдалану тәртібінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем төлеушілер болып табылады.

461-бап. Салық салу объектілері

Ластайтын заттардың (авариялықты қоса алғанда), шығарылымдарының, нормативті және (немесе) нормадан артық тасталымдарының, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады.

462-бап. Төлемдер ставкалары

Төлемдер ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын белгілейді. Барлық нормативтен тыс төлемдер бойынша төлем ставкалары 10 есе өседі.

463-бап. Есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

1. Төлемдердің сомасын салық төлеушілер қоршаған ортаның ластануының және белгіленген ставкалардың нақты көлемдерін негізге ала отырып өздігінше есептейді.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық уәкілетті органдар шағын көлемді төлемдері бар ұйымдар үшін (жылдық жиынтық көлемде 100 есептік көрсеткішке дейінгі) төлемдерді қоршаған ортаны ластауға лимитті өтеуін алу нысанында жеткізілуіне рұқсат етіледі. Лимитті сатып алу рұқсатты рәсімдеу кезінде есеп беру жылы үшін алдын-ала толық төлеумен жүргізіледі.

3. Төлем қоршаған ортаның ластану көзінің (объектісінің) орналасқан жері бойынша бюджетке енгізілу арқылы жүргізіледі.

4. Төлеушілер қоршаған ортаның ластануының нақты көлемі үшін ағымдағы төлемдердің тиісті сомаларды осы баптың 2 және 6-тармақтарында көрсетілген кәсіпорындарды қоспағанда, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сыншы күнінен к е ш і к т і р м е й т ө л е й д і .

5. Төлемдер бойынша соңғы есептесу декларация ұсыну мерзімі басталғаннан кейінгі 5 күннен кеш емес мерзімде жүргізіледі.

6. Шаруа (фермер) қожалығы үшін және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есепті жүзеге асыратын салық төлеушілермен мынадай төлем сомаларын төлеу жүргізіледі:

1) ағымдағы төлемдердің салық кезеңінің 1 қаңтарынан 1 қазанына дейінгі кезеңге есептелген сомалар ағымдағы салық кезеңінің 20 қазанынан кешіктірмейтін мерзімде т ө л е н е д і ;

2) 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге есептелген сомалар есеп беруден кейінгі салық кезеңінің 20 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде төленеді.

7. Бюджетке артық төленген төлем сомасы осы Кодекстің 43-бабына қайтарылады.

Қоршаған ортаның ластануы үшін төлемдерді бюджетке есептеу және енгізу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

464-бап. Салық кезеңі

Қоршаған ортаның ластануы үшін төлемдерді бюджетке есептеу және енгізу үшін салық кезеңі осы Кодекстің 143-бабына сәйкес айқындалады.

465-бап. Салық декларациясы

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген төлеушілерден басқа салық төлеушілер келесі есепті кезең үшін салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органына келесі есеп беруден кейінгі салық кезеңінің 15 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде төлем жөніндегі декларацияны тапсырады.

2. Шаруа (фермер) қожалығы үшін және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимінде бюджетпен есептеуді қолданатын салық төлеушілер есеп беруден кейінгі салық кезеңінің 15 наурызынан кешіктірілмеген мерзімде суға ақы төлеу жөніндегі декларацияны ұсынады.

3. Декларация аумақтық салық органына берілгенге дейін табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда куәландырылады.

83-ТАРАУ. ХАЙУАНАТТАР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

466-бап. Жалпы ережелер

1. Табиғи еркіндік жағдайында өмір сүретін хайуанаттарды табиғи ортадан алу үшін хайуанаттар дүниесін пайдалану үшін төлем (бұдан әрі - төлем) өндіріліп алынады.

2. Хайуанаттарды кейіннен табиғи ортаға жібере отырып ен салу және сырға салу мақсаттары үшін аулау кезінде төлем өндіріліп алынбайды.

3. Хайуанаттар дүниесінің мынадай санаттары үшін төлем белгіленеді:
аңшылық объектісі болып табылатын хайуанаттар түрлері;
балық шаруашылығы объектісі болып табылатын хайуанаттар түрлері;
сирек кездесетін және жойылып кету қаупінде тұрған хайуанаттар түрлері;
өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын хайуанаттар түрлерінің санаттары үшін тек осы хайуанаттардың бағалы түрлері үшін төлем белгіленеді.

4. Аңшылық және балық шаруашылығы объектісі болып табылатын хайуанаттар түрлерінің санаттары үшін тек осы хайуанаттардың бағалы түрлері үшін төлем белгіленеді.

Аңшылық және балық шаруашылығы объектісі болып табылатын хайуанаттардың бағалы түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Хайуанаттар дүниесін пайдалану хайуанаттар дүниесі басқару уәкілетті органы беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

6. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупінде тұрған хайуанаттар түрлерін пайдалану үшін төлемді әрбір жекелеген жағдайда осы хайуанаттарды табиғи ортадан аулауға рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Сирек кездесетін және жойылып кету қаупінде тұрған хайуанаттар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

467-бап. Төлеушілер

Хайуанаттар дүниесін пайдаланушы заңды және жеке тұлғалар төлем төлеушілер болып табылады.

468-бап. Төлем ставкалары

Төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

469-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Төлем сомасы хайуанаттардың ставкаларына және санына (су хайуанаттарының жеке түрлері үшін салмағына) сүйене отырып айқындалады.

2. Бюджетке төлем сомаларын енгізуді төлеушілер банк мекемелері арқылы аудару жолымен немесе хайуанаттар дүниесін басқару жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органының аумақтық органдарында қолма-қол есептесу арқылы жүзеге асырылады.

3. Хайуанаттар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органының аумақтық

органдарында төлемдерді қолма-қол есептесумен өндіріп алу қатаң есептегі бланктар негізінде жүзеге асырылады.

Қатаң есептегі бланк нысанын мемлекеттік уәкілетті орган белгілейді.

Бюджетке қолма-қол ақшамен төленген төлем сомасын есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Хайуанаттар дүниесін басқару жөніндегі уәкілетті органда рұқсат алғанға дейін төлем сомасын белгіленген ставкалары бойынша төлеушілер дербес есептейді және төлейді.

5. Бюджетке төлем енгізу рұқсат алу орны бойынша жүргізіледі.

6. Бюджетке енгізген төлем сомалары қайтаруға жатпайды.

84-ТАРАУ. ОРМАНДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

470-бап. Жалпы ережелер

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлем (бұдан әрі - төлем) орманды пайдаланудың мынадай түрлері:

1) ағаш дайындау;

2) шайыр дайындау;

3) қосымша ағаш материалдарын (қабық, ағаш көгілдір және басқалары);

4) ағаш шырындарын дайындау;

5) орманды жанама пайдаланулар (шөп шабу, мал жайылымы, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы жеміс, жаңғақ, саңырауқұлақ, жидек және басқа да орманның азықтық өнімдерін дайындау және жинақ, ара ұялары мен омарталарды орналастыру);

6) орманды мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалану;

7) орман қоры телімдерін аңшылық шаруашылығы қажеттіктері үшін пайдалану үшін өндірім алынады.

2. Орманды пайдалану құқығы орман шаруашылығы басқармасы жөніндегі аумақтық уәкілетті органдармен берілетін мынадай рұқсат беретін құжаттар негізінде ұсынылады:

1) меншік иесінің орман қоры телімдерін ұзақ мерзімді (50 жылға кейінгі мерзімге) пайдалану құқығын куәландыратын жалға беру шарты;

2) меншік иелерінің орман ресурстарын немесе орман қоры телімдерін қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі мерзімге) пайдалану құқығын куәландыратын орманда ағаш кесуге рұқсат билеті, ордері, орман билеті.

471-бап. Төлеушілер

1. Қазақстан Республикасының заңдар актілерімен көзделген тәртіппен орман пайдалануды жүзеге асыру құқығын алған заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - орман пайдаланушылар) төлем төлеушілер болып табылады.

2. Мыналар:

1) орман шаруашылығын жүргізуші тұлғалар, орман қоры иелерін (бұдан әрі -

орман иелерін) және орман пайдаланушыларды қоса алғанда, - орманды күтіп-баптау мақсатында кесулерді, санитарлық шараларды жүзеге асырған кезде тамырымен жіберілетін ағаш үшін, ағаш өнеркәсібін орналастыру және басқа да орман шаруашылық шараларын, ағаш тұтынушылардың өздерінің күшімен дайындалған ағашты қоса алғанда, жүргізу үшін;

2) орман пайдаланушылар - ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жүзеге асыратын ағаш ресурстарын, шайырды, қосымша орман материалдарын алған кезде орманды пайдалану үшін төлем төлеушілер болып табылмайды. Осы ретте, алынған өнім оның ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті бөлігін қоспағанда, орман қоры телімдері иелерінің меншігі болып табылады.

Оның тізбесі мен көлемі зерттеулердің бағдарламасы мен әдістерін негізге ала отырып белгіленеді және орман шаруашылығы басқармасының аумақтық органдарымен жасалған келісімде немесе шартта көрсетіледі.

472-бап. Салық салу объектісі

Пайдалануға берілетін орман пайдаланудың көлемі және (немесе) орман қоры жерінің аумағы салық салу объектісі болып табылады.

473-бап. Төлем ставкалары

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын, осы баптың 2-тармағында аталғандарды қоспағанда, облыстық өкілді органдар орман шаруашылығын басқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісім бойынша белгілейді.

2. Тамырымен жіберілетін ағаш үшін төлем жөніндегі ставкаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

474-бап. Төлемді есептеу және енгізу тәртібі

1. Есептеу тәртібін және төлемді бюджетке енгізу мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Бюджетке артық төленген төлем сомасы осы Кодекстің 43-бабына сәйкес қайтарылады.

85-ТАРАУ. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМ

475-бап. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын ғылыми, мәдени-ағарту, туристік, рекреациондық және шектеулі шаруашылық мақсатында пайдаланғаны үшін төлем (бұдан әрі - төлемдер) өндіріп алынады.

2. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланғаны үшін бюджетке енгізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

476-бап. Төлеушілер

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланатын заңды және жеке тұлғалар төлем төлеушілер болып табылады.

477-бап. Төлемдер ставкалары

1. Республикалық мәніндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемдер ставкаларын табиғи монополияларды реттеу бойынша уәкілетті органдармен келісе отырып олардың қарамағына жататын орталық атқару органдары белгілейді.

2. Жергілікті мәніндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемдер ставкаларын табиғи монополияларды реттеу бойынша уәкілетті органдармен келісе отырып олардың қарамағына жататын ерекше қорғалатын табиғи аумақтары бойынша уәкілетті органдары белгілейді.

478-бап. Тәртібі және төлеу мерзімдері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын пайдаланғаны үшін төлем банк мекемелері арқылы аудару немесе бақылау-өткізу пункттарында қолма-қол есеп айырысумен не болмаса ерекше қорғалатын табиғи аумақ әкімшілігі белгілеген басқа да арнайы жарақталған орындарда зердесі бар бақылау машиналары арқылы жүзеге асырылады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың төлемін салық төлеушілердің пайдаланғаны қолдарында төлегені туралы растайтын құжаты бар болғанда ғана жіберіледі.

3. Бюджетке енгізілген төлем сомалары қайтаруға жатпайды.

86-ТАРАУ. РАДИОЖИІЛІК СПЕКТРІН ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

479-бап. Жалпы ережелер

1. Радиожиілілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем (бұдан әрі - төлем) бөлінген радиожиілілік спектрінің атауы үшін алынады.

2. Радиожиілілік спектрін пайдалану құқығын байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган куәландырады.

481-бап. Төлем ставкалары

Төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

482-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Төлем байланыс саласындағы уәкілетті орган есептен шығарған хабарлама негізінде жыл сайын бюджетке енгізіледі. Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган төлеушілерге ағымдағы жылдың 20 ақпаны мен 20 тамызынан кеш емес мерзімде хабарлама жазып береді.

2. Радиожиілілік спектрін пайдалану үшін төлем төлеушінің аумақтық салық органында тіркеу есебіне қойылған жері бойынша ағымдағы жылдың 20 наурызынан, 20 маусымынан, 20 қыркүйегінен және 20 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімдерде тең үлесте бюджетке енгізіледі.

3. Радиожиілілік спектрдің өңірлері (номиналдары) аукцион жүргізу жолымен бөлінген кезде алынатын бір жолғы төлем радиожиілілік ресурсын пайдаланғаны үшін

төленетін төлем шотына есептелмейді.

4. Бюджетке артық төленген төлем сомасы осы Кодекстің 43-бабына сәйкес қайтарылады.

87-ТАРАУ. КЕМЕ ЖҮЗЕТІН СУ ЖОЛДАРЫН ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

483-бап. Жалпы ережелер

1. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем (бұдан әрі - төлем) Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін өндіріліп алын а д ы .

2. Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалану құқығы көлік мәселелері жөнінде уәкілетті органның рұқсат құжаты арқылы әрбір күнтізбелік жылға бер і л е д і .

3. Бюджетке төлем сомасын өндіріп алу және енгізу үшін негіз тиісті рұқсат құжаты жоқ болғанда Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалану болып та б ы л а д ы .

4. Көлік бақылауы мәселелері бойынша уәкілетті орган келесі айдың 15 күнінен кешіктірмей ай сайын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалануға рұқсат құжатын алған тұлғалары бойынша деректерді салық органына береді.

484-бап. Төлеушілер

Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын заңды жеке тұлғалар төлем төлеушілер болып табылады.

485-бап. Төлем ставкалары

Төлем ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

486-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланушылардан алынатын төлем мөлшері рұқсат ету құжатында белгіленген, бірақ бір күнтізбелік ай үшін төлем мөлшерінен кем емес нақты кеме жүзетін су жолдарын пайдалану мерзімі мен төлем ставкасын ескеріп а й қ ы н д а л а д ы .

2. Ай сайынғы төлем мөлшері сол жылдың көлік бақылауы мәселесі бойынша уәкілетті орган белгілейтін навигация кезеңіне төлем сомасының жыл бойынша есептелген бөлу жолымен айқындалады.

3. Рұқсат ету құжатында белгіленген мерзімге сәйкес сол айдың бюджетіне енгізуге жататын төлем сомасы келесі айдың 20 күнінен кешіктірмей ай сайын төленеді.

4. Төлем төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдалануға бірінші ай үшін төлем сомасын бюджетке енгізуді растайтын құжатты көлік бақылауы мәселелері бойынша уәкілетті органға береді.

5. Бір реттік кеме кірулері кезінде шетелдік заңды және жеке тұлғалар үшін рұқсат құжатын алуға дейін айлық ставка мөлшерінде бюджетке енгізіледі. Бір айдан астам

мерзімде Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында шетелдік тұлғалар болған кезде осы баппен белгіленген тәртіпте бюджетке төлем енгізіледі.

6. Бюджетке артық төленген төлем сомасы осы Кодекстің 43-бабына сәйкес қайтарылады.

88-ТАРАУ. СЫРТҚЫ (ВИЗУАЛДЫ) ЖАРНАМА ОРНАЛАСТЫРҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМ

487-бап. Жалпы ережелер

1. Сыртқы (визуалды) жарнама орналастырғаны үшін төленетін төлем жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарына берілген алаңда және Қазақстан Республикасының аумағындағы елді мекендерге плакат, стенд, жарық түсіретін табло, биллборд, транспарант, жарқағаз түрінде сыртқы (визуалды) жарнама орналастыруға және басқа да объектілерге тұрақты жарнама орналастыруға құқық бергені үшін а л ы н а д ы .

2. Сыртқы (визуалды) жарнама (бұдан әрі - жарнама объектісі) объектісін орналастыру мынадай негіздерде жүргізіледі:

1) жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарына берілген алаңда жарнама объектілерін орналастырған кезде - Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіптегі белгіленген мерзімде автомобиль жолдары мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - жол органы) беретін құжат негізінде;

2) елді мекендерде жарнама объектілерін орналастырған кезде - жергілікті атқару органдарының елді мекендерге сыртқы (визуалды) жарнама орналастыру) шарттары мен белгіленген тәртіптегі талаптарға сәйкес берілген рұқсат негізінде.

Тиісті құжаттарсыз жарнама объектілерін орналастыруға тыйым салынады.

3. Тиісті рұқсат құжаттары болмаған кезде жарнама объектілеріне берілген жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарына берілген алаңның жер учаскелерін нақты пайдалану және (немесе) оларды елді мекендерге орналастыру төлем сомаларын бюджетке өндіріп алу және бюджетке енгізу үшін негіз болып табылады.

4. Жол органдары және жергілікті атқару органдары ай сайын, айдың 15 күнінен кешіктірмей салық органына мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша рұқсат беретін құжат алған тұлғалар жөнінде мәлімет береді.

488-бап. Төлеушілер

1. Жарнама объектілерін орналастырушы заңды және жеке тұлғалар (соның ішінде жеке кәсіпкерлер) төлем төлеушілер болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары төлем төлеушілер болып табылмайды.

489-бап. Төлем ставкалары

Төлем ставкаларын жарнама объектілерінің алаңын ескеріліп белгіленеді:

1) жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарына берілген алаңға орналастырылған жарнама объектілері бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) елді мекендерге орналастырылған жарнама объектілері бойынша - жергілікті өкілетті органдар.

490-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Алынатын төлем мөлшері рұқсат беру құжатында белгіленген, бірақ төлем мөлшері бір күнтізбелік айдан аспағанда жарнама объектілерін орналастырудың нақты мерзімі мен төлем ставкасына қарай анықталады.

2. Бір күнтізбелік ай үшін бюджетке енгізілуге тиісті төлем сомалары айдан кейінгі 20 күнінен кешіктірмей төленеді.

3. Салық төлеушілер рұқсат құжатын алу кезінде жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлем сомасын бюджетке алынатынын растайтын құжатты жол органына немесе жергілікті атқарушы органға береді.

4. Бюджетке артық төленген төлем сомасы осы Кодекстің 43-бабына сәйкес қайтарылады.

89-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ

491-бап. Жалпы ережелер

Мемлекеттік баж - уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық маңызды іс-қимыл жасағаны үшін не құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

492-бап. Төлеушілер

Мемлекеттік баж төлеушілер заңдық маңызды іс-қимылдар жасау немесе құжаттар беру жөнінде соған уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке немесе заңды тұлғалар болып табылады.

493-бап. Өндіріп алу объектілері

1. Мемлекеттік баж мыналардан алынады:

1) сотқа берілетін талап-арыздардан, кассациялық шағымы бар ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сондай-ақ соттың құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;

2) нотариалдық іс-қимылдар жасағаны, сондай-ақ нотариалдық куәландырылған құжаттар көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін;

3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал жазбаларын өзгерту, толықтыру және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайталап бергені үшін;

4) шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін;

5) шетелдіктердің төлқұжаттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасына бару және Қазақстан Республикасына келу құқығына рұқсаттама бергені үшін;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының

азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін;

7) тұратын жерінде тіркегені үшін;

8) аңшылық құқығына рұқсат бергені үшін;

9) Қазақстан Республикасының азаматтарына төлқұжаттар мен жеке куәліктер бергені үшін;

10) қару-жарақты және оған оқтарды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдауға, әкелуге және Қазақстан Республикасынан алып кетуге рұқсаттар бергені үшін;

11) азаматтық қаруды (аңшылық суық қару, пневматикалық және аэрозольдық газды құрылғыларды қоспағанда) тіркегені және қайта тіркегені үшін.

2. Мемлекеттік баждың тіркелген проценттік ставкалары, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, республикада мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерін негізге ала отырып, есептеледі.

1. Мемлекеттік баж ставкалары

494-бап. Мемлекеттік баждың соттардағы ставкалары

1. Сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), кассациялық шағымдардан, сондай-ақ соттың құжаттардың көшірмелерін (телнұсқаларын) бергені үшін мынадай мөлшерде мемлекеттік баж алынатыны:

1) мүліктік сипаттағы талап-арыздардан:

жеке тұлғалар үшін - талап сомасының 1 проценті;

заңды тұлғалар үшін - талап сомасының 3 проценті;

2) жеке тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 30 процент;

3) заңды тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіретін мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекетіне шағымдардан - 500 процент;

4) салықтық тексеру актілері бойынша хабарламаларды даулау туралы талап-арыздардан:

заңды тұлғалар үшін - талап сомасы 10 процент;

жеке тұлғалар үшін - талап сомасы 5 процент;

5) некені бұзу туралы талап-арыздардан - 30 процент.

Неке бұзылған кезде мүліктерді бөлген жағдайда, баж осы баптың 1) тармақшасына сәйкес талаптың құнынан белгіленеді;

6) белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз кетті деп немесе жан күйзелісі ауруы немесе ақылы кемдік салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен, не бас бостандығынан айыруға үш жылдан астам мерзімге сотталған адамдармен неке бұзылған кезде осы баптың 1) тармақшасына сәйкес мүлікті бұзу туралы

т а л а п - а р ы з д а р ы н а н ;

7) тұрғын үй-жайларды жалға алу туралы шартты өзгерту, немесе бұзғаны туралы, мұраға қабылдау мерзімін ұзарту туралы, тыйым салынған мүлікті босату туралы талап арыздардан және мүліктік емес сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап а р ы з д а р д а н - 5 0 п р о ц е н т ;

8) ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан) - 50 процент;

9) сот шешіміне жасалған кассациялық шағымдардан - мүліктік емес сипаттағы талап арызды берген кездегі алынатын мемлекеттік баж мөлшерінен - 50 процент, ал мүліктік емес сипаттағы даулар бойынша - арыз беруші дауға салып отырған соманы негізге ала отырып есептелген мемлекеттік баж мөлшерінен;

10) атқарушылық парақтың түпнұсқа көшірмесін бергені туралы мәселе бойынша сот ұйғарымына жеке шағымдардан - 500 процент;

11) сот шешімдерінен, үкімдерінен, ұйғарымдарынан, соттың өзге де қаулыларынан көшірмелерді (түпнұсқа көшірмелерін), сондай-ақ іске қатысатын тараптар мен басқа да адамдардың өтініші бойынша соттар берген істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайталап бергені үшін - әрбір құжат үшін 10 процент және, одан басқа, әрбір дайындалған бет үшін 3 процент;

12) заңды тұлғаларды банкрот деп тану туралы арыздардан - 500 процент.

2. Мүліктік және мүліктік емес сипаттағы бір мезгілдегі талаптары бар талап арыздар үшін мүліктік емес талап арыздар үшін және мүліктік емес сипаттағы талап арыздар үшін белгіленген мемлекеттік баж бір мезгілде алынады.

495-бап. Нотариалдық іс-қимылдар жасағаны үшін алынатын мемлекеттік баж ставкалары

1. Нотариалдық іс-қимылдар жасағаны үшін, сондай-ақ нотариалдық куәландырылған құжаттардың көшірмелерін (түпнұсқаның көшірмелерін) бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерде алынады:

1) қалалық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, ғимараттар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен алу туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптың біреуі заңды тұлға болып табылса - 1000 процент;

балаларына, зайыбына немесе жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне - 500 процент;

басқа адамдарға - 700 процент;

2) ауылдық жерлердегі жылжымайтын мүлікті (жер учаскелерін, тұрғын үйлерді, пәтерлерді, саяжайларды, гараждарды, ғимараттар мен өзге де жылжымайтын мүлікті) иеліктен алу туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптың біреуі заңды тұлға болып табылса - 100 процент;

балаларына, зайыбына немесе жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне - 50 процент;

басқа адамдарға - 70 процент;

3) автотранспорт құралдарын иеліктен алу туралы шарттарды куәландырғаны үшін:

егер тараптың біреуі заңды тұлға болып табылса - 700 процент;

балаларына, зайыбына немесе жұбайына, ата-анасына, туған аға-інілері мен апа-қарындастары мен сіңлілеріне, немерелеріне - 200 процент;

басқа адамдарға - 500 процент;

4) жалға беру, несие, қарыз, мердігерлік, неке келісімдері, жалпы пайдаланудағы мүлік бөлісі, мұрагерлік мүлікті бөлу, алименттерді төлеу бойынша келісім-шарттар, құрылтайшылық шарттарды куәландырғаны үшін - 500 процент;

5) өсиетнамаларды куәландырғаны үшін - 100 процент;

6) мұрагерлікке құқығы барлығы туралы куәлікті беру үшін, берілген әр куәлікке - 100 процент;

7) ерлі-зайыптыларға неке кезінде жиған жалпы мүлікке бөлігіне құқығы бары туралы куәлікті беру үшін - 100 процент;

8) мүлікті пайдалану мен иеленуге құқығы бары туралы сенімхаттарды, несиелік операцияларды жүргізу бойынша құжаттарды куәландырғаны үшін - 50 процент;

9) сатуға құқығы жоқ автотранспорт құралдарын айдауға және пайдалануға құқығы бар сенімхаттарды куәландырғаны үшін - 100 процент;

10) автотранспорт құралдарын айырбастайтын, сыйлайтын, сататын сенімхаттарды куәландырғаны үшін - 200 процент;

11) өзге сенімхаттарды куәландырғаны үшін:

жеке тұлғаларға - 10 процент;

заңды тұлғаларға - 50 процент;

12) мұрагерлік мүлікті қорғау бойынша шаралар қабылдағаны үшін - 100 процент;

13) теңіздік наразылық білдіргені үшін - 50 процент;

14) құжаттардың көшірмесі мен құжаттардың үзінді көшірмесінің (әр бетіне) растығын куәландырғаны үшін:

жеке тұлғаларға - 5 процент;

заңды тұлғаларға - 10 процент;

15) құжаттардағы қойылған қолдың, оның ішінде аудармашының қойған қолының (әр құжат үшін) растығын куәландырғаны үшін:

жеке тұлғаларға - 3 процент;

заңды тұлғаларға - 10 процент;

16) заңды және жеке тұлғалардың басқа заңды және жеке тұлғаларға өтініштерін бергені үшін - 20 процент;

17) нотариалды түрде көшірмелерді куәландырып бергені үшін - 20 процент;

18) телқұжаттарды бергені үшін - 100 процент;

19) банкте есеп ашардағы қойылған қолдың (әр құжат үшін) растығын

куәландырғаны

үшін:

жеке тұлғаларға - 10 процент;

заңды тұлғаларға - 50 процент;

20) кепілзат келісім-шарттарын куәландырғаны үшін - 700 процент;

21) төлемегенде, акцептсіздікте және акцепті мерзімдей алмағанда вексель наразылығын білдіргенде және чекті төлемегенде куәландырғаны үшін - 50 процент;

22) құжаттарды сақтағаны үшін - әр айда 10 процент;

23) кепілгерлік пен кепілдік келісім-шарттарын куәландырғаны үшін - 50 процент;

24) осы баптың 1)-23)-тармақшаларында белгіленгеннен басқа өзге де нотариалды әрекеттерді жасағаны үшін - 20 процент.

496-бап. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін мемлекеттік баж ставкалары

1. Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзету мен қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайталап бергені үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады.

1) некеге тұруды мемлекеттік тіркегені үшін - 30 процент;

2) некені бұзуды мемлекеттік тіркегені үшін:

кәмелетке толған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша - 200 процент;

сот шешімі негізінде - 150 процент (ерлі-зайыптылардың біреуінен немесе екеуінен);

белгіленген тәртіпте хабар-ошарсыз кетті деп немесе жан күйзелісі ауруы немесе ақылы кемдік салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардан, не бас бостандығынан айыруға үш жылдан астам мерзімге сотталған адамдардан сот шешімі негізінде - 10 процент;

3) тегін, атын немесе әкесінің атын, ұлтын өзгерткенін тіркегені үшін - 100 процент;

әрбір осы негізде жұбайына, балаларына берген құжат үшін - 10 процент;

4) тууы, некелесуі, некені бұзуы, қайтыс болғаны туралы актілер жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзету мен қалпына келтіруге байланысты куәліктерді бергені үшін - 10 процент;

5) туғанын, әкелікті анықтағанын, Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алғанын тіркегені үшін - 10 процент;

6) азаматтық хал актілерін тіркегені туралы куәліктер және азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мұрағат анықтамаларды қайталап бергені үшін - 100 процент;

7) шетел азаматтарының бала асырап алғанын тіркегені үшін - 200 процент.

497-бап. Шетелге баруды, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, Қазақстан Республикасының

**азаматтығын қалпына келтіруді немесе
Қазақстан Республикасының азаматтығын
тоқтатуды ресімдеу кезіндегі мемлекеттік баж
ставкалары**

1. Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруге немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге байланысты іс-қимылдарды жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға мыналарға құқық беретін рұқсаттаманы бергені және ұзартқаны үшін:

Қазақстан Республикасынан кетуге - 50 процент;

Қазақстан Республикасынан келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге - 100 процент;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттарында шекараны көп мәрте кесіп өтуге рұқсаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекараны көп мәрте кесіп өту құқығына рұқсатнама бергені үшін - 200 процент;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге құқық беретін құжаттарына өзгерістер енгізгені үшін - 100 процент;

4) Қазақстан Республикасы азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шетелден шақыру туралы құжаттарды бергені үшін - әрбір шақырылған адам үшін - 50 процент;

5) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін - 100 процент;

6) Қазақстан Республикасына шақыру туралы жоғалған не бүлінген құжаттардың орнына бергені үшін - осы баптың 1), 2), 4) тармақшаларында көрсетілген мөлшерлерде .

**498-бап. Басқа да іс-қимылдарды жасағаны үшін
мемлекеттік баж ставкалары**

1. Басқа да іс-қимылдарды жасағаны үшін мемлекеттік баж мынадай мөлшерлерде алынады:

1) тұратын жерін тіркегені үшін - 10 процент;

2) аң аулау құқығына рұқсат бергені үшін - 10 процент;

3) мыналарды бергені үшін:

Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты - 400 процент;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі - 20 процент;

4) мыналарды бергені үшін:

қару-жарақты және оған оқтарды әкелуге рұқсат - 200 процент;

қару-жарақты және оған оқтарды әкетуге рұқсат - 200 процент;

қару-жарақты және оған оқтарды сатып алуға рұқсат - 50

п р о ц е н т ;

қару-жарақты және оған оқтарды сақтауға рұқсат - 50 процент;

қару-жарақты және оған оқтарды сақтауға және алып жүруге

р ұ қ с а т - 1 0 0 п р о ц е н т ;

қару-жарақты және оған оқтарды тасымалдауға рұқсат - 200

п р о ц е н т ;

қару-жарақты және оған оқтарды қайта тіркеуге рұқсат - 100 процент;

қару-жарақты және оған оқтарды комиссиялық сатуға рұқсат - 100 процент;

5) азаматтық қаруды (аңшылық суық қару, пневматикалық және аэрозолдық газды құрылғыларды қоспағанда) тіркегені және қайта тіркегені үшін - 10 процент;

6) жеке басты куәландыратын құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін - 10 процент;

7) механикалық көлік құралдары мен тіркемелерімен сауда-саттық, айырбас, сыйлық жасауға мәмілелер жасағаны үшін:

механикалық көлік құралдары үшін - көлік құралдарына салынатын салықтың м ө л ш е р і н д е ;

750 килограмға дейінгі жүк көтергіш тіркемелер үшін, арнайы тіркемелер мен саяжай тіркемелері үшін - 100 процент;

басқа тіркемелер үшін - 500 процент.

2. Жеңілдіктер

499-бап. Соттарда мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі жеңілдіктер

1. Соттарда мемлекеттік баждар төлеуден мыналар босатылады:

1) талапкерлер - еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу және еңбек қызметіне байланысты басқа да талап-арыздар бойынша;

2) талапкерлер - авторлық құқық, сондай-ақ жаңалық ашу, өнертабысы, ұтымдылық ұсынысы және өнеркәсіптік үлгілерге құқықтардан туындайтын талаптар-арыздар б о й ы н ш а ;

3) талапкерлер - алименттерді өндіріп алу туралы талап-арыздар бойынша.

4) талапкерлер - мертігуге немесе денсаулығына зақым келтіруге байланысты зиянды өтеу, сондай-ақ асыраушының қайтыс болуы туралы талаптар-арыздар б о й ы н ш а ;

5) талапкерлер - қылмыспен келтірілген материалдық залалды өтеу туралы талаптар - а р ы з д а р б о й ы н ш а ;

6) жеке тұлғалар - некені бұзу туралы істер бойынша кассациялық шағымдар;

- 7) іске қатысы жоқ адамдардан басқа заңды және жеке тұлғалар - оларға қылмыстық істерге және алимент бойынша істерге байланысты құжаттар бергені үшін;
- 8) талапкерлер - мемлекетке Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұза отырып келтірілген залалды өтеудегі қаражатты мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап-арыздар бойынша;
- 9) жалпы орта білім беретін жүйенің кәсіптік мектептері мен кәсіптік лицейлері - оқу орындарын өз бетімен тастап кеткен немесе олардан шығарылған оқушыларды ұстауға мемлекетке келтірілген шығындарды өндіріп алу жөніндегі талап-арыздар бойынша;
- 10) жеке тұлғалар - қылмыспен келтірілген материалдық залалды өндіріп алудың дұрыстығын дауға салатын қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдар;
- 11) заңдарда көзделген жағдайларда басқа адамдардың немесе мемлекеттердің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауға сотқа өтінішпен жүгінген заңды және жеке тұлғалар;
- 12) талапкерлер - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, I және II топ мүгедектері - барлық істер мен құжаттар бойынша;
- 13) заңды және жеке тұлғалар - сотқа мынадай арыздарды бергені үшін: іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы немесе соттың арызды қалдырып, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату немесе арызды қараусыз қалдыруы туралы сот ұйғарымының күшін жою туралы; шешімнің орындалуын кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы; шешімді орындаудың әдісі мен тәртібін өзгерту туралы; талап-арыздарды қамтамасыз ету немесе бір қамтамасыз етудің бір түрін басқаларымен ауыстыру туралы; жаңадан ашылған жағдаяттар бойынша соттың шешімдерін, ұйғарымдарын немесе қаулыларын қайта қарау туралы; сот ұйғарымдарымен салынған айыппұлдарды қосу немесе азайту туралы; жіберіп алынған мерзімдерді қалпына келтіру туралы сот шешімін орындаудағы бетбұрыс туралы; сондай-ақ мыналарға шағымдар; сот орындаушыларының іс-қимылдарына; айыппұлдарды қосудан немесе азайтудан бас тарту туралы соттардың ұйғарымдарына жеке шағымдар; сот ұйғарымдарына басқа да жеке шағымдар; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдар;
- 14) прокуратура органдары - барлық талап-арыздар бойынша;
- 15) мемлекеттік мекемелер - үшінші адамдардың мүдделерін қорғайтын жағдайларды қоспағанда, өздерінің құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша талаптар қойған кезде;

16) мүгедектердің қоғамдық ұйымдары, қайырымдылық ұйымдар, Қазақстан Республикасының Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Қоғамы - өздерінің құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша талап-арыздар берген кезде;

17) сақтандырушылар мен сақтанушылар - міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын талап-арыздар бойынша;

18) талапкерлер мен жауапкерлер - азаматқа заңсыз сотталу, жолын кесу шарасы ретінде қамауға алуға заңсыз тарту не тұтқынға алу немесе түзеу жұмыстары түрінде әкімшілік өндіріп алуды заңсыз салу арқылы келтірілген залалды өтеуге байланысты даулар бойынша;

19) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері - өздерінің құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша талап-арыздарды берген кезде.

500-бап. Нотариалдық іс-қимылдар жасаған кездегі мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі жеңілдіктер

1. Нотариалдық іс-қимылдар жасаған кездегі мемлекеттік бажды төлеуден мыналар босатылады:

1) жеке тұлғалар - өздерінің өсиеттерін, мемлекет пайдасына мүлікті сыйлау шарттарын куәландырғаны үшін;

2) салық және қаржы органдары - оларға мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәліктерді (куәліктер түпнұсқаларының көшірмелерін) бергені үшін, сондай-ақ осы куәліктерді (куәліктер түпнұсқаларының көшірмелерін) алу үшін қажетті барлық құжаттар үшін;

3) жеке тұлғалар - оларға мұраға қалдыру құқығын беретін куәліктерді бергені үшін:

өзге де мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты не адам өмірін құтқарып қалу, мемлекет меншігін және құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі Қазақстан Республикасы азаматының борышын орындауға байланысты Қазақстан Республикасын қорғау кезінде қаза тапқан адамдардың мүліктері;

егер мұрагер мұра қалдырушымен мұра қалдырушы қайтыс болған күні кемінде үш жыл тұрса және ол қайтыс болған кейін де осы үйде (пәтерде) тұруын жалғастырып жатса, тұрғын үйі (пәтері) немесе тұрғын үй-құрылыс кооперативіндегі пайы;

жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сомалары, мемлекеттік заемдар облигациялары, еңбекке ақы төлеу, авторлық құқық сомалары, авторлық қаламақы мен жаңалықтары, өнертабыстары мен өнеркәсіптік үлгілері үшін сыйақы сомалары;

ақталған азаматтардың мүліктері;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, I және II топ мүгедектері - барлық нотариалдық іс-қимылдар бойынша;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, оның филиалдары мен өкілдіктері, өздерінің құзыреттеріне кіретін мәселелер бойынша нотариалдық іс-қимылдар

жасағаны үшін өтініш жасау кезінде;

6) барлық нотариалдық іс-қимылдар бойынша "Батыр Ана" атағы берілген және "Алтын алқамен" және "Күміс алқамен" марапатталған көп балалы аналар;

7) өздерінің мүліктерге мұрагерлігі туралы куәліктерді алғаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен қамқоршылық тағайындалған созылмалы жан күйзелісі ауруынан азап шегетін жеке адамдар.

501-бап. Азаматтық хал актілерін тіркеу кезіндегі мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі жеңілдіктер

Азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде мемлекеттік баж төлеуден мыналар б о с а т ы л а д ы :

1) тууы туралы куәліктерді тіркегені және қайталап бергені үшін Ұлы Отан соғысына қатысушылар, барлық топтардағы мүгедектер, қамқоршылар (қорғаншылар), мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар;

2) азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жіберілген қателерге байланысты тууы, қайтыс болуы туралы, әкелікті анықтау, ұл бала асырап алу (қыз бала асырап алу) туралы актілер жазбаларын өзгерткен, толықтырған және түзеген кезде өздеріне куәліктер бергені үшін жеке адамдар;

3) ақталған туыстарының қайтыс болуы туралы оларға бұрын берілген куәліктерді қайталап немесе алмастырып бергені үшін жеке адамдар;

4) бала асырап алу мен әкелікті анықтауға байланысты актілер жазбаларына өзгерістер, толықтырулар енгізу үшін жеке тұлғалар.

502-бап. Қазақстан Республикасының аумағын тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың азаматтығын қалпына келтіру кезіндегі мемлекеттік баж төлеу жөніндегі жеңілдіктер

Жаппай қуғын-сүргін, зорлап ұжымдастыру кезеңінде, өзге де адамгершілікке жат саяси акциялар нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағын тастап кетуге мәжбүр болған адамдар немесе олардың ұрпақтары Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы олар тілек білдірген жағдайда азаматтығын қалпына келтіру кезінде - мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Аталған жеңілдіктер бір рет беріледі.

503-бап. Қазақстан Республикасының кету туралы істері бойынша мемлекеттік баж төлеу жөніндегі жеңілдіктер

Қазақстан Республикасынан кету туралы істері бойынша мемлекеттік баж төлеу жөніндегі жеңілдіктерден мыналар босатылады:

1) Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және Еңбек Даңқы орденінің үш дәрежесімен, "Алтын Қыран", "Халық Қаһарманы", "Отан" ордендерімен марапатталған адамдар, Ұлы Отан соғысына

қатысушылар мен мүгедектер және оларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала шағынан мүгедектер, I және II топ мүгедектері, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтар;

2) оларға дипломаттық төлқұжаттар бергені үшін жеке адамдар;

3) оларға шетелге кетуге құжаттар бергені үшін тараптар ретінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің соттарына шақырылған жеке адамдар, азаматтық және қылмыстық істер бойынша куәлар мен сарапшылар.

504-бап. Өзге іс-қимылдарды жасаған кездегі жеңілдіктер

1. Тұратын жеріне тіркегені үшін мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады:

1) қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерге тұратын қарттар мен мүгедектер;

2) толық мемлекеттік қамсыздандырылудағы және мемлекеттік жатақханаларда тұратын мектеп-интернаттар мен кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлердің оқушылары.

2. Мемлекеттік баж төлеуден аң аулау құқығына рұқсат бергені үшін: аң танушылар, қорықшылар мен штаттағы аңшылар - оларға аң аулау құқығына рұқсаттарды бергені үшін босатылады.

3. Мемлекеттік баж мыналардан алынбайды:

1) механикалық көлік құралдары мен тіркеулерді иеліктен алу жөніндегі мәмілелерді жүзеге асырған кезде жақын туыстардың арасында (ата-аналарына, балаларына, бала асырап алушыларға, асырап алынғандарға, толық қандас және толық қандас емес аға-інілеріне және апа-сіңлілеріне, қарындастарына, аталарына, әжелеріне, немерелеріне);

2) Қазақстан Республикасында жасалған механикалық көлік құралдары мен тіркемелерін иеліктен алу жөніндегі мәмілелерді жүзеге асырған кезде.

3. Мемлекеттік бажды төлеудің және қайтарудың тәртібі

505-бап. Мемлекеттік бажды төлеудің тәртібі

1. Мемлекеттік баж қолма-қол ақшамен, банк мекемелері арқылы аудару жолымен, сондай-ақ нотариалдық маркаларды сатып алу жолымен төленеді.

Мемлекеттік бажды төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

2. Мемлекеттік баж:

1) сот қарайтын істер бойынша тиісті арыздар (шағымдар) немесе кассациялық шағымдар бергенге дейін, сондай-ақ сот құжаттардың көшірмелерін берген кезде;

2) нотариалдық іс-қимылдарды орындағаны үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін, түпнұсқа көшірмелерін бергені үшін уәкілетті органдардан нотариалдық маркаларды сатып алған кезде;

3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, тиісті арыздар берген кезде азаматтық

хал актілерінің жазбасына түзетулер мен өзгерістер енгізгені үшін, сондай-ақ куәліктер мен анықтамаларды қайталап бергені үшін оларды берген кезде;

4) кәмелетке толған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені бұзуды мемлекеттік тіркегені үшін актілерді тіркеген кезде;

5) азаматтардың тұратын жерін тіркегені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлқұжаттары мен жеке куәліктерін бергені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін;

7) аң аулау құқығын рұқсат бергені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін;

8) қару-жарақты және оған оқтарды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдауға, әкелуге және Қазақстан Республикасынан алып кетуге рұқсаттар бергені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін ;

9) азаматтық қаруды (аңшылық суық қару, пневматикалық және аэрозолдық газды құрылғыларды қоспағанда) тіркегені және қайта тіркегені үшін тиісті құжаттарды бергенге дейін ;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кетуге және Қазақстан Республикасына келуге байланысты істер бойынша тиісті құжаттарды алғанға дейін.

506-бап. Мемлекеттік бажды қайтару тәртібі

1. Төленген мемлекеттік баж ішінара немесе толық мынадай жағдайларда қайтарылуға тиіс :

1) осы Кодекс бойынша талап етілгеннен гөрі бажды көбірек мөлшерде енгізу;

2) арыздарды (шағымдарды) қайтару немесе оны қабылдаудан бас тарту, сондай-ақ нотариустардың және осыған уәкілетті адамдардың нотариалдық іс-қимылдарды жасаудан бас тартуы ;

3) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату немесе, егер іс соттың қарауына жатпаса, сондай-ақ талапкер осы істер санаты үшін белгіленген дауды алдын ала шешудің тәртібін не талап әрекет етуге қабілетсіз адамға қойылған жағдайда талапты қараусыз қалдыру ;

4) мемлекеттік бажды төлеген адамдардың заңдық маңызы бар іс-әрекеттерді жасаудан немесе осы заңдық маңызы бар іс-әрекетті жасаған органға өтініш жасағанға дейін құжатты алудан бас тартуы ;

5) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілерімен белгіленген өзге де жағдайларда .

2. Қайтарылу, осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайда осы Кодекстің 43-бабында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

4. Консулдық алым

507-бап. Жалпы ережелер

Консулдық алым - Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері және консулдық мекемелерінің заңды тұлғалары және Қазақстан Республикасының азаматтарынан, сондай-ақ шетел заңды тұлғаларынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан консулдық іс-қимылдарды жасағаны және заңдық маңызы бар құжаттарды бергені үшін алатын мемлекеттік баждың түрі.

508-бап. Консулдық алым төлеушілер

Консулдық алым төлеушілер - олардың мүдделеріне заңдық маңызы бар консулдық іс-қимылдар жасалып, құжаттар берілетін заңды тұлғалар мен Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел заңды тұлғалары, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар.

509-бап. Консулдық алым ставкалары

1. Консулдық алымның ең төмен және ең жоғары базалық мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі консулдық алымдардың базалық ставкалары шегінде нақты ставка көлемін белгілеуге құқылы.

510-бап. Консулдық іс-қимылдар жасағаны үшін алынатын алымдар

1. Консулдық алым мынадай консулдық іс-қимылдарды жасағаны үшін алынады:

1) қызметтік төлқұжаттар мен Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын ресімдегені және визаларды беру;

2) шетелде болу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарының өтініштерін ресімдеу;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық мәселелері бойынша құжаттарды ресімдеу;

4) құжаттарды талап ету;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу;

6) құжаттарды заңдастыру;

7) нотариалдық іс-қимылдар жасау;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жағдайларда.

511-бап. Жеке жағдайларда консулдық алымдарды төлеуден босату

Консулдық алым:

1) осы бөлімнің 500-504 баптарында көзделген жағдайларда;

2) Қазақстан Республикасымен консулдық алымдар алудан өзара бас тарту туралы келісімдері бар елдердің жеке және заңды тұлғаларынан;

3) Қазақстан Республикасы құқықтық көмек, отбасылық, азаматтық және қылмыстық істер бойынша құжаттар туралы, алименттер туралы, мемлекеттік жәрдемақылар мен зейнетақылар, бала асырап алу туралы шарттар жасасқан елдердің өкімет орындары мен жекелеген азаматтардың сұрау салуы бойынша сұратып

алдырғаны

үшін;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жағдайларда.

512-бап. Алымдарды төлеу тәртібі және мерзімдері

1. Консулдық алым консулдық іс-қимылдар жасағанға дейін төленеді.

2. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері консулдық алымдарды төлеуден кейін консулдық іс-қимылдар жасайды.

3. Консулдық алымдарды төлеу теңгемен немесе консулдық іс-қимылдар жасалатын елдің валютасымен жүргізіліп, оның айырбасталу, не кез келген еркін айырбасталатын валютамен айырбасталу шарттары кезінде төленеді.

4. АҚШ долларымен белгіленген ставкада Қазақстан Республикасының аумағында консулдық алымдар төлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алымды төлеу кезінде белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен жүргізіледі.

5. Консулдық алым мыналарға төленеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағында:

банк мекемелері арқылы аудару жолымен консулдық іс-қимылдарды жүзеге асыратын жеріне орай бюджетке - ұлттық валютамен алым төлеген кезде;

нысандарын мемлекеттік уәкілетті органдар белгілейтін қатаң есептелінетін бланктер негізінде қолма-қол - алымды шетел валютасымен төлеген кезде;

2) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде - шаруашылық пайдалану құқығынсыз уәкілетті мемлекеттік органның арнайы (транзиттік) банк шотына.

6. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде уәкілетті органның арнаулы банк шотына енгізілген консулдық алымдарды бюджетке аудару тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

90-ТАРАУ. КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕР

513-бап. Жалпы ережелер

1. Кедендік істі жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кедендік төлемдер алады.

2. Кедендік төлемдер бойынша есептеулердің, төлемдердің, қайтарулардың, сондай-ақ жеңілдіктердің тәртібін Қазақстан Республикасының кеден органдары белгілейді.

3. Кедендік төлемдердің ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

514-бап. Кедендік төлемдердің түрлері

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өткен кезде, және басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кедендік төлемдердің мынадай түрлері:

1) кедендік баж;

2) кедендік ресімдегені үшін кеден алымы;

3) тауарларды сақтағаны үшін кеден алымы;

- 4) кедендік сүйемелдеу үшін кеден алымы;
- 5) Қазақстан Республикасы кеден органдарының лицензия бергені үшін алым;
- 6) кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алым;
- 7) алдын ала шешім үшін төлем төленеді.

III. САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ

16-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

91-ТАРАУ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

515-бап. Салықтық бақылау

1. Салықтық бақылау - салық заңдарының орындалуы, зейнетақы жарналарын аударудың толықтығы мен уақтылығы үшін салық қызметі органдарының бақылауы.

2. Салық бақылауы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 2) салық салу объектілері мен салық салумен байланысты объектілерді есепке алу;
- 3) бюджетке түсімдерді есепке алу;
- 4) қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу;
- 5) салық тексерістерін;
- 6) камералдық бақылауды;
- 7) салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық мониторингін;
- 8) қазыналық жадуалы бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану ережесі;
- 9) акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін таңбалау және акциздік постарды белгілеу;
- 10) мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке қою, бағалау және сату тәртібін сақтау.

3. Кеден органдары осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлардың орын ауыстыруымен байланысты төленуге тиіс салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді өндіріп алу бойынша өз құзыреті шегіндегі салық бақылауын жүзеге асырады.

516-бап. Салық құпиясы

1. Салық құпиясын мынадай деректерден басқа салық төлеуші және оның қаржы-шаруашылық қызметі туралы салық қызметі органдары алған кез-келген мәліметтер құрайды:

- 1) салық төлеушінің тіркеу нөмірі туралы;
- 2) салық жылында бюджетке салық төлеуші (салық агенті) төлеген салық және басқа да міндетті төлемдер сомалары туралы;
- 3) салық тәртіп бұзушылықтарының фактілері және аталған тәртіп бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы;
- 4) салық төлеушілерге қолданылатын мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары туралы;
- 5) салықтық құқық бұзушылықтары мен қылмыстарды жасайтын тұлғаларды заң

бойынша қуғындау мақсатында құқық қорғау органдарына; салық төлеушінің салық міндеттемелерін айқындау туралы істерді және салықтық құқық бұзушылықтары мен қылмыстары үшін жауапкершілікті қарау барысында соттарға;

6) Қазақстан Республикасы тараптың бірі болып табылатын салық немесе құқық қорғау органдарының арасында өзара ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға (келісім-шарттарға), халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасы жасаған шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың салық және құқық қорғау органдарына ұсынылатын.

2. Салық төлеушіге қатысты ақпарат салық төлеушінің жазбаша рұқсат етуімен басқа тұлғаға берілуі мүмкін.

3. Салық құпиясы осы Кодексте көзделген жағдайлардан басқа салық қызметі органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының жариялауына жатпайды.

4. Салық қызметі органдарының лауазымды тұлғалары салық қызметі органдарындағы қызмет кезеңінде, сондай-ақ өзінің жұмыстан босатылуы кезінде салық құпиясын құрайтын деректерді жария етуге құқылы емес.

5. Салық құпиясын құрайтын деректері бар құжаттарды жоғалту немесе осындай деректерді жариялау заң актілерімен көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

517-бап. Бюджетке түсімдерді есепке алу

1. Бюджетке түсімдерді есепке алуды есептелген және түскен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары, сондай-ақ өсімдер мен айыппұлдар бойынша салық міндеттемесін орындауды салық төлеушінің жеке шотында көрсету жолымен салық органдары жүзеге асырады.

2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін есепке қою белгіленген тәртіпте бекітілген бюджет жіктемесіне сәйкес жүргізіледі.

3. Жеке шоттарды жүргізу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

92-ТАРАУ. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІ ТІРКЕУ

518-бап. Осы тарауда қолданылатын терминдер мен айқындамалар

1. Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімі - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақытылы төленуі мен дұрыс есептелуін бақылау мақсатымен уәкілетті мемлекеттік орган жүргізетін салық төлеушілерді есепке алудың мәліметтер мемлекеттік базасының жүйесі.

2. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу - Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне салық төлеуші туралы деректерді енгізу.

3. Салық төлеушіні тіркеу нөмірі - Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне ол туралы деректерді енгізу және салық төлеуші ретінде оны мемлекеттік тіркеу кезінде салық төлеушіге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша берілетін бірыңғай нөмір.

4. Тіркеу есебіне қою - бұл салық төлеушіні салық органында есепке қою, оның

нәтижесінде салық төлеушінің орналасқан орны, салық салумен байланысты оған салық салу объектілері мен объектілердің тиістілігі тіркеледі, сондай-ақ салық төлеушінің есептік сипаттамасындағы ағымдағы өзгерістерді тіркеу.

5. Салық төлеушінің куәлігі - Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінде оны тіркеу кезінде салық төлеушіге берілетін және қатаң есеп беру бланкісі болып табылатын тіркеу нөмірін беру туралы құжат.

519-бап. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу

1. Қазақстан Республикасында салық төлеушілер ретінде мемлекеттік тіркелуге
м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде, Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер - орналасқан немесе қызметін жүзеге асыру орны бойынша;

2) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылатын резидент жеке тұлғалар - тұрғылықты жері бойынша;

3) тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасындағы келу орны бойынша;

4) Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленетін резидент еместер - салық салу объектілер тіркеу орны бойынша және (немесе) орналасқан орны бойынша ;

2. Салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

3. Мемлекеттік тізілімді қалыптастыру және жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

520-бап. Салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеуден өту мерзімі

1. Заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасының әділет органдарында оларды мемлекеттік (есептік) тіркеу күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуден өту үшін салық органына жүгінуге міндетті.

2. Жеке тұлғалар осы Кодекспен көзделген салық міндеттемелерінің туындауы сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуден өту үшін салық органына жүгінуге міндетті.

521-бап. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі

1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру тіркеу нөмірін беру туралы өтінішті салық органына салық төлеуші бергеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде салық төлеушінің куәлігін оған берумен 2 жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады .

2. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі салық төлеуші ұсынатын салықтық есеп беру құжаттарында көрсетілуге тиіс.

3. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін салық органы осы Кодекспен көзделген оның салықтық міндеттемелеріне қатысты жіберілген салық төлеушінің барлық

құжаттарында

көрсетуге

тиіс.

4. Салық төлеушіге тіркелген нөмірін берудің, өзгертудің және оны жарамсыз деп танудың тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

522-бап. Салық төлеушілерді есепке алып тіркеу

1. Салық төлеушілерді есепке алып тіркеу салық органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімін салық төлеуші өткеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

2. Салық төлеуші салық органдарында тіркеу есебінде тұруға міндетті:

1) заңды тұлға, оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің және/немесе орналасқан орны бойынша;

қызметті жүзеге асыру және/немесе орны бойынша; салық салу объектілерінің орналасқан және/немесе орналасқан орны бойынша;

2) жеке тұлғалар үшін: тұрғылықты жері бойынша; салық салу объектілерінің орналасқан және/немесе орналасқан орны бойынша; кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру орны бойынша.

3. Заңды және жеке тұлғалар жылжымайтын мүлікке, жерге, көлік құралдарына құқықты мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органына тіркеу есебіне қою туралы өтінішті беруге міндетті. Осы баптың мақсаты үшін салық салу объектісінің орналасқан орны болып мыналар танылады:

1) жылжымайтын мүлік (жер) үшін - олардың нақты орналасқан орны;
2) көлік құралдары үшін - көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу орны, ал осындай жоқ болған жағдайда - мүлік иесінің орналасқан (тұрғылықты) орны.

4. Заңды тұлға құрмай өз қызметін жүзеге асыратын және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі бар жеке тұлға тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебіне қоюға жатады.

5. Құрылымдық бөлімшені тіркеу есебіне қою кезінде есепке қою туралы өтініште осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлға салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

6. Тіркеу есебіне қою туралы салық төлеушінің өтінішінде мынадай көзделген нысандардың біреуі салық органына беріледі:

1) баспа белгілерімен толтырылған өтініштің бланкісі;

2) электрондық нысанда басылған;

3) электрондық қол қойылып куәландырылған электрондық файл түрінде;

7. Салық органы есепке қою туралы растаулы оған берумен тіркеу есебіне қою туралы салық төлеушінің өтінішін беру сәтінен 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

8. Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер - жеке тұлға көрсеткен тіркеу мәліметтері

өзгерген жағдайда тіркеу есебіне қою туралы өтініште салық төлеуші осындай мәліметтерді өзгеру сәтінен 10 жұмыс күні ішінде салық органына осы туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

9. Занды тұлға немесе жеке тұлға - жеке кәсіпкер орналасқан орнын немесе қызметін жүзеге асыру орнын өзгерткен жағдайда салық төлеуші 10 жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру орны немесе орналасқан орнын өзгерту туралы тіркеу есебінде тұрған салық органын хабарландыруы және салық төлеушінің бұрынғы тіркеу нөмірін сақтаумен қызметін жүзеге асыру орны немесе жаңа орналасқан орны бойынша тіркеу е с е б і н е т ұ р у ғ а т и і с .

10. Салық төлеушіні мемлекеттік тіркеу және тіркеу есебінің тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

523-бап. Салық төлеушілерді мемлекеттік тізілімінен шығару

1. Салық төлеушіні Мемлекеттік тізілімінен шығарып тастау осы Кодекстің 61, 62-баптарына сәйкес салық міндеттемелерін тоқтатумен жүзеге асырылады.

2. Салық төлеушіні Мемлекеттік тізілімінен шартты шығарып тастау заң актілерімен белгіленген және салық берешегі жоқ заңды тұлға мен жеке кәсіпкердің әрекетсіз белгісіне салық төлеушінің сәйкестігі жағдайында, сондай-ақ тіркеу нөмірін сақтаумен іздестіру жоқтығының фактісін растаған, салық полициясы органдарында құжаттар болған кезде жүргізіледі.

524-бап. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асырушы банктер немесе ұйымдардың міндеттері

1. Банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асырушы банктер немесе ұйымдар тұлғаларға, оның ішінде салық органы берген шотты ашу үшін хабарламаны олар ұсынғанда ғана резидент еместер шоттарын ашады.

2. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер немесе ұ й ы м д а р м ы н а л а р ғ а м і н д е т т і :

1) банк шотын ашу кезінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін ескеру, 3 жұмыс күні ішінде аталған шоттарды салық төлеушіге ашу туралы салық органын хабарландыру;

2) вексельден басқа төлем құжаттарында салық төлеушінің тіркеу нөмірін қоймастан шоты бойынша операцияларды жүргізбеу;

3) төлем құжаттарын өңдеу кезінде тіркеу нөмірінің құрылымына сәйкес салық төлеушінің тіркеу нөмірін көрсетудің дұрыстығын бақылау;

4) бірінші кезектегі тәртіпте олардың банк шотынан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері төлеуге салық төлеушілердің төлем тапсырыстарын орындауға. Осындай тәртіпте белгіленген мерзімде енгізілмеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын, өсімдер мен айыппұлдарды өндіріп алуға салық органдарының инкассалық өкімдерін орындауға;

5) салық төлеушінің банк шотынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар

жасау күніндегі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларын банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын банкке немесе басқа ұйымға е н г і з у г е (а у д а р у ғ а) ;

б) осы шоттардағы ақша барлығына тексерілетін салық төлеушінің банк шоттары бойынша жасалынатын (немесе ағымдағы) операцияларды тексеруге салық органдары қ ы з м е т к е р л е р і н ж і б е р у г е ;

7) осы Кодексте көзделген жағдайларда салық органының шешімі бойынша салық төлеушілердің банк шоттарындағы барлық шығыс операцияларын тоқтатуға және салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді сөзсіз аударуға қатысты бірінші кезектегі нұсқаманы орындауға.

525-бап. Резидент емес болып табылатын заңды және жеке тұлғаларды салық органдарында тіркеу

ерекшеліктері

1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірін берумен салық төлеушілер ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіркеу мыналарға жатады:

1) тұрақты мекеме құрумен Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар - тұрақты мекеменің орналасқан жері б о й ы н ш а ;

2) тұрақты мекеме құрмай Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар - тұрақты мекеменің орналасқан жері б о й ы н ш а ;

3) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар - келу орны бойынша.

2. Қазақстан Республикасындағы резидент еместің қызметін жүзеге асырудың басталу күні деп мынадай күндердің бірі танылады:

1) келісім-шартты (шартты, келісімді) жасау күні:

Қазақстан Республикасындағы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындауға;
Қазақстан Республикасындағы оның атынан іс-әрекет жасауға өкілеттік беруге;

сату мақсатында Қазақстан Республикасында тауарларды сатып алуға;

Қазақстан Республикасындағы (жай серіктестікке қатысуға) бірлескен қызметті жү з е г е а с ы р у ғ а ;

Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыру мақсатында жұмысты (қ ы з м е т к ө р с е т у д і) с а т ы п а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық сипатындағы жеке еңбек келісім-шартын немесе өзге де шартты жасау күні;

3) офисті ашуды көрсететін шартты жасау күні (сатып алу-сату шарты, мүлкті жалға а л у т у р а л ы ш а р т) .

Осы тармақтың бірнеше шарттары бар жағдайында Қазақстан Республикасындағы қызметті жүзеге асыру күні деп аталған келісім-шарттардың (шарттардың,

келісімдердің) біреуінің жасалу күні танылады.

3. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы резидент емес заңды тұлға қызметін жүзеге асыру басталу күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде салық органында тіркеуден өтуге міндетті.

4. Тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды бастау немесе Қазақстан Республикасына келу күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде салық органында есепке тұруға міндетті.

Басқа резидент емес жеке тұлғалар Қазақстан Республикасында резиденттікті алу сәтінен салық органында есепке тұруға міндетті.

5. Осы Кодекстің 183-бабының 3-тармағындағы 5-тармақшаға сәйкес қызметі резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесі ретінде қаралатын, оның ішінде резидент емес заңды немесе жеке тұлға салық органына есепке қою мақсатында резидент емес заңды тұлғаның осындай қызметті нақты жүзеге асыру күні басталуынан 10 жұмыс күні ішінде аталған келісім жоқ болған жағдайда немесе тиісті келісімге (шартқа, келісім-шартқа) қол қою күнінен 10 жұмыс күні ішінде салық органына беруге міндетті.

6. Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістер алу мақсатымен Қазақстан Республикасына келетін, осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген резидент еместер қызметінің басталуы туралы өтінішті Қазақстан Республикасына келу күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде салық органына жіберуге міндетті.

526-бап. Тіркеу есебін жүргізу кезінде салық төлеушінің жауапкершілігі

Салық төлеуші заң актілеріне сәйкес салық төлеушінің мемлекеттік тіркеуден өту мерзімін бұзғаны үшін жауап береді; салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру мен тіркеу есебіне қою кезінде ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ салық есеп берулеріндегі және өзге де жағдайларда салық төлеушінің тіркеу нөмірін қоюдың дұрыстығы үшін жауап береді.

527-бап. Салық төлеушілерді тіркеуді жүзеге асыру кезінде уәкілетті органдардың өзара қарым-қатынасы

1. Уәкілеттік мемлекеттік орган салық төлеушілердің мемлекеттік тіркеуін жүргізеді. Тіркеу есебін жүзеге асыру кезінде салық органдары мынадай уәкілетті органдармен қарым-қатынастар жасайды:

1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратуды жүзеге асыратын ;

2) с т а т и с т и к а ;

3) салық салу объектілерін есепке алу және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын;

4) рұқсат және тіркеу сипатындағы лицензиялар, куәліктер немесе өзге де

құжаттарды

беретін;

5) Қазақстан Республикасындағы олардың тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғаларды тіркеуді жүргізетін;

6) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын;

7) нотариалдық істерді жасауды жүзеге асыратын;

8) қамқоршылық пен қамқорлыққа алуға.

2. Салық салу объектілерін есепке алу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

528-бап. Салық органдарының тіркеу есебін жүзеге асыру кезінде уәкілетті салық органдарының міндеттері

1. Осы Кодекстің 527-бабында айқындалған уәкілетті органдар уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіпке сәйкес тиісті деректерді енгізу сәтінен 10 жұмыс күні ішінде салық салу объектілері бар салық төлеушілер туралы деректерді өз орнының орналасқан жері бойынша салық органына табыс етуге міндетті.

2. Салық салу объектілерін, басқа да міндетті төлемдерді өндіріп алу объектілерін есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген мерзімдерде және нысандарда оларды есепке алу және (немесе) тіркеу орны бойынша салық төлеушілер, сондай-ақ салық салу объектілері, басқа да міндетті төлемдерді өндіріп алу туралы деректерді беруге міндетті.

3. Лицензия, куәлік немесе рұқсат ету және тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды беретін уәкілетті органдар оларды беру (кері қайтарып алынған немесе тоқтатылған) сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде лицензия, куәлік немесе рұқсат ету және тіркеу сипатындағы өзге де құжаттарды берілген (кері қайтарып алынған немесе тоқтатылған) салық төлеушілер туралы өзі орналасқан жер бойынша салық органдарына табыс етуге м і н д е т т і .

4. Шетелдік заңды тұлғалардың келуін (кетуін) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган, олардың келуін (кетуін) тіркегеннен кейін, келудің мақсатын, орнын және мерзімін көрсете отырып, келуші шетелдік жеке тұлғалар туралы мәліметтерді 10 жұмыс күні ішінде табыс етуге міндетті.

5. Бюджетке міндетті төлемдерді жинауды, салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілердің есебін жүзеге асырушы уәкілетті органдар салық есебінде, салық төлеушілердің тіркеу есебінде көрсетуі тиіс.

529-бап. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушілердің есебінің ерекшеліктері

1. Осы баппен көзделген қызметті жүзеге асыру кезінде салық төлеуші жүзеге асыруды бастауда салық органында тіркелуге міндетті:

1) бензинмен (авиациялықтан басқа), дизель отынымен көтерме және бөлшек сауда;

2) алкоголь өнімін өндіру және сату;

- 3) шыны ыдысты қабылдау;
4) лотереяларды ұйымдастыру, өткізу және сату;
5) ойын бизнесін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметтің түрін (лотереяны ұйымдастыру, өткізу және сатудан басқа) жүзеге асырушы салық төлеуші салық салу объектілерін және салық салумен байланысты объектілерді кәсіпкерлік қызметінде оларды пайдалану басталғанға дейін салық органында тіркеуге міндетті. Бұл орайда, салық салумен байланысты объектілер мен салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органында тіркеу жүргізіледі.

3. Лотереяны ұйымдастыру, өткізу және сату бойынша қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші оларды сату басталғанға дейінгі 10 күн үшін лотерея билеттерінің әрбір шығарылымын салық органында тіркеуге міндетті.

4. Қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырушы салық төлеушілерді есепке алу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

530-бап. Қосылған құн салығын төлеушілердің есебі

1. Қосылған құн салығы бойынша төлеушілерді есепке қоюға талап осы Кодекстің ерекше бөлігінде айқындалады.

2. Қосылған құн салығы бойынша есепке төлеушіні есепке қою тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

93-ТАРАУ. САЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕРІ

531-бап. Салық тексерістерінің түсінігі және түрлері

1. Салық тексерісі - салық төлеушінің салық заңдарын орындауына салық қызметі органдары жүзеге асыратын тексеріс.

2. Салық тексерістерін тек қана салық органдары, сондай-ақ осы Кодекспен белгіленген өкілеттік шектерінде салық полициясының органдары жүзеге асырады.

3. Салық тексерістері мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) құжаттық тексеріс;
- 2) рейдтік тексеріс;

4. Құжаттық тексерістер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кешенді тексеріс - салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық міндеттемелерін орындауды тексеру;

2) тақырыптық тексеріс - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жеке түрлері бойынша салық міндеттемелерін орындауды тексеру;

3) қарсы тексеріс - аталған тұлғалармен байланысты салық төлеушілердің жүргізген операцияларының салық есебінде дұрыс көрсету туралы қосымша ақпаратты алуда туындайтын қажеттілік салық органдарында салық тексерістерін жүргізу кезіндегі жағдайда үшінші тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеріс.

5. Рейдтік тексеріс заңдардың кейбір талаптарын олардың сақтауы мәселесі бойынша кейбір салық төлеушілерге қатысты салық қызметті органдары жүргізеді,

о н ы н

і ш і н д е :

- 1) салық органдарында тіркеу есебіне салық төлеушілерді қою;
- 2) қазыналық жадуалы бар бақылау-кассалық аппараттарын қолданудың дұрыстығы ;
- 3) лицензияның және өзге де рұқсат ету құжаттарының бар болуы;
- 4) акцизделетін өнімді өндіру, сақтау және сату ережесін сақтау;
- 5) хронометраждық зерттеулерді жүргізу.

532-бап. Салық тексерістерін жүргізудің жиілігі

1. Салық тексерістері мынадай жиілікпен жүргізіледі:

- 1) кешенді - жылына бір реттен кем емес;
- 2) тақырыптық - салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің бір және сондай түрі бойынша жарты жылдықта бір реттен кем емес;

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шектеулер мынадай жағдайларға т а р а л м а й д ы :

1) заңды тұлғаны қайта құру немесе таратумен және жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатумен байланысты жүзеге асырылатын құжатты тексерістерді жүргізу кезінде, сондай-ақ салық төлеушінің өтініші негізінде қосылған құн салығы бойынша есептен ш ы ғ а р у ж а ғ д а й ы н д а ;

2) жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт қызметінің мерзімі аяқталуымен байланысты жүзеге асырылатын құжатты тексерістерді жүргізу кезінде;

3) қарсы тексерістерді жүргізу кезінде;

4) қайтарып беруге қойылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығының мәніне салық төлеушінің өтініші негізінде жүргізілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың нормаларын қолдануды тақырыптық тексеріс жүргізу кезінде;

5) тексерісті жүргізетін, салық органының қызметіне бақылау тәртібінде жоғары тұрған салық органы жүргізетін тексерістер кезінде, сондай-ақ салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын қарайтын органның шешімі негізінде жүргізілетін қосымша тексерістер кезінде;

6) нақты салық төлеушіге қатысты және уәкілетті мемлекеттік органның басшысының бұйрығына сәйкес жүргізілетін кезектен тыс құжатты тексерістер, сондай-ақ қылмыстық-іс қозғау заңдарымен көзделген негіздер бойынша.

533-бап. Салық тексерістерін жүргізудің мерзімі

1. Берілетін нұсқамаларда көрсетілген, салық тексерістерін жүргізудің мерзімі осы баппен өзгеше көзделмесе нұсқаманы тапсыру сәтінен 30 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

2. Негізді себеп бар кезде салық органы салық тексерістерін 30 жұмыс күніне дейін ұзарта алады. Аталған мерзім негізді себептер бар кезде салық органы 30 күнге дейін ұ з а р т а а л а д ы .

3. Құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлғаға салық тексеруін жүргізу кезінде

салық тексерісін жүргізудің мерзімі әрбір құрылымдық бөлімшенің 30 жұмыс күніне
ұ л ғ а ю ы м ү м к і н .

4. Салық органы сол заңды тұлғаның өзін салық тексеруіне қарамастан заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін тексеруге құқылы.

5. Салық тексеруін жүргізу мерзімі құжаттарды салық тексерісін жүргізу кезінде салық төлеуші сұрайтын беру және құжаттарды беру туралы салық органының талаптарын, сондай-ақ салық органының сұрау салуы бойынша құжаттар мен деректерді алу сәтіне салық төлеушіге тапсыру сәттері арасындағы уақыт кезеңіне т о қ т а т ы л а д ы .

6. Осы баптың 2 және 3-тармақтарымен көзделген тексеріс мерзімдерін ұзарту туралы жоғары тұрған салық органының шешімі жоқ болған жағдайда, салық тексерісін өткізу мерзімінің аяқталуы жағдайында салық төлеуші аумаққа немесе үй-жайға тексерісті жүргізетін салық органының лауазымды тұлғаларын жібермеуге құқылы.

94-ТАРАУ. САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

534-бап. Салықтық тексерулерге қатысушылар

1. Ұйғарымда көрсетілген салық органының лауазымды тұлғасы және салық төлеуші салықтық тексерулерге қатысушылар болып табылады.

2. Салық полициясы органының лауазымды тұлғасы осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негізде салықтық тексерулерге қатысуға құқылы.

535-бап. Салықтық тексеріс жүргізу негіздемесі

1. Салықтық тексеріс жүргізу үшін мынадай деректемелері бар нұсқама:

- 1) нұсқаманың салық органына берілген күні мен тіркеу нөмірі;
- 2) нұсқаманы берген салық органының атауы;
- 3) салық төлеушінің толық атауы;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 5) т е к с е р і с т ү р і ;

6) тексеретін адамдардың лауазымы, тегі мен аты-жөні;

7) тексеріс жүргізілетін мерзімі негіздеме болып табылады.

2. Рейдтік тексеріс тағайындалған кезде нұсқамада аумақтың тексерілетін учаскесі, тексеру барысында анықталуға жататын мәселелер, сондай-ақ осы баптың 3, 4 және 6-тармақшаларын қоспағанда, 1-тармағында көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.

3. Нұсқамада тақырыптық, ыңғайласпа тексерулерді тағайындау кезінде тексерілетін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері к ө р с е т і л е д і .

4. Нұсқамаға қол қойылуы, салық органының елтаңбалы мөрімен куәландырылуы және мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сәйкес арнайы журналға т і р к е л у і т и і с .

5. Осы Кодекстің 533-бабында көзделгеніндей, тексеріс мерзімі ұзартылған жағдайда қосымша нұсқама ресімделіп, онда алдыңғы нұсқаманың нөмірі мен тіркелген нөмірі мен күні көрсетіледі.

536-бап. Салықтық тексерісті жүргізудің басталуы

1. Салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқама берілген сәт салықтық тексерісті жүргізудің басталуы болып есептеледі.

2. Салықтық тексерісті жүргізуші салық органының лауазымды адамдары салық төлеушінің (салық агентінің) лауазымды адамына қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті.

3. Салықтық тексерісті жүргізуші салық органының лауазымды адамы, рейдтік тексерісті қоспағанда, салық төлеушіге нұсқаманың түпнұсқасын табыс етеді. Нұсқаманың көшірмесіне салық төлеуші (салық агенті) нұсқамамен танысқаны және нұсқаманың оған табыс етілгені жөнінде белгі қояды.

4. Рейдтік тексеріс жүргізілгенде салық төлеушіге танысу үшін нұсқаманың түпнұсқасы көрсетіледі және оның табыс етілгені туралы нұсқамаға белгі қойылады.

5. Нұсқаманы алудан бас тарту салықтық тексеруді кейінге қалдыруға негіз болып табылмайды.

6. Салық тексерістерін жүзеге асыру кезеңінде тексерілетін салық кезеңінде салықтық есеп беруінде салық төлеушінің өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

537-бап. Салық органының салықтық тексеріс жүргізу үшін аумаққа және үй-жайға кіру еркіндігі

1. Салық төлеуші зерттеу үшін салық салумен байланысты және салық салу объектілерінің немесе кірістерді алу үшін пайдаланылатын аумаққа немесе үй-жайға салық тексерістерін жүргізетін салық органының лауазымды тұлғаларын жіберуге міндетті.

2. Салықтық тексеріс жүргізуші салық органының лауазымды адамдарының көрсетілген аумақтарға немесе үй-жайларға (тұрғын үйлерден басқа) кіруіне бөгет жасалған жағдайда хаттама жасалады.

3. Хаттамаға тексеріс жүргізуші салық органының лауазымды адамдары және салық төлеушілер (салық агенті) қол қояды. Көрсетілген хаттамаға қол қоюдан бас тартқан кезде салық төлеуші неге бас тартқаны туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті.

538-бап. Құжаттарды алып қою

1. Салық тексерулерінің нәтижелері үшін маңызы бар, оның ішінде электрондық тасығыштарда Құжаттардың түпнұсқаларын салық төлеушінің жоюы, жасыруы, түзетуі немесе ауыстыруы мүмкін екенін салық органдары ұйғарған негіздер бар жағдайларда салық органы көрсетілген құжаттарды алып қоюға құқылы.

2. Құжаттарды алып қою тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

539-бап. Салықтық тексеруді аяқтау

1. Салықтық тексерістің аяқталуы бойынша салық органының лауазымды адамы көрсетілген мынадай салықтық тексерістің:

- 1) салықтық тексерістің жүргізілген орыны, акті жасалған күні;
- 2) тексерістің түрі;
- 3) салықтық тексерісті жүргізген салық органының лауазымды адамдарының қызметі, тегі, аты, әкесінің аты;
- 4) салық төлеушінің (салық агентінің) тегі, аты, әкесінің аты, не толық атауы;
- 5) салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған орыны, банктік деректемелері, сондай-ақ оның тіркеу нөмірі;
- 6) салықтық және бухгалтерлік есептілік пен салық және бюджетке міндетті басқа да төлемдерді төлеуге тексеріс жүргізуге жауапты салық төлеушінің (салық агентінің) басшысы мен лауазымды адамдарының тегі, аты, әкесінің аты;
- 7) алдыңғы жүргізілген тексеріс пен бұрынырақ анықталған салық заңдарын бұзушылықтарды қалпына келтіру үшін қабылданған шаралар туралы мәліметтер;
- 8) тексерілетін салық кезеңі мен тексеріс жүргізу үшін салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен құжаттардың жалпы мәліметтері;
- 9) салық заңдарының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып егжей-тегжейлі жазылған салықтық бұзушылықтың сипаттамасы;
- 10) салықтық тексерістің нәтижелері көрсетілген актісін жасайды.

2. Салықтық тексерістің аяқталған күні болып салықтық тексерістің актісін тапсыру күні есептеледі.

3. Егер салықтық тексерулердің аяқталуы бойынша салық заңдарының бұзылуы анықталмаған жағдайда, салықтық тексеру актілеріне тиісті белгі қойылады.

4. Салықтық тексеріс актісіне қажетті құжаттардың көшірмелері салық органының адамдары жүргізген есеп айырысулар алынған құжаттар мен өзге де материалдар қоса тіркеледі.

5. Салықтық тексеріс актісі кем дегенде екі дана етіп жасалады және оған салықтық тексерісті жүргізген салық органының лауазымды адамдары қол қояды.

6. Салықтық тексерістің актісін және хабарламаларды тіркейтін арнайы журналға тіркелуі, журнал нөмірленуі, бау өткізілуі және салық органының мөрімен куәландырылуы тиіс.

7. Салықтық тексеріс актісінің бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылады. Салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеріс актісін алған кезде алғаны туралы белгі жасауға тиіс.

540-бап. Салықтық тексерістің нәтижелері бойынша шешім

1. Салықтық тексеріс актісінде көрсетілген нәтижелер негізінде салық тексерісін аяқтау бойынша салық органы осы Кодекстің 34-бабына сәйкес белгіленген мерзімде салық төлеушіге (салық агенті) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген сомалары, өсімдер мен айыппұлдар туралы хабарламаны

ш ы ғ а р а д ы .

2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімдер мен айыппұлдардың есептелген сомалары туралы хабарлама және салық тексерісінің актісін тіркеу осы баптың 5-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа бір нөмірмен салық органымен жүзеге асырылады.

3. Есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары туралы хабарламада мен өсімдерде мынадай деректемелер:

1) хабарламаны және салық тексерісінің актісін тіркеу күні мен нөмірі;

2) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы;

3) салық төлеушіні тіркеу нөмірі;

4) есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, салық санкциялары мен өсімдердің сомалары;

5) төлеу туралы талап және төлеу мерзімі;

6) тиісті салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімдер мен айыппұлдардың деректемелері;

7) шағым ету мерзімі және орны болуы керек.

4. Есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімдер мен айыппұлдардың сомалары туралы хабарламаны алған салық төлеуші хабарламада белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

5. Егер салық тексерісін аяқтау бойынша салық заңдарын бұзу белгіленбеген жағдайда салық тексерісінің нәтижелері бойынша хабарлама қойылмайды.

95-ТАРАУ. КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ

541-бап. Камералдық бақылау түсінігі

1. Камералдық бақылауды салық төлеушілер берген салық есебі және басқа да құжаттарды зерттеу және талдау негізінде салық органы жүзеге асырады.

2. Камералдық бақылау салық органының орналасқан жері бойынша тікелей жүргізіледі.

542-бап. Камералдық бақылау нәтижелері

Салықтық есеп беруінде бар мәліметтердің арасындағы қайшылық табылған, салықтық есеп беруінде салық органы қателіктер тапқан, сондай-ақ шағын бизнес субъектілері үшін көзделген шарттары асқан кезде салық төлеушіге жіберген қателіктерін өзі жоюы үшін осы Кодекстің 34-бабына сәйкес, сондай-ақ салық салудың жалпы белгіленген тәртібіне көшу туралы хабарлама жіберіледі.

96-ТАРАУ. МОНИТОРИНГ

543-бап. Салық төлеушілер мониторингінің ұғымы

1. Салық төлеушілер мониторингі салық төлеушінің нақты салық салынатын базасын анықтау және тауарлар, жұмыстар (қызмет көрсетулер) өзіндік құнын қалыптастырудың негізділігіне талдау жүргізу үшін қаржылық, валюталық заңдарды, қолданылатын нарықтық бағаларды сақтау мақсатында салық төлеушілердің қаржылық

шаруашылық қызметіне байқау және зерттеу жүйесін қолдану жолымен жүзеге асырылады.

2. Электронды мониторинг - электронды қол қоюмен расталған, электронды құжат нысанындағы ақпарат бере отырып, осы баптың 1-тармағында белгіленген мониторинг түрі.

3. Салық төлеушілердің мониторингі республикалық және аймақтық деңгейде жүзеге асырылады.

544-бап. Мониторингке жататын салық төлеушілер

1. Республикалық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізілімін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Аумақтық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізілімін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

3. Мониторингке жататын салық төлеушілерді уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен тәртіппен салық есебін тапсырады.

97-ТАРАУ. ҚАЗЫНАЛЫҚ ЗЕРДЕСІ БАР БАҚЫЛАУ-КАССАЛЫҚ МАШИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

545-бап. Қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану

1. Қазақстан Республикасының аумағында сауда операцияларын жүзеге асыру немесе қолма-қол ақша, банктік төлем карточкалары, чектер арқылы қызмет көрсеткен кезде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды міндетті түрде қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолданумен және тұтынушының қолына чек берумен жүргізіледі.

Осы тармақтың ережесі мынадай ақша есеп айырысуларына таралмайды:

1) бір жолғы талон немесе патент негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимі шегінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлерге (акцизделетін тауарларды сатушылардан басқа);

олардың жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу сәтінен 6 айдан аспағанда;

2) осы Кодекстің 399-405-баптарында белгіленген арнайы салық режимі шегінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша түбіртектерді, билеттерді, талондарды, почта төлемінің белгілерін немесе басқа да қатаң есеп чектеріне теңестірілген құжаттарды берумен халыққа қызмет көрсету бөлігінде.

2. Қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану мен пайдаланудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналары - өзінің құрамында ауысым сайын түзетілмейтін тіркеуді және ақпараттың энергияға тәуелсіз ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз ететін, қазыналық зерделі блогі бар, тауарлар сату мен қызмет

көрсету жағдайында тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды тіркеу үшін пайдаланылатын электронды құрылғы Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналары уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Мемлекеттік тізілімге енгізеді.

546-бап. Қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану жөніндегі талаптар

Қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану кезінде мынадай талаптар көрсетіледі:

- 1) қызмет басталғанға дейін қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын тіркеу қызметті жүзеге асыру орны бойынша салық органдарында жүргізіледі;
- 2) техникалық қызмет етуге қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолдану жүзеге асырылады;
- 3) қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарының чегін беру жүзеге асырылады;
- 4) қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарына ену қамтамасыз етіледі.

547-бап. Бақылау-кассалық машиналарының дұрыс пайдаланылуын сақтауға салықтық бақылау жасау

Салық органдары:

- 1) қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарын қолданудың және пайдаланудың тәртібін сақтауға бақылауды жүзеге асырады;
- 2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындау жөніндегі салық тексерістерін жүргізу кезіндегі қазыналық зердесі бар бақылау-кассалық машиналарының қазыналық блогындағы мәліметтерді пайдаланады;

98-ТАРАУ. АКЦИЗДЕЛЕТІН ТАУАРЛАРҒА, МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕНШІГІНЕ АЙНАЛДЫРЫЛҒАН МҮЛІКТІ ЕСЕПКЕ АЛУ, САҚТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ САТУ ТӘРТІБІН САҚТАУҒА БАҚЫЛАУ

548-бап. Акцизделетін тауарларға бақылау

1. Сырадан басқа осы Кодекстің 264-бабындағы 1-4-тармақшаларда белгіленген тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіпте және жағдайда акциздік алым маркаларымен және есептік-бақылау маркаларымен маркалауға жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген акциздік алым маркаларымен және есептік-бақылау маркаларымен маркалауға жауапты болып акцизделетін тауарларды дайындаушылар және импортерлер табылады.

3. Салық органы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін маркалаудың ережесін акцизделетін тауарларды дайындаушы сақтауына бақылау жасайды.

4. Салық төлеуші уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте акцизделетін

тауарларды өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағында акциз постарын белгілейді.

**549-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті
есепке алу, бағалау және сату тәртібін
сақтауға бақылау**

1. Салық органы мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін сақтауға, сондай-ақ оны сатудан бюджетке ақша түсімдерінің толықтығы мен уақтылығына бақылауды жүзеге асырады.

2. Мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**17-БӨЛІМ. САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРІС ПЕН САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ
ОРГАНДАРЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТ
(ӘРЕКЕТСІЗДІГІ) НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ**

**99-ТАРАУ. САЛЫҚТЫҚ ТЕКСЕРІС НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШАҒЫМ
ЖАСАУ ТӘРТІБІ**

**550-бап. Салық тексерістері бойынша салық
төлеушілердің шағымдарды қарайтын орган**

1. Осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын қарауды тік сызық бойынша жоғары тұрған салық органы жүргізеді.

2. Салық төлеуші салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаны сотта шағымдануға құқылы.

3. Салық тексерістерінің актісі бойынша хабарламаға салық төлеушілердің шағымдарын қарауға және заң актілерімен белгіленген жағдайлардан басқа олар бойынша басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың тұжырымдар беруіне тыйым салынады.

**551-бап. Жоғары тұрған салық органдарының шағымды
қарау тәртібі**

1. Салық төлеушінің салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаға шағымы хабарламаны салық төлеушіге тапсыру күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде жоғары тұрған салық органына беріледі.

2. Шағым көшірмесі салық тексерісін жүргізетін салық органына салық төлеуші жіберуі тиіс.

3. Нысаны мен (немесе) мазмұны осы Кодекстің талаптарына жауап бермейтін салық төлеушінің шағымдары қарауға жатпайды.

4. Белгіленген тәртіппен берілген салық төлеушінің шағымы салық органында міндетті түрде тіркелуге жатады. Салық органына түскен шағымдарды тіркеу олар келіп түскен күні жүргізіледі.

5. Жоғары тұрған салық органына шағым берген тұлға осы шағым бойынша шешім

қабылданғанға дейін жазбаша арыз негізінде оны қайтарып ала алады.

Шағымды қайтарып алу салық төлеушіні қайтадан шағым беру құқығынан айырады.

552-бап. Салық төлеуші шағымының нысаны және мазмұны

1. Салық төлеушінің шағымы жазбаша түрде беріледі.
2. Шағымда мыналар көрсетілуге тиіс:
 - 1) салық төлеуші шағымының берілген күні;
 - 2) шағым берілген жоғары тұрған салық органының атауы;
 - 3) шағым берген тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (толық атауы), оның тұрғылықты жері (орналасқан жері) мен банктік деректемелері;
 - 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
 - 5) салық тексерісін жүргізген салық органының атауы;
 - 6) шағым берушінің өз талаптарын негіздейтін мән-жайлар, және осы мән-жайларды растайтын дәлелдер;
 - 7) қоса берілетін құжаттардың тізбесі.
3. Шағымда дауды шешу үшін маңызы бар басқа да мәліметтер көрсетілуі мүмкін.
4. Шағымға өтініш беруші салық төлеуші қолын қояды.

5 . Ш а ғ ы м ғ а :

- 1) акт және хабарлама көшірмесі;
- 2) шағымданушы өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар;
- 3) іске қатысы бар өзге де құжаттар қоса тіркеледі.

553-бап. Салық төлеушінің шағымдарын қарау

1. Салық төлеушінің шағымы бойынша салық органында шағымды тіркеу сәтінен 15 жұмыс күнінен кем емес мерзімде уәждемелеу шешімі шығарылады.
2. Салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаға салық төлеушінің шағымын қарау нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органнан басқа жоғары тұрған салық органы мынадай шешімдердің бірін шығарады:
 - 1) салық тексерісінің актісі бойынша шағымдалған хабарламаны өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;
 - 2) салық тексерісінің актісі бойынша шағымдалған хабарламаны толық немесе бөлшегінде жою.

554-бап. Жоғары тұрған салық органы шешімінің мазмұны

- Шағымдардың қарау нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органнан басқа жоғары тұрған салық органының шешімінде мыналар көрсетілуі тиіс:
- 1) шешім қабылдаған уақыты мен орыны;
 - 2) салық төлеушінің шағымын қараған салық органның атауы;
 - 3) шағым берген салық төлеушінің, атауы;
 - 4) салық тексерісі бойынша шағымданған хабарламаның қысқаша мазмұны;
 - 5) ш а ғ ы м м ә н і ;

6) шағым бойынша шешімді шығару кезінде салық органы басшылыққа алған салық заңдарының ережелеріне сілтемемен негіздеме.

555-бап. Шағым берудің салдары

1. Уәкілетті мемлекеттік органнан басқа, жоғары тұрған салық органына салық төлеушінің шағым беруі салық тексерісінің актісі бойынша шағымданған хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады.

2. Салық тексерісінің актісі бойынша хабарламаны орындау осы Кодекстің 557-бабының 1-тармағында көрсетілген кезеңнің аяқталуы және жоғары тұрған салық органының жазбаша шешімін шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады.

556-бап. Уәкілетті мемлекеттік органда шешімді қайта қарау

1. Осы Кодексте көзделген ережелерге сәйкес шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімді қайта қарауды уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

2. Шағымды қарау бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде уәкілетті мемлекеттік органның қызметке араласуына тыйым салынады.

3. Осы Кодекспен белгіленген негізде және тәртіпте шығарылған уәкілетті салық органының шешімі салық қызметі органдары үшін міндетті.

557-бап. Уәкілетті мемлекеттік органда шағымдану тәртібі және мерзімі

1. Уәкілетті мемлекеттік органға шағым осы Кодекстің 553-бабындағы 1-тармақта көрсетілген мерзім аяқталу сәтінен немесе шағымды қарау нәтижелері не жоғары тұрған салық органының шешімі жоқ болған жағдай бойынша салық төлеушінің шешімді алу сәтінен 5 жұмыс күні ішінде беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімде дәлелді себеп бойынша бос жіберген жағдайда осы мерзім шағым беретін салық төлеушінің қамқорхаты бойынша уәкілетті мемлекеттік орган қалпына келтіруі мүмкін.

3. Уәкілетті мемлекеттік органға шағымды беру осы баптың ережелерін ескеріп осы Кодекстің 551-бабында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Шағым көшірмесі де салық төлеушінің шағымын қарайтын жоғары тұрған салық органына салық төлеуші жіберуі мүмкін.

558-бап. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымның нысаны және мазмұны

1. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағым нысаны мен мазмұны бойынша осы Кодекстің 552-бабында белгіленген талаптарға жауап беруі керек.

2. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымда салық төлеушінің шағымын қарайтын жоғары тұрған салық органы шешімінің көшірмесі қоса берілуі тиіс.

559-бап. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымға қарсылық білдіру

Шешімі шағым етілетін жоғары тұрған салық органы салық төлеуші шағымының көшірмесін алу сәтінен 5 жұмыс күні ішінде осы қарсы болуды растайтын құжаттардың қосымшасымен уәкілетті мемлекеттік органға шағымдануға жазбаша қарсы болуды ұсынуға міндетті.

560-бап. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағымды қарау тәртібі

1. Осы Кодексте белгіленген тәртіпте берілген уәкілетті мемлекеттік органға жіберілген шағымды осы Кодекстің 563-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа оның тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күнінен кем емес мерзімде уәкілетті мемлекеттік орган қарайды.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган мәні негізінде істі қарауды аяқталуы бойынша жазбаша нысанда негізді шешім шығарады және оны салық төлеуші-өтініш берушіге және салық төлеушінің шағымын қарайтын салық органына көшірмесін жібереді немесе тапсырады.

561-бап. Уәкілетті мемлекеттік органға жіберілетін шағым бойынша шешім қабылдау

1. Уәкілетті мемлекеттік орган шағымды қараудың қорытындысы бойынша м ы н а л а р ғ а қ ұ қ ы л ы :

1) салық органының шағымдалған шешімін өзгеріссіз қалдыруға, ал шағымды қ а н а ғ а т т а н д ы р м а у ғ а ;

2) салық тексерісінің актісі бойынша шағымдалған хабарламаны толық немесе б ө л і г і н д е ж о ю ғ а ;

3) салық тексерісінің актісі бойынша шағымдалған хабарламаны жоюға және қосымша салық тексерісін тағайындауға;

562-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган шешімінің мазмұны

Уәкілетті мемлекеттік органның шешімінде мыналар көрсетілуі тиіс:

1) шешімнің қабылдану уақыты мен орны;

2) шағым берген салық төлеушінің атауы;

3) шағымдалынатынның қысқаша мазмұны және жоғары тұрған салық органының ш е ш і м і ;

4) ш а ғ ы м н ы ң м а з м ұ н ы ;

5) салық заңдарының нормаларына сілтемемен бірге негіздеме және тұжырымдама.

563-бап. Уәкілетті мемлекеттік органға шағым берудің салдары

1. Уәкілетті мемлекеттік органға шағым беру жазбаша шешім шығарылғанға дейін салық тексерісінің актісі бойынша шағымданатын хабарламаны орындауды тоқтата т ұ р а д ы .

2. Осы Кодекстің 561-бабы 3-тармақшасында көзделген жағдайда, қосымша салық

тексерісі қосымша тексерісті тағайындау және салық тексерісінің актісі бойынша шағымданатын хабарламаны жою күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүргізіледі, бұл орайда шағымды қарау мерзімі қосымша тексеріс жүргізу мерзіміне тоқтатыла
т ұ р а д ы .

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қосымша салық тексерісі уәкілетті мемлекеттік органмен тікелей жүргізіледі.

100-ТАРАУ. САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ОРГАНДАРЫ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІНЕ) ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

564-бап. Шағымдануға құқық

Әрбір салық төлеуші жоғары тұрған салық қызметі органына немесе сотқа салық қызметі органдарының лауазымды тұлғасының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқығы бар.

565-бап. Шағымдану тәртібі

Салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының іс-әрекеті (әрекетсіздігі) заң актілерінде көзделген тәртіпте шағымдалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Астана қаласы, 2000 жылғы " _____ " _____